Қойылымдық ойындарды рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті - рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой - қиялын, сөздік қорын дамытады. Құрылымдық ойындар - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейілінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» - деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету. Олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға

қояды. Ойын міндеті - қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, әдебиет сабақтарында жиі қолданылады.

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманның бағыт - бағдармен, тыныс - тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез - келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата - анасына берілген тәлім - тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратын сөзсіз.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан - жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- 1 Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- 2 Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- 3 Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- 4 Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- 5 Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- 6 Әр баланың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- 7 Баланың оқу үрдісін сезінуі.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақты еркін дамуына, жан - жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір тәрбиешінің міндеті болып табылады. Тәрбиеші өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білуі керек.

Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең ұрпақ, еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінігі таңда жан - жақты, терең білімді, интеллектуалды деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптасырудың бірден - бір жолы - жас ұрпақты шығармашылыққа жетелеу.

Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан - жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық»,

«Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі заман балғынының талғамы биік десем болады. Олар айналасында болып жатқан әрбір құбылысқа, іс – әрекеттерге өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіре алады. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» - деп бекер

айтылмаған. Баланың бойына мейірімділік, қайырымдылық, елжандық, еңбексүйгіштік, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді жастайынан сіңірудің маңызы зор. Жиырма бірінші ғасыр – ғаламдану дәуірі. Ақпараттық кеңістіктегі жаңашылдық білім беру саласын да қамтымай өтпейді. Міне, осы тұрғыда қазіргі тәрбиешілерге артылып отырған жүк ауыр. Ұрпақ тәрбиесі жолында инновациялық үдерістерге де ілесіп отыру шарт. Мен өз мамандығымды құрметтеймін.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қарлығаш» бағдарламасы. Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008.
2. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасында тәбиеленуі». Астана, 2014.
3. Ермакаева Л.К., Нығметова Қ.Н. Баланың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Алматы, 2005.
4. Интернет желісі арқылы.



Тынышкуль Нуржановна Абилдаева

№ 66 «Толағай» балабақшасының тәрбиешісі

Нұр-Сұлтан қаласы

ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒАТ ПЕН ТІРШІЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС БАЛАБАҚШАДА

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Табиғатқа деген сыйды жоғалту, адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймыз. Балабақшада қоршаған ортаға, табиғат пен тіршілік арасындағы байланысты түсіндіруге неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы қоршаған орта тәрбие берудің маңызды міндеті- балаларды табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек. Келешекте, бала қоршаған ортаға қарасты, өзінің іс-әрекетіне, жауапкершілікпен қарап, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүре алады.

Біздің балабақшамызда 2017-2020 ж.ж. аралығында эксперименталды алаң жүргізулуде. Эксперименттің тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетің тәрбиелеу арқылы балалардың психологиясын дамыту».

Эксперименттің мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын

сақтаудың, салауатты өмір салтын қалыптастыруда психологиясындамыту, бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру. Балаларға қоршаған орта арқылы экологиялық тәрбие беру, тәрбиелеу барысында тұлғаның өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге жағдай туғызу. Күтілетін нәтиже: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу арқылы балалардың психологиясын дамыту» көмекші құралы дайындалып, байқаудан өткізу. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырып, бойларына экологиялық тәрбиені сіңдіріп, денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасап және балалардың денсаулығын сақтауға, дамытуға психологиялық-эмоционалдық қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс тандай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық.

Тәжірибе эксперимент алаңына ортаңғы 3 топтың балаларын қатыстырдық.

Эксперимент алаңы 3 жыл жүргізілетін болғандықтан, 3 кезеңнен тұрады.

1 кезең – Жобалау кезеңі

Уақыты: 2017-2018 оқу жылы

Күтілетін нәтижесі: Мектепке дейінгі мекемеде балалардың дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан- жақты тұлға етіп қалыптастыру.

1 жылдық кезеңінің соңында балалар: табиғатта өзін дұрыс ұстау ережесін біледі; денсаулық ең басты құндылық екенін түсінеді; баланың бағдарламаны игеру деңгейі өседі.

Тәжірибе алаңының 1 кезеңінде «Табиғат аясына саяхат» бағы ашылды. Ұйымдастырылған тренингтер, дөңгелек үстелдер, ұйымдастырылған оқу қызметтері, көрнекіліктер, әдістемелік еңбектерді іріктеу және жинау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп тұрды. Ата-аналар арасында «Балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу деген не екенін білесізбе?» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтауда, экологиялық тәрбие беруде отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы мақсатында кеңестер берілді, жоспар бойынша сайыстар ұйымдастырылды.

Балабақшамызда эксперименталды алаң жоспары бойынша ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері жүргізілді. Балалар ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінде тәрбиешілермен бірге «Табиғат аясындағы баққа» арнап көкөністер, жемістер, бөлме өсімдіктерін отырғызды. Ұйымдастырылған оқу қызметтері төмендегі тақырыптар бойынша жүргізілді: «Лимон еліне саяхат», «Табиғат тамашасы», «Орман-тоғайды қорғайық!», «Менің бөлме гүлдерім», «Сиқырлы бақ», «Тірі табиғат», «Табиғат біздің досымыз», «Көкөністер мен жемістер», «Бөлме гүлдері», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Алма», «Табиғат біздің анамыз», «Жаңбырлы күн».

«Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетің тәрбиелеу арқылы балалардың психологиясын дамыту»

тақырыбы бойынша қалалық семинар өткізілді. Семинарға балабақшалардың әдіскерлері, меңгерушілер №6 емхананың мектепке дейінгі бөлім меңгерушісі қатысып тамашалады.

2 кезең - Қалыптастыру кезеңі

Уақыты: 2018-2019 оқу жылы

Күтілетін нәтижесі: Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті – балаларды табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру. Қоршаған ортаны сақтау үшін керексіз заттарға екінші өмір сыйлау және оны өмірде қолдану, үйімізді және қоршаған ортаны әдемі және таза сақтау үшін керексіз болмай қалған заттарға қолданыс табу.

2 жылдың эксперимент алаңының соңында: балалар табиғаттың әсемдігін көріп түсінеді, қызығушылық қабілеттері артады; санасында өмірге деген құлшыныс, өзгені сыйлау сияқты адамгершілік қасиеттері дамиды; қоқысқа лақтырылған заттар туған жерімізді ластап жатқандығын біліп, керексіз заттарды «керек» қылып үйреніп, өз қолдарымен әр-түрлі поделка жасай алады; табиғатты күтіп, аялауды біледі.

Қоршаған ортаны сақтау, пайдаланудан шыққан қалдық заттарға екінші өмір сыйлау мақсатында, балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Керексіз заттарға екінші өмір сыйлау» тақырыбында көрме ұйымдастырдық. Ересек топтар мен мектепалды даярлық топтарда, оқу қызметтерінде практикалық бөлімде керексіз заттарға қалай екінші өмір сыйлауға болатыны жайлы іске асырып, сабақтарында балалар өз қолдарымен үйден әкелген керексіз заттардан әр- түрлі бұйымдар жасады. Мектепалды даярлық «Балдаурен» тобында экология оқу қызметінен «Судың қасиеттері» тақырыбында бейне- сабақ түсірілді.

2018- 2019 оқу жылында, яғни

эксперименталды алаңының 2 жылында, вариативтік бөліміне өзгерістер енгіздік. Вариативтік компонентке, экология мен табиғатты зерттейтін 4 сағат қостық: «Мен және айналадағы табиғат» - 2 сағ., «Балабақшадағы экологиялық тәрбие» - 2 сағ.

2 кезеңінің эксперимент алаңының қорытындысында қалалық семинар өткіздік.

3 кезең-Қорытынды – болжамды кезеңі

Уақыты: 2019-2020 оқу жылы

Кезең міндеттері: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу арқылы балалардың психологиясын дамыту» тақырыбын тәжірибеге енгізу, қорытынды экспериментті талдау, нәтижелерді саралау, әдістемелік еңбектерді жүйелеу, басылымға дайындау.

Күтілетін нәтижесі:

Балалардың көзқарасы мен қарым-қатынасы, жануарлар мен өсімдіктер түрлерімен танысуы, оларды күтуі; балалардың қоршаған ортаға сауатты болып қалыптасуы. Экологиялық тәрбие арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды табиғат әсемдігін танып білуге, өзі туған Отанын, табиғатын танып білуге, құрметтеуге, сүюге баулу.

3 жылдың эксперимент алаңының соңында:

1. Эксперимент тақырыбына сәйкес әдебиеттерді зерделеу, 3 жылдың ішінде балабақшамыздағы жұмыстарды іріктеп, әдістемелік жинақ шығару.

2. «Тірі бұрыш» бөлмесін ашуды көздеп отырмыз.

3. Балабақшамыздың ауласына су бұрқасынның (фонтан) ашылуы жоспарлануда.

4. Эксперимент алаңының 3 жылдық әдістемелік еңбектерді жүйелеп, басылымға дайындау.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық.

Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жайттардың бірі.

Белгілі педагог Ян Амос Каменский былай жазды: «Адамды оқытқанда, мүмкіндігінше білімді кітаптардан емес, аспан және жерден, емен ағашы және ғәріптерден, яғни басқа біреудің бақыламалары мен түсініктерін оқып қана қоймай, өздерінің көріп-ұстаған заттарын зертей отырып оқып, үйрену қажет».

Сонымен, қоршаған ортаны қорғау, табиғат байлықтарын ұғымды пайдалану іс-әрекетіне балаларға экологиялық тәрбие беруде үйретудеміз. Мұндай жұмыстар қорытындысында балалардың табиғатты қорғау көзқарасының дамуына игі әсер етеді, жемісін береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Бейсенова. *Экология сабағы балабақшада. Алматы, 2011 ж.*

2. Байханов С. *«Табиғатым тағдырым». Алматы, 2014 ж.*

3. Сағымбаев Ғ. *Атмосфералық ауаны сақтау. 2000 ж.*

4. *«Экология негіздері» Алматы, 2018 ж.*

5. Шайхислямова Қ.О., Нұғыманов И. *Адам, қоғам. 2019 ж.*



Татекова Гульдана Бактияровна

*Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Түктібай ауылы
«Балақай» бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші*

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Жер жәннаты Жуалы ауданы, Түктібай ауылында орналасқан «Балақай» бөбекжай балабақшасында он жылдан аса жұмыс жасап келемін. Алдыма қойған мақсатым-тәрбиеленушілердің бойына отансүйгіштік, еңбекқорлық, рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, бойына сіңірту. Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, болашақ ұрпақты саналы тәрбиелеу үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Ал балабақшадағы тәрбие ата-анадан берілген тәрбиені жалғастырып жандандырады. Бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмыстары еліміздің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарты бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Қазіргі таңда балабақшамызда 8 педагог қызмет етеді. Елу орындық, екі топқа бөлінген. Мектепке дейінгі балалардың оқу қызметінде жаңа ойын технологиясын, ТРИЗ, Никитин, Монтессори және Денсаулық сақтау технологиясын қолданып отырамыз, сонымен қатар қосымша ағылшын тіл мен орыс тілін оқытылады. Бүлдіршіндерді би

өнеріне баулимыз және де тақпақтарды жалаң жаттатып, ертегілерді құр оқытып қана қоймай, оны сәбидің санасына сіңіріп, мағынасына терең бойлатуға тырысамыз. Ол үшін түрлі көрнекі құралдарды пайдаланамыз. Сол сияқты, Сәби балабақша жасына жеткенше өз бойына бірнеше қасиеттер жинап үлгереді. Олар: жылауық, қырсықтықтық, еркелік, өзгелерді жатырқайды және т.б.

Дәл сондай күйде көптеген бала балабақша табалдырығын аттайды. Бала тәрбиесіндегі келесі жұмысқа енді тек отбасы ғана емес оған балабақша ұжымы үлкен жауапкершілік алады. Ұжымда тәжірибелі педагогтар бүлдіршіндердің танымын кеңейтіп, бірлікке, ынтымаққа, достыққа шақырып, білімдерін ән-бимен, өлеңмен, бейнелеу өнерімен ұштастыруда. Олардың туған жерін сүюге, өз елінің патриоты болып өсуіне барынша жағдай жасалған. Балабақша ұжымы облыс, қала көлемінде ұйымдастырылып отыратын байқаулардан қалыс қалған емес. Бірнеше рет алғыс хат, мадақтау грамоталарымен марапатталып келеді. Ұлттың бүгіні мен болашағы да білімді – тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың адам болып қалыптасуы ұстаз еңбегінде қыруар уақыт пен тер төгетін, зор ізденушілікті қажет ететін ауқымды, кең, жауапкершілігі мол жұмыс.

Осы мақсатқа жетудің басты шарты – әр баланың мүмкіндігін және қабілетін ескеріп, ұйымдастырылған оқу қызметінде белсенді әрекетке баулу болып табылады. Оқытудың әрбір сатысында қойылған міндеттерді



кезең-кезеңімен шешу арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады.

Педагогикалық ұжым төмендегі қарапайым ғана шындықты мойындаған кезде ғана, балабақша аймағы мейірімділік территориясына айналары сөзсіз. Ол – ешқашан өзінді баладан жоғары қойма, өзіңнің қолыңнан келмейтін нәрсені баладан талап етпе! Осы бір шындықты түсінген кезде ғана, бала өзін тек тәрбие құралы ғана емес, ең қиын тапсырманы сеніп тапсыруға болатын сенімді серіктес ретінде сезінетін болады. Ең бастысы-балабақшаны тек оқу-тәрбие ошағы деп санамай, баланы түсінетін, әрдайым көмек қолын созатын әлем деп сезіну. Осындай мейірім мен сүйіспеншіліктің аймағы – біздің **«Балақай»** балабақшасы. Сондай-ақ, ол мәңгілік балалық пен жастықтың ордасы. Балабақша бізге өз мүмкіндігімізді толық көрсетуге, баламен бірге балаша ойнауға, ойлауға, еркелеуге, қиял әлеміне шарықтауға, ертегілер еліне саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Біздің мамандығымыз – бұл біздің өмір жолымыз. Біздің балабақша – бұл бөлек әлем, гүлденген көгал. Балабақша бізге балада бар ең нәзік – бала жан дүниесін сезінуге, аялауға, бағалауға үйретеді. Балабақша

баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында ерекше орын алатын сатысы. Балабақшада балаға қажетті, сәтінемейтін махаббат жібі бар. Ұзақ жылдар жасағандығына қарамастан, балабақшаның әр кірпіші, әр бұрышы ешқашан ескірмейтін мейірім мен сүйіспеншіліктен тұрады. Балалардың күлкісі мен мейірімі арқасында біздің балабақша жыл өткен сайын гүлденіп, көркейіп, жасара түсуде. Ақын Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбиешінің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – балдырғандырымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда тәрбиешілер қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Балатәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Ақын Мағжан Жұмабаев бір сөзінде «Тәрбие - адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша азық беріп өсіру» - деген екен. Сондықтан біз балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз деп білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика»;
2. «Қазақстан мектебі» журналы № 9-10 2005 ж.
3. Қ. Жарықбаев, Серғазы Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі». Алматы, «Санат» 1995ж.
4. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы», Алматы, 1987ж.



Сарсенбаева Айгүл Мыңбайқызы

*Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті
№ 20 «Толғанай» балабақшақшасы
тәрбиеші*

БАЛАБАҚША – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Қазақ зиялысы, жазушы Ж.Аймауытов «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге» - дегендей, баланың болашағы -жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші кезекте отбасындағы ата-ананың балаға деген өнегелі тәрбиесі болса, екіншісі кезекте балаға қуаныш сыйлайтын бақыт мекені балабақша болып табылады. Балабақша балаларымыздың ата-анасы жұмыста болған кезде уақытша келіп-кететін мекені болмау керек, бала үшін балабақша мейірім мен сүйіспеншілікке баурайтын, сәби жүрегіне қуаныш пен шаттық, жүздеріне күлкі сыйлайтын мейірімді, жүрегі кең тәрбиешілер мекендейтін, үнемі балалар сағынып, қай кезде де баруға ұмтылып тұратын бақытты балалық мекеніне айналуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай ең алдымен бала денсаулығын сақтай және қорғай отырып, балаларды ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу, сапалы мектепке даярлау балабақшаның ең маңызды міндеті болып табылады. Елбасының көрегенді саясатының негізінде республика көлемінде «Балапан» бағдарламасы аясында бірнеше балабақшалар бой көтерді дейтін болсақ, солардың бірі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті орталығында орналасқан № 20 «Толғанай» ясли-балабақшақшасы.

Мектепке дейінгі ұйым бала балабақшада болған кезде күтім жасап қана қоймай,

заман талабына сай еліміздегі жаңартылған, инновациялық білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған. Аталған жұмыстарды талапқа сай ұйымдастыру педагогтан үнемі ізденісті, жоғары біліктілікті талап етеді.

Бүгінде білім беру жүйесінде жас ұрпақ тәрбиелеуде бала тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдер саны артып отыр. Осы тұрғыда балалардың тілін, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемде қолданып келемін.

Күнделікті балалармен ұйымдастырылған оқу қызметтері мен режимдік сәттерде оларға махаббат пен сүйіспеншілік, мейірім мен қамқорлық сыйлай отырып, бала жүрегіне жол табу оларды оқыту мен тәрбиелеуде оң нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді және де ең бастысы бала балабақшада ата-анасынан басқа мейірімді өз анасындай қамқорлық танытатын сенімді жанның бар екеніне қуанатын болады.

Жас ұрпақтың жан-жақты дамыған, білуге құмар, өз ойын еркін айта алатын тұлға ретінде қалыптасуында білімді және білікті педагог болумен қатар бала жүрегінен жол табатын мейірімді, қамқоршы ата-анамен ықпалдастықта жұмысты ұйымдастыра алатын шебер өз ісіне үнемі үлкен жауапкершілікпен қарай алатын, маман болуымыз қажет. Бүгінгі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақ ертеңгі Еліміздің - еңселі болашағы.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 – VI Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңы.
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.



Омарханова Альфия Зарыкбаевна

Өскемен қаласы әкімдігінің
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
«Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиешісі

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының белгілері бейнеленетіні. Тіл мәдениетін меңгеру – адамның саби шағынан іске асатын, келе – келе біртіндеп жетіліп отыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады туралы айтылған.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең – әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер – білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

I. Кіріспе бөлім

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекеме балаларына мемлекеттік тілді меңгерту бірінші жолға қойылып отыр. Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқыту, бала тілін дамыту жұмыстары тәрбиешілердің көп еңбек етіп, ізденіс пен дайындығын қажет етеді. Сондықтан бала тілін дамыту мәселесінде мектепке дейінгі мекемеде білім беру, тәрбиелеу ісіне қоғам, ұжым болып бір ауыздан атсалысуымыз қажет. Мектеп жасына дейінгі

балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа технологияны меңгерту. Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор. Бала тілін дамыту

жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым – қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл-ой дамуымен біртұтас жүреді.

II. Негізгі бөлім

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан – теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана – сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең-тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл – ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең – әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер-білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай-ақ көптеген жас

жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген-білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата-аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан – да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс-әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс-әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал – мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін,

тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді. Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесінде іске асады. Тіпті балабақшадағы балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. Олардың сөзінде жай-жайылма, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Керісінше бұл жастағы балалар морфологиялық формаларды өте баяу меңгеретіндері байқалады. Балалар сөйлемдегі сөздерді көбінесе жалғау, жұрнақсыз дара айтады. Сондықтан балабақша тәрбиешілері тіл дамыту сабақтарында жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отыруға міндетті. Бұл жөнінде арнайы жазылған методикалық еңбектерде айтылады. Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, тіл дамыту сабақтарында қосымша, дидактикалық ойын (сөздік ойындар), түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асады. Мысалы, зат есімдерді көптік, септік жалғауларын қосып айтуға үйретуде «Кімге не кере?», «Не жоқ», «Кім қайдан келді?» т.б. ойындар ойнату қолайлы. Сондай-ақ қазақ тілінде өз алдына жеке мағынаға ие болмайтын, басқа сөздерге қосылып көмекші мағына атқаратын «арт, үст, жақ, қас, іш» деген көмекші сөздерді үйрету қажет. Бұл үшін түрлі ойыншықтарды, қажетті заттарды әр түрлі жағдайда орналастырып баладан сұрау керек. Бала «қайда?» деген сұраққа жауап бере отырып, заттың кеңістікте орналасқан орнын сөзбен айтады. Мұнымен қатар «Жасырылған затты тап», «Орнынды тап», деген ойын өткізуге болады. Мысалы, ойыншық аюды не қуыршақты жасырып сұрағанда бала:

«Аю шкафтың үстінде, қуыршақ төсектің астында» немесе «доп столдың жанында», «Мысық үйдің үстінде отыр», – деп жауап

береді. Сөйлемдегі орны бос сөздерді тауып сөйлем құрап айтуға үйретуде «Әжемнен хат келді», «Мен қайттім (қуандым)» немесе «Балапан ұшып кетті» деген сөздерге «Қайдан? Қалай? Неге?» деген сұрақтар арқылы балапанның ұшқан жерін неге ұшып кеткен себебін айтқызған дұрыс. Бірыңғай мүшелі, сабақтас салалас құрмалас сөйлемдер құрап айтуға үйретуде «Пошташы хат әкелді» деген ойын ойнатуға болады. Суреттер көрсетіп әңгіме құрату. «Фермада», «Тоқтарбек совхозға барғанда не көрді», «Қырман басында», «Жайлауда көргендерім», «Жидек тергенде» деген тақырыптарды алуға болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс-әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл-ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой – өрісін жеткізуге үйрету керек. Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады.

Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық

айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек. Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында сахна ойындарының алатын орны ерекше. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. Әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталану. Сонымен қата бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды. Ал сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату, дидактикалық жаттығулар жасау арқылы да жақсы нәтижеге жетуге болады. Мысалы, «Ғажайып қалта», «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу. Сондай-ақ жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту жұмыстарын жүргізуге болады. Жұмыстың осындай түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал – мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Өз тәжірибемде тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және

тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ», «Шалқан», «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай», «Күз түсті» ертегілері. Сонымен қатар түрлі ойын – жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын – жаттығу ретінде өткізіп жүрмін. «Балалар тоғайға жеміс – жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө – мө – мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыздар?» деп сұрайды. Балалар: – «Орманға жидек теруге бара жатырмыз» - деп жауап береді. Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды. Тоқылдақ балаларды көріп «тық – тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ – шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар – қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек – көкек» деп қалыспайды. Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі.

«Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын – жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал – мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақты мақал – мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды.

Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным», «Отбасы», «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде «Туған жер – алтын бесік», «Өз үйім – өлең төсегім», «Отан – оттан да ыстық» сияқты тақырыптарда мақал-

мәтелдер жаттауға және қарапайым әңгіме құруға баулға тырысамын. Ал батырлық, ерлік туралы өткенде «Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Ер – елдің көркі, өсімдік жердің көркі» т.б., «Білім» тақырыбына «Қына тасқа, білім басқа бітеді», «Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді» деген мақал – мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар да үлкен роль атқарады. Әр оқу іс – әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын. Мысалы, «Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады» (Жұлдыз), «Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің» (Дән), «Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні» (Тау).

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

Мысалы, «Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше», т.б. Жоғарыда айтылған

мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт – бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

III. Қорытынды бөлім

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, тілінің дамуында, дұрыс сөйлей білуге баулуда балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Сондықтан қазіргі заман талабына сай оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, әрбір тәрбиешінің алға қойған міндеті. Балабақша тәрбиеленуші әр баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Отбасы және балабақша журналы
2. Л.П. Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К. Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. Алматы «Мектеп», 1981ж.
3. Әдістемелік нұсқау даярлық топ, Алматыкітап 2010 ж.
4. Мұқанов М. Ақыл -ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 1980 жыл
5. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы, «Мектеп» 1981 ж.
6. Ғаламтор



Султанова Нургул Дуйсембековна

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы, Атырау қаласы
Педагог-психолог

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА LEGO-ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының жаңартылуымен байланысты. Мектепке дейінгі білім беру жоғары деңгейдегі техникамен жабдықталған әлемді бағдарлауға және техниканың жаңа түрлерін өз бетінше жасауға қабілетті, креативті ойлай білетін шығармашыл адам тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қояды. Мазмұнды жаңартудың маңызды шарты білім беруде робототехниканы қолдану болып табылады.

Робототехника – роботтарды құрастырумен, зерттеумен және қолданумен байланысты ғылым мен техниканың саласы. Лего-құрастыру мен білім берудегі робототехника мектепке дейінгі ұйымда техникалық тұрғыдан сауатты тұлғаны дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Мектепке дейінгі балалардың психологиялық танымдық қабілеттерін дамытып, жас ерекшелігіне байланысты қиялын, қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, зейінін, сөздік қорын дамытуға Lego және робототехниканың пайдасы зор.

Lego құрастыру бойынша өз тәжірибемде «Балабақшадағы Lego технологиясы арқылы инновациялық-педагогикалық тәжірибе тұжырымдамасы» тақырыбында 2019 жылдан бастап, №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасында шығармашылық жұмыс жүргіздім.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- бірнеше топ тәрбиешілері мен ынтымақтаса жұмыс жүргіздік.

- балаларды телефоннан өздерін аулақ ұстап, құрастырмалы ойыншықтар арқылы қиялын, сөздік қорын, есте сақтауын дамытуға жұмыстандық.

- Жас ұрпақтың заманауи білім беру конструкторларын қолданып, ата-аналармен белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға қол жеткіздік.

Сол жұмыстың тиімділігін насихаттау мақсатында педагогикалық оқуға қатысып, іс-тәжірибемізбен бөліскен болатынбыз.

Балалар лего және робототехника құрастырғыштарын құрастыру барысында балалардың танымдық қызығушылықтары артып, достарымен жақсы қарым-қатынасқа түсіп, өздерін еркін ұстауға үйреніп, өз ойларын ашық айта білуге үйренген дағдылары жақсарғаны байқалды;

Сонымен қатар, қауіпсіздік мінез-құлық негіздері қалыптасып және өз-өзіне қызмет көрсете алатынына көз жеткіздік (Lego ойыншықтарын бала ұстап көре алады. Құрастырмалар бала өміріне қауіпсіз. Қолын кесіп алу, жұтып қою, улану жағдайлары анықталмады, баланың қолдары таза қалпында қалады. Ойнап болғаннан соң құрастырмаларды тез жинай алады);

- Lego құрастырмаларын қолданып бала ойындағысын құрап қуанышқа бөленді;

- Lego арқылы оқыту ойын түрінде жүзеге асты;

- Бала өзін еркін сезініп қозғалды (Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің



үстінде т.б);

Биылғы оқу жылында базистік оқу жоспарының вариативтік бөліміне енгіздік. Елімізде болып жатқан қолайсыз жағдайға қарамастан, кезекші топ балаларымен жұмысымызды жалғастырып жатырмыз. Lego конструкторымен шектелмей робототехника элементтерін біртіндеп енгізіп, арнайы кабинет жасақталып, материалдық базамызды толықтырып келеміз.

Балаларға құрастыруды үйрету белсенді сөздік қорын заманауи терминдермен байытуға, танымдық процестерін дамытуға, ойынды зерттеу және эксперименттік әрекетпен біріктіруге, сондай-ақ одан әрі балаларды әлеуметтендіруге (ұжымда жұмыс істей білу) ықпал еттік.

«Bobo Alem» компаниясы мамандарымен тәжірибе алмасып бақшамызда 3 педагог «Балабақшадағы құрастыру және робототехника негіздері» атты курсына оқып білімімізді жетілдіріп, арнайы сертификат иелендік.

Шығармалық жұмысымыздың іс-тәжірибесі «Хабаршы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының № 4 басылымына жарияланды.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде LEGO-құрастыру және робото-

техника негізінде шығармашылық өнімді әрекетті ұйымдастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау алғашқы техникалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балаларды құрастыруға жүйелі және мақсатты түрде үйрету моделдеу тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді, осы әрекет түріне тұрақты қызығушылықты қалыптастырады. Балаларда құрылыс заттарын мақсатты түрде зерттеу, жұмысты бірлесіп жоспарлау, өз әрекеттерін бақылау, қателіктерді өз бетінше түзету біліктері қалыптасады.

Балаларды құрастыруға үйрету барысында дербестік, белсенділік, шығармашылық, көркемдік талғам, сондай-ақ мақсатқа жетудегі ұқыптылық, табандылық және т.б. дамиды. Балалар жұмысты жоспарлауға, өз әрекеттерін бақылауға, қателерді өз бетінше түзетуге үйренеді.

LEGO-құрастыру және робототехника негізінде балалардың іс-әрекеті нәтижесінде баланың қоғамдағы әлеуметтену шекарасын кеңейту, танымдық іс-әрекетін жандандыру үшін ғана емес, сонымен қатар инженерлік-техникалық мамандықтар туралы бастапқы білімі де қаланады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде бала өзінің психикалық үдерістерін басқаруды үйренеді, бұл мектепте табысты оқыту үшін маңызды алғышарт болып табылады. Осылайша, білім беру процесіне робототехника мен LEGO конструкторларын пайдалана отырып заманауи білім беру технологияларын енгізу болашақ инженерлерді балабақшадан тәрбиелеуге, ғылыми-техникалық шығармашылық саласында қабілеті бар балаларды анықтауға және олардың одан әрі дамуына жағдай жасауға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Робототехника для детей и их родителей/ В.Н.Халамов.- Челябинск, 2012.
2. Теория и методика творческого конструирования в детском саду. Парамонова И.А.- М., 2002.
3. Фешина Е.В. Лего - конструирование в детском саду. Методическое пособие - М.: ТЦ «Сфера», 2016.



Григораш Елена Александровна

методист КГКП «Ясли-сада» «Балдаурен» аппарата акима
Шарбактинского сельского округа Щербактинского района

ПЛАНИРОВАНИЕ РАБОТЫ ПО ВАРИАТИВНОМУ КОМПОНЕНТУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДИКИ МАРИИ МОНТЕССОРИ

При выборе вариативной части учебного плана педагогами дошкольной организации учитываются приоритетные направления деятельности организации, обеспечивается индивидуальный характер развития дошкольников и учитываются их личностные особенности, интересы и склонности.

Определив работу с детьми по вариативному компоненту в форме кружка по методике Марии Монтессори, необходимо учитывать, что должно быть достаточное количество игр по системе М. Монтессори, должна быть создана соответствующая среда, обеспечена доступность материала, учтены возрастные и индивидуальные особенности детей, количество и длительность организованной учебной деятельности в течение дня.

Планируя каждое упражнение, ставятся две цели: прямая и косвенная. Первая служит актуальному движению ребенка, вторая - работе на будущее.

Задачи:

- предоставить каждому ребенку возможность развивать и утончать моторику, особенно пальцев и мускулатуры рук. В упражнениях соединять движение руки с работой интеллекта;

- предоставить возможность каждому ребенку индивидуально развивать свои органы чувств: слух, зрение, обоняние, осязание, чувство тепла;

- развивать способность эстетического восприятия, чувства цвета, ритма, формы;

- через развитие сенсомоторики

подойти к упражнениям развития речи. Совершенствовать и расширять активный словарный запас;

- развивать математическое мышление и навыки счета;

- развивать умение наблюдать, анализировать, сравнивать, выделять характерные и существенные признаки предметов и явлений, группировать их по этим признакам;

- предоставить возможность детям ощущать себя частичкой окружающего мира, воспитывать чувство ритма жизни, времени, живого и неживого, трех стихий – земли, воздуха и огня, различать явления природы. Поощрять умение удивляться, радоваться собственным открытиям, самостоятельно искать ответы на свои вопросы;

- создавать благоприятные условия для занятий, чему должны способствовать: позитивная позиция и поведение педагога, индивидуальный подход к каждому ребенку в соответствии с его физическими и психическими особенностями, темпом развития.

Используя такие игровые упражнения как: «Упражнение с водой», «Пересыпаем ложкой», «Смети, но не просыпь» педагог знакомит детей с практической стороной жизни, с различными объемами сосудов, развивается координация движений, моторики, концентрации внимания, закрепление навыков практической жизни (убери за собой).



В упражнении с использованием различных рамок Монтессори с различными застежками, дети развивают такие сложные для них умения одеваться и раздеваться. Сам процесс открывания рамки и нахождение за ней интересной картинки «Угадай, кто спрятался в окошечке?», «Посмотри и назови» увлекает маленького ребенка, оживляет его движения. Через пояснение действий и комментируя их, у детей проявляется внимание и самостоятельность, постепенно у них развивается умение быстро шнуровать и застегивать.

Для формирования у дошкольников представлений об окружающем мире, взаимодействии предметов и явлений, можно использовать такие упражнения как: «Чья семья?»-классификация домашних животных с выделением одной группы, упражнения на классификацию (транспорт, овощи, фрукты, животные) «Назови одним словом», «Что лишнее?» «Сад-огород», «Подбери домик животному», «Кто, где живет?». В игровой форме происходит расширение словарного запаса, формируются умения классифицировать предметы и слова по обобщающим категориям.

Чувства цвета, ритма, формы, развитие способности эстетического восприятия помогают развивать такие упражнения :

«Загони машину в гараж», «Подбери пару», «Собери бусы по образцу», «Закрой окошко геометрической фигурой по образцу», «Подбери по цвету» и др.





При развитии у детей таких чувств как слух, зрение, обоняние, осязание, чувство тепла необходимо учитывать индивидуальность каждого ребенка. Через упражнения «Шумовые баночки», «Назови, что звучит?» происходит развитие восприятия и дифференциации шумовых различий.

Развитию чувств обоняния способствуют такие упражнения как : «Определи по запаху», «Что так пахнет?», «Нарисуй (подбери картинку), что так пахнет?» .

Через простые упражнения развиваются умения обращаться с водой, развивать чувство вкуса: «Определи на вкус», «Попробуй и назови», «Попробуй, назови, подбери картинку». Упражнение «Приготовим лекарство» формирует понятия «сладкий – кислый – горький», развивает

вкусовые ощущения;

Для развития тактильных ощущений, чувств, развития осязание (умение узнавать поверхности различного качества) используются упражнения: «Разбери зернышки» (3–4 вида), «От шершавой до гладкой», «Лоскутки тканей».

Развитие и утончение моторики пальцев и мускулатуры рук происходит в игровых упражнениях:

«Соберем все камешки», «Переключивание бус пинцетом», «Рамки и вкладыши», «Взбиваем крем», «Выложи из горошин (фасоли, гречки, камешек, бусинок, пуговиц)». Эти упражнения развивают не только моторику, но формируют такие качества как: внимание, усидчивость, толерантность.



В «Упражнениях с матрешкой», «Подбери по величине (высоте, ширине)» формируют понятия «большой — маленький», упорядочение предметов по величине. «Цепочка из бусин» - знакомит с числовым рядом, умением обозначать десяток, развивает мелкую моторику. Упражнения «С утра до вечера», «Что сначала, что потом» - формируют умение узнавать время. Закрепляется у детей понимания того, что день делится на части. Происходит расширение словарного запаса.

Важно помнить, что все упражнения носят игровой характер, должны вызывать желание у ребенка действовать самостоятельно, быть доступными для понимания и применения, не должны превышать временные рамки занятия, вызывать у ребенка чувство удовлетворенности от проделанной работы.

Используя методику М. Монтессори в вариативном компоненте, к концу обучения дети могут:

- самостоятельно взаимодействовать с предметами;
- реализовывать свое право на свободный выбор материала;
- выбирать рациональный способ работы с материалом, знать алгоритм действия с ним;
- получать социальный опыт, соответствующий ближайшей зоне развития ребенка;
- находить свои ошибки и исправлять их;
- сосредоточенно выполнять работу, доводить до конца начатое дело;
- самостоятельно убирать материалы на свое место.



Барсукова Валентина Григорьевна

Усть-Каменогорска, КГУ Средняя школа №27» акимата города
мини-центр «Айналайын»

РАБОТА ПО МОДЕЛИ «4К», КАК ДОСТИЧЬ ХОРОШИХ РЕЗУЛЬТАТОВ

Анотация. Приоритетными качествами в обновленном содержании дошкольного образования выдвигается модель 4К. Для целенаправленной работы в сфере дошкольного воспитания и обучения в настоящее время необходимо пересмотреть квалификационные требования и методы обучения в детских садах Казахстана. Чтобы воспитать ребенка креативным, самостоятельным, общительным, научить прислушиваться к другим и работать в команде, используйте в работе принципы современной модели образования модели 4К: развитие креативности, критического мышления, коммуникабельности, умение работать в команде.

Ключевые слова: развитие креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде.

Остановимся подробно на каждом из этих направлений.

Развитие креативности

Современное общество предъявляет всё больше требований к личности детей дошкольного возраста. Наиболее часто выделяется такое качество личности, как креативность. Большой энциклопедический словарь трактует креативность (от латинского *creatio* – созидание, сотворение) как творческую, созидательную и новаторскую деятельность. Постоянно обновляемая Типовая программа воспитания и обучения детей дошкольного возраста предполагает, что при переходе от дошкольной системы образования к обучению в школе ребенок должен обладать творческим мышлением, развитым воображением, инициативностью, любознательностью и другими важными качествами. Для того чтобы воспитать ребенка креативным, педагог должен сам постоянно преодолевать в себе инертность, шаблоны и формальности в обучении и воспитании детей. Воспитателю

необходимо в ходе профессионального самосовершенствования развить в себе конструктивные личностные установки, помогающие детям сохранять уверенность в своей значимости и интересности своих идей.

С данной целью в нашей дошкольной организации педагоги развивают креативность через следующие виды деятельности: продуктивная нетрадиционная деятельность с бросовым материалом, рефлексивные игры и минутки, игры-лабиринты, придумывание сказок и стихотворений, экспериментирование на естественно-научном материале. Самой излюбленной деятельностью детей по данному направлению в нашей ДО являются следующие игры: «Лабиринты», «На что похоже», «Дорисуй фигуру», «Дойди до цели», «Помоги Незнайке дойти до цели» и другие. Кроме того, одной из самых эффективных форм работы по данному направлению в старшей группе являются элементы технологии ТРИЗ и такие ее приемы, как

«Салат из сказок», «Что было бы, если бы...», «Сочини сказку». Критическое мышление. Основным приоритетом развития образования сегодня становится его личностно ориентированная направленность. Задача воспитателя заключается не в передаче готовых знаний и умений, а в создании условий для всестороннего развития ребенка.

Важно

Работая в режиме данной технологии, воспитатель перестает быть главным источником информации, а, используя приемы данной технологии, превращает обучение в занимательную работу. Наиболее часто в нашей дошкольной организации используются такие приемы критического мышления, как «Верные и неверные рассуждения», «Корзина идей», «Синквейн», «Идеал», «Кластер», «Шесть шляп мышления», технология Тони Бьюзена, адаптированная для дошкольников педагогами старшей группы. Особо запоминающейся для старших воспитанников была организованная учебная деятельность «Путешествие по Казахстану», на которой дети собирали кластер «Казахстан – это...».

Коммуникабельность

В современную эпоху, когда настоящее общение сменяется электронными коммуникациями, многие малыши осваивают электронные гаджеты, не достигнув и двухлетнего возраста. Отсюда следствие – многие дети имеют социально-психологические проблемы в общении с окружающими: они не хотят и не умеют общаться. И это уже вызывает серьезное беспокойство у педагогов и психологов, так как общение – обязательный атрибут развития любой человеческой личности. Опыт работы нашей дошкольной организации показывает, что с помощью

трех основных методов развития коммуникации – наглядного, словесного и практического – можно развивать у детей дошкольного возраста коммуникабельность. Достигнуть этого можно посредством таких игровых приемов, как «Найди друга», «Земля, воздух, луна», «Зеркало», «Слепой и поводырь», «Сделай всё наоборот». Умение работать в команде. Тимбилдинг – от англ. team building создание или построение команды. Основные приемы направлены на развитие коммуникативных навыков и умения работать в команде, объединение и раскрепощение детского коллектива. Важно: Самой главной продуктивной значимостью тимбилдинга является то, что он является своеобразным вектором, который позволяет сделать общение в детском коллективе созидательным и конструктивным. Активно используя технологию тимбилдинга в нашем детском саду, мы учим детей строить дружеские отношения, считаться с мнением друг друга и использовать преимущества каждого для достижения успеха в общем деле. В нашем дошкольном учреждении используются следующие игры, способствующие развитию умений работать в команде: «Цепь», «Сороконожка», «Волшебное пианино», «Путаница», «Передай свою улыбку», «Юрта», «Веревочка». Эти игры не только проводятся в свободное от ОУД время, но и закрепляются в ОУД по музыке и физической культуре. Именно с дошкольного возраста надо закладывать основные умения по формированию личностного развития детей, особенно на развитие коммуникабельности, критического мышления, умения работать в команде, креативности, для создания конкурентоспособной личности дошкольника.

Список литературы:

1. Послание первого приездента Назарбаева Н.А. от 05.10.2018 г. Приказом МОН РК от 05.12.2018 г. №668 была утверждена Программа для раннего развития детей, развивающая социальные навыки и навыки самообучения.
2. Интернет ресурсы



Алгазиева Райкул Сактагановна

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті
21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы
Тәрбиеші

«ТӘЙ-ТӘЙ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!
Жүсіпбек Аймауытов

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беру орындары және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым - қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармағанымыз жөн.

Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл - ойының, сана - сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мақсатты қоғам талабынан туады. Өйткені елімізге Отанын сүйетін, білімді, моральдық бейнесі жоғары, шығармашылық еңбекке бейім, рухани дүниесі бай, жетілген адамдар қажет.

Даму ортасының негізінде тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі білім беру мекемесі, баланың тұлғасын дамытуда оның жеке ерекшелік мүмкіндіктерін ашып, таным белсенділігін қалыптастыру мақсатында мынадай міндеттерді шешуі шарт.

- Баланың ішкі белсенділігін дамытуға

арналған қажетті мүмкіндіктер жасау;

- Әр балада оның жеке дара қасиеттері мен қабілеттерін ашып, олардың өмір сүруге қажетті салаларға орнығуына мүмкіндік көрсету;

- Әр баланы тұлғалық ерекшеліктерін ашып көрсетуге және оны дамытуда көмегін тигізетін жаңа жолдарды іздестіру;

- Әр баланың тұлғасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қамтамасыз ететін қарым - қатынасты орнату;

- Тұлғаға әсер етудегі белсенді әдістерге бағдар жасау;

Мұндай педагогикалық технологиялардың жан - жақты тараған түрінің бірі «Тәй-тәй» технологиясы. Сондықтан баланы өмірге бейімдеу дамытушылық ортада жүзеге асады. Дамытушылық ортасы дегеніміз - балалардың қызығушылығын туғызатын алуан түрлі, тартымды материалдар ашық қолжетімділікте болатын, педагог жасаған зат-кеңістік ортасы; ондағы балаларды оқыту және тәрбиелеу жағдайы әрбір балаға өзінің жеке қарқынмен дамуға мүмкіндік береді шығуына көмек беру.

«Тәй-тәй» технологиясы мен әдіс-темелерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдануда тиімділігін байқадық. «Тәй-тәй» технологиясының негізгі мақсаты әр баланың жеке қабылдауы мен даму кезеңдерін есепке ала отырып білім беру.

Технологияның балаларға іс-әрекеттерді

таңдау мүмкіндігіне, зерттеу ісімен шұғылдануына, іскер және тапқыр болуына жағдай жасайды. Сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісіне отбасы белсенді қатысады. Ата-аналар жалпы ашық есік күндері өнер орталығына қатысып, өткізілген әртүрлі тақырыпқасайтабиғиматериалдарданзаттық мазмұнды және сәндік сурет салу,немесе сәндік бұйымдар жасауға жетекшілік етеді. Алдын ала дайындық жұмыстар жүргізіліп табиғи материал қалдықтарын жинауға көмектеседі. Ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізіледі. Өнер орталығында балалардың қабылдауын, көрнекі-бейнелі ойлауын, зейінін дамытуға, дербестігімен жауапкершілігін қалыптастыру, ұсақ саусақ қозғалыстарын, ептіліктерін дамыту арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Ата-аналар өз балаларының алғашқы ұстаздары мен адвокаттары. Балабақшадағы балалардан коммуникативтік тілдік құзіреттілікті меңгерген, ана тілі мен ұлтаралық тілді меңгеруге мүмкіндігі бар, ересектермен және құрдастарымен еркін қатынас жасайтын мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруда ата-анамен тәрбиешілердің бірлесе жұмыстануының маңызы зор.

Сондықтан, «Тәй-тәй» технологиясы бойынша ата-аналар берілген білімді үйде бекітіп, толықтыруға көмектеседі; тәрбиешілер балалардың үйдегі үйренгенін оқу бағдарламасын игертуге пайдаланады. Мұнда ата-аналардан қатысы қандай түрде болмасын қолдау табады: олар оқу қызметі үстінде көмектесуі мүмкін; ата-аналар алқасы салмақты шешімдер қабылдауға белсенді қатысады; олар балаларының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары туралы мәліметтер бере алады. Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне және әріптестік қарым-қатынас орнату үшін бірлесе күш жұмсауында.

«Тәй-тәй» технологиясы бойынша жұмыстануда тәрбиешінің қызметі «Тәй-тәй» технологиясымен жұмыс істейтін топтардағы тәрбиешілер мәлімет беруші

емес, бағыттап, танымдық процесті жеңілдетеді. Ол біліктілікті ынталандырып, үйренуге, білуге деген жауапкершілікпен бөліседі; ол топтағы ортаның қауіпсіздігін жоспарлайды. Тәрбиеші балаларды түрлі материалдармен қамтамасыз етеді және қоршаған ортамен шектеусіз қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызады. Тәрбиеші балаларға ашық сұрақтар қою арқылы балалардың зерттеу мен жаңа мәліметтерді игеруіне көмектеседі. Ашық сұрақтарға бірнеше жуық жауаптар берілуі мүмкін. Олар сонымен қатар баланың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап ойлауды ғана емес, баланың тілін де дамытады. Тәрбиеші балалармен бірге ойланады, ойнайды, әңгімелеседі. Ол балалардың білсем деген ынтасын бөлісіп, олар ұйымдастырған заттың бәріне қызығушылық танытады.

«Тәй-тәй» технологиясы арқылы ұйымдастырылған оқу қызметінде балаға өз бетімен жұмыс жасауға ынталанады.. Балалар да өздерінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сай жұмыс түрін таңдау арқылы жекешелендіруді жүзеге асырады. Қызықты, әрі икемделген жұмыс түрлерін (тапсырмаларды) жоспарлап, әр баланың қалай орындағанын немесе ойнағанын бақылай отырып, тәрбиеші материалдар мен тапсырмаларды ауыстыруы, не жеке балаға бейімдеп өзгерте алады.. Әр баламен жеке жұмыс жасау үшін топтық жұмыстарды шағын топтарда өткізу тиімді. Осындай көзқараспен оқыту баланың өз деңгейінде өсуі мен дамуына көп әсер етеді.

Дамыту орталары заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдана алуын, тілінің, танымдық, эстетикалық дамуын, баланың ізденімпаздық қабілетінің дамуын, технологиясымен жұмыс жасайтын топтардағы ахуалдың өзі балаға өз бетімен таңдау жасауға мүмкіндік беруін қамтамасыз етуі керек.

Оқу іс –әрекеттеріне қолайлы көркем әдебиет, құм және су, ғылым, өнер, ойын және математика орталықтары жұмыс жасайды.

Көркем әдебиет орталығында жасына лайықты көркем әдебиет шығармаларын оқып беріп, оқылған шығарма мазмұнын әңгімелетуге, мақал-мәтел оқу, жұмбақ жасыру арқылы балалардың тілін ширатып, көркем сөз өнерін сүйе білуге баулып, адамгершілік сапалары игертіледі. Мазмұнды суреттер арқылы жүйелі сөйлеп құрап, сөйлеуге үйретіледі.

Құм мен су орталығында сезім қабілеттері дамиды, кеңістік және көлемдік өлшеу түсініктері қалыптасады, ұсақ қол моторикасы дамиды..

Зерттеу орталығында Баланың табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық қарым-қатынасын қалыптастыру мақсаты көзделеді. Жануарлар дүниесі мен өсімдіктердің құпия сырларына деген қызығушылығы әртүрлі зерттеу, іс-тәжірибе жүргізу, бақылау жұмыстары арқылы артады.

Өнер орталығында желілі-рольдермен танысуға мүмкіндік беріліп, әлеуметтік дамуы мен қатар қарым-қатынас ептіліктері де ойын үстінде дамиды.

Құрылыс орталықтарында математикалық ұғымдар мен геометриялық пішіндерді ұғынуға, сандарды ауызша есептеп, есептер шығаруға және өз тарапынан есептер құрастыруға үйренеді. Және де заттардың кеңістікте орналасу бағытын, уақытты бағдарлауға, заттардың түр түсіне, пішініне, көлеміне қарай салыстыруға, ажырата білуге үйретіледі.

Орталықтардағы жинақталған материалдар балалардың белсенділігін

ынталандырады, олардың барлық бес сезімін ашып, қолдануға итермелейді. Тәжірибе жасап, зерттеп, жаңалықтар аша отырып, балалар өз «болжамдарының» дұрыстығын тексереді, білімді өзіндік жеке тәсілмен игереді. Дәл осындай әдіспен балалар мәселе қойып, оны шешуге, сын тұрғысынан ойлауға, таңдау жасауға және түсініктер қалыптастыруға үйренеді. Топтың ішкі көрінісі балаға орталықтар мен материалдарды таңдауға мол мүмкіндік беретіндей жағдайда ұйымдастырылуы тиіс.

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім салаларына байланысты балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті педагог-тәрбиешінің шығармашылық ізденісі арқылы, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда педагогтар жаңашыл тәсілдерді пайдалануы жақсы нәтижелер көрсетуде.

Қорытынды: Балабақшада төрт орталықтар бойынша жұмыс жасап келеді. «Тәй-Тәй» технологиясы енгізіліп, ондағы орталықтар бойынша балалар зерттеу бағытында, еркін ойнауға, өз ойын ашық білдіруге мүмкіндіктері бар. Жалпы алғанда «Тәй-Тәй» технологиясы баланы жан-жақты дамыту және ата-анамен тығыз байланыс орнату секілді екі бағытта жұмыс жасайды. Ең негізгісі ата-аналардың оқыту процесіне еркін қатысуларына жағдай жасалуда. Іс-тәжірибеде қолданып, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жалғастыру.



Нурушева Райса Гарифуллаевна

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
«Өркен» бөбекжай-балабақшасы
тәрбиеші*

БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН В. ВОСКОВОВИЧТІҢ ДАМУЫШЫ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Халықданалығы былай дейді: «Бала ойлап бастауы үшін, оның қолына бір нәрсені бер». Мектепке дейінгі жастағы баланы болашақ өмірге не жақсы дайындайды? Әрине ойын. Ойын – бұл ақиқатты тану әдісі. Ойын қысқа уақытта адам мәдениетінің алғашқы бірақ кең негіздерін меңгеруге көмектеседі. Жазушы В. Белов «Үйлесім» кітабында «Әр бала ойнағысы келеді, яғни шығармашылық өмір сүргісі келеді» деген ой білдірді.

Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы балалардың физикалық, зияткерлік және тұлғалық қасиеттерінің дамуына жағдай жасалады. Бірақ қазіргі кезде балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру маңызды мәселе болып тұр. Себебі дүкендерде түрлі ойындар мен ойыншықтардың өте көп. Ал сол ойындардың бәрінде бірдей балаларға қажетті психологиялық және педагогикалық ақпарат бар деп айту қиын. Сондықтан да баланың ынтасымен ойынның пайдасының теңгерімін сақтап, назарды дидактикалық және дамытушы ойындарға бөліп, баланың адекватты әлеуметтенуіне себептес болу - педагогтан замануи ойындар мен ойыншықтардың әлемінде бейімделуін талап етеді.

Қазіргі кезде тәрбиешіге көмектесуге бағытталған және тиімді әсер ететін құралдардың бірі В. Воскоровичтің дамытушы ойындары.

В. Воскоровичтің қызықты ойындары - балалардың зияткерлік қабілеттерін қарқынды дамытатын ойындар. Оның

негізінде негізгі 3 қағида орналасқан: қызығушылық, таным, шығармашылық. Әр ойынның көп міндеттері бар. Ойындар қарапайым элементтерді қозғаудан басталып қиын көпдеңгейлі шешімдермен аяқталады. Воскоровичтің ойындарының көбі суретті ертегілері бар арнайы әдістемелік құралмен сүйемелденеді. Ертегілердің мейірімді кейіпкерлері ойын түрінде түрлі тапсырмалар орындауға ұсынады.

Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға қолжетімді ойындардың бірі «Ойын шаршысы». Шаршы екі жағынан иілгіш мата немесе қағазға жапсырылған 32 қатты үшбұрыштардан тұрады. «Шаршы» жеңіл түрлендіріледі: бүгү сызықтары бойынша түрлібағытта «оригами» әдісі бойынша қосып, жалпақ және көлемді пішіндер құрастыруға болады. Осы шаршыны «Шегі жоқ ұлы шаршы» деп атаған еді. Ойын шаршысы кеңістік қиялды, ұсақ моториканы дамыта отырып, геометрия негіздерімен, кеңістік координациямен, көлеммен таныстырады, «Екітүсті шаршыны» балалар бастапқы кезеңде қарап қолдарымен ұстайды. Өзбетімен ойын әрекетін ұйымдастырғанда, балалар бір түсті пішінді шығарып, үлкен шаршыдан кішкентай шаршы шығатынын байқайды. Екінші кезеңде тәрбиеленушілер объектілерді құрастырып, атайды.

Ойын тапсырмалардың шамасы:

1. Балалар шаршымен танысады: түстерін атайды, пішінін анықтау үшін саусақтарымен сұлбасынан жүргізеді.

Кейін шаршыдан тұратын геометриялық пішіндерді табады.

2. Шаршы «жанданып», қайыққа немесе шоколадқа айналады.

3. Шаршы түрлі заттарға айналады. 3-4 жастағы балалар өз ойынан заттарды құрастырады, оларды атайды.

Осы ойында «Метр қарға құпиялары немесе Шаршының ғажайып оқиғалары туралы ертегі» атты кітаптың оқиғалары көмектеседі. Екітүсті шаршымен ойында алған дағдылар төрттүсті шаршыны шапшаң меңгеруге көмектеседі.

Ерекше авторлық ойын «Сиқырлы крестиктер». Ойын түрлі ішпегі (вкладыш) бар жиектеме, ішпектер пішіні түстермен ерекшеленеді.

Барлық геометриялық пішіндер бөлшектерге бөлінген. Бастапқы кезеңде балаларға пішін бөліктерін бір тұтасқа жинақтау тапсырмалары ұсынылады. Кейін тапсырмалар қиындатылады. Балалар сызбаларды пайдалана отырып, түрлі образдар, заттарды жинақтайды.

Келесі ойын «Плюх-Плюх» кемесі. Құрал, ұзындығы бойынша өсе келетін 5 діңгектен тұрады. Діңгегі ағаштан жасақталған, оларға түрлі түсті желкендер кіргізілді.

Құрал 2-4 жастағы балаларда математикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған.

Ойын:

✓ Түстер бойынша топтастыру біліктілігін;

✓ Заттардың биіктігін анықтауды және атауды;

✓ 5 ке дейін сандық және реттік санауды бекітеді;

✓ Кеңістік бағдарлауды (оңға, солға, жоғары, төмен);

✓ Сандық ұғымдарды (біреу, көп-біреуде емес);

✓ Балаларда қисынды ойлауды, зейінді, еске сақтау қабілетін, қиялды дамытады.

Құралмен қалай ойнаймыз?

Кішкентай саяхатшылар капитан Қаздың тапсырмаларын қызықтап орындайды. Тапсырмалар мазмұн жүрісі бойынша

кездеседі. Яғни, ересек ертегіні айтады, ал балалар тапсырмалар орындайды.

«Жалаушаларды шешіңдер!» - «Плюх-плюх» кеменің капитаны Қаз басқарады. Матростар тез тапсырманы орындайды. «Жалаушаларды кигізіңдер!» - жаңа тапсырма беріледі. Қатты жел соқты, жалаушалар шатасып кетті. Түстер, сандар бойынша іріктейміз. «Біртүсті жалаушаларды діңгекке кигізіңдер!». Діңгектердің биіктігін айыруға үйренеміз (ең биік, биік, ортаңғы, аласа, ең аласа). Діңгектің қайсысына көп жалаушалар ілінеді? Қай діңгекте аз? Міне біздің кеме түрлі түсті діңгектерімен жүзіп келе жатыр. Ең биік діңгектің түсі қандай? Ең аласа діңгек қандай түсті? Ал ортаңғы діңгек ше? т.б.

Кеңістікті бағдарлау бойынша тапсырмалар: жалаушаларды өзіңнен солға, оңға, бір біріне қаратып бұрып қой.

Воскобовичтің «Бүркі-бүркі кемесі» 2-7 жастағы балаларға тартымды. Оның жетістігі – ертегі мазмұны мен көрнекілік дидактикалық материалдың үйлесімділігінде. Кеме қызықты теңіз саяхатына шығады.

Құрал фетрдан жасалған 7 діңгегі бар жалпақ кеме. Әр жалаушаның тұтқасы бар. Кемені іліп қоюға да болады.

Осы құралға берілген нұсқаулықта бірнеше тапсырмалар бар. Әрқайсысы маңызды қасиеттер мен дағдыларды қалыптастырады. «Кемпірқосақ» қағидасы бойынша діңгектерге жалаушалар іліп негізгі түстерді жаттау оңай. Сонымен бірге бала тік, көлденен түсініктерді түсіне бастайды. Жалаушаларды кигізіп, санның құрамымен танысуға болады. Мысалы, 5 жалаушаны екі діңгекке іл, т.с. Діңгектің әр қайсысында неше жалаушадан? Тапсырмалардың көбісі қисынды-математикалық тапсырмалар. Бала жалаушаларды нақты реттілігімен тек орналастырып немесе алып тастап ғана қоймай, ертегінің желісіне қатысады. Қосымшада осы құралмен ойындардың топтамасы берілген.

В. В. Воскобовичтің ойын құралдары арқылы балалар үлкен ғанибет алып,

өздері үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Ойындарды үнемі және реттілігімен қиындату балалардың әрекетін қолайлы қиындық аясында ұстауға мүмкіндік береді. Әр ойында бала «заттық» нәтижеге жетеді. В. В. Воскобовичтің ойындары балалар үшін қауіпсіз, ұтымды, көпфункционалды және қызықты. Ойындармен ойнай отырып балалар өзіне және өз білімдеріне сенімді болады. Нәтижеге жету үшін және эмоционалдық қанағаттана алу үшін,

оларға ойлау, ойлану, талдау, шешімнің варианттарын қарастыру керек болады. Ал педагог, ойында тең құқықты серіктес ретінде қатысып, оқытуды қажетті арнаға бағыттап отырады.

Воскобовичтің ойындары арқылы балаларда танымдық, психикалық процестер, ойлау операциялары, моделдеу мен құрастыруға қабілеттері дамиды, математикалық ұғымдар туралы түсініктері қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Воскобович В.В., Харько Т.Г. *игровая технология интеллектуально-творческого развития детей дошкольного возраста 3-7 лет*, 1996
2. Давидчук А. *Дошкольный возраст: развитие элементарных математических представлений*// *Дошкольное воспитание* 1996.
3. Чилингинова Л., Спиридонова Игряя, учимся.: *Просвещение*, 1993.
4. Ерофеева Т.И. *Дошкольник изучает математику. М.:Просвещение, 2005*



Танашева Маржангуль Адильбековна

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының
қазақ тілі мұғалімі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАРДА ЭЙДЕТИКА ӘДІСІ МЕН ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Мақсаты:

Дамытушылық: Мектеп жасына дейінгі балалардың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің туралы меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан - жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын арттыру.

Тәрбиелік: «Рухани Жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында рухани адамгершілікке отансүйгіштікке, дәстүрлі құндылықтарға тәрбиелеу. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін өркендетуге, Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан - жақты дамыған, интеллекті жоғары, батыл текті, намысты ұрпақ, шынайы патриоттар тәрбиелеу. Өз Отанын сүйуге, туған елінің тарихын, зиялы тұлғаларын тануға шақыру.

Әдіс-тәсілдері: Эйдетика әдісінің элементтері, мнемокесте әдісі, сұрақ-жауап, ұжымдық жұмыс, жуан және жіңішке сұрақтар.

Көрнекілігі: Елбасы суреті, еліміздің рәміздері, қалалар

Қолданылған құрал-жабдықтар: компьютер, презентациялар, дорба, бағалау парағы, марапаттау қағаздары; суреттер.

Ойынның барысы: ҚР-ның Әнұраны орындалады: Тәуелсіздік жолында қаза тапқан қаһарман батырларымызға 1 минут үнсіздік.

Жүргізуші: - Армысыздар құрметті бүгінгі ойынның қонақтары, ойынға қатысушылар және жанкүйер қауым! Қазақстан

Республикасы Тәуелсіздігіне арнап ұйымдастырылып отырған «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» атты интеллектуалды - танымдық ойынымызға қош келіпсіздер!

Жүргізуші: Тәуелсіз Қазақстан елінің тарихы – Отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін, тамыры терең бай тарих. Елім, Жерім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз отбасынан, өз қаласынан, өз өлкесінен, өз мектебінен басталады.

Ведуший: В этом году нашей республике исполняется 29 год Независимости. Всего 29 лет нашему молодому государству. 16 декабря 1991 год Президент страны Н. Назарбаев принял Конституционный закон «О государственной независимости». У казахстанского народа путь к независимости и свободе был тернистым и долгим. Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы защитить родную землю от врагов и передать её в наследство нам, нынешнему поколению.

Жүргізуші: Ал енді, ойынымыздың әділқазы алқасы және ойын барысымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

Шын жүйрік шабысынан танылады,
Қатты білім, терең ой саналады.
Баға берер әділқазы ортамызда
Сізге құрметпен қол соғылады.

Жүргізуші: Әділқазы алқасының мүшелері: 1.2.

Ойын 6 кезеңнен тұрады:

1. Білім бәйгесі



2. Атақты адамдар
3. Бір жұмбақ, бір мақал, бір сөз (мнемокесте)
4. Құпия тапсырма (эйдетика әдісінің элементтері)
5. Отан, туған жер, туған ел туралы мақал-мәтел, тақпақтар айту.

6. Рәміздерім мақтанышым!

Жүргізуші: Міне, құрметті ойынға қатысушылар, жанкүйерлер, қонақтар ойынның барлық ережелерімен таныстық, іске сәт.

Атыңнан айналайын, егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.

Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!

Ғасырдың тойы болшы келе берер! – дей отырып ойынымыздың кезеңін бастайық.

I кезең: «Білім бәйгесі» Құрметті ойыншылар, бұл кезеңде сендерге 20 сұрақ қойылады, ал сендер, сол сұраққа тез арада, сол сәтте жауап берулеріңіз қажет. Әр нақты дұрыс жауап 5 ұпай. Сұрақтар топтарға кезек-кезек қойылып отырады. Бірінші болып қай топ жаңылмай, мына сұраққа дұрыс жауап берсе, сол топ ойынды бастайды.

Барлық топтарға арналған сұрақтар:

- 1.) Сенің Отаның қалай аталады?
Как называется твоя Родина?
- 2.) Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?
Какой город столицы Республики Казахстан?
- 3.) Мемлекеттік тіл қандай тіл?
Государственный язык Казахстана?
- 4.) ҚР-ның Тұңғыш Президенті кім?

Первый Президент РК?

5.) ҚР-ның қазіргі Президенті кім?

Кто сейчас президент Казахстана?

6.) Отан туралы қандай мақал білесіңдер?

Какие пословицы вы знаете о Родине?

7.) Бәйтерек қай қалада?

В каком городе находится Байтерек?

8.) Қазақтың ұлттық аспабы?

Казахский национальный инструмент?

9.) Ертеде қазақ халқы қандай үйде тұрған?

Где раньше жили казахский народ?

10.) Мемлекеттік рәміздерді атаңдар?

Назовите государственные символы?

11.) Қара алтын деп нені атайды?(көмір)

Что называют черным золотом?

12.) Мемлекеттік елтаңбаның авторлары кімдер?

Кто является авторами государственного герба?

13.) Қазақстан деген жазу қай мемлекеттік рәмізде кездеседі?

В каком государственном символе встречается надпись Казахстан?

14.) Нур-Султан қаласының бейресми символына? (Бәйтерек)

Неофициальный символ Нур-Султана?

15.) Отан деген не?сөздің синонимі (туған жер, атамекен)

Что такое Родина? синоним слова

16.) Әнұранның авторы кім?

Авторы гимна?

17.) Әнұранның сөзін жазған кім?

Кто написал слово гимна?

18.) Біз тұратын қала?

Город который мы живем?

19.) Мұнайлы қала....

Нефтяной город.....

20.) ҚР-ның Туының авторы кім?

Авторы флага РК?

21.) ҚР ұлттық ақшасы?

Национальная валюта?

- Рахмет, құрметті сайыскерлер! Осымен бірінші кезең аяқталды. Әділқазы алқасы әр топқа дұрыс жауаптарына сәйкес ұпай санын қойып та қойды.

Ал біз ойынымыздың II кезеңіне көшу.

II кезең: «Атақты адамдар» Қазақстан Республикасының атақты адамдары сіздер мына тақтада көрсетілген ақын, жазушылардың фото суреттерін тауып, айтасыздар.

Қатысушыларға екінші кезең бойынша жұмыстарын ұсынады.

III кезең: Бір жұмбақ, бір мақал, бір сөз:

Балалар мақалдың, жұмбақтың жасырылған сөздерін табады. Егер бала мақалдың жалғасын дұрыс тапса, ұяшықтың сыртындағы сан сол топқа ұпай саны болып қосылады. Қатысушы қаласа екі тілде айтуға рұқсат беріледі.

Мақал:

1. алтын қазына. (кітап, книга)

2. Өнер алды тіл. (қызыл, красный)

3. Көз қорқақ, батыр. (қол, рука)

4. отбасынан басталады. (Отан , родина)

5. Человек без Родины, что соловей без песни

6. Одна у человека мать, одна у него и Родина

7. Береги землю родную как мать любимую

Жұмбақ:

1. Шелек қалпақ басында,

Сәбіз екен танауы,

Қыста қардан тұратын

Тауып көрші, сен оны? (Аққала)

2. Қолы жоқ сурет салады,

Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз-мороз)

3. Табаныма байладым,

Қоя аяқпен айдадым. (Шаңғы-санки)

4. Под соснами

Под елками

Лежит мешок с иголками (Еж-кірпі)

5. Круглые румяное,

Я расту на ветке,

Любят меня взрослые,

И маленькие детки (Алма-Яблоко)

Бір сұрақ:

1. Қазақстанның астанасы Атырау қаласы ма? Неге?

2. Бәйтерек, Ханшатыр, Ақ Орда Алматы қаласында ма? Неге?

3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті ҚасымЖомарт Токаев па? Неге?

4. Первый Президент Республики Казахстан КасымЖомарт Токаев? Почему?

5. Қазақстан деген жазу, қанатты тұлпар Мемлекеттік туда бейнеленген бе? Неге?

6. Надпись Казахстан, крылатый Тулпар изображен на государственном флаге? Почему?

Топтарымыз дайындалғанынша, балабақшамыздың өнерін тамашалаймыз мәнерлеп оқу (Өлеңдер айту) (орыс тілінде)

Жүргізуші: IV кезең « Құпия тапсырма» топ қатысушылары бірлесе, ұжымдасып орындалатын ойын

Топтарға эйдетика әдісі бойынша тапсырмалар беріледі.

1. Ассоциация ойыны

2. Пішінге ұқсас заттарды тап

3. Артығын белгіле

Жүргізуші: келесі V кезең Отан, туған жер, туған ел туралы мақал-мәтел, тақпақтар айту.

Жүргізуші: VI кезең «Рәміздерім мақтанышым!» қатысушыларға берілген рәміздер бойынша авторынан бастап, берілген суреттердің мәнін және мағынасын(толық техникасын) түсіндіреді.

Әр топқа ҚР-ның мемлекеттік рәміздері беріледі. Сол бойынша балалар өздерінің не көріп тұрғандарын толық айтып жеткізу.

Жүргізуші:

Тәуелсіздік таңы сендер, білемін,

Болашаққа бар білімін берерін.

Барыс текті жастар, сендер, білемін,

Жалындатып биік шыңда жүрерін,- дей отырып, бүгінгі додадан кім озып шыққанын білу үшін сөз кезегін әділқазы алқасына берелік.(Әділқазылар ұпай сандарын айтып, жеңімпаз топты атайды)

Көрермендермен ойын ойналады:

Марапаттау рәсімі:

Қорытынды: - Осымен бүгінгі іс-шарамызды аяқтауға рұқсат етіңіздер, қашанда ойымыздың көк жиегі биік болсын, жүрісіміз нық, еңсеміз биік, Тәуелсіздігіміз қуатты, жастарымыз намысты, ұлдарымыз қайратты, қыздарымыз сымбатты болсын! Атамекеніміз – Қазақстан жасасын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасы. Астана 2017
2. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2011
3. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары.
4. Интернет ресурстар эйдетика әдісінің элементері, дидактикалық ойындар.
5. Балабақшадағы ТРИЗ технологиясында ұйымдастырылған оқу қызметі



Наурызбаева Гүлбаршын Мұғалқызы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Нұржау ауылы
«Таухар» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУТУ БАРЫСЫНДА «ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ» ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

*«Біліп қою - аз, сол білгенді өмірде қолдана білуің керек.
Ниеттену ғана аз, сол ниетінді іске асыруың керек».*
Гете

Қоғамымыздың қазіргі даму сатысында балабақша алдында жас ұрпаққа қажетті, қоғамдық мәні бар адамшылық қасиеттерді білім беру негізінде қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Балабақша орта мектепке апарар, тұңғыш баспалдағы. Сондықтан да балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне қарай танымдық мүмкіндіктерін дамыту және оқыту мақсаттарының бала тұлғасын тәрбиелеуге бағдарлануы заңды деп білуіміз керек. Бүгінгі таңда, әрбір адамның алдында үнемі жақсы білімдермен қарулану, олардың маңызын оймен түсіне білу талабы қойылып отыр. Бұл талаптарды орындау балалардың ой өрісін кеңейтіп, интеллектісін жан- жақты дамыту, түрлі шағармашылық әрекеттерін дамыта отырып, олардың өздігінен танымдық белсенділіктерін арттыру негізінде іске асырылады.

Кішкене кездеріңіз естеріңізде ме? Кішкене болса да есте қалған шығар? Қалай сіздер есік алдында немесе ата - аналарыңызбен судың жағасында құммен және сумен ойнағанды жақсы көруші едіңіздер. Құммен әртүрлі қалашықтар, пирамидалар жасап, олар әлемдегі ең әдемі болсын деп түрлі-түсті тастармен безендіргендеріңіз. Немесе құмнан бәліштер

жасап «пісіруші» едіңіздер. Құмды қазып, шұңқыр, туннель жасау арқылы суға жетуші едік. Құммен ойын балаға қалай қызықты болса, солай үлкендерге де қызықты.

«Құм терапиясы» қағидасы аналитикалық терапияның негізін салушы Карл Густав Юнгпен ұсынылған. Карл Густав Юнг «Біздің ойлап жүргенімізді қолымыздың көмегі арқылы шешуге болады» деген тұжырымға келген.

Құммен ойын - балалар мен ересектердің эмоционалдық хал - жағдайлар ына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады. Құмдағы ойындар - баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын ойындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Құм терапиясының негізгі мақсаты: бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимульдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық үдерістерді

дамытады, ол түйсік есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, сезімділік пен қолдарының ұсақ моторикасын дамытады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлау мен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі;

Құм терапиясы 3 жастан бастап әр жастағы адамдармен өткізіледі. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп түсінеді, бірақ менің тәжірибемде құм терапиясының еркін әдіс екенін көрсетті.

Балабақа тәрбиешісі болып жұмыс істеу барысында аңғарғаным: балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының жұтаңдығы басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі мен өте төмен дамыған, олардың агрессивті, бір біріне қайырымды болмауы және бір біріне мейірімділік, шыдамдылық танытпауы басым. Балалардың тез және шаршайтындықтары сабаққа деген қызығушылықтарының төмендеуін, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорларының аздығын болдырады, коммуникативтік дағдыларының дамуын тоқтады.

Құмның ерекшелігі неде, оның қандай құпиясы бар?

Құмды адам өзінің саусақтарының ұшымен ұстаған кезде шексіздікті сезінеді. Құмның су өткізгіш қасиеті бар. Мамандардың айтуынша құм адамның жағымсыз психикалық энергиясынан тазартып, эмоционалды жағдайын қалпына келтіреді.

Балалардың белсенді, толыққанды дамуына құм өте қажет. Бұл материалды қандай пішінге келтірем десеңізде ол оңай көндіге кететін зат. Құм – бұл керемет психотерапиялық материал. Ол адамның қиялын оятып, барлық сезім мүшелеріне әсер етіп, тыныштандырып, жандандырады.

Құм балалардың тілектерін білдіруге, жағымсыз әсерлерді шығаруға, қорқыныштарын сейілтуге әсерін тигізеді. Бала үшін құм терапиясы – өзін танытуға мүмкіндік береді. Су, құм, жануарлардың мүсіндері, заттар балалардың кейде сөзбен айтып

жеткізе алмай ашылуына көмектеседі және сезімдерін білдіруге ықпал етеді. Құм терапиясы баланың ішкі күйзелісінен арылуға, өзін ретке келтіруге көмектеседі.

Құм терапиясы бұл шын мәнінде ойын. Себебі бұл ойын балаларға қатарластарымен және сыртқы әлеммен қарым-қатынасты орнатуды, өз сезімдерін білдіруге көмектеседі.

Құммен сурет салу – бұл балаға деген кішкентай мейрам, себебі оны балабақшада, үйде, мектепте немесе басқа жерде өткізуге болады.

Қазіргі таңда құм анимациясы өте танымал және сонымен қатар оған маңызды себептері де бар. Құммен сурет салу өнері – жай, қолжетімді, аса қымбат емес қызықты іс.

Құммен жұмыс тілдерін, ұсақ қол моторикасын, жадыны, қиялдарының жетілуіне бірден бір көмек. Құммен сурет салу өте қызықты, пайдалы, творчествалы ғана емес деген келісім толығымен расталған гипотеза.

Құммен сурет салу өнері – қолжетімді, қарапайым іс. Кішкентай балалардың дамуына өте пайдалы материал. Құммен жұмыс ұсақ қол моторикасын дамытады. Құммен творчествалық жұмыстар жасау бір – бірімен тіл табысуға, бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелейді. Құмның ойын терапия тәсілі – балалардың денсаулығына қуаныш пен рахаттану атмосферасын тудырып, оларға жақсы жағынан әсер етеді. Құмның көмегімен ертегілерді келтіріп ойнап, қиялдарын жетілдіріп, өз әлемін жасауға болады.

Сөзімді қорыта келе: Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға деген шешім таптым. Өйткені тәрбиеші балалар жайлы ойынға олармен бірге қосыла ойнағанда ғана дұрыс мағұлмат ала алады.

Еліміздің болашағын ойлай, педагог құрбыларыма мектепке дейінгі мекемелерде күн көріс көзі деп жұмыс істемей, ұрпақ болашағы үшін жауапты екендігімізді әрдайым жадымызда ұстайық дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. «Оқытудың жаңа технологиясы» - Алматы. Атамұра. 1998 ж.
2. [Http://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2014/11/03/kum-terapiya](http://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2014/11/03/kum-terapiya)
3. Сакович Н. А. Технология игры в песок. Игры на мосту. — спб.: Речь, 2006.
4. Юнг К. Г. Практика психотерапии. Минск: Харвест, 1998
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» № 1, 2015 ж.
6. «Отбасы мен балабақша» № 4 2014 ж.



Сужикова Гульмира Галимжановна

Атырау облысы «Балауса» санаторлық

бөбекжай балабақшасы

Тәрбиеші

МДҰ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖАҒДАЙЫ

Мектепке дейінгі балаларға толыққанды білім беру-ең алдымен балаларды дамыту үшін жан жақты шығармашылық жұмыс жүргізетін балабақшада жүзеге асады. Мектепке дейінгі білім алуға сұраныс артқан сайын оны ұйымдастыру өзектілігі де қатар жүреді. Соңғы кезде инновация мәселесі көп айтылуда. Инновациялық үдерістер бұл,жалпы айтқанда, жеке адамның өзін жетілдіру, өз идеяларын іске асыру бағытында жүретін стихиялы құбылыс. Инновациялық әдістерді қолдану қазіргі таңда еліміздегі барлық мектепке дейінгі мекемелерде қолға алынып жатыр.Бұның өзі балалармен жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырудың алғышарттарының бірі болып отыр.

Инновацияны тиімді енгізудің өзіндік әдістемелік қиындықтары да жоқ емес. Бұл жолда табысқа жету-жүйелі көзқарасты талап етеді. Әрбір педагогикалық ұжымның инновациялық қызмет жасауға құқысы бар. Бірақ бұл жағдайда ұжым инновациялық қызметті ұйымдастыру, жүзеге асыру үшін өзіне белгілі бір міндеттемелер алады, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны-бала екенін ұмытпауы керек.

Қазіргі кезде инновациялық қызмет жағдайына байланысты көптеген мәселелер анықталды, олар:

- ұжым үшін педагогикалық инновацияларды енгізуде жүйелілік пен біртұтастықтың болмауы;

- ғылыми-әдістемелік, нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

Аталған мәселелер аз уақытта шешіле салмайды. Инновациялық қызметті сауатты іске асыратын педагогтарды дайындау қажет.

Ғылымда «инновация» термині антропология мен этнографияны зерттеу барысында алғаш рет 19 ғасырда пайда болды. 20 ғасырда «инновация» термині экономикаға қатысты енгізіле бастады. Ол «жаңашылдық, ұйымдастыру мен басқарудың жаңа формаларын енгізу» трактовкасымен байланысты болды. Кез келген инновация-бұрыннан бар нәрсенің жаңаша өзгеруі болып табылады.Инновация қызметі-педагогикалық қызметтің ерекше жаңа тәсілі.Мектепке дейінгі педагогтар жаңашылдықты қашан да жақын қабылдап отырады. Жалпы білім беруді дамыту МДҰ қызметкерлерінің шығармашылық, инновациялық әлеуетін арттыруға басты себеп болып отыр. Мектепке дейінгі үдерісте жаппай инновация секілді құбылыстардың пайда болуы неліктен? Біздің ойымызша, олар: мектепке дейінгі өзекті мәселелерді шешудің белсенді жолдарын іздестіру, педагогикалық ұжымның қызмет сапасын арттыру, ұжымның бәсекеге қабілеттілігін сақтау қажеттілігінен туындайды.

Инновациялық қызметтің басты мақсаты – балаларды заман талабына сай тиімді тәрбиелеу мен оқытуға қол жеткізу болып

табылады. Осы процестерді нақты ұйымдастыру барысында ғана инновациялық қызмет табысты жүзеге асатын болады.

Сондықтан біздер төмендегідей жұмыстар жүйесін жоспарладық:

1. Педагогтердің инновациялық қызметке қажеттілік деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру.

2. Педагогтердің біліктіліктерін көтеру үшін жағдайлар жасау.

3. Инновациялық құрылымды жасақтау, олардың қызметін басқару.

4. Инновациялық озат іс-тәжірибені анықтау.

5. Педагогтердің инновациялық қызметін бағалау мақсатында ынталандыру жүйесін дайындап, қолдану.

Инновациялық қызметті ұйымдастыру барысында міндеттерді шешу үшін жеңілден күрделіге біртіндеп ауысу маңызды.

Алғашқы қадам – ұжымның инновациялық қызметке енуіне мотивациялық жағдайлар жасау. Педагогикалық ұжым құрамы әртүрлі болып келеді. Бұл жерде жаңашылдықты табысты қабылдау үшін ұжым мүшелеріне түрлі сауалнамалар, тестілер, бақылаулар, әңгімелесулер т.б. ұсынылады.

Педагогтың жаңашылдыққа деген қызығушылығын ояту-оның кәсіби дамуы үшін басты негіз болып табылады.

Инновациялық қызметті қабылдайтын педагог:

1) озық тәжірибесін іс жүзінде қолдануға ұмтылады;

2) өз білімін көтерумен үнемі айналысады;

3) өзінің педагогикалық қызмет нәтижесіне талдау жасайды;

4) өз қызметін жоспарлап, болжам жасайды;

Педагогикалық ұжымды төмендегідей бөліп қарауға болады: олар «жаңашылдар» (новаторлар) «алдыңғы қатарлы», «орташа», «баяу» категориядағы қызметкерлер.

1. «Жаңашылдар» тобы-жаңашыл рухтағы педагогтар, жаңа нәрселерді ең бірінші болып қабылдайды, танысады, жақын тартады. Мұндай педагогтар-стандарттан

тыс міндеттерді шешу, инновациялық қызметті өздері жасап, игеру қабілеттеріне ие болып келеді.

2. «Алдыңғы қатарлы» педагогтер-ұжымда алғашқылардың бірі болып практикалық, тәжірибелік қызмет түрлерін іске асырады.

3. «Орташалар» тобы-жаңашылдықты баяу қабылдайды, асықпайды, ұжымдастарының соңында қалғылары келмейді.

4. «Баяулар»-бұл топтағы педагогтар категориясы жаңашылдықты барлығының соңынан қабылдайды.

Осындай түрлі сипаттағы ұжым мүшелерімен төмендегідей бірлескен жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажеттілігі туады.

Жұмыс формаларын негізінен өзара байланыстағы жұмыс топтары арқылы ұйымдастыруға болады, олар: педагогикалық кеңестер, семинарлар, консультациялар, шағын шығармашылық топтар, ашық көрсетілімдер, іскерлік ойындар т.б. жатқызуға болады. Әдістемелік жұмыстың жекеше формасы: өз білімін көтерулер, жеке консультациялар, әңгімелесу, тәлімгерлік көмек т.б. болып келеді. Педагог кадрлармен түрлі жұмыстар жүйелі немесе эпизодты, топтық немесе жекелеген түрде өткізіледі. Олардың бәрі педагогтардың санатына, шығармашылық деңгейіне, педөтіліне, біліміне сай жүргізіліп, бірін бірі толықтыруға септігін тигізеді.

Әдістемелік жұмыстағы тиімді инновациялық технологияның бірі-шағын топ педагогтерінің өзара әрекетіне құрылған жұмыстар болып табылады. Олардың қысқаша сипаттамасы мынадай:

Топтық жоба:

1. Жобаны жүзеге асыру жолында әр топ өз варианттарын ұсынады және осы кезеңде педагогтардың жұмыс белсенділігі арта түседі.

2. Жобаларды талқылау барысында әр топ өкілінен кеңес ұйымдастырылады. Ұжымдық басқарудың бұл органы алынған міндеттерді барлық қатысушылар арасында тең бөлінуді қарастырады. Педагогтер өзара келісімге келуді, бір бірін түсінуді үйренеді.

3. Әдістемелік кеңес-берілген

жобаны дайындау, талқылау топтарына тапсырмаларды бөледі, көмек беру мақсатында іс-әрекеттеріне бақылаулар жүргізеді. Бұл жағдайда жобаны сәтті іске асыру үшін әр топ өз үлестерін қосады. Яғни, топтардың жұмыстары өзара бәсекелестікке емес, керісінше ынтымақтастыққа құрылады.

4. Атқарылған шаралардың жетістіктері мен кемшіліктері сараланады. Әр топ өз іс-әрекетіне талдау жасайды, ұсыныс береді. Жұмыстың осы кезеңі-педагогтердің өздерінің және басқалардың қызметіне талдау жасай отырып, түзетулер енгізу, шынайы жағымды бағалаумен қорытындыланады.

Іскерлік ойындар:

МДҰ қызметінде қолданылатын әдістемелік оқытудың күрделі формасы болып табылады. Іскерлік ойындарда әр қатысушының өз ролі болады. Қатысушылар рольге байланысты лауазымдық міндетін орындай отырып, іскерлік ойындар ережесі шеңберінен шықпауы тиіс. Рольді орындау шиеленісті жағдайда өтіп, әр қатысушыдан

кәсіптік шеберлік, интеллектуалдық, психофизикалық қабілеттілік пен кәсіби шеберлік талап етіледі. Осы кезде ғана ойынға қатысушылардың шынайы кескін келбеті айқындала түседі.

Қорыта айтсақ, қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі білім беруде де өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Бүгінгі балабақша жаңа мүмкіндіктер мен жаңаша дамуға бет алған, балалар мен ата-аналардың сұраныстарын қанағаттандыра алатын, педагогтердің шығармашылық, кәсіби қызметіне жағдай жасай алатын, заманауи соңғы талаптарға сай келетін-күрделі құрылым болып табылады. Бүгінгі күні мектепке дейінгі білім берудің алдында жаңаша сапамен қамтамасыз ету қажеттілігі тұр. Ол үшін кез келген мектепке дейінгі ұйым өзінің педагог кадрларымен ұйымдастырылатын әдістемелік жұмысты белсенді, ғылыми негіздемеге сүйене отырып жүзеге асыруы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilimdiler.kz/balabaksha/15272>

2. <https://deti-club.ru/innovacionnye-tehnologii-v-doshkolnom-obrazov>



Капашева Айгуль Жаксылыковна

Методист я-с № 6 «Гулдер» г.Атырау

ИННОВАЦИОННЫЕ ФОРМЫ РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ

Для успешной работы по воспитанию и обучению детей дошкольного возраста одна из основных направлений является работа с родителями.

Содержание этой работы отражено в общеобразовательной Типовой программе воспитания и обучения детей дошкольного возраста.

Главной целью является вовлечение родителей в деятельность дошкольной организации, построение различных стратегий взаимодействия с ними в процесс воспитания развития ребенка, оказание психолого-педагогической поддержки в осуществлении семейного воспитания. Для построения эффективного партнерства педагогов и родителей и реализации целей и задач используется различные формы взаимодействия: круглые столы, деловые игры, родительские конференции, консультации, педагогические советы, родительские собрания (групповые и индивидуальные), устные журналы, родительские клубы. Для успешной деятельности в работе с родителями, как одну из форм предлагаю взять дистанционную форму обучения. Использование этой модели позволит внедрить новую форму организации образовательных услуг для семьи, это помощь родителям в качественном, всестороннем воспитании и образовании своих детей.

Дистанционное обучение – это обучение с помощью технологий, позволяющих

получать образование на расстоянии. Использование именно дистанционной формы обучения становится все более актуальным в связи с возрастающим объемом информации и ускорением темпа жизни. Дистанционное обучение не только доступная, но и весьма привлекательная форма образования, поскольку позволяет людям обучаться в удобное время, в удобном месте, не прекращая при этом других видов деятельности.

Цель дистанционного обучения:

Оказание психолого-педагогической помощи родителям детей дошкольного возраста. Эта форма работы направлена на помощь родителям в формировании общей культуры, развитие физических, интеллектуальных и личностных качеств, формирование предпосылок учебной деятельности, обеспечивающих социальную успешность, сохранение и укрепление здоровья детей дошкольного возраста. Организация дистанционного обучения родителей, воспитывающих ребенка дошкольного возраста: даются рекомендации, советы для родителей по воспитанию и обучению ребенка, ознакомившись с материалами виртуального занятия, родители выполняют ряд заданий совместно с ребенком, выполнение заданий проверяются и анализируются воспитателям для дальнейшей работы, родители могут вступать во взаимодействие с сетевым воспитателем, консультируясь по

различным вопросам, сетевой воспитатель может также осуществлять помогающий контроль и оценку знаний родителя, общаясь с ним по электронной почте, по телефону или при помощи иных технических средств связи. Представленные по темам дистанционного обучения методические разработки, презентации помогут родителям познакомиться с особенностями развития детей; сформировать понимание проблем ребенка в интеллектуальном, речевом, психическом и физическом развитии; обучиться методом воспитания и специальным навыкам взаимодействия с детьми с учетом их индивидуальных особенностей. Для более эффективной работы с родителями можно применять и другие инновационные формы, к числу которых относятся: организация работы семейных клубов, организация встреч с родителями в форме дискуссионных качелей, родительско - педагогический хоккей или шахматный поединок.

Организация семейных клубов.

Семейные клубы можно создать по интересам. Например:

- «Секреты общения» руководитель педагог-психолог.

- «Семейная гостиная» (художественно-эстетическое развитие) руководитель-воспитатель, преподаватель по изобразительной деятельности

- «Красота и здоровье» (физическое развитие и оздоровление детей) руководитель-преподаватель по физической культуре.

Занятия всех клубов ориентированы на совместную деятельность детей, педагогов и родителей. Формы работы каждого клуба могут быть разными в зависимости от темы, состава участников и задач. Темы встречи могут быть различными. Беседу начинают активисты-родители, затем в нее включается психолог, медсестра, воспитатели, остальные родители. Можно предложить для обсуждения различные ситуации из семейной жизни проблемы, возникающие при воспитании детей различных типов

семей, что еще больше активизирует участников встреч. В этой форме работы примечательно то, что практически ни один родитель не остается в стороне, почти каждый принимает активное участие, делясь интересными наблюдениями, высказывая дельные советы. Обобщить и закончить встречу может психолог и педагог.

Дискуссионные качели

Цель: рассмотрение проблемы с разных сторон (позиций); выбор оптимального варианта – решения

Суть этой формы работы с родителями - в имитации раскачивающихся качелей. Партнерами становятся две группы родителей, расположившиеся друг против друга. Обсуждение проблемы в виде дискуссионных качелей предусматривает поочередное принятие группой на себя обеих противоборствующих позиций – «за» и «против». В начале работы каждая группа должна отстаивать позицию, оправдывающую прилюдное наказание ребёнка, другая группа должна защищать точку зрения, отрицающую необходимость наказания. После того, как предложен вопрос для обсуждения, участники поочередно высказываются по предложенному вопросу, - «качели» начинают свое движение. На первом этапе работы группы прорабатывают предоставленные в их распоряжение материалы, поддерживающие ту или иную точку зрения, затем излагают их и пытаются убедить друг друга в справедливости своей позиции. На втором этапе задача каждой группы меняется на противоположную (по аналогии с качелями, совершающими ход в противоположную сторону). Каждая группа отстаивает теперь точку зрения недавних оппонентов. Наконец, на третьем этапе обе группы ищут согласованную позицию, объединяя все имеющиеся сведения. Поощряя, корректируя, направляя, усиливая высказывания родителей, воспитатель поддерживает ход дискуссионных «качелей», пока ему не покажется, что силы родителей исчерпаны. Он останавливает «качели»: долго качаться нельзя - голова

закружится!», подводит итог дискуссии.

Родительско – педагогический шахматный поединок.

Цели: психолого - педагогическое просвещение родителей: выбор наиболее предпочтительного варианта ответа для решения педагогической ситуации.

Данная форма аналогична дискуссионным качелям. Родители делятся на 2 команды и предлагается выбрать какими шахматными фигурами они будут играть. Далее участникам шахматной игры (командам) даётся одинаковое задание – разрешить проблемную педагогическую ситуацию. После обсуждения, заслушивается мнение каждой команды. Воспитатель зачитывает

мнение психолога на данную проблему и выбирает наиболее приближённый вариант ответа команд. Эта команда делает следующий ход в шахматной игре.

Организуя вышеперечисленные мероприятия, мы стремились обогатить воспитательные умения родителей быть с ребенком в контакте, помочь родителям приобрести собственный воспитательный опыт.

Все эти формы работ помогут родителям, взглянуть иначе на воспитание своего ребенка и совместная работа с детским садом даст свои положительные результаты, то есть увеличится количество дошколят, готовых для усвоения новых программ.



Джаксылыкова Айгуль Кенескановна

Нұр-Сұлтан қаласы

№66 «Толағай» балабақшасы

тәрбиеші

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БАЛАЛАРДЫ КРЕАТИВТІ, СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Жаңырылған бағдарлама жөнінде «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында педагогтардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы аясында алған дәрісімді өз тәжірибиемде қолдана отыра, айтайын дегенім.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактив-ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Инновациялық іс-әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады. Бірінші кезеңде жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинау. Екінші кезеңінде, іске асыру, зерттеу, енгізу. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында әр педагог өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпағанымыз жөн.

Курстағы оқу барысындағы жаңартылған оқу бағдарлама аясында өз білімімді жетілдіріп, бағдарламаның негізгі идеясына сүйене отыра, перспективалық жоспарды Смарт мақсатымен жазып, циклограммаға

өзгерістер еңгіздім, ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу барысында балаларды бақылап, зертеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде бұл бағдарламаның олардың болашақта дамуына тиімді екенін байқадым. Мысалы қарапайым математикалық ұғымдары жөніндегі ұйымдастырылған оқу қызметін дәстүрлі түрде өткізгенде әр пішінді бөлек таныстырып, талқылайтынбыз, ал тәжірибе жүзінде аппликация ұйымдастырылған оқу қызметін «Достарға арналған үй» тақырыбында алып өткіздім, онда мен балаларды топқа әр түстердегі пішіндермен бөлдім, балалар бірден қолдарындағы түсті, пішінді ажыратып, әр қайсы белгіленген орындарын тауып отырды, алдарына қойылған сауал еш қиындық туғызбай, балалардың дұрыс шешкендері мені өте қуанты, үйді жапсыру кезінде, үй қандай пішінен құрастырылған деген сұраққа балалар мүдірмей төртбұрыш және ұшбырыш деп жауап берді, зерттей келе уақыты тиімді қолдануға болатындығын аңғардым.

Аз уақытын ішінде балалар бірден түстерді атады, пішіндерді ажыратты және аппликацияда берілген тапсырманыда жапсырып үлгерді, бұл өте жақсы нәтиже және балаларға ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы ұнады.

Сондай-ақ, 4-5 жастағы балалардың оқуға ерекше қабілетті екенін байқадым, сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасы балалардың дамуымен олардың мүмкіндіктерін есепке алуға



бағытталған, енді осы бағдарламаны жүзеге асыруда және инновациялық педагогикалық тәсілдемелерді қолдануға қажеттілігіне ескере отыра тәжірибе кезіндегі тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталатын болсақ, сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде көбінесе біз тәртіпке және тазалыққа мән береміз: бояуды төгіп алма, үстінді былғап аласын деген сөздер баланың қимылына, ойлау қабілетіне шекту жасайды, бұны мен сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде балалармен «Достық ағашы» тақырыбына дәстүрлі сабақтан тыс топтық жұмыс жасау кезінде байқадым, балалар алақандарын бояуға батырып ағаштың жапырағын салу керек болатын, тәжірибе барысында балалар қолдарын бояуға бірден батырмай қорқақтап тұрғандарын байқадым, балаларға алақанымды бояуға батырып бояу қолдан жуса, сүртсе кететінің көрсеткенен кейін, балалар батылданып сурет салуларын жалғастырды, ұйымдастырылған оқу қызметінің соңында әдемі «Достық ағашы» бейнесі шықты, осы бояу тәжірибесі арқылы оларда батылдық, өздеріне деген сенім пайда болды, ертеде қалыптасқан шектеуден шыға білді.

Зерттей келе байқағаным балалар біріншіден, шектуден шығып, сенімдік

сезімдері нығайды, сыни ойлауға, командада жұмыс істеуге үйренді. 4-5 жастағы балалар өз ойларын жеткізе алады, ал біз педагогтар күнделікті шаралар мен ұйымдастырылған оқу қызметтерін жоспарлағанда, ең маңыздысы баланың үнін естей отыра балалардың білімді игеруіне, сыни ойлауға, командада жұмыс істеуге, туындаған мәселелерді шешуіне көңіл бөлу.

Деректерді жинау арқылы балалардың дамуына, алға ілгерлеуді қамтамасыз ету керек деп ойлаймын және баланың денсаулығы, оның физикалық дамуы, әлеуметтік құзыреттіліктері, танымдық дамуы маңызды.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту барысында байқағаным бала болмысының мәні – ересек өмірге араласу, оның белсенді қатысушысы болу, өз бетінше іс-әрекет жасауға ұмтылуы, бірақ бала қоғамның белсенді өміріне үнемі араласалмағандықтан, ол өз тарапынан бір із қалтыру мақсатында ересектерге еліктеуін ойын арқылы көрсетеді, сондықтан ойын балалардың негізгі қызметі болып саналады. Ойын арқылы балалар ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Осылайша ана, әке, шаштараз, дәрігер бейнелерін таңдай отырып, бала олардың өмірдегі



әрекетерін қайталайды. Ойын түрлері балалардың танымдық қызығушылығын артырады, ойынға нақты мақсат қойылады, сол мақсат арқылы біз алдымызға қойған педагогикалық нәтижеге қол жеткіземіз. Өзімнің тәжірибиемде қарастырылған үш ойында, атап айтқанда

1-ші Өзімнің жетекшілігіммен жүргізілген «Шаштараз» желелік ойынында балаларды ойынға қажетті құрал, материалдармен қамтамасыз етіп, ойынды бастап бердім. Ойын барысында қадағалап, ойынға қосылып нұсқау бердім. Бақылау кезінде байқағаным балалар ойын ережесін жеңіл қабылдап, ойнап кетті мүмкін ойынға қыздар қатысқаннан болар, шаштараздың құралдарын да дұрыс қолдана білді. Балалар өзара қарым- қатынасқа түсіп, алаңсыз ойнап, шаштаразға қажетті дағдыларын ұғынып, жақсы меңгергендерін көріп, тек сырттай ғана бақылап отырдым. Ойынға қажетті дағдыларды ойын ережесін іс-әрекеттерін дұрыс түсінгендеріне қарағанда ойынды өздері әрі- қарай жалғастырып, алып кететіндеріне күмәнім болмады.

Тәрбиеші жетекшілігімен ойналатын ойында балалардың бойынан көшбасшылық, командамен жұмыс, өздеріне деген сенімділік, ересектердің мамандықтарына деген қызығушылықтарын көре білдім. Балалар өзара қарым-қатынасқа түсті,

тіл байлықтары артты, ойлау қабілеттері дамыды, өздерін еркін сезініп әрі қарай ойынды дамытып, шаштараз ойындағы сұлулық салонындағы қызметкерлерді мықты шеберлікпен көрсете білді.

2-ші Құрылымдалған ойынға – мен балаларды құммен ойнауға, құм терапиясы кабинетіне апардым. Балаларға ең бірінші қауыпсіздік ережесі мен ойнау ережесін түсіндірдім, мысалы саусақпен сурет салуға болатынын, немесе ұсақ машиналар, жануалар сияқты ойыншықтарды алып өздерін қалаған ойындарын ойнауға болады деп, олардың өз таңғажайып ой-өрістерін жетілдіруіне еркіндік бердім. Ойын барысында сырттай бақылау жүргізіп, балалар қызығушылықпен ойнағандарын байқадым. Қыздар саусақтарымен сурет салса, ұлдар машиналарды алып авторалли жарысын өткізуде болды. Кейбір балалар жануарлармен ойнады, ойын барысында балалардың құмға қолмен сурет салуы қолдың ұсақ қол моторикаларын жақсы дамытты. Құмның салқындығы, сусымалдылығы балаларды ерекше тыныштандырғанын байқадым. Балалар қызығушылық білдіріп жекеше жұмыс жасап, бағдарламаның сыни ойлау, мәселелерді шешу, қызығушылық және қиял өрістері кеңейіп құндылық дағдылары дамыды Балалар жақсы көңіл-күйде топқа келді.

3-ші Еркін ойын. Ойын барысында еш бір шектеу қойғам жоқ, әр бала қалаған іс-әрекеттерін жасады. Бұл ойында балалар өзара қарым- қатынасқа түсіп, ұян балалар ашылып ойнай бастады. Еркін ойын балалардың талқылау, ойын барысында туындаған мәселелерді шешуіне, бір бірімен тіл табысуға оңтайлы екенін аңғардым және балалардың физикалық дамуында әсері зор, яғни балалар әрқашанда қозғалыс-қимылда жүреді. Балаларға еркіндік бергеніммен ережеден, шектеуден тыс шықпауларына сыртай бақыладым.

Адамның өмір жолы балалық шақтан бастап қалыптасады. Сондықтан біздер педагогтар оған зор мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Ең бастысы әр бала қайталанбас жеке тұлға екенін ұмынтатпауымыз керек шығар.

Сонда бағдарламаның түйінді идеясы 4к моделі:

- «Бала үні»,

- «Ойын»,

-«Бақылау»;

- «тұтас бала» бейнесін тәрбиелеп шыға аламыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008



Еркинова Бигайша Жолдигалиевна

Атырау облысы, Махамбет ауданы,
«Алтын-Ай» бөбекжай-бақшасы
тәрбиеші

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстанда өзге дамушы елдер сияқты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру қажет.

Н.Ә. Назарбаев

Балаларға қоршаған орта жайында табиғатбайлығын сақтап, қорғауға және қайта жаңарту, туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту, әсемдікке баулу балаларды өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Міндеттері: Мектепке дейінгі балалардың бойында қоршаған ортаға деген қамқорлығын, сүйіспеншілігін сезімдерін дамыту; гүлдер туралы түсініктерін қалыптастыру; петуния гүлі туралы түсінік; «Петуния гүлі» жобасын оңтайландыру.


Қоршаған ортамен байланысқа әрі әрекеттесуге ұмтылу, жаңа міндеттер

қойып оны шешуге тырысу адам баласының бойындағы маңызды сапалық қасиеттердің бірі. Бала туғаннан өз ортасын, қоршаған әлемді тұңғыш ашушы, зерттеушісі болып табылады. Ол өмір табалдырығын аттаған сәттен бастап – ақ, айналасындағы ақиқат шындықты танып, білуге ұмтылады. Баланың айналасындағы ересектер /ата – анасы, педагогтар/ баланың бойындағы осы қызығушылықты жойып алмай, оны үнемі алға жылжуға деген табиғи талап тілектерін, сұраныс пен мұқтаждықтарын ескертіп, шығармашылығын естен шығармауы тиіс.

Шығыс данасы Конфуций былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қаламын. Көрсетсең, есімде қалады. Ал өзім істесем, үйреніп аламын». Яғни баланың ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету көрнекілікпен көрсету, оны практикада өз бетімен қолдана білуі қажет деген сөз. Сонда ғана бала көріп, естіп, өзі істеген нәрсені санасына ұзақ әрі берік меңгеріп алады.

Жобалау іс – әрекетін:

- Тәрбиеші мен баланың әрекетіне негізделген педагогикалық үрдісті



ұйымдастыру тәсілі

- Қоршаған ортамен қарым – қатынас тәсілі

- Қойылған мақсатқа жету үшін кезеңмен жүзеге асырылатын қызмет ретінде қарастыруға болады

Шығармашылық ізденістің табиғаты ересектерге де, балаларға да бірдей. Сондықтан балалардың жобалау – зерттеу әрекеті ересектердікіндей схемамен ұйымдастырылып, келесі элементтерді қамтиды:

Жоба жұмысы: зерттеу

І кезең. Дайындық кезеңі	Мерзімі
Жұмыс түрі	
Жоба мақсаты	
Жоба міндеттері	
Жобаның басты нысаны: бөлме іші, аула	
Балалар мен ата – аналарды жоба идеясымен таныстыру.	
Жобаны іске асыру мақсаттары	

«Гүл – жердің көркі» жобасын жүзеге асырудың жоспары

№	Жүргізілетін шара	Мерзімі	Қатысушы жауапты мен
1	Гүл – жердің көркі 1 - сурет	ақпан	Ата-ана тәрбиеші
2	Гүл егеміз! 2 - сурет	ақпан	Тәрбиеші балалар
3	Гүл өскіні 3 - сурет	наурыз	Балалар тәрбиеші психолог
4	Жалпырақты гүл 4 - сурет	сәуір	Балалар тәрбиеші ата-ана психолог
5	Аулаға егу 5 - сурет	мамыр	Балалар тәрбиеші ата – ана меңгеруші

Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді:

1. Дайындық кезең
2. Негізгі кезең
3. Қорытынды кезең

I. Дайындық ұйымдастыру кезеңін басшылыққа ала отырып, дәл осы жобаны неге таңдадым деген сауалға жауап беріп кетейін.

Жобаның мақсаты, міндетімен таныстыру. Жобаның жоспарын, команданың құрамын, жауапты адамды көрсету.

II. Негізгі кезең 1. Жобаны жүзеге асыру кезеңі;

2. Жоспар бойынша іс – шаралардың өткізілуі.

III. Қорытынды кезең.

1. Жобаны қорғау. Рефлексия

2. Қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиже.

III. Бағалауы. Қорытындылауы.

«Гүл – жердің көркі». Топ құру

Гүл туралы тақпақтар

Петуния гүлі, оның дәні, түстері

«Жердің көркі - гүл» атты әдеби – монтажды қойылым.

Мақсаты: Гүл туралы түсініктерін молайту; «Гүл – жердің көркі» тақырыбын ашу мақсатында балалардың қатынасуымен қойылым ұйымдастыру, балалардың ынтасын жоғарылату, топтық жұмысқа дағдыландыру.



Сурет 1. «Гүл егу»

Топырақты әзірлеу

Дәнді егу, су құю

Мақсаты: Гүлдің дәнін егу жолын көрсету, су құю тәртібін үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу



Сурет 2.

«Жапырақты гүл»

Жапырақ жайғанын бақылау, баптау, күту.

Ата – аналар мен балаларға арналған сауалнама

Гүл туралы сөзжұмбақтар, тақпақ, ән әзірлеу.

Фото – альбом «біздің топтың жұмысы»

Мақсаты: Шығармашылыққа үйрету, сөздік қорларын дамыту.



Сурет 3.

«Гүлдің өскіні»

Күнделікті гүлдің өскінін бақылау.

Релаксация

Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, тазалыққа баулу.



Сурет 4

«Аулаға егу»

Ата – аналармен ауланы дайындау, әсемдеу, безендіру.

Гүлді егу, суару

Мақсаты: Гүлді балабақша ауласына отырғызу арқылы гүлді аялау, оның адам өміріне пайдасын ұғындыру. Гүлдің жерге әсемдік, көрік беретініне көз жеткізуге жұмылдыру.



Сурет 5.

Жоба технологиясының ерекшелігі: баланың алдағы іс – әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі. Жобалау әдісінің басты идеясы – балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиеші мен ата – ананың көмегімен өз білімдерін толықтыра отырып, ақпаратты кеңістікке жол таба білу. Сонымен қатар сыни тәрғысынан ойлау.

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымдарда көкөністер мен дәмдеуіштерді жобалау. Мақсаты: аскөк, көк жуа, ақжелкен, шалғам /редиска/ өнімдерін тұтына отырып, балаларға тиімді тұстарын, пайдалы жерлерін анықтау.

Міндеті:

Диетолог – мамандардың келтірген деректерін басшылыққа ала отырып, аталған көк шөптердің пайдасын балаларға меңгерту;



Сурет 6.

Қорытындылай келе жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады: Педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологиялар туралы білімдері анықталады, балаларды, ата-аналар мен мұғалімдерді кешенді сүймелдеу қалыптары дайындалады (жоба бойынша шығармашылық топтың жоспары жасалады) әрбір педагог жеке

кішігірім жобалар жасап балабақшада даму ортасы жетіледі және кеңестер өткізіп педагогтарға практикалық кеңестер, ата-аналарға жобаны жүзеге асыру бойынша кеңестер беріледі.

«Табиғат»-адамзаттың өмір нәрі,
Қажетіңнің табылар содан бәрі.
(Абай Құнанбаев)

Әдебиеттер тізімі:

1. «Отбасы және балабақша» журналы. №4. 2005 жыл
2. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы №1. 2006 жыл
3. «Отбасы тәрбие» журналы №2. 2014 жыл
4. www.youtube.kz
5. www.facebook.kz



Қайржанова Насип Нұресқызы

Атырау қаласы

№22 «Еркетай» бөбекжай-бақшасы

I-санатты тәрбиеші

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жалпы адамзаттық құндылықтың мән маңызын түсінетін, ақыл-ойы дамыған, саналы, білімді экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа ғасырдың күн тәртібіндегі басты мәселесі

Н.Назарбаев

Жалпы адамзаттық құндылықтың мән-маңызын түсінетін, ақыл - ойы дамыған, саналы, білімді, экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа ғасырдың күн тәртібіндегі басты мәселелерінің бірі болып келеді. Қоршаған ортаны қорғаудың қажеттігін тіршілік үшін қаншалықты маңызды екенін біреу біліп, біреу білмей жүргені өмір тәжірибесінде күнбе – күн байқалып отырады. Қоршаған ортаға немқұрайлы қарауды болдырмаудың жолы - мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап балада, болашақ қоғам мүшесінде экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу қажеттігі туындайды.

Н.Ә.Назарбаевтың Республика білім және ғылым қызметкерлерінің 2 - съезінде сөйлеген сөзінде «Жалпы адамзаттық құндылықтың мән маңызын түсінетін, ақыл-ойы дамыған, саналы, білімді экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа ғасырдың күн тәртібіндегі басты мәселесі», - дей отырып, «Қазақстан- 2030» бағдарламасындағы қазақстандықтардың өсіп – өркендеуі қауіпсіздігі мен әлауқатын жақсарту мақсаты мен халқына арнаған жолдауында азаматтардың денсаулығын көтеру, ауруды болдырмау үшін экологиялық мәселелерді шешу

қажеттігі айқын көрсетілген. Балалардың мектепке дейінгі кезеңнен экологиялық мәдениетке тәрбиелеу қажеттілігі мен оның балабақшаларда қазір өмір талабына сай жүргізілмеуі және балалардың мүмкіндіктері мен экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-теориялық тұрғыда негізделіп, айқын әдістемелік нұсқаулардың болмауы арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр. Осы аталған деректер негізінде зерттеу тақырыбымызды «Жаңа технологиялар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деп таңдауға себеп болды.

Қазіргі таңда балабақша тәжірибесінде жаңа технологиялар кеңінен қолданыс тауып келеді. Дәстүрлі әдістемелерді жаңашылдық тұрғысынан жетілдіріп, стандартқа сай бес саланың мазмұнын жүзеге асыру тікелей тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Осы орайда әр балабақша, тіпті әр тәрбиеші өзіндік әдістемесін, оңтайлы, инновациялық технологияларды өз қызметіне қолдана алады. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді.

Инновациялық технология термині «инновация» және «технология» деген сөзден құралған. Жіктеп айтар болсақ, «инновация» - жаңалық, жаңашылдық деген

мағына берсе, «технология» – бұл өнер, шеберлік деген сөз. Демек, инновациялық технология дәстүрлі әдістемені жаңаша әдістермен жетілдіру үрдісі деуге.

Балабақшада балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға

бағытталған жұмыстардың түрлі формаларын ұйымдастыруға болады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті осы жұмыстардың негізгі формасы десек, оның құрылымына инновациялық технологияларды қолдануға толық мүмкіндік бар. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын десек, онда ойын технологиясы басымдық танытады. Экологиялық дидактикалық ойындар балалардың осы саладағы түсінігін қалыптастырып, бекітіп, адамгершілікке тәрбиелейді.

Қазіргі тандағы экологиялық қарама-қайшылықтардың ғаламшарлық деңгейде күределенуіне орай мәдениеттің жаңа түрі-экологиялық мәдениетті қалыптастыру міндеті ерекше мәнге ие болып отыр.

Экологиялық мәдениеттің сипаты экологиялық білімнің тереңдігімен, қажеттілік, ұмтылыс, біліктілік пен әдеттің даму дәрежесімен, табиғат қорғаудың ұлттық дәстүрлерін меңгерумен анықталады, сондықтан балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін тәрбиеші, педагог әдіскердің, ата-аналардың педагогикалық біліктілігі мен логикалық және эмоционалдық жақтарына басты назар аудару қажеттілігі айқындалды.

Бала, ата-ана, тәрбиешілермен жүргізілген балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар табиғатқа саналы көзқарасын дамытуда тиімді болып саналады.

Ұсынып отырған проблема өте күрделі болғандықтан, инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және т.б. келелі мәселелер өз алдына дербес зерттеуді қажет ететінін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030 (Ел Президентінің Қазақстан халықтарына жолдауы). Алматы, 1998, 96 б.
2. «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 1997, 6 тамыз.
3. Нұғыманов И.Н., Орынбеков С. Экологиялық білім берудің педагогикалық негізі // Қазақстан мектебі, 1996, №6, Б. 50-54.
4. Сарманова К.Ж., Перакс Н.К. Экологиялық білім беру бағдарламасы // Қазақстан мектебі, 1993, №8, 25 б.
5. Торманов Н.Т. Экология және табиғат қорғау. Алматы, 1992, 125 б.



Карасаева Замзагул Нурмухамбетовна

*Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылының
«Райхан гүлі» бөбекжай-бақшасының
бірінші санатты тәрбиешісі*

ЛУЛЛИЯ ШЕҢБЕРІ ӘДІСІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН БАРЫСЫНДА ТІЛІН ДАМЫТАТЫН ТИІМДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Бүгінгі таңда қоғамдық мектепке дейінгі тәрбие жалпы білім беру жүйесінде маңызы зор. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру – ел болашағының негізі екенін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі бүлдіршіндерді өз елін сүйге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі. Елімізді, жерімізді, тілімізді құрметтеуді бүгінгі бүлдіршіндердің бойына сіңіре білуге үйрету. Өйткені бүгінгі ұрпақ, ертеңгі халқымыздың, ұлтымыздың болашағы. Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, бала-болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бақыттауды, қабілет – қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу - қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі баланың ой-қиялын, шығармашылық қиялын дамыту өте маңызды деп саналады. Шығармашылық қиялы дамыған бала мектепте де жақсы оқып үлгілі оқушы болады. Луллия шеңберлері деген әдісін мен өз жұмысымда белсенді қолданып жүремін, осы әдістің пайдалануын жақын таныстырайын. Осы

ойынды 13-ғасырда француз монахи Раймунд Луллия ойлап шығарған. Әр түрлі диаметрдің ауқымдар ортақ өзекке тізбектелген, өзектің үстіңгі бөлігінде нұсқауы бекітіледі. Ауқымдар қозғалады, барлық ауқымдар бірдей секторларға бөлінеді. Ауқымды айналдырсақ, нұсқаудың астында керекті секторларға тоқталады. Луллия осы секторларға – суреттерді, сөздерді, нақыл сөздерді жазды, көрінген адам сұрақ қойып, өз сұрағына жауап алатын. Жауабын түсіну үшін ой-қиялдарын пайдаланып ұғады. Балабақшаларда Луллия шеңберлері - қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, қарапайым математика, сенсорика, көркем әдебиет, оқу қызметтерінде пайдалануға болады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойынды ұсынғанда 4 шеңберден аспауы керек және 4-тен -8-ге секторлары болу керек; 4 жастағы балаларға ойын - 2 шеңберден болу керек, және әр шеңберде 4 ғана сектор болу керек; 5 жастағы балаларға 2-3 әр түрлі диаметр шеңберден алынады және әр шеңберде 4-6 секторлар болу керек; 6-7 жастағы балаларға 4 шеңбер алуға болады және әр шеңберде 8 сектор болуы мүмкін[3]

Луллия шеңберін қолданудағы мақсатым:

1. Жалпыға бірдей білім стандартын ала отырып, әр баланы объективті түрде дайындау, нақты білім беру.

2. Терең ойлау, өздігінен ізденіп, оқып-білу іс-әрекеттерін меңгерту.

3. Жан-жақты дамыған, білімді, жеке тұлға қалыптастыру.

Міндеттерім: 1. Луллия шеңберін сабақтың түріне сай таңдап алу.

2. Балалардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне көңіл бөлу.

3. Топтағы бала санына қарай ойын түрін ұйымдастыру.

4. Өтілген материалды ұдайы қайталап, тереңдетіп отыру.

5. Сабаққа қатысу белсенділігін арттыруды қадағалау.

Луллия шеңберін қолданудың тиімділігі:

1. Балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығы артады.

2. Логикалық ойлауы және өз бетінше, топтық жұмыс істеу белсенділігі артады.

3. Мақсатқа жетуге талпынады.

4. Өз күшін, білімін байқауға, бақылап, бағалауға ынталанады.

Білім беруде Луллия шеңберінің көмегі зор.

Ойын жүргізу барысы:

Барлық шеңберде сурет орналастырылады. Мысалы:

1) Ағаштың түрі;

2) Оның орналасқан жері (бақ, орман, дала т.б);

3) Жемісі, тұқымы (алма, жаңғақ т.б)

Мақсаты қойылады. Балаларға сәйкестігін табу қажет.

Шеңберді айналдырып түскен комбинация бойынша әңгіме құрастырып, оның пайдасын айтады.

Мысалы: Шеңбердегі әр-түрлі суреттер арқылы сөз тіркестерін, жай сөйлемдер құрап үйрену.

Шарты: Берілген суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, суреттерді стрелкамен қосу.

Балық қайда жүзеді. (Балық суда жүзеді)

Дәрігердің көлігін не деп атаймыз? (Дәрігердің көлігін жедел жәрдем деп атаймыз)

Көбелек қайда қонады? (Көбелек гүлге қонады)

Мынау не? Бұл қайық. Қайық қай жерде жүреді? (Суда, қайық судың көлігі)

Мынау көкөністер. Көкөністер қай мезгілде піседі? (Күз мезгілінде піседі)

Сиырдың төлін не деп атайды? (Сиырдың төлін “бұзау” деп атайды)

Нәтижесінде:

1. Бала ойын барысында белсенділік танытады және тілі дамиды. Сөздік қоры молайып, әңгімелеу және сөйлеу тілі қалыптасады.

2. Ойын барысында ойынның өзі тілінің дамуы барысында күрделене түседі.

3. Дыбыстарды дыбысталу, тілдік естілу артикуляциясын сақтап айту біліктілігін қалыптасады.

4. Сөйлеу барысында тілдің грамматикасын сақтауға үйренеді және тілінің морфологиялық қырын қалыптастырады.

5. Ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін үйренеді (талдау, бекіту, жүйелеу, құрастыру).

6. Қоршаған ортамен танысып, қамқорлықпен қарауға тәрбиеленеді.

7. Танымдық процестері дамиды.



Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға білім беру стандарты. Ресми басылым. Астана 2016 жыл.
2. Мектепке дейінгі ұйымда оқу – тәрбиелік процесте ойын технологиясын қолдану. Әдістемелік құрал. Астана 2014 жыл.
3. Ғаламтор көздерінен. Инновациялық технологияларды іс тәжірибеде қолдану. 2015 жыл.
4. Луллия шеңберінің ерекшеліктері. 2014 жыл.



Мубарякова Балжан Багитжановна

Атырау қаласы,
№6 «Гүлдер» бөбекжай-бақшасы
I санатты орыс тілі маманы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ - PREZI ЖАБДЫҚТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ – БҮГІНГІ ӨМІР ТАЛАБЫ

«Мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде жаңа инновациялық технология- PREZI жабдықтамалық бағдарламасын қолдану –бүгінгі өмір талабы» жаңа технология.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзіне келетін болсақ: «Адамзат үшін 21 ғасыр жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру бүгінгі жас ұрпақ сіздердің еншілеріңіз. Ал осы жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында». Тақырыптың өзектілігі - жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда флипчарт-сабақтарды қолданудың тиімділігін көрсете отырып, бәсекеге қабілетті ұлттық білім жүйесін дамыту;

Ағылшын тілін үйретуде ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолдану – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, олардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне белсенді, білімнің сапалы болуына әсер ету.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді:

- Балалардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, жаңа

жағдайда техникалық функцияларды қарастыру;

- Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар жасау саласында, тың инновациялық жұмыстар жүргізуді талап ету;

- Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізу.

Осы жерде ағылшын тілін үйретуде флипчарт сабақтарды қолданудың тиімділігіндегі жаңалық неде? Мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде жаңа инновациялық технология- флипчарт-сабағы арқылы баланың қызығушылығы мен танымдық қабілетін дамытуға арналған сабақтар жүйесі жасақталды.

Флипчарт дегеніміз не? Флипчарт деп - блокнот қағидасы бойынша аударыстыратын парақ немесе қағаз блогына арналған магнитті маркерлік тақтаны айтады.

Флипчарт – бұл интерактивті, мульти-медиа сияқты қасиеттерді сипаттайтын электронды көрнекілік.

Флипчарт – сабақ – бұл тапсырмалар, ойын, сұрақ, суреттер, схема, бейнесюжет, анимациядан құрылған мультимедиялық конспект.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде флипчарт сабақ бетін дайындаған кезде төмендегі әрекеттерді орындауға болады:

- бейнелеу фонын қосуға;

- ескертулер жазуға және түсініктеме белгілер енгізуге;
- суреттер құруға немесе кең ауқымды кітапхана қорынан суреттер қолдануға;
- бейнелерді импорттауға, түсіруге және оларды флипчартқа қондыруға;
- фильмдер мен ойындарды көрсетуге, сілтемелер қосуға;
- құралдар мен қызмет түрлерін пайдалануға.

Енді, мен сіздерге флипчарт сабақ бетінде қалай жұмыс жасауға болатынын бейнежазба арқылы көрсеткім келеді.

1. Флипчарт сабақта көп құралдар мен қызметтерді пайдалануға болады. Дыбыстық сілтеме қызметін пайдалану арқылы балаларға сәлемдесуді үйретуге болады.

2. Баланың тілін жаттықтыруда, есту қабілетін дамытуда ағылшын тілінде флипчарт бетшесінде фонетикалық жаттығуларды желілі қаламсап құралы арқылы үнемі пайдаланамын. Оны мына бейне үзіндіден көре аласыздар.

3. Жаңа сөздермен таныстыруда, өтілген сөздерді бекіту мақсатында мен сиқырлы сандықша қызметін пайдаланамын.

4. Оқыту бағдарламаға сәйкес әртүрлі тақырыптарда соның ішінде сан, санау және түстер тақырыптарын біріктіре отырып, желілі қаламсап арқылы мынандай тапсырмаларды орындайды.

5. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлаған кезде, біз полилингвальды компонентті қолданамыз. Ол үшін «Сиқырлы аудармашы» қызметін пайдаланамын. Мысалы жаңа сөздерді үш тілде бекіту үшін.

6. Флипчарттың тағы бір қызметі ол-фотоаппарат. Бала бір объектіні алып, бала оны көбейтіп, содан кейін санап, толық сөйлеммен жауап береді.

7. Өтілген сөздерді бекіту мақсатында прожектор құралын пайдаланамын. Мысалы: прожектор арқылы заттың бір бөлігін көріп, бала табуға тырысады. Бала жауабын бергеннен кейін, прожектормен жауаптарының дұрыстығын тексереді.

8. Сонымен қатар, сергіту сәтін өткізу үшін бейне сілтеме қызметін пайдаланамын. Мысалы: тақырыпқа сай алынған сергіту сәтін алып, балалар өздері сиқырлы тақтаға қарап, жаттығу жасайды.

9. Флипчарттың тағы бір құралдарының бірі-үлкейткіш. Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін ойын-тапсырма арқылы өтіледі. Сондықтан баланың қызығушылығын ояту үшін үлкейткіш құралын пайдаланамын. Жасырынған затты бала үлкейткішпен тауып, атау керек.

Ағылшын тілінде флипчартты қолдану педагогтың оқу іс-әрекетіндегі уақытын үнемдейді, қалған уақытында балалармен жеке жұмысқа (сөйлеу және дыбыстау дағдыларын дамытуға, сөздік қорын кеңейтуге, байланыстырып сөйлеуге) көңіл бөлінеді. Балалардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді; Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне көрнекіліктерді қолдану деңгейі өседі; Балалардың ағылшын тілін үйренудегі қызығушылықтарын арттырады.



Сарсембиева Арайгуль Жумабековна

Атырау қаласы,
КМҚК №22 «Еркетай» бөбекжай-бақшасы
I-санатты тәрбиешісі

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.
Н.Ә. Назарбаев*

Бала ана тілі арқылы өзін қоршаған әлеммен, айналасындағы адамдармен танысады. Баланың тілі неғұрлым түсінікті, мәнерлі болса, оның өз ойын жеткізуі айтарлықтай жеңіл және шынайылықты тану мүмкіндігі де соншалықты тереңірек және бай болады.

Баланың тілі неғұрлым жетілген болса, оның балалармен және ересектермен өзара қарым-қатынасы, яғни оның мінез-құлқы, жалпы тұлға ретінде дұрыс қалыптасады. Десек те, бүгінгі күнге дейін мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі әлі де толықтыруды қажет етеді.

Қазіргі қоғам жас ұрпаққа білім беру жүйесіне, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру сатысына жаңа талаптар қояды. Мектепке дейінгі білім берудің МЖМБС-ны сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагогтарының міндеті - шығармашылық әлеуеті жоғары балаларды тәрбиелеу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлем туралы сыни ойлауға қабілетті, талантты тұлға ретінде тәрбиелеу үшін олармен өзара әрекеттесу амалдарын өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Бұл мәселе мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық технологиялардың енгізілуі және қолданыс табуымен жүзеге асырылады.

Осындай технологиялардың бірі – ТРИЗ (өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) технологиясы.

Тіл - рухани байлықтың қайнар көзі. Неғұрлым тілді терең ұғып, терең түсінсең, соғұрлым қоршаған ортаға деген көзқарасыңның молайып адамдарға ілтипатың өсіп отырады.

Тіл үйрену – бүгінде балабақшадан басталады. Мектепке дейінгі кезеңнен-ақ балаларға жан-жақты тәрбие беруде тіл мәселесі ерекше орын алатыны белгілі. Өйткені біз балалардың кез келген жағдайда, кез келген тілдік жағдаятта өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз етуге тырысамыз. Жаңа стандарттың жалпы ережесінде педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету көзделген. Осы стандартқа сай балабақшада тәрбиелеп оқытудың басты құралы – бағдарламалар жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер әкелді. Осы өзгерістерге орай балабақшада оқытуды жетілдіру әр педагогтан оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеу тілін, сөздік-шығармашылық қабілетін дамытуда ТРИЗ технологиясы тиімді таңдау мен іс жүзінде қолдану өзекті мәселердің бірі ретінде қарастырылады.

ТРИЗ технологиясы балалардың сөздік-шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Осылайша сөйлеуді дамыту ҰОҚ-де ТРИЗ технологиясын қолдану, ҰОҚ эмоционалды байыта өткізуге көмектеседі, балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытады. ТРИЗ технологиясы шығармашылықты дамытудың бірден бір жүйесі. Бала ойнай отырып, сөйлейді, шығармашылығын сөзбен жеткізеді, яғни ой-өрісі тіл арқылы көрініс табады. Олай болса сөйлеуді, тілді дамыту жұмыстарында ТРИЗ технологиясын қолдану баланың сөйлеу шығармашылығын дамытуға көмектеседі. Шығармашылық тақырыбымның маңызын ашатусу үшін қысқаша ТРИЗ технологиясының шығу тарихына тоқталайық.

ТРИЗ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) технологиясын 1946 жылы ойлап тапқан Баку қаласынан шыққан ғалым-инженер Генрих Саулович Альтшуллер. Осы шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады.

Шығармашылық мүмкіндіктердің көріне бастауының себебі - балалық кездегі елестету деңгейінің жоғарлығымен,

балалардың ойлауын танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі.

Шығармашылық жұмысымда мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесінің алғышарттары негізге алынды; ТРИЗ технологиясы сипатталды. ТРИЗ технологиясы негізінде құрылған ойындар, ашық шаралардан мысалдар келтірілді.

Шығармашылық жұмыс нәтижесі балабақшада ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы сөйлеуді дамытудың тиімділігіне дәлел болады.

Мектепке жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған ТРИЗ технологиясы негізінде дайындалған ойындар тәрбиеші шығармашылығының туындысы. Шығармашылық жұмыс материалдарын мектепке дейінгі сөйлеуді дамыту әдістемесін жетілдіру барысында қолдану тиімді.

Сонымен мектепке жасына дейінгі балалардың ТРИЗ технологиясы арқылы сөйлеу тілін дамыту педагогикалық тұрғыдан айқындалып, негізделді. Берілген ұсыныстар балабақшада тәжірибеден өткізіліп қолдау тапты. Орындалған жұмыстың деңгейі алынған нәтижелермен дәлелденді.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР МЖМБС. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. Астана 2009
2. Типтік бағдарлама. Астана 2016
3. Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. Алматы «Рауан» 1991
4. Абилова О.А. Сөйлеу техникасына арналған тілдік жаттығу. «Отбасы және балабақша» журналы №6. 2010



Шайдоллина Эльмира Доскалиевна

Атырау қаласы

КМҚК № 22 «Еркетай» бөбекжай-бақшасы
тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

«Ағаш ек, гүл ек, туған жерді түлет» немесе «бір тал кессең, он тал ек» – деп өз Отанына, табиғатына деген сүйіспеншілікті оятып, жас ұрпаққа экологияны сақтау мақсатында тәрбиелеу».

(Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы)

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу.

Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы, жаңашылдығы, көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім, білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан, қызықты, тартымды, баланы қажытып алмайтындай жұмыс түрлерін жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым – қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жаңашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар

қалыптастыру. Мұнда балалардың қоршаған орта жөнінде ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау – экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

«Тіршілік иелерінің өміріне қажеттілік туғызу және қолдау әдісі» балаларға экологиялық тәрбие берудегі басты әдіс түрі болып саналады. Ол балалардың тәжірибе жасау дағдыларын, икемділіктерін айқындауға бағытталған. Табиғатты қорғау арқылы жақсы нәтижеге жету – осы әдіс түрінің тәжірибе мен моделденген іс-әрекетінің бір-бірімен байланыста болуында. Сондай-ақ, заттарды күтіп-баптауда, оларды жөндеуде және жаңартуға қатысу балаларға қажетті тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Бақылау – табиғаттағы сезімдік тұрғыда тану әдісі, мақсатқа бағытталған қабылдау,

сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі үрдіс. Ол табиғатпен, тіршілік объектілерімен, қоршаған ортамен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді. Табиғи объектілер мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыру балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұзақ мерзімді бақылауларды ұйымдастыру – өсімдіктермен жануарлардың өмір сүру ортасымен өзара байланыста болу, балалардың сол ортаға деген бейімділігін танудың алғы шарты. Бақылау балаларға табиғат жөніндегі нақты түсініктерді меңгертіп, ойлау қабілетін, тілін дамытады. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы,

қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен – кішінің абыройлы борышын, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат – адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық

«Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді», демекші, барша байлықтың анасы – Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

Құм терапиясының негізін қалаушы Карл Густав Юнг «қиялдау-ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама қарсы сыртқы және ішкі дүние бірге қосылады» деген. Демек, бала қиялындағы сөзбен айтып жеткізе алмайтын дүниесін құмға түсіре алатындығына көзім жетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие. Журнал: Әдістемелік нұсқау-2019ж.
2. Табиғатты қорғау. Құлшанова С. Журнал: Отбасы және балабақша;
3. Бала және табиғат Көбеева Н. Журнал: Отбасы және балабақша;
4. Айналамен таныстыру және экология негіздері. Әдістемелік нұсқау;
5. Табиғат. Бала. Тәрбие. Керімбаева Р. Отбасы және балабақша.



Сапаралина Айнагуль Тлектесовна

методист высшей категории
я-с №45 «Самұрық» г.Нұр-Сұлтан

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ СФЕРЫ ЛИЧНОСТИ ДОШКОЛЬНИКА СРЕДСТВАМИ СКАЗКОТЕРАПИИ

Сказкотерапия – это воспитательная система. При этом воспитание понимается как «в ось питание», питание оси, жизненного стержня человека, развитие его самосознания и духа на основе общечеловеческих ценностей. В этом контексте сказкотерапию можно назвать «Учением об общечеловеческих ценностях». Сказкотерапия – это учение, потому что сказки, притчи, легенды, мифы хранят информацию о том, как люди ищут, соприкасаются, переживают присутствие или отсутствие общечеловеческих ценностей: Любви, Веры, Истины, Сотрудничества, Самодисциплины, Достоинства.

«Сказкотерапия» – язык, на котором можно вести беседы с душой человека. При этом увлекательный сюжет легко воспринимается, усваивается, запоминается. Значит, слушатель усваивает и запоминает основные ценности, и душа человека впитывает добро. Использование сказок эффективно при работе с дошкольниками ввиду возрастных особенностей развития ребенка, определяющих восприятие и понимание сказки детьми, и особенностей самой сказки как литературного произведения.

Во-первых, сказка удовлетворяет три естественные психологические потребности ребёнка, способствуя формированию таких качеств личности как автономность, активность, социальная компетентность.

Это

- потребность в автономии – герой действует самостоятельно на протяжении всего пути, делает выбор, принимает решения, полагаясь на самого себя, на свои собственные силы;

- потребность в компетенции – герой терпит временные неудачи, преодолевает препятствия и становится победителем, достигает успеха;

- потребность в активности – герой находится в действии: куда-то идёт, кого-то встречает, кому-то помогает, что-то добывает, с кем-то борется, от кого-то убегает.

Во-вторых, в дошкольном возрасте восприятие сказки становится специфической деятельностью ребенка. Сказка для него – особая реальность, которая позволяет раздвигать рамки повседневной жизни, сталкиваться со сложными явлениями и чувствами и в доступной для понимания дошкольника форме постигать взрослый мир чувств и переживаний.

В-третьих, у ребенка этого возраста развит механизм идентификации, т.е. процесс эмоционального объединения себя с другим человеком, персонажем и присвоение его норм, ценностей, способов поведения. Поэтому, воспринимая сказку, ребенок, с одной стороны, сравнивает себя со сказочным героем. Это позволяет ему почувствовать и понять, что не только у него есть такие проблемы и переживания. С

другой стороны, посредством ненавязчивых сказочных образов ребенку предлагают выходы из различных сложных ситуаций, пути решения возникших конфликтов, позитивно поддерживают его возможности и веру в себя.

К особенностям сказки, определяющим ее использование в коррекционной работе с детьми, можно отнести следующие характеристики.

- Через образы сказки ребенок соприкасается с жизненным опытом многих поколений. В сказочных сюжетах встречаются ситуации и проблемы, которые переживает в своей жизни каждый человек: отделение от родителей, жизненный выбор, взаимопомощь, любовь, борьба добра со злом.

- Отсутствие в сказках прямых нравоучений, назиданий. События сказочной истории логичны, естественны, вытекают одно из другого, и ребенок усваивает причинно-следственные связи, существующие в мире.

- Победа добра в сказках обеспечивает ребенку психологическую защищенность: чтобы ни происходило в сказке – все заканчивается хорошо. Испытания, выпавшие на долю героев, помогают им стать умнее, добрее, сильнее, мудрее. Следовательно, ребенок усваивает, что все, что происходит в жизни человека, способствует его внутреннему росту.

- Отсутствие заданности в имени главного героя и места сказочного события. Главный герой – это собирательный образ, и ребенку легче идентифицировать себя с ним и стать участником сказочных событий.

- Ореол тайн и волшебства, интригующий сюжет, неожиданное превращение героев – все это позволяет слушателю активно воспринимать и усваивать информацию, содержащуюся в сказках.

Сказкотерапия нацелена на развитие самосознания человека, обеспечивает как контакт с самим собой, так и контакт с другими, а сказочная метафора, в силу присущих ей особых свойств, оказывается способом построения взаимопонимания между людьми. Усвоение необходимых

моделей поведения и реагирования, новых знаний о себе и мире происходит незаметно. Особо эффективно себя зарекомендовал метод песочной терапии, который в тандеме со сказкотерапией открывает новые возможности для специалистов.

Песок – это природный материал, обладающий собственной энергетикой. Песок получается из маленьких частичек минералов, входящих в состав горных пород. Чаще всего он состоит из кварца, но в состав песка входит и небольшое количество драгоценных камней, таких как гранат, турмалин и топаз. Так что можно сказать, что песок – это драгоценность! Одним из основных мест, где происходит образование песка, является морской берег. В некоторых случаях на месте пустыни в свое время находилось море, которое, отступив тысячи лет назад, оставило здесь песок. Вспомните, свои ощущения, когда вы ходили босиком по песку, играли с ним, погружали в него руки и пропускали песчинки сквозь пальцы. Эти мельчайшие частички могут активизировать чувствительные нервные окончания на кончиках пальцев и ладонях. Взаимодействие с песком очищает энергетику человека, стабилизирует его эмоциональное состояние, улучшает самочувствие взрослых и детей.

Песочная сказкотерапия является методом, который может создать мостик от бессознательного состояния до сознательного, от умственного и духовного к физическому, и от невербального к вербальному. И здесь основными помощниками будут активное воображение и игра.

Песок – посредник между психологом и ребенком, возможность отстраниться от ситуации, посмотреть на нее со стороны. Часто ребенок не может понять и вербализовать источник своих трудностей, проблем, конфликтов, и такой метод дает возможность представить в образах то, что происходит в его внутреннем мире. Таким образом, песок позволяет ребенку взаимодействовать с внутренним миром,

вступать с ним в диалог.

Песочная терапия может создать более безопасное пространство для самораскрытия. Она позволяет смягчить сопротивление и уменьшить защиту. Песочная терапия активизирует врожденные ресурсы самоисцеления и обеспечивает возможность для дальнейшего его продвижения к психологическому здоровью. Таким образом песочница – это среда для общения дошкольника с самим собой и символами реального мира.

Песочная терапия более экологична для педагога. Если для взрослых клиентов песочная сказкотерапия будет очень полезна, то для детей она просто незаменима.

Песочница – это та среда, в которой оживают сказки, оживает любая информация необходимая для ребенка. Игра ребенка является символическим языком для самовыражения. Играя с песком, дети, прежде всего, развивают тактильно-

кинестетическую чувствительность и мелкую моторику рук. Игра в песок позитивно влияет на эмоциональное самочувствие, поскольку известно свойство песка «заземлять» негативную психическую энергию.

Когда ребенок строит картины из песка, придумывает сказки и истории ему передаются знания и жизненный опыт, познаются законы окружающего мира. Всё это делает песочную терапию прекрасным средством для развития и саморазвития человека. Также в песочнице есть возможность изменить полученную картину сюжета, событий, взаимоотношений. Песочница является маленькой моделью окружающего мира, местом, где во внешнем мире могут разыграться внутренние баталии и конфликты маленького человека.

Метод песочной сказкотерапии даёт возможность посмотреть на свою жизнь со стороны и, при желании, изменить её сказочным образом.



Өржан Нұрбибі Мұратқызы

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы
№17 «Алақай» санаториялық ясли-бақша әдіскері

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекетіміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтің 2018 жылғы 5 қазанда «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек екендігі жария етілген болатын. Осыған орай жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беру ісінде 4К моделіне сүйене отырып, балаға тәрбие және білім беруде:

- креативтілікті
- коммуникативтілікті
- сыни ойлауды
- командада жұмыс істей білуге үйрету

мақсаты қойылуда.

Себебі жаңартылған білім беру мазмұнына көшкенге дейін педагог өзі мақсатқа жету жолында еңбектенетін, ал қазіргі уақытта бала мақсатқа жету үшін жұмыс жүргізу маңызды. Сондықтан өз ойын ашық айта алатын, дұрыс сөйлеу мәнерін қадыптастырған, қиял-ғажайып шығармашылық қабілеті жоғары, командада жұмыс жасай алатын, сыни ойлап, креативті ойларды ортаға салатын баланың қалыптасуы қазіргі қоғам талабы. Яғни баланың бойында 4К моделі (дағдысы) дамыған болса, бала үні тыңдалса, өз ойын ашық жеткізе алатын сенімді тұлға дамиды.

Мектепке дейінгі білім берудің ескі мазмұннан жаңартылған мазмұнының айырмашылығы – баланың шынайы белсенділігі, ересектермен бірлесе

әрекет етуі, баланың қызығушылығы мен қажеттілігінің ескерілуі болып табылады. Сондықтан әрбір педагог білім берудегі көзқарасын өзгертіп, жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы қажет. Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру стандарты оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияны міндеттейді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын көптеген педагогикалық инновациялық-технологиялар бар. Мысалы: ойын технологиясы, тәй-тәй технологиясы, әуенді кесте технологиясы, жобалау технологиясы, Триз технологиясы, Монтессори технологиясы, Зайцев технологиясы, ақпараттық коммуникативтік технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы және т.б. Осы технологиялардың әдіс-тәсілдерін қолдану барысында 4К моделін жүзеге асыруға болады. Ол үшін әдіс-тәсілдерді тиімді таңдау, іс-әрекет барысында балаларға жан-жақты бақылау жүргізу, тапсырмаларды қызығушылықтарын тудыратындай саралап беру қажет. Баланың оқуға деген құштарлығын ояту үшін қолданылатын әдіс тәсілдер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша құрастырылған бағдарламалардың құрылымы мен мазмұнын жүзеге асырудағы негізгі құрал болып табылады.

Оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдері:

1. «5 Жол өлең» әдісі бойынша баланың сыни ойлау қабілетін арттыруға болады. Бала кез-кезген әңгімені, ертегіні, өлеңді тыңдай отырып өздігінен ойлауды, сөздік қорын көбейтуді, сөздерді бір-біріне байланыстыруды меңгереді. Мысалы «Бауырсақ» ертегісі бойынша бала 5 жол өлең құрастырады.

Бауырсақ-ертегі не туралы екенін біледі.

Домалақ, сарғыш-түсі, пішіні қандай екенін ажыратады.

Домалайды,қашады-не істейтінін ұғынады.

Өлең айтады- іс-әрекетін ажыратады.

Нан-не екенін біледі.

2. Жобалау әдіс-тәсілдері арқылы тәрбиеші,бала,ата-ана бірлестігі нығаяды. Тәрбиеші бақылаушы және бағыт-бағдар, кеңес беруші болса, ата-ана балаға ізденуге әрекет жасайтын көмекші рөлін атқарады. Ал бала өз кезегінде ізденісі арқылы өздігінен әрекет жасауға яғни зерттеуге, жинақтауға, салыстыруға, таңдау жасап, талдауға машықтанады. Мысалы қызанақтың балалар көкөніс екенін ғана біледі. Одан қалай шырын жасауға, қалай баптап өсіруді, онымен сурет салуға болатыны туралы айтып қызығушылығын тудыруға және оның өз бетінше ізденуіне бағыт бағдар беруге болады.

3. Ассоциация әдісі арқылы баланың аңғарғыштығын, байқампаздығын, ойлау қабілетін, сөздік қорын арттыруға болады. Мысалы жаз мезгілінің суретін ортаға қойып, сол мезгілге сәйкес суреттерді жан-жағына жабыстырады. Жазда жапырақ жасыл, күн ыстық, суға түсу, жемістердің пісуі т.б.

4. Зерттеу тәсілі баланың командада жұмыс жүргізуіне, өз бетінше әрекет жасауына, сыни ойлауына мүмкіншілік береді. Балаға зерттеу барысында бағыт бере отырып, бірлесе іс-әрекет жасау арқылы кез-келген нәрсені зерттеуге болады. Тек іс-әрекет барысында барынша қолға ұстап, көзге көріп бала сезінетіндей жағдай жасау арқылы биік нәтижеге шығуға болады. Мысалы бір ғана суға бірнеше

зерттеу жұмысын көрсетуге болады.

5. Ойын әдісі баланы командада жұмыс жасауға,сөздік қорын жетілдіруге, сыни ойлау арқылы жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеуге негіз болады. Мысалы ұлттық ойын, қимылды ойын, дидактикалық ойын, рөлдік сюжеттік ойындарды ойнату барысында балаларды бір біріне деген достыққа, өзгелерді тыңдауға, рухани құндылықтарды бойына сіңіруге жағдай жасау.

6. Әуенді кесте әдісі бойынша балаға заманауи технологияны меңгерте отырып көру, есту, ақпаратты қабылдау дағдыларын жетілдіру. Әуенді кестенің «Аққонжық» қаламшасы және «Оқып үйренеміз» атты кестелері арқылы бала дыбыстарды, әріптерді, буындарды үйреніп, ажыратады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңартуда қол жеткізілген нәтижелерден гөрі, әрбір баланың ойлау, жасау, сезіну қабілеттерінің дамуы маңыздырақ болып табылады. Ол үшін біз баламен жүргізілген іс әрекеттермен қатар, ата-анаменде тығыс байланыс орнатуымыз қажет. Балабақшаларда ата-аналармен бірлескен әрекеттер, яғни ата-аналар жиналысы, мерекелік ертеңгіліктер, жеке кеңестер, ашық есік күндері, спорттық жарыстар сияқты жұмыс түрлері жүргізіледі. Одан басқа әрбір педагог өз шеберлігін пайдалана жан-жақты байланыс орнату мүмкіншілігі бар.

Ата-аналармен байланыс түрлері:

- «Менің отбасым» атты газет, кітапша немесе журнал жасау. Отбасы мүшелерінің бірге түскен суреттері және астына мәліметтері болу керек. Бұл арқылы сіз отбасы мүшелерімен танысасыз, жұмыс орны, мекен жайы, байланыс құралы және т.б.

- «Құрметті қонақ» ата-аналардың ішінен әр саладағы мамандық иесін шақырып өз саласының жұмысы туралы ой бөлісіп, қызықты ақпарат алу немесе үлкен ата-әжелерімізді шақыру арқылы рухани құндылықтарымыз, салт-дәстүрлеріміз, ырым-тыйымдарымыз туралы балаларға

мәлімет беру, таныстыру.

- «Менің кітабым» атты жеке балаға кітапша арнау. Әр балада өз кітапшасы болады. Сол арқылы аптасына бір күн тәрбиеші балабақшадағы, ал ата-ана үйдегі баланың сүйсіндірер іс-әрекеттерін, жетістіктерін жазып отыруы қажет. Бала өз кітапшасын қалағанынша сәндеуге, безендіруге болады. Бұл баланың даму барысын анықтауға көмегін тигізеді.

- «Кітап пен ойыншық алмасу бұрышы» балабақшада кітаптар мен ойыншықтардан тұратын бұрыш жасау арқылы балалар мен ата-аналардың жауапкершігін арттыру, балалардың қызығушылығы туған әрекетін жүзеге асыруға жағдай жасау. Арнайы журналға ата-аналардың кітапты немесе ойыншықты алғаны туралы мәлімет жазылып, бір күнге үйге алуға мүмкіндік беру. Өзара келісім жүргізу, яғни алған затты қайта орнына әкелмеген немесе зақым келтірген жағдайда басқасын қою және т.б.

- «Бір шөкім бақыт» хабарлама тақтасын орнату арқылы аптасына бір күн ата-анаға жағымды хабарлама жеткізу. Барлық балаға суреттерімен жеке кішкене хабарлама салатын тақтасын жасау. Баланың бір аптадағы балабақша ішінде көзге түсіп меңгерген, игерген қуантарлық іс-әрекетін жазу. Мысалы ойын барысында, бақылау кезінде, оқу қызметінде және т.б.

- «Ата-аналарға арналған әдістемелік

құрал» жаңа оқу жылында бала жасына сай нені оқып, меңгеретіні туралы кеңес беру. Жас ерекшелігіне сай болуы ықтимал іс-әрекеттері мен бала бойында кездесетін өзгерістер жайында ақпарат беру. Жас шамасына сай ойнатуға болатын ойын түрлері және т.с.с.

- «Ата-аналар ұсынысына арналған жәшік» ата-аналар өз ұсыныстарын салады. Ол ұсыныстарды қарап, талқылап, орындалуына жағдай жасау. Мысалы: ата-аналар болып бір ертегіні балаларға сахналап берсек, серуен кезінде қонаққа келсек деген сияқты.

Ата-ана, бала, тәрбиеші үштік одағының тығыз қарым қатынасы мен беріктігі арқылы, етене араласқан іс-әрекеттердің нәтижесінде бала бойына заман талабына сай дағдылардың қалыптасуына ықпал жасаймыз.

Қорыта айтқанда жаңартылған мазмұнға сай инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін тиімді, оңтайлы пайдалана, ата-анамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, баланың танымдық белсенділігін арттырып, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретеміз. Өскелең ұрпақтың ұлттық құндылығымызды бойына сіңіре отырып, рухани бай, бәсекеге қабілетті, жан жақты дамыған, болашағы айқын болатыны хақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016ж №499);
2. Қазіргі заманауи оқу- тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.
3. Логика 5-7 жастағы балаларға арналған Т.И. Идилова 2009ж. Алматы кітап Дамыта оқыту технологиясы; автор:Бисенбаева Әлия
4. Мектепке дейінгі білім –тәрбие әдістемесі. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал № 12, 2014



Жұмағазы Мәрзия

Шығыс Қазақстан Облысы, Өскемен қаласы

«Ақ бота» бала бақша-бөбекжайының музыка жетекшісі

БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

«Өнерді биікке көтермей, өмір сүру жақсармайды. Халқтың музыкалық мәдениетін көтеріп, зияткерлік деңгейдегі дамыу үшін балалбақшада ән-күй сабақтарын жандандыру керек. Өнерлі халқты дүние жүзі таниды».

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан

Музыка өнері – жас ұрпақтың рухани, эстетикалық дүниетанымдық көзқарастардын қалыптастырып, көркемдік сезімталдігін арттырып, талғам өрісінің біртұтас дамыуына ықпал етеді.

Тәуелсіз Қазақстан елінің өнерлі, жігерлі, білімді, ақылды да параттасылтас ұрпағын тәрбиелеу-тәрбиеші педагогтардың басты міндеттернің бірі. Сондықтан да мектеп басына дейінгі балаларға музыкалық тәрбие берудің маңызы зор. Балалармен жүргізілетін мерекелік ертеңгіліктерде, музыка оқу қызметі, Балалардың музыкамен шұғылданулары, ертегілерді сахналаудағы музыкалық қойылымдар балабақшада музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлеріне жатады. Балабақшада балаларға музыкалық тәрбие берудегі басты мақсат:

- балалардың ән айту, би билеу дағдыларын үйрету;
- әр түрлі музыка эмоциялық сезгіштігін қалыптастырып, дамыту;
- таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту;
- музыкалық әрекеттің барлық түрі бойынша белсенділікті дамыту.

Сондықтан да музыканың құдіретті күшін

бала бойына дарыту мақсатында музыка, әуен ырғақтары баланың күнделікті өмірде орын алу қажет. Балабақшада музыка оқу қызметі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүргізіліп отырады.

Әр баланың жас ерекшелігіне сай оқу қызметі қызықты да, мазмұнды өткізіледі. Музыка баланың жан дүниесіне әсер етеді. Музыка оқу қызметінде балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелейміз. Әдемі ән әуені балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай біледі.

Балалар ән салу арқылы әнің мазмұнын, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік алады. Ән айту – музыкалық тәрбиенәі аса маңызды құралы. Мектеп жасына дейінгі кезең баланың өсіп, дамытын кезеңі болғандықтан ән айту – баланың тыныс алына, дауыс аппаратының шынығыуына көмектеседі.

Музыкамен ырғақты қимылдырды орындату арқылы балаларды сергек, көңілді жүруге, дене бітімінің сымбатты болып өсіуіне, дансаулықтарның нығайтуға көңіл бөлеміз.

Музыкалық оқу қызметінде музыка тыңдау бөлімі бойынша халық әуендерін, ән мен

күй басқада шығармаларды қолдана отырып, музыканы тыңдау, қабілдау, есте сақтау, ажырата білумен қатар,оның мазмұнын түсіндіріп отырамыз. Балабақшада ән әуені мерекелік ойын сауықтарда,билерде, ертеңгіліктерде орындалып отырады.

Музыка оқу қызметінде музыкалық дидактикалық ойындарды ойнау балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттырады.

Балалармен әртүрлі музыкалық ойындармен ойнатылады. Балалардың дыбыстық жоғары қабілетін дамыту үшін «Менің балапандарын қайда?» музыкалық аспаптардың үнінен ажырата білу үшін «Үнінен тап», музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу үшін «Музыкалық моншақтар», нота сызығымен ноталар туралы түсінік беру үшін «Сиқырлы ағаш» тақырыбында музыкалық дидактикалық ойындарды ойнатамын.

Музыка оқу қызметінде музыкалық – дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану – музыканың сипатына,

көңіл-күйіне қарай ажыратуға үйретеді. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыруда мерекелік ертеңгіліктердің, музыкалық сахиналық қойылымдардың маңызы зор. Балабақшамызда мерекелік ертеңгіліктерде, театр күндері, сахиналық қойылымдар жоспарлы түрде жүргізіліп отырады. Ертегілерді сахалау, мерекелік ертегіліктергі әртүрлі кейіпкерлерді ойнау арқылы балалар бейнелерді дәл бере білуге, сахана мәдениетіне үйретнеді.тілі дамиды, шығармашылдығы шыңдалады.

Балабақшадағы бүлдіршіндердің арасынан еліміздің болашақ әншілері, бишілері, өнерпаздары шығуы мүкін. Сол бүлдіршіндерді балабақша кезеңінен бастап өнерге баулу, шығармашылдығын шыңдау, музыкалық эстетикалық тәрбие беру-педагог тәрбиешілердің басты міндеттерінің бірі. Балабақшада балаларға музыкалық тәрбие беру арқылы бала бойына әдемілік пен әсемділікті қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар. Алматы: «Қазақ университеті» 2011.
2. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы.2014
3. М.Балтабаев, Б.Өтемұратова «Елім-ай».-Алматы: «Атамекен» 1993.



Исаева Гүлхан Бахытқызы

Қызылорда қаласы

«Сыр самалы» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,
Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың жауы,
ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»
Әл-Фараби*

Тәуелсіз еліміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың, тәрбиелеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беруде. Сондықтан да мен «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» атты өзімнің әдістемелік құралымды шағарған болатынымын. Әдістемелік құрал 3 бөлімнен тұрады:

- «Ұлттық ойынды ұлықтайық»
- «Сиқырлы палитра»
- «Қолөнер-сырлы өнер»

Соның ішінде **«Ұлттық ойынды ұлықтайық!»** бөліміне тоқталатын болсам...

Балабақшадағы асық ойнай бастаған баланың бойындағы өзгерістерді ата-аналар күн сайын байқауға болады. Яғни, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыс дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшы бөлімнендігі мен тіл байлығын дамытады.

Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Балабақша тәрбиешілері асық арқылы санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу, түрлі оқиғаларды ойлап тауып, бала танымына қоршаған әлем заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады. Асық ату ойыны арқылы балалардың мергендігін дамытуға, асықпен ойнайтын сан алуан ойындар арқылы бала денсаулығын шыңдауға болады. Ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді. Асықтан құралған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еті қатаяды, қабілеті артады. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабанның алдын алуға болады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасына сай барлық білім саласында асықты қолдануға болады. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір

жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

– Бұл – асық терапиясының бастапқы нұсқасы.

Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіріміздің қолымыздан келері хақ. Асық - таусылмас мұрамен қатар, таусылмас идея деп айтар едім.

Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту

Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты ойындарын ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады.

Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.

Ұлттық ойын арқылы бала тілін дамыту

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс -әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді.

Үйірме мақсаты

Қазақ халқының ұмыт қалған ұлттық ойынын дәріптеу арқылы балалардың өз ұлтының тарихына, салт-дәстүріне, ұлттық ойынына деген қызығушылығын ояту, арттыру. Ата бабамыздан мирас болып қалған, ұлттық ойынымызды соның ішінде “Асық ату” ойынын жаңғырту. Қазақ халқының ұлттық ойындарының қалыптасу тарихымен таныстыру. Балаларды асық ойынының басқа түрлерімен таныстыру. Қазақ халқының брендтерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу. Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Ұлттық ойын баланы тек денесін

ширатып, денсаулықтарын жақсартады. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды. Балаларды шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді.

Үйірменің міндеті

Асық ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшеліктерін білу. Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.

Асық ойынының ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелерінің сақталмай, ойнаудың өзіндік сырларының (техникасын) жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау, ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу. Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау.

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге;

- Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;

- Әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;

- Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Күтілетін нәтиже:

Асықтың қайдан алынатыны туралы түсінеді;

Асық ойынының көптеген түрімен және олардың ойналу ережесімен танысады;

Қазақтың ұлттық ойындарымен тереңінен танысып оның түрлерін меңгереді;

Ұлттық құндылықтарымыздың қаншалықты маңызды екенін түсінеді;

Ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады;

Үйірмеде меңгерген білім, білік дағдыларын өмірде қолдануды меңгереді;

Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;

Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;

Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;

Қорыта айтқанда бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, ұлттық ойындарымызды насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет.

«Қазақтың өздік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым», - деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұлттық тәрбиеге мән берді. Біз сол мақсатты іске асыру үшін ұлттық тәрбиенің негіздерін айқындап, тәрбие жұмыстарының ұлттық ерекшеліктерін бала бойына сіңіруге тырысамыз.



Гилажова Самал Мауфиховна

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданды,
Д.Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектептің даярлық
тобының тәрбиешісі*

АСЫҚ – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ» ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Мен халқымның тағылымы мол тарихымен берік діні ете отырып әрбір қадамын нық басуы, болашаққа сеніммен бет алуын қадағалаймын, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты сол ұлттық қодыңды сақтай білу» - деді.

Расымен де, күнде жаңаша бір дүниемен толығып жатқан қоғамға ұлттық құндылығымызды сақтай отырып аяқ бассaq, нұр үстіне нұр емес пе?

Осындай мақсатпен бабаларымыздан мирас болып қалған мұраларды ұлықтау, көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етуде асық ойындарын мектепке дейінгі оқу – тәрбие үдірісіне қосуды ұйғардық. Кезінде ата – бабаларымыз асық ойынын осындай ұлттық деңгейге дейін көтергені тегінен тегін емес. Өйткені асық ойынын балаларды жастайынан төзімділікке шыңдап, оларды мергендікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеген. Асықтарды қаз-қатар тігукезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде асық санау баланың математикаға бейімін арттырып қана қоймай, балаларды көз мергендікке, қол буындарының икемді болуына баулыған. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, барлық бұлшық еттері қимылдайды. Былайша айтқанда, асық ойнаған бала жүгіреді, секіреді, қимылдайды, көздейді, жеңеді, жеңіледі, ұтады, ұтылады.

міне, осының бәрі таза бәсекке, таза дене тәрбиесі. Қазақтың әйгілі батыры Бауыржан Момышұлы «Асық үлкен халықтық тәрбие» деп бағалауының сыры да осында болса керек. Әлбетте, арғы заманда асық қазақ балаларының күнделікті ойыны болатын. Халқымыз қыз бала туса еліктің асығын, ұл бала туылса арқардың асығын сыйға тартуды жақсылыққа балағаны белгілі. Қазір балалар балпаң баса бастағаннан-ақ ата-анасы жүйкесі тыныш болуы үшін қолына планшет, телефон, смартфон беріп қоятынын көріп жүрміз. Педагогтардың пайымына сүйенсек, бұдан баланың зейіні тұйықталады, көзінің көру қабылеті төмендейді, жүйкесі жұқарады, төмен қарап отырғандықтан омыртқалары қисаяды және кәдімгі адами қарым-қатынасты ұмытады. Виртуалды әлемге бой ұрған бала қоршаған ортамен сөйлеспейді. Сондықтан асықпен ойналатын ойындар балаларға қызығушылық тудырады.

Менің мамандығым – мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі. Бала кезімнен тәрбиеші болуды армандаған едім. Осы арманымның орындалу мақсатында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бөлімін бітірдім. 2017 жылы Дина Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектебінің шағын орталық тәрбиешісі болып, ұстаздық жолымды бастадым. Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір педагогтің алға қойған мақсат – міндеті және педагогикалық ұстанымы болады. Менің

жүрек қалауымен таңдаған мамандығыма жауапкершілікпен қарау мақсатында салт – дәстүріміздің жойылып бар жатқан асық ойындарын ойната отырып бүлдіршіндерге адамгершілік – эстетикалық қасиеттерімен ой өрісін дамыту, ұйымдастырылған оқу қызыметіне қызығушылығын арттыру. Асық – балалардың ой санасын табиғи жолмен дамытудың ең тиімді жолы екенін тұжырымдай келе өзіміздің тобымызда педагогикалық көмекші құрал ретінде пайдалануға талпындым. Ұлтық ойынның қай түрі болса да салт-дәстүріміз бен болысымыздың ажырамас бөлігі. Бұрынғы кезде қазақ балаларының ең қызықты ойыншығы асық болғаны анық. Асық-балалардың ой-санасын табиғи жолмен дамытудың ең тиімді жолы. Балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық кәдімгі есептеу рөлін қоса атқарады. Сондықтан біздің тобымызда асық тек ойнау үшін ғана емес, күнделікті сабақ үстіндегі көмекші құрал ретінде де қолданылады. Қарапайым математика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту сабақтарына қосмыша ретінде пайдаланамын. Балаларға санауды меңгертуге, салыстыруға, пішіндерді ажыратып санауға, кеңістікті бағдарлауға, уақытты айыруға, жаңа сөздерді ойлап табуға, жұмбақтар шешуге, сонымен қатар «Денсаулық» саласы бойынша дене тәрбиесі ойындары үшін де қолдануға болады. Асық ойындары арқылы дене тірбиесі сабағында балалар мергендікке, байқампаз болуға, дәлділікке үйренеді. Асық ойындарын оқу қызыметіне пайдалануда балалардың ақыл ойын дамытуға осындай мақсат – міндеттермен, күтілетін нәтежиеге жеттім.

Мақсаты: Мектепке дейінгі жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, асық ойындарына қызығушылығын туғызу, ұлттық құндылығымызды қадірлеуге

тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Зейін, ес, ойлау қабілеттерін дамыту.
2. Балалардың сөздік қорларын байыту, сөйлем құрастыра білуге үйрету. Ой-өрісін кеңейтуге, батылдыққа, ептілікке баулу.
3. Түстерді ажыратуға, көп және аз ұғымдарын меңгеруге үйрету, санау қабілеттерін жетілдіру, кеңістік бағыттарын ажырату, уақытты бағдарлау, пішіндерді айыра білу дағдыларын, математикалық, логикасын қалыптастыру.
4. Сөз, сөйлем ойлап құрсатыруға, Жұмбақтар шешуге, зейінді болуға байқағыштыққа тәрбиелеу.
5. Дене күшін жетілдіруге, ерік –жігерін шыңдай түсуге, қол моторикасын дамыта отырып, мергендікке баулу, мүсінді түзетуге бағыттау.

6. Еңбек сүйгіштікке, достыққа, жолдас-тыққа, қайраттылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтежие:

- Ұсақ қол моторикасының дамуы.
 - Түстерді ажыратуы.
 - Берілген суреттегі сөз ойлау, сөзге сөйлем құрастыру.
 - Санау дағдыларының ,логикалық ойлау қабілеттерінің жетілуі.
 - Кеңістікті, уақытты, пішіндер мен көлемді бағдарлай алуы.
 - Денесін шынықтыруы, мүсіндерін түзетуі.
 - Мергендікке, байқампаздыққа тәрбиеленуі.
 - Алған білімін тәжірбиеде қолдануға, қолдана алуы.
 - Мектепке дейінгі ұйымдарда «Асық терапиясы» дидактикалық ойыны жаңартылған тәжірбиелерін жалғастыру.
- Сөзімді қорыта келе мен мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дидактикалық ойындарға «Асық терапиясын» қолдануға болады деген тұжырымға келдім.

Әдебиеттер тізімі:

Әдістемелік жобалар –«Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық үдерістерді белсендіру және қамтамасыз етудің кілттің бөлігі» тақырыбындағы обылыстық семинар жинағы.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған «Асық Терапиясы» дидактикалық ойыны. әдістемелік құрал. №33 «Көркемай» бөбекжай балабақшасы



Галиденова З.А.

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Жыланды ауылы
Дина Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектебінің
мектепалды даярлық тәрбиешісі*

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бала тәрбиесінің негізі – бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Ұлттық тәрбие – жалпы адамзаттықты ұлттық пен бірлікте ұштастыратын азаматтарды, ұлт мүшелерін қалыптастыру;

Қазіргі қазақ қоғамында отбасы тәрбиесі мәселесі кеңінен орын алып отыр. Тәрбие ұлға да, қызға да бесік пен босағадан басталады. Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде бала жас кезінен бастап көпшіл, ынтымақшыл, үлкенге сый – құрмет көрсете білетін өнегелі адам болуға, адамгершілікке тәрбиелейді. Халқымыздың ежелден берік ұстаған әдеп – салтының бірі – адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар, екі жақты сыйластық. Сол себепті жас үлкенді сыйлап атын атамай, оларды: «Ата, әже, апа, аға, тәте, көке, әпке, жеңге» - десе жасы кішілерді үлкендер өз тарапынан: «Інішек, қарындас, шырағым, бауырым т.б.» - деп құрметтеп атайды. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан бұл өнегелі әдепті біз қазақтың мақал-мәтелдермен нақыл сөздерінен, бүгінгі таңдағы шығармаларды көптеп кездестіреміз. Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі ұлттық тіл дамытуындағы басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Бала тәрбиелеуде – деп жазды совет психологы А.С.Высоцкий: «Ең жуықтағы даму аймағына қарай жүргізу

қажет». Аңшы ұшып бара жатқан құсты атқанда, біраз алдына таман көздейді, яғни құстың ұшуының жылдамдығын ескереді. Осы сияқты, тәрбиеде баланың жақындағы болашағын ескеріп оның жетілуіне жағдай жасап отыруы керек. Бала өсіп, ақыл-ойы жетіле түскен сайын оған қойылатын талаптар да өседі. Бала өзінің істеген қылықтары үшін жауап беруге тиіс. Бала тәрбиесіне қайшы келетін екінші бір жәйт сәбилердің жастайынан талғамсыз талабына ерік беру. Тіпті кейбір ата-ана перзентінің айтқанын істеп, шамасы келсе, «айды» әперуге де құмбыл болады. Өйткені олардың алдына қойған мақсаттары әсте баланың бетін қайырмау, атап айтқанда, қате жұмыс істесе де, қате сөйлеп балағаттаса да өз еркіне жіберу. Атақты педагог В.Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өз рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де» ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іске, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Баяғыда ата-бабамыз жаңа туған нәрестені ана сүтіне жарытып, тап-тұйнақтай етіп құндақтап, бесікке бөлеп, әдемі бесік жырын айтып тербеткен. Өсе келе қазақ баласы ата-әжесінің ертегісін, батырлар жырын тыңдап өсетін болған. Бала дүниеге келісімен ерекше қамқорлық жасалады: жаңа туылған нәрестені күту, ол туралы келіндерге ақыл кеңес беру, жаңа босанған

әйелге қуатты тамақ беру, сәбиді тұзды сумен жуындыру, денесін мал майымен сылау т.б бала тәрбиесіне қатысты ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу:

Құрсақ тойы, жарыс қазан, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесу, сүндетке отырғызу т.б. Баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарғандықтан. Ұлы М. Әуезов те отбасы тәрбиесін ерекше бағалап, «Ел болам десең, бесігіңді түзе» – деген.

Қазақ халқының эстетикалық тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – ертегі. Бала жатар алдында міндетті түрде ертегі айтып беруді әдетке айналдырыңыз. Ертегінің баланың қиялын дамытуға әсері өте зор. Жас балаға бесік жырынан соң рухани нәр беретін бірден – бір тетік – ертегілер. Оның ой – ертегі, батырлар жырының шарапатынан күрескерлік рухқа тәрбиеленеді. Ертегі тыңдап өскен жас өмірдің барлық сәтсіздіктерін уақытша қиындық ретінде қабылдап түбі бақытқа кенелеріне сенеді. Қазақ отбасында жаңа туған баланың жаңа дүние кеңістігіне барынша бейімделуіне зор ықпал ететін факторлардың бірі «Бесік жыры» болған. Бесік жыры бала дүниетанымын оятатын күшті психологиялық құралдың да міндетін атқарады. Балаға дұрыс тәрбие беру –

қоғамның болашақ дамуының кепілі. Елімізде білім, тәрбие беру саласында ежелден келе жатқан халық тарихының салт дәстүрінің рухани ата – баба мұраларының алатын орны зор. Ұлттық салт дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соны орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ұлттық тәрбиенің жанында ұлттық білім беру жүруі тиіс. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақталған қлттық рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді өзіміз бағалай бәлуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Қазіргі ұлттық тәрбиеде басты нысана баламен рухани үндестікпен үйлесімділікке ұмтылу. Ұлттық тәрбиеден ата-баба мұрасынан ұрпақ нәр алатын саналы жетілген азамат ретінде тәрбиелеу міндетін атқаратын педагогикалық ғылымдардың қайнар бұлағы – ұлттық тәрбие екені сөзсіз.



Бисекешова Альбина Рахметоллақызы
воспитатель я-с № 25 «Еркемай» г. Атырау

«КУРАК КОРПЕ» (лоскутное одеяло)

Тема: «Курак корпе» (лоскутное одеяло)

Цель: Вызвать интерес к созданию образа лоскутного одеяла из красивых разноцветных квадратиков (из фетра). Наклеивать несколько квадратиков на основу и составление коллективной композиции.

Развивающие: Развивать мелкую моторику, развивать чувство цвета;

Воспитательные: воспитывать эстетическое отношение к бытовой культуре и предметам искусства; аккуратность в работе; бережливость; умение слушать мнения других людей. Воспитывать интерес к конструированию.

Оборудование к занятию: готовые квадратики (вырезанные из цветной фетры)

Билингвальный компонент:



Лоскутное-құрак; одеяло-көрпе;
Ход занятия:
Организационный момент.

Круг радости:

Собрались все дети в круг,
Я-твой друг и ты мой друг.
Крепче за руку возьмемся,
И друг другу улыбнемся.

Пейзаж: «Осень»

Вход матрешки: Так вот, на днях был сильный дождь и у меня промок потолок в доме, я поднялась на чердак, чтобы проверить, где протекает и обнаружила на чердаке старый, бабушкин сундук со старинными вещами. У меня появилось желание перебрать вещи своей бабушки. Уж, очень он привлек мое внимание. Я открыла его, и что же я увидела?



- Правильно, конечно одеяло, но это не просто одеяло.

Я вам сейчас покажу одеяло (показываю лоскутное одеяло) посмотрите какое оно необычное, а чем оно отличается от ваших?

Ответы детей... .

Конечно же, это – «лоскутное» одеяло.

Может вы тоже видели у своих бабушек?

Ответы детей....

Это одеяло шито из кусочков ткани (фетра), словно мозаика собрана. Такие одеяла наши

бабушки шили (показ презентации, в которой представлены слайды с фотографиями разных лоскутных одеял изготовления такого одеяла). История лоскутного шитья в нашей стране традиционно сводится к технике, так называемых деревенских узоров, немудреной мозаике из квадратов, треугольников, полосок, контрастных вставок яркого цвета. Прабабушки из лоскутков шили одеяла.

- А зачем нам нужны одеяла, как вы думаете?

Ответы детей...

- Какое одеяло у вас дома, в группе?

Ответы детей (на ощупь - мягкое, пушистое, по размеру - большое, маленькое, по цвету - разноцветное или однотонное и т.д.)

Загадка:

Под пуховым и под ватным
Одинаково приятно,
Чтоб нигде не поддувало,
Вас укроет (одеяло) .

Дидактический игра: «Найди заплатку»
А чтобы наши пальчики хорошо работали, давайте сделаем гимнастику для пальчиков.

Пальчиковая гимнастика:

Танечка шустр (Поочерёдно хлопать в ладоши, ударять кулачками)

Танечка быстра: (друг о друга)

Сшила покрывало (Поочерёдно загибать пальцы по одному,

Носок довязала, начиная с большого на обеих руках)

Постирала платок,

Погладила поясик,

Платье надела (Развести ладони в стороны)

И песню запела.

Воспитатель:

Я сейчас вам покажу метод как мы будем

делать из фетра лоскутное одеяло и вы будете собирать красивое одеяло. Обращаю внимание на то, что они без узора. Ребята а как нам сделать, чтобы наши лоскутки стали красивыми? Молодцы это вы хорошо предложили! Давайте, вместе с вами мы сделаем лоскутки красивыми! А сейчас мы подойдем к столу. Там лежат квадратики из фетра, лоскутки. Объясняет, что квадратики надо подбирать по цвету и форме, располагать близко друг к другу. Помогает детям, которые испытывают трудности при составлении корпе.

Показывает на доске как делать одеяло. Давайте мы с вами сделаем одеяло для нашей матрешки. -А что у вас получится, мы скоро увидим. Дети создают свои лоскуты. Каждый ребенок определяет, какие цвета нужно взять. Во время работы слежу, чтобы дети не устали. В индивидуальном порядке предлагаю ребенку встать, или сделать какие-то физические упражнения. Если большинство детей устали от работ и длительного сидения, то можно предложить мини физминутку:

Физминутка

«Мы матрёшки»

Воспитатель:

Давайте ваши работы все соберем вместе. Выкладываю большой ковер из маленьких. Посмотрите, какое красивое, разноцветное одеяло у нас получилось.

- Какие вы все молодцы! Я думаю, Матрёшка будет довольна.

- А как вы думаете?

- Вам понравилось работать над созданием одеяла?

Ответы детей...

Все вы ребята молодцы! Потрудились на славу. Я горжусь вами! Вы отличные друзья. Мне очень приятно было сегодня с вами работать. Большое спасибо.



Нсанбаева Сабира Мухитовна

Атырау қаласы Балықшы ауданы

№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасының әдіскері

БАЛАЛАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Дана халқымыз, данышпан халқымыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Елдің, халықтың болашағы бала тәрбиесін өте маңызды екенін түсіне отыра, балаға жан-жақты рухани жан-дүниесі таза болсын деп адамдыққа үйреткен. Жас бала жас шыбық секілді, қалай исең солай майысады, қалай айтсаң солай көнеді.

Жаңадан нәрестелі болған екі жас қарияның алдына келіп:

— Баламызға тәрбие берсеңіз деп едік, — дейді.

Сонда кемеңгер:

— Сәбилеріңнің туғанына қанша болды?» — деп сұрайды.

— Үш ай.

— Ей, құлындарым, балаға тәрбие беруден үш ай кешігіп қалыпсыңдар, — депті.

Шынымен де, бала тәрбиесі бір сәтті де қалт жіберуге болмайтын ұлы да игі іс. Ал сол тәрбие беруде баланың көңіліне, ішкі жан-дүниесіне қатты тимейтіндей етіп берудің өзінде үлкен мән-мағына жатыр. Себебі, жас бала жаратылысынан ата-анасының қамқорында болып, өмірдің барлық келбетін ойын арқылы қабылдайды. Баланың негізгі іс-әрекетінің өзі – ойын. Халқымыздың баланы «ойын баласы» деп те атауы бекерден бекер болмас. Балаға дүниенің қызығы сол – ойын, барлығын ойынға айналдыру. Сондықтан балаға тәрбие бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, баланы ойната тұра, оның бойына рухани, адами құндылықтарды сіңіру ата-ананың да, ұстаздардың да, бір сөзбен айтқанда жөн

сілтеушілердің міндеті. Халық даналығы да соны меңзейді. Бала мен жеткіншекті ойнатып қана қоймай, бойына ұқыптылық, адамгершілік, татулық, намысшылдық, ептілік, шапшаңдық және т.б. секілді адами қасиеттерді сіңіретін негізгі құрал – ұлттық ойындар. Сонау ерте замандардан бері талай батырларымыз, ақын-жырауларымыз, бозбала-бойжеткендеріміз сол ойындарымызды ойнап, халық даналығынан сусындап келді емес пе?! Педагог ретінде кіші топтары балаларына тәрбие мен білім беруде, құндылықтарды үйретуде халық ойындарының маңызы өте зор екендігіне көзім жетіп отыр. Себебі, бұл балалар – үйде болған, балабақшаға бармаған, мектепалды даярлықтан өтпеген биязы балалар. Ата-анасының етегінен асып көрмеген олар балабақшаға келгенде бөтен ортаға, бөтен адамдар арасына түседі. Отбасы, ошақ қасынан басқа да дүние бар екенін, балаға басқа өмірге аяқ аттап келе жатқанын аса бір педагогикалық шеберлікпен, шынайылықпен жеткізген жөн. Ойнай отыра тәрбиелеу, білім беру.

Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, Алматы, «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың ертеден қалыптасқан, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін

беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке, т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен».

Ал «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындары туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған», – дейді. Бұл сөздер алынып отырған әдісіме, айтылған сөзіме жан бітіріп отырғандай. Ұлттық ойындар: «Айгөлек», «Ақсерек-көксерек», «Ақсүйек», «Алакүшік», «Алтыбақан», «Ақшамшық», «Арқан аттау», «Арқан тартпақ», «Асық», «Аттамақ», «Әйкел», «Әуетаяқ», «Батпырауық», «Белбеу соқ», «Белбеу тартыс», «Епті жігіт», «Дауыстап атыңды айтам», «Қыз қуу», «Күміс ілу», «Тепе-теңдік», «Тобық», «Тұтқын алу», «Шалма», «Соқыр теке», «Сақина жасыру», «Сиқырлы таяқ», «Түйілген орамал», «Бес асық», «Сұрақ-жауап», «Жасырынбақ», «Орын тап», «Тақия тастау», «Ұшты-ұшты», т.б. түрлері өте көп. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: «Әріп таңдау», «Нөмір», «Пароль», «Пошта», «Сымсыз телефон», «Сыңарын табу». Сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар. Осы ойындардың ішінен оқу қызметіне, іс-әрекетке, жағдайға, баланың жас ерекшелігіне байланысты таңдап, керектісін қолданамыз. Кейде оқу қызметінің талабына сай ойындар толық емес, элементтері пайдаланылады.

«Ақсерек-көксерек» ойыны

Ептілікті қажет ететін қызықты ойындардың бірі. Ойынның шарты бойынша балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады.

Бірінші топ: Ақсерек, көксерек,

Шауып алдым бәйтерек.

Ақсерек, көксерек,

Бізден сізге кім керек? – деп хормен сұрайды.

Келесі топ жауап береді: Ақсерек,

көксерек, Сізден бізге ... (баланың аты) керек.

Аты аталған бала жүгірген күйі қарсы топтың ұстасып тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Үзсе, сол топтың бір баласын өзімен ала келеді, ал үзе алмаса, сол топта қала береді. Қай топта бала көп болса, сол топ жеңеді. Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді. Дене тәрбиесі, сергіту сәттерінде пайдаланылады. Кейде оқу қызметтерінде бұл ойынның сәл өзгертілген түрі пайдалануға болады. Дәл солай екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сөздерін айтады. Аты аталған бала сол топтың сұрақтарына жауап беруі не тапсырмаларын орындауы тиіс. Орындай алмаса, сол топқа өтеді не өнерін көрсетеді. Бала тапсырманы қызыға орындайды.

«Ақшамшық» (немесе «Сақина салу»)

Ертезаманның кележатқандәстүрлі, әдемі ойын. Ережесі бойынша балалар дөңгелене отырады, алақандарын қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да, өз еркі. Барлығына салып шығысымен: «Тұр, сақинам, тұр!» – деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған бала «Сақина менде!» – деп атып тұруы тиіс. Оны көршілері ұстап қалса, жұрт алдында өнерін көрсетеді. Жылдамдықты, ептілікті баулитын, өнерлерін жұрт алдында көрсете алуға үйрететін бұл ойынды балалар, әсіресе қызыға ойнайды.

«Соқыр теке»

Ойыншылар дөңгелене тұрады. Ортаға орамалмен көзі байланған баланы – «Соқыртекені» шығарады. Шеңбер бойы тұрған балалар «соқыртекені» түрткілейді. Сол кезде ол түрткен ойыншыны ұстап алып, атын айтуы тиіс. Тыныш тұрғанды да ұстап алуына болады. Ұсталынып қалған бала «соқыртекеге» айналып, ойын жалғаса береді. Осы ойынды балалар көбірек ойнауға тырысады. Балаларға қызықты, ал бізге, педагогтарға, ұтымдысы – дене қимыл-қозғалыс ойыны, сондай-ақ дыбыстарға мән беруге, қимылдарды сезінуге, яғни

сенсорлық дағдыларын қалыптастыруға көмек береді.

«Ұшты-ұшты!» ойыны

Ойын бастаушы бала оған қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді (немесе сабақтың ерекшелігіне байланысты сұрақтарға жауап береді).

Ойын бастаушы негізінен адамдарды былайша жаңылыстырады:

- Ұшты, ұшты – қарға ұшты! (ұшады)
- Ұшты, ұшты – балға ұшты! (ұшпайды)
- Ұшты, ұшты – тырна ұшты! (ұшады)
- Ұшты, ұшты – тырма ұшты! (ұшпайды).

Біріншіден балаларға қызық, екіншіден есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулиды

«Тақия тастау»

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. Өте қызықты әрі жан-жақты ойын. Себебі, бұл ойын дене бітімін тәрбиелеуге көмектеседі, шапшаңдық, мұқияттылық және ең ұтымдысы баланың өнерін жан-жақты дамытуға көмек береді.

«Сымсыз телефон» ойыны

Балалар тізіліп тұрады. Ойын бастаушы бір сөзді тез айтады. Келесі бала естігенін көршісіне айтады. Сөйтіп тізбек бойы айтылады. Соңында қай сөз айтылғаны сұралады. Егер сөз бұзылса, оны бұзған бала айыбын төлейді, яғни өнерін көрсетеді. Немесе сәл басқаша ойнауға болады. Әр бала көршісіне әртүрлі сөздер айтады. Кейін жүргізуші әр балаға сұрақтар қояды. Мысалы, «Сен тамақты немен ішесің?» – дейді. Ол баланың сөзі «қарындаш» болатын. Сонда «Қарындашпен тамақ ішемін» деп жауап береді. Әрбір қисынсыз шыққан жауапқа балалар мәз-мейрам болып күледі.

Асықпен ойналатын ойындардың түрі сан алуан. Сабақтың элементі ретінде де қолдануға болады. Балаларға шапшаң, епті болуды баулиды, сонымен қатар асық табиғи зат болғандықтан, бала денсаулығына еш зиянын тигізбейді. Ойынның қай түрін болса да қолдануға болады. Әр оқу қызметінің ерекшелігіне, тақырыбына сәйкес ойын түрлерін алмастырып пайдаланған жөн деп есептеймін. Балалар пайдасынан зияны көбірек тиетін қазіргі ойыншықтармен ойнағаннан гөрі, оларға әдемі адами қасиеттерді үйрететін осы ойындарды үйреткен жөн. Сондай-ақ балалар ұлттық ойындар арқылы ата-бабасының тұрмыс-салтынан да хабардар болады, бойына сіңіріп өседі.



Бағытова Роза Ұзаққалиқызы

Атырау қаласы, Балықшы ауданы
№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасының
Директоры

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

«Өзінің болашағын ойлайтын және алға үмітпен қарайтын жігерлі де көреген халық ең алдымен ұрпақ тәрбиесі мен балаларын оқытудың қамын ойлайды».

Н.Ә. Назарбаев

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсете келе ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан ұлттық құндылықтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат – мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріп отыр. Онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, болашақ ұрпақты тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатырған жұмыс.

«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып Елбасы жаңғырудың алты бағытын белгілейді. Соның бірі - «Білімнің салтанат құруы». Болашақта ұлттың табысты болуы, оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалады. Сондықтан бұл бағдарламалық мақалада білім-ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. Әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлы XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі» - деген Н.Ә. Назарбаев. «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойлып кетпеуі үшін, ұлттық құндылықтарын сақтаған, терең білімді бәсекеге қабілетті, ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Ал осындай білімді, кемеңгер, өзіне сенімді жас ұрпақты тәрбиелеу білім ордаларының еншісінде. Білімнің де, тәрбиенің де негізі балабақшадан қалыптасады. Егемен елдің ертеңі-бүгіні жас ұрпақ десек, олардың білімді-білікті, жоғары мәдениетті, парасат-пайымы мол, сапалы азамат болып жетілуі тәлім-тәрбие беретін тәрбиешіге, ата-анаға, өскен ортасына байланысты. Сондықтан да білім саласын қазіргі заманның ұрпағын тәрбиелеуші орта ретінде балалардың бойына адамгершілік және мәдениеттілік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен

жандандыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді еңбекке баули отырып, рухани адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мәселесін алғашқы орынға қойған. Сондықтан, біз - педагогтер өз кезегімізде алдымызға келген әрбір баланың тәрбиесі терең болуы үшін мықты білім беруге тиіспіз. Білім мен тәрбие беруде мектепке дейінгі мекемелерге үлкен жауапкершіліктің жүктеліп отырғандығын ескере келе, Атырау қаласындағы Балықшы мөлтек ауданында орналасқан №10 «Құлыншақ» бөбекжай- бақшасында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламаның жұмысын жүзеге асыруда өз үлестерін қосуда. Балабақшамыздың бір міндетін патриоттық тәрбие негізінде ала отырып, балалармен, ата-аналармен, педагогтермен жүргізілетін түрлі шаралар жоспарланып өткізілуде. Оқу жылының басынан бастап педагогтер арасында «Тілге жүйрік мамандар» тіл мамандары сайысы, «Тілдер достығы- елдер достығы» іскерлік ойындар, «Қазақ ертегілерін білеміз бе?» викториналық ойындар, Ұлттық құндылығымызды насихаттау мақсатында қаламыздағы №33 «Көркемай» бөбекжай- бақшасының озық тәжірибесінің жұмысын жалғастыру негізінде «Асық – асыл қазынам» атты біріккен семинар өткізілді. Балаларды жан-жақты тәрбиелеуде

отбасымен ынтымақты қарым- қатынасты шыңдау, мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда балабақшамызда ата-аналармен де елеулі жұмыстар атқарылуда. Атап айтатын болсақ: ұлы Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай мәңгі жүрегімде» атты ата-аналармен сайыс, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында «Толғамай» отбасылық сайысы, «Менің әкем ең күшті» әкелер сайысы, «Кім мықты?» жас аналар мен жас тәрбиешілер арасындағы сайыс, «Отбасы - бақыт мекені», «Біз өнерлі отбасы» сайыстары, патриоттық тәрбиеге байланысты «Мұражайға» саяхаттар, «Мен елімнің патриотымын» әндер сайысы, «Сүйемін туған тілім - ана тілін» сайыстары өткізіліп, өз нәтижесін бере білді. Білімді жас ұрпақты тәрбиелеуде балалармен жүргізілетін жұмыстардың жан-жақты болуы шарт. Балабақшамызда балалармен: «Елім деп соқсын жүрегім», «Елін сүйген - Елбасы», «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы», «Туған жерім», «Менің көшем» тақырыптарындағы ұйымдастырылған оқу қызметтері, «Өрт доспа, қас па?» ойын-сауықтар өткізіліп, озық іс-тәжірибелер республикалық журналдарға жіберілді. Осындай игі істерді жұмыла атқаруда біздің педагогтеріміз елеулі еңбек етіп келеді. Әр педагогтің еңбегі еленіп, білімнің биік шыңына шығатынына, мен өзім, басшы ретінде үлкен сенім білдіремін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. Гаврина А. «Мемлекеттік тілге құрмет қандай болуы керек». Егемен Қазақстан . Жалпыұлттық республикалық газет. 2016ж.
3. Жолдаева Ж.С. «Мәңгілік ел-Мәңгілік Қазақстан». Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. 2016ж.



Қожахметова Нургуль Сериковна

Қызылорда қаласы

МКҚК «Сыр самалы» бөбекжай-бақшасы
тәрбиеші

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Мектепке дейінгі ұйым – бұл дамуға ұмтылған, жаңа мүмкіндіктерді іздеген баланың, жанұяның, қоғамның сұраныстарын қанағаттардыруға қажетті жағдайларды жасайтын, педагогтердың шығармашылық және кәсіби жұмыстарын жағдаймен қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі мекеме. Қазіргі таңда мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту және оларды мемлекеттік тілде оқыту тәрбиешілерден үлкен ізденіс пен жаңа технологиялық тәсілдерді қолдануды қажет етеді.

Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Алғашқы тілдік қатынастың негізі баланың отбасы арқылы қалыптасатыны бәрімізге белгілі, ал соны дамытуда балабақшаның алатын орны ерекше. Өйткені, бөбекжайларда балалар ауызша тілдік қарым-қатынасты еркін меңгере алады.

Баланың ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек. Сондықтан да әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруда тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Сөздің дыбыстық жағын меңгертуде мына нәрселерге көбірек көңіл бөлінеді:

1. Баланың тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау.
2. Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі.

3. Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету [1].

Баланың тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру [2]. Сөздерді үйрену арқылы балалардың ақыл-ойы, тәрбиесі қалыптасады. Жалпы, мектепке дейінгі кезеңде бала тілге икемді боп келеді, олар үйреткен нәрсені тез жаттап, үйреніп алады. Сондықтан да баланың тілін қалыптастыру жұмысында тәрбиешілер жаңа ізденістер мен тиімді тәсілдерді шебер қолдана білуі тиіс.

Қазіргі кезде еліміздегі балабақшаларда тілдік дағдыны қалыптастыру үшін әр түрлі тәсілдер қолданылып келеді. Соның ішінде ең көп тараған түрлері мыналар: сахна ойындары, бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану, сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме мен ертегілерді мәнерлеп оқып беру, көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату, дидактикалық жаттығулар жасау және т.б. Бұлардың барлығы да бірінші кезекте баланың жас ерекшелігі мен қабылдауына қарай жүзеге асырылады. Осы орайда әр түрлі педагогикалық әдістерді саралай отырып, тілді дамытуда, сөздік қорды байытуда қолдануға тиімдірек әрі оңтайлы тәсілдер туралы сөз етпекпін.

Баланың тілінің қалыптастыруда ең

көп қолданылатын тәсілдердің бірі – халқымыздың ауыз әдебиетін қолдану. Яғни, салт-дәстүріміздің негізінде қалыптасқан ауыз әдебиетіне жататын мақал-мәтелдер, тақпақтар, тұрмыс-салт жырлары, жаңылтпаштар мен жұмбақтарды жаттату арқылы жай ғана сөйлеуді ғана үйретіп қоймай, олардың бойына ұлттық тәрбиені сіңіруде оң нәтижеге қол жеткізе аламыз. Біздің әдебиетіміздің асыл мұраларымен таныса отырып, ана тілін де жақсы игереді, сөздік қорлары да молаяды. Бұл жерде ең бастысы оларға ұсынылатын өлең-тақпақтардың жеңіл әрі жаттауға икемді болуына көбірек мән берген дұрыс.

Балаларға тілдерін дамытуға бағытталған, олардың белсенді сөздіктерін байытатын, сөз жасау дағдыларын бекітетін, заттарды сипаттайтын, мәтіндер құрауға жәрдем беретін көрнекі тәсілдердің бірі ретінде мнемотехника әдісін де атап өтуге болады [3]. Сипаттау мәтіндерін құрауда мнемотехника тәсілдерін, мнемотаблицаны немесе заттарды сипаттау үшін сызба-жоспар тәсілдерін қолдану мнеможұмбақтарды құрауға жәрдем етеді. Бұл жұмбақтарды шешудің басты шарты – көрсетілген белгілер бойынша нысандарды анықтау. Кіші топтарда алғашқы кезде педагог әрбір берілген суреттерді жан-жақты түсіндіреді. Ал келесі кезеңде ересек топтарда суретке қарап, онда не жасырылып тұрғанын өз бетінше тауып, түсіндіру ұсынылады.

Сөйлеуді қалыптастыру ойлау жүйесінің жақсы дамуына үлкен ықпал етеді. Сонымен қатар танымдық көзқарастың артуы баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осы орайда жаңа технологияға сүйеніп әзірленген әдіс-тәсілдерге де тоқталып өткеніміз жөн. Олар сөйлеуді үйретумен қатар баланың ойлау, еңбек, қолөнер, шығармашылық қабілетін белгілі бір деңгейде жетілдіруді көздейді.

Бұл тәсілдерге ақпараттық технологиялар, жобалау технологиясы, анималотерапия, пластилинография мен денсаулық сақтау технологияларын жатқызуға болады.

Жаңа заманның бүлдіршіндерінің барлығы теледидар мен ұялы телефоннан мультфильмдер мен әр түрлі бейнероликтер көруге бейім. Олар осы видеолардан көрген сөздерді тез жадында сақтап қалады. Сондықтан да балабақшаларда АКТ технологияларын қолдана отырып, жақсы сөздерді үйретуге бағытталған, тілі жеңіл әрі хронометражы аз мультфильмдерді көрсетіп тұрған дұрыс.

Балаларға сүйікті мультфильм кейіпкерлерін пластилинография әдісі арқылы жасата отырып та олардың тілдік дағдысын дамытуға болады. Пластилиннен балалар жасаған формалардың барлығын бір жерге топтастырып, балалар аудиториясынан сол заттарға қатысты сипаттама беруін қызықты етіп ұйымдастыра білу керек.

Ән айту, әр түрлі ертегі-жырлар негізінде қойылым қою да сөйлеуді дамытуда көп көмегін тигізе алады. Ол үшін төл әдебиетіміздің туындылары мен әлем әдебиетінің балаларға арналған шығармаларынан үзінділер ала отырып, қойылымдар мен сахналық көріністерге балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, отбасыдан кейінгі тәлім-тәрбие беру балабақшалардың жауапкершілігінде болғандықтан, бұл жұмысты атқаруда үлкен ізденіспен, махаббатпен, қызығушылықпен, сауаттылықпен әрекет ету керек. Жоғарыда аталған тәсілдердің барлығы да балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған. Ендеше осыларды балабақшаларда тиімді қолдана білсек, тілі мен ділі таза, еңбекке қабілетті, адал, рухани әлемі бай ұрпақ тәрбиелеуге үлкен үлес қосқан боламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Л.П. Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К. Лотарев «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы». Алматы, «Мектеп баспасы», 1981 ж.
2. <https://balabaksha.kz/> ақпараттық порталы
3. Баймұратова Б. «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету». Алматы, «Мектеп» баспасы, 1981 ж.



Таджиева Маусим Ирзабековна

«№2 Туберкулез ауруынан сауықтыру балабақшасы» ММ
тәрбиеші

ТӘРБИЕШІ – БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ

Тәрбиенің негізгі бастау бұлағы-балабақша

Жоспары:

1. Тәрбиенің негізгі бастау бұлағы-балабақша.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.

3. Қорытынды

4. Әдебиеттер тізімі

Мақсаты: Балаларды адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеу. Балалармен жақсы қарым-қатынаста бола білу. Баланың тұлға болып қалыптасуы.

Елбасымыздың Қазақстан жолдауында айтылғандай: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында».

Қазіргі заманның өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.

ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу

бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген. Балаларды адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметінде, ашық-шараларда жүзеге асады. Балалардың өмірдегі іс-әрекетін нығайту – мектепке дейінгі тәрбие жұмысының басты қажеттілігі. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы өте зор. Заман талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс-әрекетінде өз ретімен қолдана білсе, тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу қызметі барысында ертегі кейіпкерлерінің жан-жақты мінез-құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді. Бала тәрбиесі, оның ішінде балабақшадағы сәбилерді тәрбиелеу үлкен мәртебе.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген екен: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек» – деп, сондықтанда мен тәрбиелеп жатқан балдырғандар мен секілді болу міндет емес, керісінше болашаққа сай

міндеттелген алдарында қандай да бір жаңа жаңалықтар кезіксе, бұрынғының бүркеуінде қалып қоймайтындай жаңаша заман ағымына сай өздерінің бір қырларымен танылып жатқанын қалаймын. Елдің ертеңгі тірегі – осы балалар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын кез келген жерде, кез келген уақытта ашық айта алады. Сонымен қатар, балабақшаға барған бала жан-жақты алғыр, маңайындағыларға қарағанда шапшаң, қимылшаң болады.

Қорытынды

Балабақша – бақыт мекені, сыңғырлаған пәк сәбидің күлкісі, бақытты балалық шақтың дәмі, ұмытылмас қуанышты күндер, екінші анасына айналған тәрбиеші апайлар! Мен өз мамандығымды жақсы көремін, өйткені балалармен өсіп, жетіліп, олармен бірге бақытты балалық шақты бастан кешемін. Өзің тәрбиелеген балапандар болашақта керемет тұлға болып жатса, мен деген кеудемді қуаныш кернеп өзіме деген сенімділігім арта түседі емес пе! Менің нақты білерім мен дұрыс таңдау жасадым деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Бала тәрбиесі» 2007ж №5
2. «Мектепке дейінгі балалық шақ» әдістемелік нұсқаулығы
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 13.05.2016ж. №292 қаулысы



Шукирбаева Гулжан Аманкосовна

Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы,
«Құлыншақ» балабақшасының әдіскері

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымда (балабақшада) инклюзивті білім беруді әдістемелік қолдау мәселесі қарастырылған. Онда инклюзивті білім беру кеңістігін құру үшін нормативтік-құқықтық, материалдық-техникалық база құру және әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігі атап өтілген. Өткір мәселелердің бірі қоғамның ерекше балаларды қабылдауға деген толерантты көзқарасын қалыптастыру, педагогтардың осы мәселеге қатысты кәсіби құзыреттілігін арттыру өзектілігі көтерілген.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі бала, ерекше бала, инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, әдістемелік қолдау, педагог-мамандар ынтымақтастығы.

Қазақстандық білім беру ұйымдарында инклюзия мәселесін жетілдіру уақыт талабы, қоғамның даму көрсеткіші ғана емес, бұл ерекше балалардың дене, ақыл-ой қабілеттері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан олардың оңтайлы әлеуметтену және қолжетімді, толыққанды білім алу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады. Инклюзивті білім беру жалпы білім беруде өзгеріс енгізуге, барлық балалардың жеке, даралық білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту үшін жағдай құруға бағдарланған [1].

Қазіргі таңда дамуында, денсаулығында ақаулары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айырықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет - олардың әлеуметтік бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Қ.Р Президентінің 07.12.2010 жылғы

№1118 Жарлығымен бекітілген білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруді қарастырады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңы қабылданды [2]. Осы заң аясында ерекше балаларға ерте бастан білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету мәселесіне мән берілген.

Мүмкіндігі шектеулі ерекше балаларды дамуы қалыпты құрбыластарымен бірге оқыту білім алушылардың барлық санаты үшін маңызды, әрі құнды: ерекше балаларға қоғамға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі және білім алуы үшін басқа да балалармен белсенді өзара әрекеттесу; дамуына да еш ақауы жоқ, қалыпты дамыған балалар үшін ерекше балалармен қарым-қатынас толеранттылыққа, түсіністік пен төзімділікке тәрбиелеу, «ерекше»

балалардың мінез-құлқына деген оң қарым-қатынасты қалыптастырады. Осындай әлеуметтік жағдай педагогикалық сүйемелдеуге, әдістемелік қолдауға негізделеді [3].

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруде әлі де бірқатар психологиялық-педагогикалық мәселелер бар: мүмкіндігі шектеулі балаларға тосырқай қарау; инклюзивті білім беру идеологиясын қабылдамау; ерекше балаларды оқытуға деген көзқарастарды түсіну мен жүзеге асырудағы қиындықтар; көптеген ата-аналардың өзінің қалыпты дамыған балаларын ерекше балалармен бірге оқыту мен тәрбиелеуге қарсылығы; қалыпты дамыған балалардың ерекше балаларды дұрыс қабылдай алмауы; ерекше балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіндегі қиындықтар; мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға қатысты практикалық, әдістемелік бағдарламалар мен технологиялардың жеткіліксіздігі; инклюзивті білім беру кеңістігінде педагогтердің, басқа да мамандардың әдістемелік жұмыс жүргізуге деген жаңашыл ықпалдарының болмауы [4].

Мүмкіндігі шектеулі балалар санының артқанына қарамастан жалпы білім беру ұйымдарында оларға білім беру мен кешенді сүйемелдеу үшін арнайы жағдай (қажетті нормативтік-құқықтық, материалдық-техникалық база және оқу-әдістемелік қамсыздандыру) әлі де құрылмаған. Балабақшалар мен мектептерде ерекше балаларға білім беруді ұйымдастырудағы өткір мәселелердің бірі осындай білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамуын коррекциялау әдістемесін меңгерген мамандардың жеткіліксіздігі, тапшылығы болып табылады. Бұл мәселе педагог-психологтарға да қатысты, әрбір білім беру мекемесінде осы мамандар бар десек те, олардың мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу барысында диагностикалық және психологиялық-педагогикалық әдістерді таңдауда құзыреті жетпей жатады [1, 146]. Инклюзивті білім беру тәжірибесін жүзеге асыру ғылыми, әдіснамалық,

әдістемелік және әкімшілік ресурстарды қарастыратын күрделі, көпқырлы процесс.

Ерекше баланы білім беру ортасына енгізуді жүзеге асыруарнайы психологиялық-педагогикалық қолдау жасалған жағдайда, біртұтас инклюзивті процеске, пәнаралық принцип негізінде оның жекелеген бөліктеріне, яғни кешенді ықпалмен қолдау негізінде нәтижелі болады.

Инклюзивті білім беруді әдістемелік тұрғыда қолдау өзекті және осы мәселенің басты шарты болып табылады. Осыған орай балабақшада инклюзивті білім беру кеңістігін құру үшін ең алдымен педагог қызметкерлерге инклюзивті білім беруге қатысты ақпараттар беріліп, теориялық және практикалық тәжірибелермен таныстырылады. Әдістемелік жұмысты жетілдіру үшін педагогтердің ерекше балалар әлеміне деген толерантты көзқарасын қалыптастыру қажет. Инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен танысып, талдау жүргізіледі, қажетті материалдық-техникалық база қарастырылады.

Бүгінгі таңда ерекше балалармен жұмыс жүргізу үшін әдістемелік жұмыстарды жаңа қырынан қарауға тура келеді. Ол үшін балабақшаның педагог қызметкерлерін – педагог-психолог, дефектолог, логопед және тәрбиешілерді біріктіріп, ортақ жоспар құру қажет. Бұл жоспардың ерекшелігі балабақшаға қабылданған әрбір ерекше баланың диагнозы ескеріліп, олармен жеке жұмыс жүргізу бағытына баса назар аударылады.

Инклюзивті білім беруде ерекше балаларды оқытудың түрлі технологияларын қарастыру қажет және осы балалардың қалыпты дамыған балалармен үнемі қарым-қатынаста болуын қамтамасыз еткен жөн.

Инклюзивті білім беру кеңістігінде барлық қатысушылардың педагогтер, балалар және ата-аналардың өзара тиімді байланысын орнату көзделеді. Педагогтердің инклюзивті білім беруге қатысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жұмысы жүргізілгеннен кейін балабақшадағы балалардың ата-

аналарымен түрлі түсіндірме жұмыстары, ақпараттық кеңестер, тренингтер ұйымдастырылады. Аталған жұмыстарды әдістемелік тұрғыда сауатты ұйымдастыру нәтижесінде ерекше балалармен жұмыс жүйесін оңтайлы жүргізуге мүмкіндік туады.

Инклюзивті білім беруде әдістемелік қолдау көрсетудегі мақсатымыз мүмкіндігі шектеулі балалардың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету, жалпы білім беретін мекемелерде балаларға сапалы, қолжетімді білім алуға мүмкіндік жасау.

Осылайша, білім берудегі инклюзивті процесс педагогтердің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби құзыреттіліктерін арттыру есебінен ерекше балалардың

өмірін қалыптандыруға әсер етеді, оларды әлеуметтік ортаға бейімдейді және қалыпты балалардың да жетістігіне ықпал етеді.

Қорыта келгенде, инклюзивті білім беру тәжірибесін әдістемелік тұрғыда жетілдіру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, осы процеске қатысушылардың ерекше балаларға деген толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесі әлі де психологиялық-педагогикалық, әдістемелік қолдауды талап етеді. Ең бастысы ерекше балаларға деген қоғамның көзқарасын, пікірін өзгерту керек, ол үшін білім беру мекемелерінде әдістемелік қолдау жұмыстары жетілдіріліп, кедергісіз орта қалыптастырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лошакова, И. И. Интеграция в условиях дифференциации: проблемы инклюзивного обучения детей-инвалидов [Текст] /И.И. Лошакова, Е. Р. Ярская-Смирнова. – Социально-психологические проблемы образования нетипичных детей. – Саратов: Изд-во Педагогического института СГУ, 2002. – С. 15–21.
2. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» ҚР Заңы, №343-II, 2002ж.
3. Бобкова, Т. С. Направления деятельности психологической службы с замещающей семьей в условиях Центра помощи детям, оставшимся без попечения родителей [Текст] /Т.С. Бобкова, С.А. Кожевникова. – Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – Самара : СНЦ РАН, 2015. – Том 17. Вып. 1 (5). – С. 1102–1107.
4. Современные образовательные технологии в работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья [Текст] : монография /Н.В. Новикова, Л.А. Казакова, С.В. Алехина. – Красноярск, 2013. – С. 71–95.



Есжанова Актилек Борисовна

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық селолық округі
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасының директоры, тіл маманы.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БОЙЫНА РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК, ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК ҰРПАҚҚА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ

Аңдатпа. «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек..» деген Г.Белинскийдің сөзінде үлкен мән – мағына бар.

Қазақ балалар әдебиетіндегі ерекше орны бар балалар ақыны Өтебай Тұрманжанов және Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылықтарынан өтірік өлең, ойын өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар, ертегі, аңыз, мысал, логогрифтер, метаграммалар, өлең, ән – өлеңдер, мақала, эссе сияқты құнды дүниелерін пайдалана отырып, балаларымызды жан – жақты дамытуымызға әбден болады.

Түйін сөздер: бала, қазақы тәрбие, білім, балабақша, жан-жақты даму, нәтиже, технология, отбасы.

Қос ақынның балаларға арналған қайсыбір шығармаларына да тән басты бір ерекшелік – қарапайымдылық пен тәрбиелік мәні. Міне, соның бір мысалы:

Терек – бүрін қорғайды,
Тікен – гүлін қорғайды,
Ара – балын қорғайды,
Құлан – қағын қорғайды,
Киік – лағын қорғайды,
Шағала – көлін қорғайды,
Шопан – төлін қорғайды,
Егінші – жерін қорғайды,
Ер жігіт – елін қорғайды.

Небәрі тоғыз-ақ жол өлең. Көлемі шағын болғанымен, сыры тереңде жатқан, мейлінше мағыналы. Бұл балалар ақындарының шығармаларының көбі осындай қарапайым да жұмыр, шымыр жазылған. Ө. Тұрманжанов творчествосы қазақ халқының ғажайып бай фольклорымен соншалықты тығыз кірігіп, ұштасқан. Ақын бейнебір қазақ балалар жазба әдебиетіне эпостардан, ертегілер мен жұмбақтардан, жаңылтпаштар,

тақпақтардан келіп кіргендей. Табиғат пен төрт түлікті жан-жақты таныстыруы, тұлғалауы оқырмандарын тәнті етеді. Бұны мына төмендегі шумақтардан байқауға болады.

Түйе бақтым,
Түлеп бақтым.
Жылқы бақтым,
Жылғап бақтым.
Сиыр бақтым,
Сидан қақтым.
Ешкі бақтым,
Жылап бақтым.

Есек бақтым,
Құлап бақтым.
Қоян бақтым,
Құрамай қаптым.
Қой бақтым,
Жайлап бақтым,
Жайнаң қақтым. («Не бақтым, не таптым?»)

М.Әлімбаев творчествосындағы жанрлар байлығын төмендегідей тартымды

жұмбақтар, жаңылтпаштар, логогрифтер, метаграммалар, басқа да өлеңдерінен аңғарылады. Бұл балаларымыздың ұшқыр қиялына ерік берері сөзсіз.

Жұлдыз болып жетеді,
Су, мұз болып кетеді. (Қар қиыршығы)
Көк шатырда қол орақ,
Өмірі ормас ол орақ. (Ай)

Қазіргі кезде балаларымыздың көбі тіл кемістігіне ұшырап жатады. Осы қиындықты күнделікті жаңылтпаш айту арқылы шешуге болады.

Ұшы үшкір ұшқыр үш жебе алдым,
Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым.

Олжаланың қырағандығың да бар болсын,

Қалжаланың қырағандығың да бар болсын.

Логограф үлгісі бойынша жазылған шығармалары балалардың ойлау қабілетіне оң әсерін тигізеді.

Қалың ағаш – бір алап,
Жап-жасыл боп жайнайды.
«Р»-ды қоссақ сыналап
Құс болып та сайрайды. (Тоғай – торғай)
Бастапқым – тәтті шырын де,
Екіншім – қатқан суым де,
Үшіншім – белгі, таңба де,

Үшеуін қосып оқысаң,
Осыдан тәтті бар ма де. (Бал – мұз – дақ)
Қарама–қарсы сөздерді пайдалану арқылы құрылған қызықты өлеңдері балалалдың есте сақтау қабілеті мен таным – түсінігін молайтады. Мысалы:

Ыстықта туып та,
Шыдаймыз суыққа.

Ащы терім ақты,
Жеміс өсті тәтті.

Еңбекшіл болсаң ерінбе,
Ауырдың өзін жеңіл де.

Қорқақты батырға санама,
Жаманды жақсыға санама.

Жалпы тәрбие мен білім бар жерде, яғни, тәрбие бастауына айналған мектепке дейінгі ұйымдарда қазақтың балалар ақындарының шығармалары міндетті түрде оқылуы тиіс. Шындығында, балалар аңғал, аңқау ғана емес, аса аңғарымпаз да, қиялы қанатты, тіпті өмірдің небір ұңғыл-шұңғылын да түсініп, түйсіне біледі. Сондықтан, біз секілді педагог мамандар өз болашағымыз – ұрпақтарымыз үшін қазақтың майталман ақындарын танытып, қазақы құндылықтарды балаларымыздың бойына сіңіре отырып тәрбиелеу бізге – борыш!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. Алматы, «Жалын» 1989 ж.
2. «Аспандағы әпке» М. Әлімбаев. Алматы. «Жалын» 1982 ж.
3. «Таң сыры» Ө. Тұрманжанов. Алматы, 1929 ж.



Бежекенова Динура Нигметуллина

*Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
«Балбұлақ» шағын орталығының тәрбиешісі*

ТӘРБИЕШІ – БАЛА БОЙЫНА БІЛІМ НӘРІН СЕБЕТІН БАСТЫ ТҰЛҒА

Бұл мақалада балабақшаға келген баланың тәрбиесіндегі кем қалған тұстарын жетілдіріп, оны дене және ой еңбегіне үйретуге, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге баулу, адал болуға тәрбиелеп, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету арқылы бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға үлес қосу туралы айтылды. Әр баланың көрінбейтін бір өнері болады, тек соны тәрбиеші уақытында көріп, сыртқа көрсете білуі керек. Тәрбиеші деген сөз - алдымен баланы тәрбиелейтін адам, сосын білім беретін ұстаз екенін өз тәжірибемізде көрсету.

Кез келген ұлттың болашағы – ұрпақтың тәрбиесімен ұштасып жатыр. Сондықтан да, мемлекет бұл мәселеге мейлінше мән бермейінше, келешегінің кемел болатынына кепілдік те жасай алмайтыны ақиқат. Ал жас өскелеңді тәрбиелеудегі бірден бір орта – білім беру мекемесі. Соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие – салиқалы адамның қалыптасуындағы басты баспалдақ. Өйткені, балабақша бала тәрбиесінің, бала мінезінің қалыптасуына, мүмкіндігінің ашылуына үлкен әсер ететін орта. Сондықтан да, осы бағытта мемлекеттік қамқорлық соңғы жылдары ұлғайып келе жатқандығы сөзсіз. Дегенмен, заман талабын ескерсек, тәрбие беру, біліммен сусындату, соның ішінде тәрбие жұмысын жаңаша ұйымдастырып, тың идеялар мен инновацияларды енгізу өзектілігін жоймайды. Мектеп жасына дейінгі

балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтердің педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтің міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту

мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет - білімді де, білікті жас ұрпақты тәрбиелеу. Балалардың алған білімдерін қолдана білуге үйрету. Олардың жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау, өз бетінше білімді меңгерту. Сөздік қорды байыту - айналадағы өмірмен таныстыру. Ертегі оқу мен тіл дамыту кезінде жүргізілетін әртүрлі жаттығулар барысында да іске асырылады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызығушылықпен, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Бұл ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Тәрбиеші білімді, еңбекқор, бала жайын түсіне алатын болса ғана тәрбиешілік кәсіптің шыңына жете алады деп ойлаймын. Олай болса, ең алдымен өзімді өзім танып, үздіксіз ізденіп, аяусыз еңбек етуім керек. Бойымдағы бар тәлімді, асыл қасиеттерімді бүлдіршіндеріме арнай білсем, олардың жүрегіне жол тауып, сан алуан мінезі бар өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінде сөйлетіп, жаза білетін дәрежеге жеткізсем, қазақ халқының әдеп-ғұрпын, тарихын танып

білуге талпындырсам, тілін құрметтеуге әрі Отанды, адамзатты сүюге тәрбиелесем менің мақсатымның орындалғаны, еңбегімнің ақталғаны деп білемін. Адам баласы алған тәрбиесін өз мақсатына жету үшін білім кілті арқылы ашып, пайдаланады. Неғұрлым білімді болған сайын ілгерілеу, соғұрлым жылдамдайды. Ендеше тәрбие бар жерде мақсат бар, мақсат бар жерде білім басты қажеттілік болмақ. Жасөспірім алдына үлкен мақсат қоя білсе ғана биікке ұмтылады. Жас ұрпақты өмірге дайындап, олардың «Сегіз қырлы, бір сырлы» білімді азамат болуы үшін тәрбиенің барлық түрін ұштастыра жүргізуіміз қажет. Еліміз егемендік алып, өз алдына тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіз еліміздің болашағы кімдер? Олар – бүгінгі менің алдымда отырған кішкентай бүлдіршіндерім. Тәуелсіз еліміздің берік тірегі – білімді ұрпақ. Ендеше жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, рухани бай, салауатты, жан-жақты дамыған жеке тұлға даярлау - бүгінгі біздің тәрбиеші қауымының басты парызы екені баршаға аян. Ертеңгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – қазіргі қоғамдағы тәрбиешілерге байланысты, яғни, бізге дегім келеді. Бүгінгі таңда тәлім-тәрбие беріп отырған бүлдіршіндер ертеңгі күні еліміздің болашағы. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс жасау – алға қойған басты мақсатымыз.



Шамахунова Тахмина Шәріпқызы

Қызылорда облысы,
КМҚК «Алтын ұя» бөбекжай бақшасы
әдіскер

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАТТЫҚ-ДАМУЫШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Кез келген мектепке дейінгі ұйымның заттық дамытушы ортасы оның материалдық базасының ақпараттық көрінісі болып табылады. Әр топтағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған орта біртұтас күн реттілімінде білім беру, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, ұйымдастырушы, коммуникативтік функцияларды атқарады. Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының барлығының креативті идеялары қажет. Себебі ойыншықтардың алуандығы бала дамуының негізгі шарты болып табылмайды. Педагогтар орта құру барысында ең алдымен оның дамытушы сипатына мән беру керек.

Осы талаптарға орай балабақша тәрбиешілеріне топта заттық-дамытушы орта құру үшін әдістемелік көмек, бағыт

беріледі. Өйткені, әр тәрбиеші өз тобының ерекшелігін айқындап, балалардың жас ерекшелігін ескеріп және білім салаларының мазмұнына сәйкес келетін ойындар мен құралдарды жинақтап білуі тиіс.

Заттық-дамытушы орта баланың құрдастармен және педагогтармен эмоционалдық-тәжірибелік өзара әрекеттестік тәжірибесін байытуға, белсенді танымдық әрекеттерге топтағы барлық балаларды тартуға мүмкіндік береді. Орта дербестікті, бастамалықты дамытуды ынталандырады, онда балалар өз қабілеттерін жүзеге асырады.

Балаларды қоршаған ортаның ыңғайлы әрі эстетикалық тұрғыдан әсем болуы топтық дамытушы ортаны құруда өте маңызды. Әдемілік баланы қалыптастырады. Сондықтан, бұрыштардың эстетикасына назар аударған жөн. Оның безендірілуі балалар үшін тартымды болып және оларды дербес әрекет жасауға ынтаны туғызуы керек. Сондай-ақ, балаларды бұрышта тазалықты сақтауға және ойыншықтарға ұқыпты қарауға үйрету керек.

Баланың дамуы – тәрбиелеу мен оқу үрдісі барысында, ересектермен және құрдастармен алуан түрлі формадағы педагогтар ұйымдастыратын белсенді қарым-қатынаста, мазмұндық әрекеттерде іске асырылады. Баланың айналасында, ол өмір сүретін және білім алатын арнайы заттық дамытушы ортасы құрылады. Бұл ортада мектепке дейінгі жастағы бала

өз физикалық қызметтерін дамытады, сезімталдық қасиеттерін қалыптастырады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді.

Заттық кеңістік әлемі әлеуметтік шынайылықтың алуан түрлі объектілерінен тұрады. Осы әлемде бала – жас шамасына қарай объектілердің қасиетін, олардың кеңістік арақашықтығын меңгеретін әрекет етуші тұлға.

Заттық-кеңістік орта балаларға қажет-ақ, өйткені ол ең алдымен ақпараттық қызметті атқарады – әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құрадлы болып табылады. Осылайша, ойын компьютерлері, электронды, механикалық ойыншықтар қазіргі заманға лайықты ғылым мен техникаға жақындастырады, техникалық ой-өрісін кеңейтеді; эстетикалық талқылау негізіне айналатын репродукциялар, этюдтер, мүсіндер көркем қабылдауды қамтамасыз етеді; театр және музыкалық іс-әрекеттері музыкаға, сахнаға жол ашады.

Сонымен қатар, заттық кеңістік ортасыбалалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады; алуан түрлі құралдар – бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, мата т.б. – өнімді іс-әрекетте әлемді танудағы өзіндік көркем қабылдауын көрсете білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, заттық-дамытушы орта – бұл бала қызметінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың алуан түрлі іс-әрекетін қамтамасыз ететін әлеуметтік және заттық құралдар бірлігін көздейтін жүйе.

Заттықортаныңнегізгіэлементтері – ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары;

баланың өсу барысына байланысты ірі ауқымдағы конструкторлармен (модульдермен), ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жарақтандырылған ойын кеңістіктері. Заттық ортаға қойылатын басты талап – оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ, учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар, т.б) баланың дамуына қызмет етуге тиіс

Сондай-ақ дамытушы заттық орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- Баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- Жүйелілігі;
- Көп функционалдылығы;
- Баланың шамасына сай болуы;
- Трансформациялануы;
- Мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Жабдықтарды орналастыру жөнінде сөз қозғасақ, кеңістікті ұйымдатыру балалардың регламенттелмеген қимыл белсенділігінің мүмкіндіктерін, яғни ойыншықтар мен ойындарға, сурет, мүсіндеу, құрастыру материалдары мен құралдарына, т.б. еркін қол жетімділікті көздеуі тиіс. Бөлменің жабдықталуы баланың құрбыларымен бірлесіп қызмет істеуіне, сондай-ақ оңаша қалуына ыңғайлы болуы керек. Кешенді және оқшау аймақтар (зоналар) принципі, яғни түрлі кеңістікте орналасқан функционалды «орныдарды» құру ең ұтымды шешім болып табылады.

Балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастыру қажет:

Білім беру аймағы – оқу іс-әрекетіне (сенсорика, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б.) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш;

Құрастыру, музыка аймақтары;

Театр (көркем әдебиет және сөйлеуді

дамыту) бұрышы;

Ойын бұрыштары;

Оңашалау бұрыштары;

Кішкене стадион;

Табиғат бұрышы;

Компьютерлік сынып

Бұл аймақтардың экспозициясы мен тақырыптамасы ұдайы жаңартылып тұруы қажет. Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады.

Әр бала өзінің дамуында отбасының, оның тұрмысының, мәдени таңдаулардың ықпалын сезеді. Балабақшада барлық бөлмелердің жағдайы баланың ұжымда тәрбиеленуі мен дамуы үшін бір мақсатқа бағытталған. Мұндай жағымды жағдай құру – өз ішіне саналы және кеңістік пен оның элементтерін әсем ұйымдастырылуын қамтитын үлкен өнер. Баланы қоршаған дамытушы ортада бала да өзінің заттық әлемінде шығармашыл бола алатындай мүмкіндік туғызу керек, сонда ғана ересектермен, құрдастармен өзара әрекеттестік үрдісіне өзінің жеке басының

тұлғалық – дамытушы шығармашылығы қалыптасады.

Осылайша, жоғарыда баяндалған жұмысты түйіндер болсақ, балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының күрделі, көпжоспарлы және жоғары шығармашылық қызметі қажет. Мақсатқа бағытталаып ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады.

Құрылған эстетикалық орта мектеп жасына дейінгі балаларда қуаныш сезімін оятып, балабақшаға деген жағымды эмоционалдық қатынасты, оған брау ниетін тударады, жаңа әсерлері мен білімдерін байытады, белсенді шығармашылық қызметке шақырады, балалардың зияткерлік дамуына көмектеседі.

Заттық-дамытушы ортаны құруда шығармашылық идеяларда шек жоқ, дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт.

Әдебиеттер тізімі:

1. Епачинцева Н.Д. *организация развивающей среды ДОУ автореф.дисс...канд.пед.наук / Н.Д.Епачинцева. – Белгород: БГУ, 2001*
 2. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2015. – 15 бет.
 3. Короткова Н.А. *Материалы оборудование для детского сада: пособие для заведующих и воспитателей: - Москва, ЗАО «Элти-Кудиц» 2003г.*
- Новоселова С. *Развивающая предметная среда; методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн – проектов развивающей предметной среды в детских ссадах и учебно-воспитательных комплексах/С*



Боранбаева Мирамгуль Куанышевна

Мекеме атауы МКҚК «Гаухар»бөбекжай
балабақшасы психологы

БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИЯЛАРДЫ ЖЕҢУГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ

Бейнелеу терапиясы – ең танымал және кеңінен қолданылатын арттерапия түрлерінің бірі. Бейнелеу көмегімен емдеу және түрлі проблемалардың шешімін табу өте танымал болып келеді. Балаға қағазда немесе кенеп бетінде сызықтарды, нысандарды және түстерді салу көмегімен өзін, өзінің ойын, уайымын, эмоциялары мен сезімдерін – ішкі әлемінде жасырын жатқанның бәрін білдіре алады. Бейнелеу терапиясы – тиімді және әсер ететін әдіс, ол балаға жағымсыз эмоцияларды жеңіп, жүйке – психикалық шаршауды басуға көмектеседі. Сурет салу үшін материалдардың кең шоғыры қолданылады. Бұл түрлі бояулар: гуашь, авкарьель, акрил және басқалары; қарындаштар, көмір, жұмсақ бояу қарындаштар, балауыздан жасалған борлар – қағазда ізін қалдыруға және сурет салуға немесе таңба қалдыруға болатынның барлығы болуы мүмкін. Өзінің тиімділігіне қарамастан, бейнелеу терапиясы емдеудің жеке әдістемесі және психологиялық көмек ретінде тек жарты ғасыр бұрын ғана пайда болған. Суреттерді жасауға техникалар мен тәсілдерді таңдау талаптары. Техникалық мен тәсілдерді қарапайымдылық және тиімділік қағидаты бойынша таңдаңыз. Бала ұсынылған техникалық көмегімен сурет салған кезде қиындықтарды сезінбеуі тиіс. Жұмыс барысында кез келген күш – жігер қызықты, ерекше, балаға ұнайтын болуы тиіс. Екінші талап. Сурет салу процесі мен оның нәтижесі де қызықты және тартымды

болуы тиіс. Екі құрауыш та тең көлемде бала үшін бағалы және бұл баланың сурет салу табиғатына жауап беріп, оның ерекшелігі болып табылады. Бейнелеу техникасы көрсетілген ерекшеліктерге ие болса, қажеттіліктерге және балалар жасындағы мүмкіндіктерге қайшы келмейді. Осы техникамен сурет салу бала үшін сондай – ақ табиғи сурет салу сияқты болады. Көркем сурет техникалары мен тәсілдері дәстүрлі болмауы тиіс. Біріншіден, жаңа бейнелеу тәсілдері іс-әрекетке ынталандырып, назарды бағыттап, ұстап қалады. Екіншіден, баланың ерекше тәжірибе алуының маңызы бар. Тәжірибе ерекше болғандықтан, оны иеленген кезде сана – сезімді бақылау төмендеп, қорғану механизмдері әлсірей бастайды. Мұндай суретте көбірек өзін – өзі таныстыру еркіндігі, демек, ой елегінен өткізілмеген ақпарат бар. Кішкентай балалар ерекше тәсілмен - мысалы, құрғақ жапырақтар мен жіптердің көмегімен сурет салуға рахаттана кірісіп кетеді. Бейнелеу терапиясының техникалары Жұқтыру. Тура түсініктен алғанда «жұқтыру» дегеніміз – «бүлдіру, ластау» дегенді білдіреді. Оны ең қанық және эмоциялы жарқын түстермен іске асыратын гуаштық немесе акварельдік суреттер болып табылады. Бояулар кенет жағдайларға бастама жасап, түрлі эмоцияларлы білдіруге, жеке қобалжуларды тексеруге көмектеседі. Оларды балалар үшін қызықты нысанға айналдыруға болады: олар бояумен үңгірге кіреберісті: бүркінділермен,

дақтармен, бояп, түрлі сызықтармен қалаларды, табиғат құбылыстарын, ертегідегі тіршілік иелерін сала алады; түрлі – түсті борлармен жерге салынған жеке мүсінін бояй алады. Балалар оқу оқитын жылдарда үйреніп қалған түсінікпен сурет салмайды. Жұқтырып салуда «дұрыс – дұрыс емес», «жақсы – жаман» деген санат, эталондар жоқ. Жұқтыруды бағалау критерлерінің болмауы бағалаудың өзін де алып тастайды. Процестің стандартты болмауы балаларды жеке шағын жаңалықтарға әкеледі. Көбінесе жұқтыру барысында балалар қылқаламдардан, су сорғыштан бас тартып, суретті саусақтарымен және алақандармен сала бастайды. Жұқтырулардың жаңалығы, ерекше болуы, оның үстіне табиғилық, бала табиғатын ұқсастық баланың әлеуметтік тыйым салулар мен рұқсат етпеулер туралы ұмытып кетуіне ықпал етеді. Сия тамшысымен графика. Парақты ортасынан бүктеп, үстел үстіне қайта төсейді. Бүктелгеннің бір жағынан бояудың дақтарын – абыл – сабыл немесе нақты бейне түрінде жағып келтіреді. Бояуды бүктелген сызықтың жанынан немесе парақтың жартысының екінші жағына жағуға болады – оған түпнұсқа мен болашақ баспа – таңба біртұтас өтуіне немесе олардың арасында екі түрлі бейне сияқты айырмашылықтың болуына байланысты болады. Сосын парақ қайта бүктеліп, алақанмен нығыз тегістеледі. Бояудың симметриялы түрде парақтың екінші жартысына ізі түсіріледі. Бүктелген парақ ашылып, оған қарағанда сиямен бояудың ерекше түрі пайда болады. Жіп графикасы. Ерекше әдемі баспа – таңбалар жіптердің көмегімен жасауға болады. Ұзындығы 30-40 см жіп бояуға батырылып, сосын парақан тыс тек ұшын ғана қалдырып, өз қалауынша парақ бетіне қойылады. Содан кейін үстінен басқа парақпен жабылып, оны қолмен басып, парақтардың арасындағы тесіктен жіпті тартады. Боялған жіпке жанасқан қағаз

бетінде ерекше ісзер қалады. Әйнек бетіне сурет салу. Балаларға әйнек ұсынбас бұрын, оның жиектерін міндетті түрде өңдеп шығу керек. Қағазға сурет салуға қарағанда, әйнек жаңа көзбен шолу әсерін, жанасу түйсіктерін береді. Бұл тәсіл қобалжудың, әлеуметтік үрей мен іс-әрекет нәтижесімен байланысты қорқыныштардың («қателесуден қорқам») алдын алу және түзету үшін қолданылады. Ол «тұйық» балаларға сай келеді, өйткені белсенділікті оятады. Бір әйнекке бірлесе отырып сурет салу проблемалы жағдай сияқты балаларды байланыс орнатуға және қолдауға, қақтығыстарда әрекет ете алуды қалыптастыруға, өз ұстанымдарын сақтап қалуға немесе шегінуге, келісе білуге жетелейді. Қоршаған кеңестіктегі заттармен сурет салу. Щеткамен сурет салу. Ол мыжылған қағаз, су сіңіргіш, тіс щеткалары, таяқшалар, коктейль түтікшілері, өшіргіштер және т.б. болуы мүмкін. Бір бейнені салу үшін зиян келтірмейтін, басқа балалардың құқықтарын кемсітпейтін, таза күйдегі типтік емес заттарды пайдаланатын балала бастамасына қашанда рұқсат етіледі. Баланың бастамасымен қоршаған заттар араластыру психолог үшін шығармашылық іс-әрекетке, бейімделу процесінің табыстылығына, өзіндік бағаның артуына, жеке идеяларды жылжытуға және сақтап қалуға араласу үшін белгі болып табылады. Ермексазбен сурет салу. Ермексаздың көмегімен түрлі суреттерді салуға болады. Бұл көп еңбекті қажет ететін техника баладан ынталылықты және ұзақ уақыт көңіл бөлуді талап етеді. Бұл техниканы аса белсенді балаларға пайдаланған дұрыс. Бейнелеу іс – қимылы барысында жағымды эмоцияларды дамыту үшін қолайлы жағдай жасалады. Ол өзінді суретші ретінде сезініп, өз әлеуетінді сезінуге, өзіндік бағанды өзгертуге және әлем мен қоршаған ортаның өзара қарым – қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді.

**Жіптердің көмегімен сурет
Щеткамен сурет салу.**



Ермексазбен сурет салу



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

*Балаға жағымсыз эмоцияларды жеңуге қалай көмектесуге болады
«Мектепке дейінгі ұйым» баспасы № 9 Алматы 2020ж.*



Сарсенгалиева Малика Адилловна

Атырау қаласы, №30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы
тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПОЛЛИЛИНГВАЛЬДЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*«Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры»
Б.Момышұлы*

Еліміздің әлемнің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан жақты дамыған жас ұрапақты қалыптастыру мәселесі алға шығып тұр. Өйткені тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады.

Көптілді білім-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой өрісін кеңейтеді, тұлға ретінде дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сондықтан тілдерді терең оқыту, көптілділікті жолға қою- бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі.

«Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл заман талабы». Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында тұңғыш Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат. «Үш тұғырлы тіл» – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы

тіл жобасын желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес»-дейді.

Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 20 пайызы ағылшын тілін меңгерді. Яғни, үш тілді меңгеру, білу – бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Қазақстандықтардың ағылшын тілін білуі еліміздің отыз дамыған елдің қатарына енуінің шарты болып табылады. Соңғы жылдары «қазақ тілінің дамуы тарихта осындай ауқымды қарқынмен жүргізілген емес»-деп айтып өтті Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл тұрғысынан басымдыққа ие екенін ашып көрсетіп, мемлекеттік жұмыс қазақ тілінде жүретінін баса айтты. Бұл – осынау маңызды мәселеге жалпықоғамның дамуы үрдісінен, өз еліміздің одан әрі байыпты дамуы тұрғысынан да тіл мәселесіне, түптеп келгенде, дұрыс баға беріліп отырғанының дәлелі.

Орыстілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр. Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Қазақ тілі –

мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі. Өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін білеміз, салт-дәстүрімен таныс боламыз.

Мектепке дейінгі балалар жасында шет тілін үйрену коммуникация құзыреттілігіне негіз қалау болып табылады. Дәл осы жаста, яғни

3 – 6 жас аралығында баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы болады, сонымен қатар олардың қабілеттіліктері дамып, айқындала түседі.

Педагогтың ағылшын және орыс тілі оқу қызметтерінде, тәрбиешілерде тілдің қарым-қатынас тәжірибесінде болуға құптарлық түрткінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Бала тілдерді неғұрлым ерте жастан меңгере бастаса, соғұрлым өзінің ана тілімен тең түрде қабылдаулары жеңіл болады, себебі әрдайым шеттілдеріндегі сөздерді өз ана тілімен салыстыра отырып жүргізеді.

Осы жұмыстың негізі келесі оқыту факторларын жүзеге асырудан құралады.

-Балалардың оқып жатқан шет тілінің, елінің мәдениет әлеміне енгізу, оны туған мәдениетімен байланыстырып салыстыру;

-Шет тіліне деген қызығушылық, ол тілде сөйлеуге ынта таныту;

-Ойлауды, зейінді, қабылдауды, ойды, сезімді, бейнелеуді және танымдық, тілдік қабілеттіліктерді дамыту.

Баланы шет тілінде сөйлеуге үйрету көру, ойлау, қызығу, айналаны тану қабілеттері арқылы дамиды. Ойын әр баланың нақты талабы. Ойнап отырып бала шаршағанын сезбей, тек қана ана тілін емес, басқа тілді де меңгеру қабілетіне ие болады. Тартымды тапсырмалар, өлеңдер, әндер, тақпақтар баланы өздерінің таныс әлеміне – ойындар әлеміне үйіріп әкетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ, ағылшын және орыс тілдерін игерту жолдары сан алуан. Оқыту процесі әртүрлі деңгейден тұрады. Бұл түрлі-түсті плакат түрінде «Лото», «Қуыршақты киіндір», «Тақырыптық

безендіру материалы», ойындар ойнау арқылы сәби жаңа сөздерді тез жаттап алады, ал тақырыптық безендіру материалы әрбір сәбиге өзінің игерген білімін тіл қатынасына түсу барысында қолдануына жәрдемдеседі. Баланы шет тілінде сөйлеуге үйрету көру, ойлау, қызығу, айналаны тану қабілеттері арқылы дамиды. Ойын әр баланың нақты талабы. Ойнап отырып бала шаршағанын сезбей, тек қана ана тілін емес басқа тілді де меңгеру қабілетіне ие болады. Тартымды тапсырмалар, өлеңдер, әндер, тақпақтар баланы өздерінің таныс әлеміне – ойындар әлеміне үйіріп әкетеді.

Тіл үйрету тек қана ұйымдастырылған оқу қызметі барысында емес, сонымен қатар, күн тәртібі барысында да жүргізіледі. Меңгерілген сөздер, сөз тіркестері жеке жұмыс кезінде бекітіледі. Әр тақырыпқа сай көрнекіліктер, суреттер слайдтарын, бейне роликтер тіл үйрету барысында орынды қолдану балалардың жеке қабілеттерін дамытып, қуаныш, таң қалу сезімдеріне бойлатып, арманға жетелейді. Сонымен қатар, ерте заманнан қолданылып келе жатқан мағынасы мол саусақ ойындары қолданылады. Мысалы әр саусаққа ат қойылған-«бас бармақ» (большой палец, daddy finger), «балан үйрек» (указательный палец, mommy finger). «ортан терек» (средний палец brother finger), «шілдір шүмек» (безымянный sister finger), «кішкентай шүмек» (мизенец baby finger) «Қуырмаш» ойынын ойнағанда әр саусаққа тапсырма беріледі: «Сен атқа бар, сен сиырға бар» т.с.с. Ойынның бұл түрі сөздерді жылдам жаттап алуға мүмкіндік беріп, қолдың ұсақ моторикасын дамыта отырып тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Тіл үйрету барысында қазақ, орыс, ағылшын фольклорлық шығармаларын: мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілерді қолдануға болады. Балаларға кішкентайынан таныс, Бауырсақ, Шалқан, Үйшік ертегілерін үш тілде сахналауға болады. Сахналап, үстел үстінде үш тілде көрсетілген ертегілер балалардың тілді зерделеуге қазығушылығын арттырады,

тіл мәдениетін жетілдіруге көмектеседі. Кейіпкерлерді тыңдай отырып, балалар мазмұнды баяндау, сөздік қорын молайту дағдыларына ие болады.

Егер ата-ана өз баласының мектеп табалдырығын аттаған соң өзге тілді жетік меңгергенін қаласа, мектеп жасына дейін белгілі-бір деңгейде сол тілдің бастамаларын үйренуіне жағдай жасағаны жөн. Өзге тілді үйренуге деген қабілет-дарындылық болып табылады, сондықтан оны кішкентай кезінен бастап анықтап, дамыта түсу керек. Осы тұрғыда педагогтар және ата-аналар бірлесіп атсалысып қызмет атқарауы тиіс. Балабақша

жасынан тілдің қадір-қасиетін түсініп өскен бала оны құрметтеуге, үйренуге, жете меңгеруге тырысады.

Шет тілі - табиғат, қоршаған орта, өзіндік ерекшелік, ұлттық дәстүр, балаларға арналған халық ертегілері, фольклоры, өлеңдері мен әндері сияқты өзіндік құндылықтары арқылы балаға жаңа әлемді танып білуге жол ашады. Осылардың барлығы мектеп жасына дейінгі балалардың әлем туралы біртұтас ұғымын, шет тілін өмірлік маңызы бар құрал ретінде меңгеруге деген қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Е. Жұмабаева «Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдердің үштұғырлығын дамыту» әдістемелік құралы – Астана 2013
2. Королевство трех языков. В пяти книгах. ТОО «Шикунда и К» Шымкент.- 2011.
3. Хенина Н.В. Игры на уроках английского языка.- Барнаул: 2006.
- Тұңғыш Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. – 2007 жыл.
4. А.Е. Жұмабаева, А. Ж.Салиева «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарына арналған үштұғырлы тілдер курсы» әдістемелік құрал - Астана 2013.



Гумарова Аделя Адельбековна

Атырау қаласы, №30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы
орыс тілі пәні оқытушысы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ОРЫС ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

«Екі тілді білетін адам бір тіл білетін адамнан жоғары тұрады... Әр адам қаржысы мен жағдайы келсе, үш тілді үйренгені жөн; ана тілін, өзі тұратын мемлекеттің тілін және барлық халық үйренуге талпынатын тілді»

Исмаил Гаспринский

Аңдатпа. Аталмыш мақалада мектеп жасына дейінгі қазақ топтарының балаларына орыс тілін үйретудің әдіс-тәсілдері баяндалады.

Түйін сөздер: үштілділік оқыту, жас ұрпақ, мектепке дейінгі ұйым, қазақ топтары, орыс тілін үйрету, әдіс түрлері.

Үштілділік оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күннің ең басты қажеттілігі.

Көптілділік тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы білім беру дамуының негізгі стратегиялық бағыты ретінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында, Қазақстан халқының Ассамблеясында, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында бірнеше рет атап өтілген болатын. Үш тілде оқыту – заман талабы. Үштілділік – Қазақстан жастарының парасатты әлеуметінің даму факторы. Қазіргі заман талабына сай еліміздің тасын өрге домалататын жастарды қалыптастыру – өз ісін сүйіп жасайтын әр педагогтың жазылмаған міндеті. Ендеше бұл жүктелген міндетті балабақша табалдырығынан бастап-ақ жүзеге асырған дұрыс. Әрі қазір шартараптың дамыған заманында кез-келген мектепке дейінгі жастағы балаларға

бес тіл болсын, он тіл болсын жақсылап үйретсе еркін меңгеріп кетеді. Олардың логикалық ойлауы, ақпаратты қабылдауы лезде жүзеге асады. Тілді үйретуді балаға сабақ үстінде әртүрлі нұсқада қысымшылық көрсетпей, ойын немесе әдістемелік құралдармен түрлендіріп жасауға болады.

Орыс тілін оқыту процесінде қолданатын технологиялар мен жұмыс түрлеріне тоқталып кететін болсақ:

1. Топтық оқыту технологиясы
2. Ойын технологиясы.
3. Интерактивті оқыту
4. Мария Монтессори технологиясы

Жұмыс түрі - ол әр баланың дамуының ерекшеліктерін есепке алатын педагогтың қызметі. Оқытудағы міндеттерді іске асыру үшін әр педагог баланың жынысын, жасын, ерекше қабілеттерін ескеру керек.

Балалармен шығармашылық жұмысы жүргізуде басшылыққа алынатын параметрлер:

1. Оқытушы – бала – топ деңгейіндегі тұлғалық қатынастарын құру және дамыту.

2. Баланы өзін-өзі бағалауға үйрету.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда оқытушы - педагог, психолог, тәрбиеші әрі ата-ана.

Оқытушы баланы сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын балаларға өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниет оятып, әрі оқу атмосферасын орната білуі керек.

Топтық оқыту технологиясының бір ерекшелігі бала тек визуалды емес, сонымен қатар сөйлесу арқылы тілін жаттықтырады. Тағы бір көңіл аударатын жағдай топтық әдіс-тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топтық жұмыс істеу балалардың бірін-бірі тануына, тыңдауға және өзара пікір алмасу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сол сияқты баланы оқытуда, сабаққа деген қызығушылығын оятуда ойынның алатын орны ерекше. Себебі ойын арқылы бала білуге, өзіне құпия дүниенің сырын ашуға талаптанады. Бала қиял ойын үстінде ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Арнайы ойындар баланың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылады. Оқу іс-әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындар болып бөлінеді.

Балалардың таным-қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Дидактикалық ойындар 3 топқа бөлінеді.

1. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар.

2. Затты дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Өзім сабақ үстінде пәніме байланысты аталған ойын түрлерінен соңғы екеуін көбірек пайдаланамын. Себебі заттық дидактикалық ойын заттардың атауын жаттауға, тануға пайдалы болса, сөздік дидактикалық ойын баланың тілін шынықтыруға, дыбыстарды анық, әдемі айтуға бейімдейді. Сонымен қатар баланың

орысша сөздік қорын молайтуға септігін тигізеді. Мысалы, 3-4 жастағы балаларға арналған «Чудесная коробочка» ойыны. Бұл ойында балалар мұғалімнің қолындағы кәрзеңкеден суретті алып, оны балаларға көрсетіп не зат екенін орыс тілінде айтып, түсін, түрін сипаттап беруі қажет.

«Посмотри и ответь» ойыны. Ойында мұғалім балаларға дене мүшелері салынған суреттерді үйлестіріп, балалар бұл қай дене мүшесі екенін атап айтуы қажет: Бұл бас. Бұл қол. Бұл аяқ т.б.

Сөздік дидактикалық ойындардың бір түрі - жұмбақ жасыру. Бұл ойын арқылы балалардың тілдік қоры молайып, қолданыстағы сөздер қатары көбейеді.

Балалар әр түрлі болады. Олардың бірі оқытушының айтқанын жылдам ұғып, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Интерактивті тәсіл, әсіресе, сабақты пысықтап қорытындылауға бірден-бір пайдасын тигізетін тәсілдердің бірі. Сонымен қатар интерактивті әдіс арқылы балалар өз білімін өздері бағалайды. Олар алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады.

Орыс тілін оқыту процесінде Мария Монтессори технологиясының көмегі зор. Осы әдіс арқылы бала жеке өз бетінше дамуға, жетілуге мүмкіндік алады. Балалардың жаңа білім алып, сөздік қорын толтыру үшін Монтессори технологиясының 3 сатысы таптырмас құрал. Бала әуелі сөзді үйреніп, одан соң оны практикалық түрде жүзеге асырады. Тәжірибе арқылы бала іс жүзінде білім алады. Осы екі сатыдан өткен соң жаңа сөздер белсенді емес қордан белсенді сөздік қорға айналады.

Жоғарыда аталып өткен тәсілдердің қайсысы болмасын педагогқа көмекші құрал. Осы әдістерді қолдану арқылы біз тек өзімізде бар білімді баламен бөлісіп қана қоймай ол ақпараттарды балаға қызықты, түсінікті тілде жеткізе алуымыз қажет.

«Ел болашағы – өскелең ұрпақтың қолында» десек, оларды заман талабына сай білімді, жан-жақты ұрпақ етіп дайындап шығару балабақшадан бастау алады.

Сондықтан кішкене жасынан бастап, деген қызығушылығын оятып, оны үштілділік балабақшаға келген күндерінен бастап арқылы тәрбиелеу қажет. балалардың орыс және басқа да тілдерге

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім» журналы, №3(51) 2014 ж.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы, №4(17) 2013 ж.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы, №5(18) 2013 ж.
4. «Играя, учим русский язык» әдістемелік кітабы, Алматы кітап 2015ж.
5. «Бала мен балабақша» республикалық педагогикалық журналы, №6, 2011ж
6. «Дошкольное образование и воспитание» №3/16/ 2014



Нурғалиева Акзиба Жумабаевна

Атырау қаласы, № 30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы
Қазақ тілі пәнінің оқытушысы

ОРЫС ТОПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ

*«Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге
апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі»
Алтынбек Сәрсенбайұлы*

Қазақ тілі — ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы — баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу. Шындығында сапалы білім, саналы тәрбиемен шынайы ұштасқанда ғана ұлт тілегі орындалып, қоғам өзінің

рухани дамуында асыл қасиеттерге қол жеткізбек. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ана тіліне қамқорлық ең алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі» демекші, менің парызым — балабақшадағы өзге ұлт балаларына мемлекеттік тілді меңгерту. Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді болып табылады. Ойын мен көрнекілік — балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін

оятады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңында қазақ тілін орыс топтарында жүргізу балабақшадан бастау керектігі атап көрсетілген, себебі баланың болашақ тұлға ретінде қалыптасуы балабақшадан басталады. Әсіресе балабақшада, мектепалды даярлық орыс топтарында қазақ тілін үйрету – аса үлкен жауапкершілікті жүктейді, даярлық тобына келіп отырған бала, бірінші кезеңде не жазуды, не оқуды білмейді, не әріп танымайды, сондықтан баланың болашақта қазақ тілінде қалай сөйлеуі, қазақ тілін қалай меңгеруі баланың мектепке дейінгі алған біліміне де байланысты. Мектепалды даярлық орыс топтарында қазақ тілін үйрету ең бірінші тіл дамыту жұмыстарымен жүргізіледі, себебі, жаңа атап өткендей не жазуды, не оқуды білмейтін бүлдіршіндер үшін бұл кезеңде балалармен ауызекі сөйлеп, тіл дамыту жұмыстарын жүргізу үлкен рөл атқарады. Мектепалды даярлық орыс топтарында балалардың тілін дамыту жұмыстарын мен ең бірінші кезекте фонетикадан бастаймын. Себебі фонетика әрбір тілді үйретудің алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. Тіл білімінің маманы Адамбаева «Жаңа бір тілді меңгеруді фонетикадан бастамайынша, жаңа тіл игерілмейді» деп атап өткен екен. Сондықтан да даярлық орыс топтарында балалардың тілін дамытуда ерекше орын алатын жұмыстардың бірі - ол фонетикалық жаттығулар, себебі орыс топтарында дыбыс жүйесін терең меңгерту – басты мәселе. Қазақ тіліне тән дыбыстарды бала жетік меңгермейінше, ол сауатты оқу мен жазу

дағдысын игере алмайды. Фонетиканы меңгерту жұмыстары сөздік жұмысымен бірге атқарылады.

«Тіл жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттің де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәртебесі – елдің мерейі. Оның мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Сондықтан тілдің мәртебесін өсіру баршамыздың міндетіміз деп айтқым келеді».

Жаңа заман баласы - ертеңгі еліміздің болашағы. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бүгінгі жас жеткіншектердің бойына халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келе жатқан ар-намыс, ождан, атамекені мен қазақ тіліне деген сүйіспеншілік, әдет-иба, қайырымдылық, үлкенді, ата-ананы құрметтеу қасиеттерін дамыту балабақшаның негізгі міндеті боп отыр. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына енгізуді аса маңызды міндет деп қарастыру қажет.

Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері осы сонау ықылым заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген.

Халық ауыз әдебиетін күнделікті сабақ кестесінде, ойын іс- әрекеттерінде жиі қолдану баланың қиялын, ойлауын дамытады, рухани дамуына әсер етеді, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді, халықтық поэзияға баулиды.

Кіші фольклорлы формалардың көмегі мен тіл дамуының әдістемесінің барлық мәселелерін шешуге болады. Сондықтан, мектепке дейінгі өзге ұлт балаларының тілін дамытуда мен халықтың сөйлеу мәнерінің бай материалы; ертегілер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар т. б. қолданамын. Жоғарыда аталған өзге ұлт балаларының тілін дамыту мәселерін шешуде мен бала фольклоры негізінде мақалдар, жұмбақтар, ертегілер, ойындар картотекасын жасадым;

бұл қимылды ойындар, дидактикалық, саусақ ойындары.

Балабақша балаларын тәрбиелеуде ертегі - қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиетінің көлемді саласының бірі. Одан бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен берілсе, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді.

Ертегі айтушының шынайы шеберлігі оның әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізуі арқылы көрінеді.

Фольклор бала тәрбиесінде оның дамуының бастапқы кезеңінде халық даналығын бойына сіңіруде ауыз әдебиетінің ролі өте зор. Бала шығармашылығын еліктеуге негізделген, ол баланың дамуында, тілін дамытуда негізгі фактор болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нигметжанова Г.К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы», Вестник КАСУ №1 - 2006
2. Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу», Алматы, Мектеп 1987ж.
3. Г.Қ. Белгібаева «Мектепке дейінгі мекемелердегі патриоттық тәрбие» пәні бойынша лекциялар курсы; Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, 2011
5. «Отбасы және балабақша» 2010 ж. №5 (12 бет)



Кусаïнова Меïрамгûлы Сергеевна

Атырау қаласы №25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы
педагог-психолог

ПСИХОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Мақсаты:

- эмоционалдық стрессті жеңілдету

Міндеттері:

- балаларды мәнерлі қимылдарға үйрету;
- балалар бойында адамгершілік идеяларын қалыптастыру;
- рөлдік ойындар арқылы мінез-құлықты түзету.

Тақырыптың өзектілігі:

Балалар әртүрлі эмоцияларды зерттейді және оларды басқаруды үйренеді, эмоциялардың көріну алфавитін игереді.

Жоспарланған нәтиже: Балалар адамның жеке қасиеттерін бағалайтын негізгі эмоциялар мен идеялардың тәжірибесіне байланысты ұғымдарды білуі керек.

Балаларға арналған психо-гимнастика - бұл тек сәнді жаңалық емес, сонымен қатар көптеген мектепке дейінгі мекемелер бағдарламасының маңызды компоненттерінің бірі. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл әдістеме вербальды емес қарым-қатынасты яғни қимылдарды, мимиканы қолданатын арнайы жаттығулар түріндегі баланың жалпы дамуына және оның кейбір психологиялық мәселелерін шешуге арналған әдіс тәсіл. Психогимнастикалық жаттығуларды балалар өз сезімдерін дұрыс көрсете алмаған кезде, қаттылықты немесе ыңғайсыздықты сезінгенде, құрдастарымен және ересектермен сөйлесу кезінде қиындықтар туындаған кезде қолданған жөн.

Бұл әдістің жағымды жақтары:

1. Адамның эмоциясын зерттеу. Мұндай сабақтар кезінде балалар басқа адамдардың сезімдеріне мән беріп қана қоймай, сонымен бірге өздерінің жеке эмоциясын басқаруды үйренеді.

2. Қарым-қатынас қиындықтарын жеңу. Балабақшадағы психо-гимнастикадан кейін бала құрдастарымен және ересектермен оңай байланыс орнатады.

3. Психикалық стресстен арылту. Табиғатынан өздігінен демалу дағдылары, шектеулі адамдарға берілген. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезінде оның ойында стресстік жағдайларға тосқауыл қою маңызды. Ол үшін дыбыстық техника көмектеседі.

4. Өз-өзін көрсете білу. Сонымен қатар, шағын ұжымда олар басқалардан үйренуге де, өз білімдерін құрдастарымен бөлісуге де мүмкіндік бар.

5. Мимиканы жақсарту. Тіпті жігерлі баланың өзінде әрдайым босаңсыған қимыл-қозғалыс болмайды. Кейде ол шектен шығады, ал оның қимылдары кейде орынсыз көрініске ұқсайды. Психогимнастикалық жаттығулар осы мәселелерді түзетуге көмектеседі.

Балаларға арналған психо-гимнастиканы өткізу әдістемесі

Ең алдымен, 3-4 жастағы балаға ересек және дайындық тобының тәрбиеленушісіне қарағанда мүлдем басқа тәсіл іздеу керек екенін есте ұстаған жөн. Ұсынылған ұсыныстар балабақша қызметкерлері үшін

де, ата-аналар үшін де пайдалы болады (баласымен жеке терапия жүргізгенде). Мұндай іс-шара тиісті музыкамен сүйемелденуі керек.

«Мен сияқты жаса» ойыны

Бұл өте қарапайым тапсырма балаларда көптеген эмоциялар тудырады. Олар тұлкілерді, аюларды, маймылдарды және басқа жануарларды қуана бейнелейді.

«Егін жинау» ойыны Бірнеше кішкентай бағбандар тұқым мен көшет отырғызу үшін жерді дайындауы керек: топырақты қопсытып, үнемі суарыңыз. Қалған балалардың міндеті - өздері үшін көкөніс немесе жеміс-жидек таңдау, содан кейін оның қалай өсе бастайтынын бейнелеу.

«Виртуалды доп»

Кішкентай бүлдіршіндерге арналған психо-гимнастикаға арналған ойындарды осы ойын-сауықпен түрлендіруге болады. Балаларға допты елестету ұсынылады, содан кейін қолдарының көмегімен оны бір-біріне «лақтыру» керек, олардың қозғалыстары күлімсіреумен сүйемелдену керек.

«Шаңсорғыш және шаң»

Балалар шаң бөлшектері, мұғалім шаңсорғыш ретінде әрекет етеді. Алдымен шаң-тозаң күн сәулесінде қуанышты билейді. Шаңсорғыш жұмыс істейді. Шаң бөлшектері баяу айнала отырып, еденге орналасады. Шаңсорғыш шаң бөлшектерін жинайды. Шаңсорғыш кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді.

«Гүл»

Психолог балаларға гүл туралы айтады, ал балалар гүлдің өсуін ертегіге сәйкес бейнелейді.

«Жылы сәуле жерге түсіп, жердегі тұқымды қыздырды. Тұқымнан өскін пайда болды. Өскіннен әдемі гүл өсіп шықты. Гүлге күн сәулесі қажет, оның әрбір жапырақшасы жылу мен жарыққа бөленеді, күнге қарай басын бұрады».

«Мысық пен тышқан»

Екі тышқан мысық ұйықтайтын жолдан өтуі керек. Олар біресе аяқтың ұшымен жүреді, біресе тоқтап, бір-біріне: «Тыныш!» деген белгі береді.

Ойын музыкамен сүйемелденеді.

«Шапалақты тыңдаңдар»

Ойыншылар шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші қолын бір рет шапалақтағанда, балалар тоқтап, лейлек позасын алуы керек. Егер жүргізуші 2 рет шапалақтаса, ойыншылар «Бақаның» сияқты тұруы керек. 3 рет шапалақтағанда балалар жүруді жалғастырады.

Құммен ойнау (қол бұлшықеттерін босаңсыту және релаксация)

Психолог:

«Қиялдағы құмды қолыңызға қалай жинап жатқаныңызды елестетіп көріңіз. Саусақтарыңызды біртіндеп ашып, тізеңізге құм себіңіз, дем алғанда қолыңыздағы құмды сілкіп түсіріп тастаңыз. Қолдарыңыз бен саусақтарыңызды босаңсытып алыңыз.

«Құлағыма су кірді»

(мойын бұлшықеттерін босаңсыту және релаксация)

Психолог:

«Елестетіп көріңізші, сіздің құлағыңызда су бар. Оны шайқау үшін, сіз суды шайқап жатқандай, арқаңызға жатып, ырғақты түрде басыңызды шайқауыңыз керек: алдымен бір құлақтан, содан соң екінші құлақтан».

Балабақшадағы жоғары топ балаларымен жүргізілетін психо-гимнастика

Алдымен балаларға қолайлы жағдай туғызып, оларды позитивті етіп қалыптастыру өте маңызды. Балаға ересек адамнан сәлемдесу нұсқаларын ұсынып, содан кейін өздерінің импровизацияларын ойлап табу тапсырмалары беріледі. Балалар айтқан барлық нұсқаларды мадақтау керек, бірақ әсіресе олардың ең күтпегенін атап өту керек. Балалар сүйікті ойыншықтарын бейнелеу арқылы, мұрындарымен амандасады, тіпті әзілдеседі.

«Қар ханшайымы»: Кай қарлы жазықтардың иесін масқаралайды, ол үшін ол оған қатты ашуланды (баланың менсінбеуі - патшайымның ашуы).

«Жеті түсті гүлшелер»

Қыз соңғы жапырақшаны ауру балаға қалпына келуі үшін береді (қыздың қуанышы - жаңа досының алғысы).

«Қоянның үйшігі»: Сұр қоянды өз үйшігінен айлакер түлкі қуып шығады (Ұзын құлақтың қайғысы - жыртқыштың агрессиясы)

«Үш торай»
Қасқыр торайлардың үйлерін бірінен соң бірін бұзады (сұр қасқырдың ашуы - үш торайдың қорқынышы).

Әдебиеттер тізімі:

1. Альябьева Е. Н. *Психогимнастика в начальной школе* – Москва: 2003, - 85с.
2. Чистякова М. В. *Психогимнастика.* - Москва, 1990, -125 с.



Рамазанова Гульмира Насипкалиевна

№30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы
Жоғары санатты тәрбиеші

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬДЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есімде сақтаймын, жасағанымды – білемін.

Конфуций

Экспериментальды іс-әрекет балалардың танымдық қызмет түрлерінің бірі болып табылады, яғни бұл қоршаған ортаны тануға көмектесетін практикалық іс-әрекет түріне жатады.

Күнделікті өмірде балалар қандай да бір жаңаны тану үшін өздігінен түрлі заттармен жиі эксперименттер жасайды. Олар ойыншықтарды бөлшектейді, су бетінде қалқыған не су түбіне батқан заттарды бақылайды, қатты аязда металл заттарды тілімен жалап көреді т.т.б. Ересектеу жаста көптеген балалар қыста судың қатуы, ауада және қоршаған шынайылық нысандарының түрлі реңктеріне назар аударады.

«Эксперимент» сөзі грек тілінен аударғанда «experimentum», яғни «байқау, тәжірибе» деген мағынаны білдіреді. Бала естіп, көріп және қолымен өзі жасаған жұмысты тез қабылдап, есте мықты сақтайды.

Мектепке дейінгі мекемелердің негізгі міндеті балалардың зерттеулерге, жаңалықтарға қызығушылығын дамыту, сол үшін бар жағдайлар жасау. Баланың қызығушылығы негізінен 5 жастан басталады. Бұл жастағы бала өздігінен өткізген эксперименттің қортындысын, оны салыстыру, топтастыру және осы әрекеттің адам мен өзі үшін пайдасының шешімін шығара алады.

Эксперименттік іс-әрекет мектепке

дейінгі балалар үшін ойын сияқты іс-әрекеттің бір түріне жатады. Тәжірибе кезінде мектеп жасына дейінгі балалар бақылау, ойлау, салыстыру, сұраққа жауап беру, шешім шығару, байланыстарын табу және қауіпсіздік ережесін сақтауға үйренеді.

Тәжірибе жұмысын ұйымдастыру үш өзара байланысты бағытта және әр бағыт бірнеше тақырып бойынша жүргізіледі:

1. Тірі табиғат (әр табиғи-климаттық орындардағы мезгіл ерекшеліктері, тірі ағзалардың көптүрлілігінің қоршаған ортаға бейімделушілігі және т.б.);

2. Өлі табиғат (ауа, су, топырақ, электр, дыбыс, салмақ, жарық, түс т.б.);

3. Адам (ағзаның қызметі; қолөнер әлемі: материалдар, олардың құрамы, заттардың өзгергіштігі және т.б.).

Егер ересектер балалардың «қашан?», «қалай?», «неге?» деген сұрақтарына жауап бергісі келсе, онда тек бір ғана жол бар, ол – эксперименттік тәжірибе. Кейде бұл тәжірибелер үлкен жаңалықтар ашуға жеткізеді. Эксперименттік іс-әрекет – мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік іс-әрекет жасауын дамытады.

Эксперименттік іс-әрекет балаларға:

- тығыз байланыс;
- өзін-өзі көрсету, өзін-өзі ұйымдастыру;
- еркіндік және жауапкершілік;
- қарым-қатынасқа тәрбиелейді.

Балаларға ересектермен бірлесіп өткізген алғашқы тәжірибелер өте ұнайды, онда балалар түсіндіру және оны дәлелдеуге үйренеді. Сол үйренген тәжірибелері және жаңадан ашқан жаңалықтары туралы ата-аналарына айтып, үйде өздігінен жаңа тәжірибе жасап көрсете алады.

Бала – тумысынан зерттеуші. Баланы ересектердің жетекшілігімен зерттеушілік жұмысқа, яғни қарапайым тәжірибелер мен эксперименттер жасауға баули білу маңызды. Тәжірибелер қызықты да, ерекше болғандықтан, олар балаларға сиқыр ретінде қабылданады, ең бастысы – оны балалардың өздері жасайды.

Зерттеушілік жұмыс балаға логикалық ойлауға, ой қорытуға, қорытынды жасауға не шешім қабылдауға көмектеседі

Эксперименттердің жағымды әсерін айтпай кетуге болмайды. Ол баланың эмоциональдық өрісіне, шығармашылық қабілетін дамытуға, еңбек дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

*Танымдық құзыреттілікті
қалыптастыру-дың қажеттілігі*

Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, сондай-ақ жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты түрлі өмір жағдайларында жинақталған тәжірибені қолданудың басты көрсеткіші ретінде балалардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру міндеттерін шешуді көздейді.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің барлық саласы адамның жеке тұлғасын дамытуды көздейді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ең алдымен баланың танымын дамытудың маңызы зор. Сондықтан да бағдарламадағы салалардың ішінен «Таным» бөліміне ерекше көңіл бөліп, қоршаған ортаны таныстыруда

экспериментальды іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесін жетілдіруді көздеп отырмыз.

*Мектеп жасына дейінгі балалардың
экспериментальды іс-әрекетін
ұйымдастыру әдістемесі*

Жоспарланған іс-тәжірибені өткізуге дайындық педагогтың ағымдағы дидактикалық міндеттердің белгілеуінен басталады. Одан кейін жоспарланған зерттеу объектісі таңдалады. Тәрбиеші бұл объектімен алдын-ала әдебиеттерден немесе практика түрінде өзі танысады. Егер объект тәрбиешіге таныс болмаса, бірінші өзі іс-тәжірибенің өткізу техникасын меңгереді. Тәрбиеші балаларға іс-тәжірибені өткізбес бұрын оның мақсатымен таныстырады, ойлануға уақыт береді. Балаларға іс-тәжірибенің нәтижесін алдын-ала айтып қоюға болмайды, онда балалардың зерттеуге қызығушылығы жойылады.

Сондай-ақ жұмыс кезінде балалардан тыныштықты талап етпеу керек, қызығушылықпен жұмыс кезінде балалар өздерін еркін ұстайды. Балалар бір-бірімен өздерінің әрекеттерін және көрген нәтижелерін айта білу мүмкіншілігінен айырылса, онда өткен іс-тәжірибені түсіну сапасы төмендейді. Бірақ өздерін бақылаусыз еркін ұстап, шектен шықпауын қадағалау қажет. Іс-тәжірибе кезінде тәрбиеші қатардан қалып тұрған балаларды назардан тыс қалдырмай және өздігінен шешім тауып жұмыс жасаған балаларды мадақтап тұруды ұмытпау қажет. Жұмыс соңында балалардың өткізген іс-тәжірибелерінің қорытындысы мен нәтижесін шығаруға болады.

Іс-тәжірибе аяқталған соң балалар өз жұмыс орындарын реттеп, тазалап, құралдарды өз орындарына салып жинап, қолдарын сабынмен жуа білулері қажет. Іс-тәжірибенің уақыт ұзақтығы түрлі себептерге - зерттеу объектісіне, уақыттың болуына, балалардың іс-тәжірибеге қатынасына байланысты белгіленеді. Егер балалар шаршап қалса, онда іс-тәжірибені жоспарланған уақытынан бұрын тоқтату керек. Ал керісінше, балалардың іс-тәжірибеге қызығушылығы болса, оны жоспарланған

уақытынан асыра жалғастыруға болады.

Кездейсоқ және жоспарланған іс-тәжірибеден басқа, бала сұрақтарына жауап ретінде өткізілетін іс-тәжірибелер бар. Бұл іс-тәжірибені өткізуге тек сұрақ қойған бала немесе оның досы қатыстырылады. Тәрбиеші

баланың сұрағын тыңдап, оған жауап бермей, баланың осы сұраққа бақылау арқылы жауапты өзі тауып көруіне кеңес береді. Ал егер іс-тәжірибе дайындықты талап етсе, онда оны педагогтың жоспарланған іс-тәжірибесі арқылы өткізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Экспериментальная деятельность детей среднего и старшего дошкольного возраста. – Методическое пособие. Тугушева Г.П., Чистякова А.Е. – Санкт-Петербург «Детство-пресс», 2007.*
1. *Научные забавы и занимательные опыты Том, Тит – Москва АСТ. Астрель, 2011.*
2. *Занимательные опыты и эксперименты. Ф.Ола, Ж.П.Дюпре, А.М.Жибер, П.Леба, Дж.Лебом. – Москва. Айрис пресс, 2007.*
3. *Формы работы в дошкольном образовательном учреждении. Н.В.Елжова – Ростов-на-Дону, Феникс, 2010.*
4. *Домашняя лаборатория. Опыты с водой, магнитами, светом и зеркалами. Идом Х., Вудворд К. – Москва, 1999.*
5. *Забавные физические опыты. Репьев С.А., Мастерилка, 1998.*
6. *Забавные химические опыты. Репьев С.А., Мастерилка, 1998.*
7. *Знакомим детей с почвой. Рыжова Н. Дошкольное воспитание, № 4, 1998.*
8. *Сборник развивающих игр с водой и песком для дошкольников. О.А.Новиковская – Санкт-Петербург «Детство-пресс», 2008.*
9. *Неизведанное рядом. Дыбина О.В., Рахманова Н.П., Щетинина В.В., Москва, 2001.*
10. *Слушай во все уши (опыты со звуком). Метелина Н.О. Москва, 1996.*
11. *Все обо всем. Мир вокруг нас. Перевод с англ., Соколова Ю.Р., Москва, 2000.*
12. *100 веселых фокусов. Гальперштейн Л. – Москва, 2001.*



Сабиргалиева Дамели Муслимовна

*«Атырау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне
қарасты №8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-бақшасы жоғары
санатты тәрбиеші*

ТАБИҒАТТЫ ТАНЫП БІЛЕЙІК, БАЛАҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын,
табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.*

Н.Ә. Назарбаев

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру аясында туған өлке, туған жер, патриотизм бұл өскен ауылың, қалаң мен өңірің, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес.

Экологиялық тәрбие - бұл адамдардың сезіміне, санасына көзқарастарына әсер ету әдістері болып табылады. Ол азаматтардың саналық деңгейінің артуына, табиғатқа қарым-қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарауға, оның жай-күйіне жаны ашып қарауға, табиғи ортада өзінді өнегелі ұстауға әсер етеді. Балалардың балабақшада экологиялық білім мен тәрбие жүйесінің міндетіне қойып отырмаз. Егемендік алып, дербес мемлекетке айналған Қазақстан Республикасының білім мен тәрбие беру саласында тың өзгерістер енгізіліп, жаңа талап пен міндеттер қойылып отыр. Соның бірі – жеткіншек ұрпақтың болашақта экологиялық таным-түсініктерін, табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін дамытып, мәдениетті адамзат тәрбиелеу болады.

Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында өскелең ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті, кезек күттірмейтін мәселе екендігі айтылған. Бүгінгі біздің тәрбиелеп отырған бүлдіршіндеріміз Отанымыздың болашақ азаматтары. Сондықтан оларды туған ел табиғатын күтіп, оның байлықтарын сақтауға, қорғауға тәрбиелеу міндетіміз болып табылады. [1]

Бала ең бірінші көрген гүлге, көбелекке, құмырсқаға, талға, тағы басқа заттарға таң қалып қызығушылықпен қарайды. Табиғаттың осы сырын, қоршаған ортаны қорғаудың қажеттігін санасына сіңірудің жолдары қандай болмақ? Экологиялық тәрбиеге байланысты жыл мезгілдерін бір-бірінен ажырата білу, жаман мен жақсы істерді айыра білу, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне байланысты баланың логикалық ойлау қабілетін және тілін дамыту мақсатында түрлі дидактикалық ойындар, табиғатты бақылау, зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Табиғатты қорғау адам баласына абыройлы да міндетті жұмыс жүктейді. Егер ауа бүлінсе, су ластанса онда одан табиғат қана зардап шекпейді, адам да қасірет

тартады. Міне, сондықтан да табиғатты қорғау – адамның өзін-өзі қорғауы деген сөз. Сол себептен де ауаны тазалайтын ағаштар мен өсімдіктерді сындырмай, аялап, өсіріп табиғатты қамқорлыққа алу керек екенін балаларға жеткізіп отырамыз. Балалар табиғатпен тығыз байланыста болса ғана жақсылыққа, еңбексүйгіштікке, қайырымдылыққа үйренеді. Ендеше, келешек ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану жөніндегі іс-әрекеттері отбасынан және мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алса, балаларды таным-түсініктерін дамыту қағидалардың негізінде жүргізілсе деп ойлаймыз. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілігімен санасын тәрбиелеп оларды туған ел табиғатын күтіп, оның байлықтарын сақтауға, қорғауға тәрбиелеу міндеттіміз. Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілікті, қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше екені белгілі. Экологиялық тәрбие мәдениеттілік тәрбиемен өте тығыз байланысты. Табиғаттағы әсемдіктен сусындау, оны қабылдау, түсіне және сезіне білу мәдениеттілік негіздері қалыптастыруға көмектеседі. Оның міндеттері күрделі де сан алуан. Экологиялық тәрбие балалардың сезімдерімен санасына ықпал жасап, көзқарастары мен нанымдардың орнығуына жәрдемдесе отырып, оның дүние танымын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады. Тіпті балаларға табиғаттағы адамдар еңбегінің маңыздылығын көріп, бағалауды үйретуіміз керек. Сондықтанда балабақшамызда тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі: «Балаларды айналамен таныстыра отырып, экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүюге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге

үйрету біздің мақсатымыз болып табылады. Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор. Бала дүниеге шыр етіп келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады. Табиғат-баланың ақыл-ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойыншы қалыптасқан жоғарғы деңгейге жеткізетін қоры, болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді өз ойын жеткізе білу өнерін бірге дамытады. Табиғатты танып, білу-мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым-қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді. Балалардың зейінін табиғатта жұмыс істейтін адамның еңбегіне аударып, олардың әсем де епті мұның бәрі балалардың сезімін оятып, еңбекті сүюге, еңбек адамын құрметтеуге, табиғат әдемілігін аялауға үйретеді. Сондай-ақ табиғат, жыл мезгілдерінің ауысуы, орман-тау ауа-райының құбылмалылығы, адамның күнделікті еңбек әрекеті мұның бәрі бала түйсігінде із қалдырмай қоймайды. Балаларға табиғаттағы әдемілікті сезініп, көре білуге баули отырып, табиғатты бақылатады. [3]

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат -ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілігі болып саналады. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жаңашырлыққа тәрбиелеу қазіргі тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.

Ендеше келешек ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану жөніндегі іс-әрекеттері отбасынан және мектепке дейінгі ұйымдардан бастау керек деп ойлаймын.

Экологиялық білім беру мектепке дейінгі педагогиканың қазіргі кезеңде бөлінбес бір бөлшегі болып саналады. Сондықтан да

педагогтардың санасында көптеген сұрақтар туындайды. Балабақшада экологиялық білім берудің тиімді жүйесін қалай құруға болады? Оны интеграциялау негізіне қалай кірістіруге болады? Экологиялық білім берудің идеялары баланың әртүрлі іс-әрекеттерінде жүзеге асырауға болады.

Мысалы: бақылау, еңбек, ойын, ұйымдастыру оқу қызметінде, музыка бейнелеу өнері және дене шынықтыру. Экологиялық тәрбиені жүзеге асырудың ең тиімді жолдарының бірі ұйымдастырылған оқу қызметі.

«Қазақстан - 2030» Бағдарламасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «2030 жылы Қазақстан мөлдір сулы, жасыл желекті, ауасы

таза аймаққа айналады. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйіміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балалар кінаратсыз толыққанды өмір сүретін болады», - деп атап көрсеткен еді.

Балалардың дамуында экологиялық тәрбиенің маңызы зор. Балалардың іс-әрекеті, ақыл-ойы осы айнала қоршаған ортаментығызбайланыстажәнеэкологиялық тәрбие балабақшамен шектелмейді, мектепте осы білімдерін одан әрі өрбітіп, байытады. Себебі дүниеде, айнала қоршаған ортада адам танып-білетін, зерттейтін, оны күтіп-баптап, қорғайтын жұмбақ сыры мол әлем-тек табиғат!

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан-2030*. - Алматы: Білім, 1997.-256 б.
2. *Қазақстан-2030» даму Стратегиясы бағдарламасында «Егемен Қазақстан», 2008 ж., 5сәуір.*
3. *Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. Алматы. 1998 ж*
4. *Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.*
5. Сарманов Қ.А. *Экология тазалығы.-Алматы, 1994. -60-61 б.*
6. Шілдебаев Ж. *Экология және табиғатты қорғау. -Алматы, 2002 -121 б.*
7. Т.Т.Зиноллақызы «Отбасы және балабақша» №3/ 2013ж.
8. Е.О. Ситникова «Бала мен балабақша» №10/ 2013ж.



Сарбуфина Улмекен Кабдуловна

Атырау қаласы, №6 «Гүлдер» бөбекжай-бақшасының
директоры

БАЛАНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге іргелі ел ретінде танылып, тәуелсіздіктің тұғырын берік орнатып отырған еліміздің болашақ ұрпағын, рухани-адамгершілік қасиеттерге бай, білімді, талғамы жоғары, кішіпейіл, саналы азамат етіп тәрбиелеу бүгінде басты міндет болып отыр. Тәрбие жүйесіне жүктелер жүк те жеңіл емес. Қандай істі болсын бастау, оны өмірге ендіру оңай шаруа емес. Ұрпақ тәрбиесі бұл болашақтың тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Ұлттың болашағы-ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі-ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты-жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбие жолы қиын жол. Мүлт кетсе үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі кере, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби.

Оқу мен тәрбие-бір бірінен бөлек алып қаралмайтын күрделі үдеріс. Ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдер... Міне, адам! Міне тұлға!» деп, білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аударуға, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса айтып кеткен. Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру-игілікті іс. Бұл ізгілікті іс тал бесіктен бастау алады,

балабақшада, мектепте жалғасын табады. Ақын, жазушы Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атамyzдың айтқаны бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Ұрпақ тәрбиелеу үшін заманға сай тәрбиеші керек. Жаңа заман тәрбиешісі-бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын жағдаяттан шыға білетін жақсы психолог. Бұл бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагогы дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген, педагогикалық тәжірибені өз ісіне енгізе білетін шебер маманды айтамыз. Белгілі педагог Амонашвили: «Тәрбиеші бұл- өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам» деген екен. Тәрбиеші жұмысының мазмұны балалармен бірге рухани мәдениеттің жақсы үлгілерін, іс-әрекет мәдениетін іздестіру арқылы өмір талаптарымен заңдылықтарын өңдеуден құралады. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың, бір-бірімен қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға

үлгі өнеге. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда, бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала жан-жақты үйренеді, дамиды.

Балабақшаға-тәрбиенің алтын бесігі немесе баланы оқытумен тәрбиелеудің іргетасы.. «Балалар-біздің болашағымыз» Сондықтан балаларды ерекше күтіп, тәрбиелеу керек. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз қажет. Баланың балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата-бабаларымыз айтқандай, баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым-қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну арқылы алады

Қазақ халқында: «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқасын досыңдай сырлас» – деген тамаша сөз бар. Бұл-мағнасы терең философиялық өмір шындығы. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. «Баланы жастан..» – дейді қазақ, өте дұрыс айтылған мақал. Балаларды жас кезінен әдепті, таза ұқыпты, мейірімді, отаншыл, ұйымшыл етіп баулу – біздің басты міндетіміз Ол жас ұрпақтың биік адамгершілік рухында тәрбиеленуі,

демек жас ұрпақтың, әр баланың кішкене күнінен бастап, әуелі адамды қадірлейтін, адамды сыйлайтын болып өсуі» – дейді жазушы С.Көбеев. Бала – әлемдегі ең пәк, ең таза жаратылыс. Оның ойының тазалығы, арының тазалығы оны қоршаған ортасына байланысты болмақ. Бала – осы ортаны қалай қабылдап, танып-білсе, оның алдынан кең әлемнің есігі де солай ашылмақ.

Бала тәрбиесі туралы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала жас бір шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың» деп, «Баланы жасынан» тәрбиелеп, білім беріп, үйрету керектігін айтады.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді»-деп қазақ халқы бекер айтпаған. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала жүрегіне жол таба білудің ең жақсы және дұрыс жолы оларды сол қалпында қабылдап, жақсы көре білуде. Күннің шуағынсыз гүл жайқалып өсе алмайды, сол сияқты балаға да берілетін білім сүйіспеншілікпен берілуі тиіс.

Ш.А. Амонашвили: «Жүзіне күлкі үйірілмеген ұстаз тәрбиеленушілеріне зиянын тигізеді» – дейді. Жүректен шыққан күлкі өмірді өзгертіп, оны нәрлендіретінін ұғынуымыз керек. Сондықтан балаға берілетін тәлім-тәрбиенің барлығы сүйіспеншілікпен берілуі қажет. Тәрбиешінің көркем мінезі, іс-қимылы, балалармен, үлкендермен қарым-қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. В.А.Сухомлинскийдің айтқанындай, тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баурап алу өнерімен көрінеді. Өз бойында рухани құндылығы мол тәрбиеші, бойындағы барлық жақсы қасиеттерін ақылмен, дарынмен, өз қабілеті, шеберлігімен ішкі нұрын, жүрек жылуын айналасындағы бүлдіршіндеріне

үлестіреді.

Сондықтан айналамыздағы әлемнің бәрін өзгертудің қажеті жоқ, тек қана өзіміз өзгеруіміз қажет. Бәрін өзіңнен бастауың керек және баланы оқытумен тәрбиелеу жұмысында ең жетекші қағида сүйіспеншілік болатындай және барлығы тек қана сүйіспеншілік ұстап тұратындай

етіп үйрету қажет. Сондықтан ұл-қызымызға көзбе-көз айтқан сөзіміз, берген тәрбиеміз жүректен жүрекке жетсе, қандай ғанибет!» деген сөзі нағыз көрегендік емес пе. Олай болса, тәрбиеші болу үшін жүректің қалауы мен шексіз сүйіспеншілік керек, яғни тәрбиеші мамандығы сүйіспеншілік десек қателеспейміз...



Ахметова Фемида Кубеновна

педагог-психолог по арт-терапии

II категории я-с №6 «Гүлдер» г. Атырау

МАНКОТЕРАПИЯ

Работа с педагогами

Тема: «Манкотерапия»- игры с манкой

Цель: Повышение профессиональной компетентности педагогов по использованию игр, направленных на развитие мелкой моторики стимуляции речевого развития детей. Познакомить педагогов с нетрадиционной техникой рисования, играми с манной крупой в жизни ребенка. Обучить педагогов этапам разучивания пальчиковых игр с манкой, дать им возможность заимствовать элементы педагогического опыта для улучшения собственного.

Психолог: Здравствуйте уважаемые коллеги! Сегодня мы проведем с вами одну из техник арт-терапии манкотерапия, для начала давайте с вами познакомимся.

У каждого из вас листочек. Напишите на нем свое имя. Такое имя, которым вы хотите, чтобы вас называли на сегодняшнем занятии по арт-терапии.

Мы сегодня с вами будем работать на листе ватмана, потому что песочная терапия замечательно работает на листе ватмана на случай, если у вас в кабинете нет песочницы.

Упражнения «Мотивационные игры с манкой».

1 задание. Создайте из своей кучки манки максимально высокую горку.

2 задание. Сделайте три дождя из манки низкий, средний и высокий. И отследите, какой дождь для вас интересный и обратите внимание, какой дождь соответствуют вашему состоянию. Попробуйте сделать низкий дождь, средний дождь и очень высокий дождь.

Мы сейчас с вами знакомимся с манкой, исследуем его возможности.

3 задание. Из кучки вашего дождя, создайте пожалуйста блинчик ровный, круглый в толщину мизинчик. Сейчас пользуясь только 2 мизинчиками, распишите ваш блинчик или тарелку, можно выходить за грани. Ваша задача рисовать двумя пальчиками используя мизинчики одновременно и расписать вашу тарелку в очень красивый узор. Идея понятна, приступаем.

Прошу внимание, стоп! (через минуту). Вы почувствуете ваше отношение к манке во время рисования? Вы вроде как уже и не взрослые и еще, как бы не дети, т.е.

формируется мотивация, доверие и интерес к манке. Это очень важно. Двигаемся дальше.

4 задание. Из своей тарелки сделайте ровный квадратик в толщину мизинчика (в реале из тарелки сделать квадратик, нельзя. А в песочной терапии можно). В своем квадратике создайте образ животного, который вас восхищает с помощью отпечаток ваших пальцев. Желательно делать его правдоподобным, узнаваемым, потому что вы как закончите рисунок, спросите у вашего соседа Кто это? Что вы создали? Сосед должен угадать.

Поднимите руки у кого угадали? Хорошо. Идем дальше (через 2 минуты).

5 задание. Сейчас вы будете работать в паре. Ваша задача посоревноваться с партнером. Вам нужно придумать 5 оригинальных способов перемещения песочных масс. Показываем по очереди, а затем меняетесь.

Например: А я буду вот так передвигать», а вы говорите своему партнеру «А я буду вот так» и т.д.

(Через 2 минуты) Вы почувствовали в момент выполнения этого задания партнерство, и нет выхода, приходится креативно действовать. Этот метод очень хорошо использовать в детско-родительских парах.

6 задание. Следующие задание тоже работа в парах называется она «Зарывание разных частей кисти». Ваша задача придумать 3 оригинальных способа зарывания разных частей кистей до уровня кистей.

Вот мы с вами закончили упражнения «Мотивационные игры»

Теперь переходим к следующему упражнению.

Упражнение «Полушарное рисование манкой»

Это упражнение тоже можно использовать как мотивационные, но она больше идет как развивающие. Многие сейчас в психологии говорят о балансе правого и левого полушария, о балансе мужского и женского полушария.

Задание 1. Необходимо набрать манку двумя руками, чтобы они сыпались с кулачков. Нарисуйте двумя руками,

ключевое слово «одновременно», два одинаковых круга, чтобы они были круглые и одинаковые.

Если у вас получаются два одинаковых круга, то это говорит, о том, что у вас развито оба полушария.(через пол минуты).

Задание 2. Теперь одновременно двумя руками собрали все в кучу и двумя руками одновременно рисуем два одинаковых глаза (пол минуты).

Задание 3. И снова соберите все в кучу двумя руками одновременно и посмотрите в глаза соседа и одновременно двумя руками нарисуйте глаза соседа. Образы могут быть совершенно разные (геометрические, человеческие части тела и т.д.) (через 1 минуту).

Задание 4. Нарисуйте два одинаковых цветка одновременно, рисуйте, чтоб были четкие узоры, один раз набрали манку, закончилась еще раз набрали и т.д. (через 1 минуту). Безымянным пальцем прорисуйте контуры этого цветка одновременно. Обратите внимание, какой вы нарисовали цветок, если это роза, ромашка, тюльпан, то вы абсолютный стандарт, те, кто нарисовал что-то другое имеет творческое мышление и креативность.

Задание 5. Соберите эту кучу и нарисуйте двумя руками одновременно два других разных цветка. Затем средним пальцем прорисовываем контуры разных цветков одновременно (1 минута).

Вы понимаете, что в голове происходит правая работает по одному, левое по-другому и при этом оба работают. Вы понимаете, как вы можете много, самооценка хорошо поднимается. Работа с манкой уникальная, она всегда работает положительно на самооценку человека, чтобы вы не нарисовали, все равно получается красиво, даже если вы не умеете рисовать. Манка - это такой материал, обреченный на эстетический компонент.

Задание 6. Соберите все в кучу и двумя руками одновременно нарисуйте рисунок на тему «Дом, в котором мне хорошо». (Один дом) После этого двумя большими пальцами прорисуйте контуры этого дома.

Скажите пожалуйста, что вы

чувствуете в эмоциях прямо сейчас, в каком состоянии?(психологи говорят: радость, задор, расслабление, восхищение, вдохновение, интерес и т.д.) Вы поняли теперь, почему всю работу с песком необходимо начинать от мотивационных упражнений. Это очень важный вход в песочную терапию. Ее можно использовать как мотивационные игры и при этом балансировать, как релаксационное. Это можно применять с педагогами и с детьми. Она дает ощущение перезагрузки, так как манка ассоциируется с песком, а там и море, не далеко и детство, то есть очень хорошая перезагрузка мозга. Есть такое слово в арт-терапии обнуление, это когда сбрасываем лишний балласт, а все нужное остается в нас.

Упражнение «Пальчиковые походы»

Двигаемся дальше, еще одно упражнение она тоже используется для работы в паре. Используется она для развития мелкой моторики, а также как мотивационная терапия.

Задание 1. Сделайте круг и выберите 2-3 игрушки и покажите своему партнеру, что это за игрушки, дайте их пощупать, дальше ваш партнер закрывает глаза и вы эти игрушки размещаете в разных местах этого круга, то есть ваш партнер должен знать, что за пределами круга на ватмане, где нет манки игрушек не будет. И ваш партнер

отправляется в пальчиковый поход. Правило похода, вы должны двигаться микро шагами. Задача партнера исследовать весь круг и найти игрушки. Потом меняемся.

Бывает, что человек может ходить кругами вокруг игрушки и долго искать. Это упражнение дает интерес исследования, замечательно использовать с дошкольниками, когда ребенок напряжён, тревожный, она дает перезагрузиться, снять напряжение, развивает также мелкую моторику, тактильные ощущения, чувства, развития пространства, стратегию и т.д. Выполнили упражнение? Ура!!! Мы все нашли игрушки, что нам для счастья нужно найти 3 игрушки. Вот она радость. В общем, чем интереснее будет работа, тем больше мотивации будет у того, с кем вы работаете.

Наглядно-информационные формы взаимодействия в свою очередь делятся на две подгруппы: информационно-ознакомительные и информационно-просветительские. Их целью является ознакомление родителей с работой дошкольного учреждения, особенностями воспитания детей, формирование у родителей знаний о воспитании и развитии детей. Они могут выражаться в виде информационных проспектов для родителей, организации дней открытых дверей, открытых просмотров занятий и других видов деятельности детей.

Для реализации содержания этой работы в дошкольном учреждении также используются коллективные и индивидуальные формы деятельности. Эти формы могут стать эффективными только в том случае, если удалось найти индивидуальный стиль взаимоотношений с каждым родителем, важно расположить к себе родителей, завоевать их доверие, вызвать на откровенность, разбудить желание поделиться с педагогом своими мыслями, сомнениями. Все это поможет лучше понять ребенка, найти оптимальные способы решения проблем воспитания конкретной личности в дошкольном учреждении и дома.

Совместно с родителями в нашем саду организуются тематические выставки, например «Чудеса из грядки», «Золотые руки мамы», «Чудесный дом». Одной из форм взаимодействия, является подключение родителей к жизни ДО, организация их совместной деятельности с детьми. Так, родители разных профессий (швея, водитель, врач, библиотекарь, художник и т.д.) приходят в гости к дошкольникам. Родители принимают участие в разных занятиях с детьми, снимают мероприятия на камеру, предоставляют транспорт и др. Кроме того, родители могут привлекаться к субботникам, к участию в озеленении территории ДО, возить дошкольников на представления, экскурсии в выходные дни, совместно посещать музеи.

Одним из самых любимых видов совместной деятельности остается участие родителей в праздниках. Живое общение с мамой или папой приносит детям особое удовольствие, а родители, погружаясь в мир детского праздника, лучше понимают своих детей, их желания и интересы. В настоящее время активно используется метод проектов, когда родители подключаются к выполнению определенной части общего задания, например, по ознакомлению дошкольников с родным городом. Они собирают информацию об архитектуре, названиях улиц, площадей, делают фотографии и др. Затем представляют свои работы на общем мероприятии. Этот метод способствует сближению родителей, детей и педагогов.

Педагог, определив тип семьи

воспитанника, может найти правильный подход для взаимодействия и успешно осуществлять работу с родителями.

Надо сказать об одном важном моменте в системе работы с родителями. Каждый человек, сделав какую-нибудь работу, нуждается в оценке своего труда. В этом нуждаются и наши родители. «Похвала полезна хотя бы потому, что укрепляет нас в доброжелательных измерениях», - писал Ф. Ларошфуко. Это актуально всегда и везде. Хвалите своих родителей. Успешно решать все проблемы воспитания и развития детей можно лишь в тесном контакте с семьей, при единстве и сплоченности наших усилий. Положительные результаты в воспитании детей достигаются при умелом сочетании разных форм сотрудничества, при активном включении в эту работу всех членов коллектива дошкольного учреждения и членов семей воспитанников. Семья и детский сад не могут заменить друг друга; у каждого из них свои функции, свои методы воспитания. И конечно, им надо научиться взаимодействовать в интересах ребенка.

Самые весёлые советы родителям!

1. После того, как вы закончили играть с ребёнком, положите его туда, откуда взяли.
2. Что делать, если ваш сын залез на дерево и не может слезть? Ни в коем случае не пытайтесь трясти дерево или сбивать мальчика палкой. Осенью ребёнок созреет и упадёт сам.
3. Если вам больше нечего сказать ребёнку, скажите, чтобы он пошёл умыться.
4. Если ваш ребёнок икает, закройте уши. Это на время избавит вас от икоты.
5. Если ваш ребёнок поставил тебя в тупик, поставьте его в угол.
6. Если у вашего сына отвратительный почерк, готовьте его во врачи.
7. Если ваш ребёнок клянчит купить ему велосипед- купите. Ведь не успеете вы оглянуться, как ваш ребёнок вырастет, а велосипед вам достанется.
8. Чтобы лучше понять вашего ребёнка, вам нужно думать и чувствовать так, как это делает он. Попробуйте вжиться в образ вашего сына: незаметно разбейте три-четыре окна из рогатки.
9. Не секрет, что многие детки любят

играть в прятки. А родители не хотят с ними играть из-за якобы постоянной занятости. А, что, если попробовать совместить работу с

игрой? Спрячьтесь от ребенка, например, в командировке, и целую неделю он будет вас искать.



Бердиева Гульзинеп Якуповна

воспитатель II категории
№22 «Еркемай» г.Атырау

ИГРОВЫЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РОДИТЕЛЕЙ С ДЕТЬМИ

*«Игровые взаимодействия родителей с детьми»
«игра – это огромное светлое окно, через
которое в духовный мир ребёнка
вливается живительный поток представлений
понятий об окружающем мире»
В.А. Сухомлинский*

Родители – первые воспитатели и учителя ребенка, поэтому их роль в формировании его личности огромна».

Воспитывая детей, нынешние родители воспитывают будущую историю нашей страны, а значит и историю мира. А.С. Макаренко

Огромная роль в развитии и воспитании ребёнка принадлежит игре – важнейшему виду детской деятельности.

Игра – это искра, зажигающая огонёк пытливости и любознательности». В процессе игры развиваются духовные и физические силы ребёнка.

Семья и детский сад – два воспитательных феномена, каждый из которых по-своему дает ребенку социальный опыт. Но только в сочетании друг с другом они создают оптимальные условия для вхождения маленького человека в большой мир. Именно через игру происходит формирование у ребёнка сложных эмоциональных отношений к взрослым, к сверстникам, совершенствуется самосознание, развитие личности. Необходимость вовлечения

семьи в совместной воспитательный – образовательный процесс ДО, организация взаимодействия с родителями для успешного воспитания и развития ребёнка.

Интересные игры создают бодрое, радостное настроение, делают жизнь детей полной, удовлетворяют их потребность к активной деятельности. Даже в хороших условиях, при полноценном питании ребёнок будет плохо развиваться, станет вялым, если он лишён увлекательной игры. Родители знают, что дети любят играть, поощряют их самостоятельные игры, покупают игрушки. Но не все при этом задумываются, каково воспитательное значение детских игр. Они считают, что игра служит для забавы, для развлечения ребёнка. Другие видят в ней одно из средств отвлечения малыша от шалостей, капризов, заполнение его свободного времени, чтобы был при деле. Те же родители, которые постоянно играют с детьми, наблюдают за игрой, ценят её, как одно из важных средств воспитания.

Свою работу по взаимодействию семьи и ребенка в игре следует начать

с выявления уровня их знаний об игре, проявлении их заинтересованности к этой деятельности, и как они реализуют ее в семье, которая проводилась в форме беседы, анкетирования, тестирования.

Освоение игровой деятельности в дошкольном возрасте осуществляется в разнообразных формах. Остановимся на некоторых из них.

Формирование игровой деятельности детей осуществляется в разных направлениях, основные – работа с детьми, родителями, педагогами. Важно не только ознакомить родителей с данной проблемой, но и объяснить значимость игры в жизни ребенка. Познакомить родителей с видами игр, рассказать, когда и как можно использовать игру, и как с помощью игровой деятельности воспитываются, те или иные качества ребенка. Рассказать о тесной связи с другими образовательными областями.

С родителями, предусмотрено проведение собраний, консультаций, семинары, открытые просмотры, вечера - развлечений и игр совместно с детьми. В которых мы подробно должны будем рассказать родителям о понятии «игра», о ее тесной связи с другими образовательными областями. Рассказать о видах игр. Какую игру лучше предложить ребенку в то или иное время дня, как заинтересовать ребенка, стоит ли играть вместе с ним.

В нашей группе наработан обширный материал по игровой деятельности дошкольников. Для этого мы на видном месте оформили стенд «Игра – как средство развития дошкольника», где разместили для воспитателей и родителей:

- памятки «Что такое игра?», «Играем вместе с ребенком»;
- буклеты «Виды игр», «Театрализованная игра, что это», «Дидактические игры вашего ребенка», «Как выбрать игровую деятельность для ребенка»
- консультации «Знакомим родителей с подвижной игрой», «Роль семьи в выборе игровой деятельности», «Предметы заместители в игре» и т.д.

По данному направлению деятельности, уделяем внимание в работе с детьми, начиная с ясельной группы, а для детей старшего дошкольного возраста она носит систематический, целенаправленный характер. Цель взаимодействия с семьей по вопросам организации игровой деятельности воспитанников в детском саду заключается в повышении информированности родителей, в их участии, в том, что бы они помогали детям в домашних условиях выбирать игру, играть в нее, играли вместе с ребенком.

Для ребёнка дошкольного возраста игра является ведущей деятельностью, в которой проходит его психическое развитие, формируется личность в целом.

Список литературы:

- Артамонова, О. Предметно-пространственная среда: ее роль в развитии личности [Текст]/О.Артамонова// Дошкольное воспитание. – 1995. - №4.
- Бондаренко, А.К. Воспитание детей в игре (пособие для воспитателя детского сада) [Текст]/А.К.Бондаренко, А.И.Матусик. – М.: Просвещение, 1979.- С.214.
- Воронова, В.Я. Творческие игры старших дошкольников [Текст] / В.Я.Воронова. – М.: Просвещение, 2001.- С.356
- Воспитание детей в игре / Под ред. Д.В.Менджерицкой. – М.: Просвещение, 1981.- С.56.
- Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психологическом развитии ребенка [Текст] /Л.С.Выготский//Вопросы психологии. – 1996. - №6.
- Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психологическом развитии ребенка [Текст] /Л.С.Выготский // Вопросы психологии. – 2006. - №6.
- Статьи из журнала, газеты. Дошкольная педагогика. / Под ред.В.И.Логиновой, П.П.Саморуковой. – М.: Просвещение, 1988.- 345 с.



Болатова Ельмира Усипбековна

Екібастұз қаласы

КМҚК №2 «Балдырған» бөбектер бақшасы
әдіскер

КВЕСТ-ОЙЫН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ТІКЕЛЕЙ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі мекеме педагогы өзінің күнделікті жұмысында Үлгілік оқыту бағдарламасының негізгі принциптеріне сүйенуі қажет, олар: балалық шақтың әртүрлілігін қолдау; адамның жалпы дамуындағы маңызды кезең ретінде балалық шақтың бірегейлігі мен өзін-өзі бағалауын сақтау; мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын мектепке дейінгі балаларға арналған ерекше нысанда-ойында, танымдық және зерттеу қызметінде іске асыру.

Квест-технология - бұл МДҰ-да балалардың білім беру қызметін ұйымдастырудың инновациялық түрі, өйткені ол ойын іздеу міндеттерін шешу барысында баланың белсенді, іс-әрекеттік позициясын дамытуға ықпал етеді. Балалар байытылған білім беру ортасы жағдайында әрекет етеді; әртүрлі білім беру салалары интеграцияланады, акт мүмкіндіктері пайдаланылады.

Квест — (ағылш. Quest - «іздеу, іздену, шытырман оқиға»; бастапқыда-сюжетті құру тәсілдерінің бірі-қиындықтарды жеңу арқылы белгілі бір мақсатқа кейіпкерлердің саяхаты).

Квест-белгілі бір сюжетті іске асыру арқылы баламалы нұсқаларды Құзыретті таңдау негізінде белгілі бір міндеттерді шеше білуді қалыптастыруға ықпал ететін педагог пен балалардың өзара іс-қимылының нысаны. Ойын түрінде оқыту-педагог үшін өз тәрбиеленушілерінің өмірін қызықты және ерекше ұйымдастыруға тамаша

шығармашылық мүмкіндік.

Квест-ойындар балаларды білім еліне қызықты саяхатқа баруға шақырады, жұмбақтар мен приключения құпиялы әлеміне енуге, тапқырлық пен табандылық танытуға, өздерін нағыз ашушылар мен зерттеушілерді сезінуге мүмкіндік береді, ал педагогтарға дамыта оқытудың мақсаттары мен міндеттерін оңай жүзеге асыруға көмектеседі.

Квест-бұл қиындықтар мен сынақтарды жеңу арқылы мақсатқа саяхат, оқыту және ойын-сауық бағдарламаларының синтезіне салынған әмбебап ойын технологиясы, баланың психикасындағы жарыс механизмдерін белсендіреді, іс-әрекеттердің дербестігін және болып жатқан жағдайға толық батыруға ықпал етеді.

Квест-жаңаша сөзбен айтқанда «құпиялар» немесе « қарақшылар мен ұстаушылар» сияқты бұрынғы ойындар, яғни ұмытылған ескі ойынның қайта жаңғыруы.

Бұл технологияның маңызды артықшылығы педагогтың арнайы дайындығын немесе қымбат инвестицияларды талап етпейтіні, ең бастысы — балалармен бірге тәжірибе жасау және тәжірибе жасау ниетінің шынайылығы болып табылады.

Алайда, кез келген квест барлық қатысушылар үшін шын мәнінде қызықты болу үшін педагогтан кәсіби дайындықтың жоғары деңгейі, өнертапқыштық, шығармашылық ойлау және жеке әртістік талап етіледі.



Квестте тәрбиеші ақылды және мұқият тәлімгер рөлін атқарады, ол мақсаттарды анықтайды, ойын бағытын ойластырады және құрастырады, тапсырмалар дайындайды, командалық күш пен әр баланың жеке жетістіктерін бағалайды.

Квест сапасының негізгі критерийлері - қатысушылар үшін оның қауіпсіздігі, өзіндік, логикалық, тұтастық, тақырыпқа ғана емес, белгілі бір сюжетке бағыныштылығы, ойын кеңістігінің атмосферасын құру.

Квест-ойындардың міндеттері:

- ✓ қоршаған ортаны тануға қызығушылықты жандандыру;

- ✓ балаларға жаңа білімді меңгеруге және бұрын үйренгендерді бекітуге көмектесу;

- ✓ жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыруына ықпал ететін жайлы эмоционалдық көңіл - күй жасау;

- ✓ өзара түсіністікті және серіктестік сезімін тәрбиелеу, жанжалдарды шеше білуді қалыптастыру;

- ✓ ойлау, сөйлеу, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету;

- ✓ бастамашылық пен дербестікті, зерттеу және эксперименттік қызметті ынталандыру.

Мектепке дейінгі балаларға арналған квест-сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Ойындарды топтық бөлмеден спортзалға, кейін бассейнге, асүйге немесе музыкалық сабақтарға арналған залға, сондай-ақ мұражайда, кітапханада, табиғатта, серуендеу немесе бағдарлау элементтерімен экскурсия кезінде, өлкетану элементтерімен жергілікті жерде өткізуге болады.

«Барлық жасқа арналған» Квесты ол кіші топтарда қолданылады, бірақ қызықты және күрделі тапсырмалар ауқымы үлкен топтарда айтарлықтай кеңейтіледі. Кіші және ортаңғы топтарда квест-ойын жүргізудің ерекшеліктері қарапайым тапсырмаларды таңдау, олардың саны мен квест ұзақтығы аз.

Балабақшадағы квест-сабақтың ұзақтығы әдеттегі ҰОҚ көп және:

Мектепке дейінгі ортаңғы жас балалар үшін 25 минут;

Мектепке дейінгі ересек балалар үшін 30 минут;

Мектепалды даярлық топтары үшін 40 минут

Квест ойындарының типологиясы

Сызықтық - тапсырмалар бір логикалық тізбектің буындары принципі бойынша өзара байланысты (квесттің негізгі мазмұны тізбек бойынша салынған. Сіз бір тапсырманы шешесіз - келесі және финишқа дейін тағы да бірнеше тапсырма аласыз).

Шабуыл — командалар тапсырманы, кеңестерді алады, бірақ мақсатқа жету жолдары өздігінен анықталады (әрбір ойыншы соңында оларды біріктіру үшін жұмбақ тізбегін шешеді).

Сақиналы-сызықтық квест айналмалы аналогы, командалар әр түрлі нүктелерден жолға шығып, әрқайсысы өз бағыты бойынша соңғы мақсатқа қарай жүреді (сақиналы траектория бойынша жіберіледі: белгілі бір тапсырмаларды орындай отырып, ол қайта-қайта «а»пунк-ға жіберіледі).

Мектепке дейінгі балалар үшін ең танымал және қол жетімді ойын нұсқалары - кезбе (немесе, басқаша, «станциялар бойынша» ойын)

Ұжымдық ойынның негізгі идеясы-бродилки өте қарапайым-командалар, ойын маршрутының пункттері бойынша қозғалып, бір-бірімен өзара байланысты тапсырмаларды орындайды.

Бір тапсырманы орындай отырып, балалар келесі сынаққа өтетін кеңес алады.

Квесттің өту кезеңдері

Квест ойын оқиғалары белгілі бір ретпен ашылады:

Пролог – тәрбиеші (педагог) балаларды ойынға дайындайтын, қызығушылық танытуға, алдағы қызметке назар аударуға тырысатын жүргізушінің кіріспе сөзі.

Мысалы, ойын аңызына сәйкес балалар із кесушілер болып, жоғалған мысық іздеуде

шағын тергеу жүргізуі керек. Тағы бір қызықты сценарий - мектеп жасына дейінгі балаларды адамзатты құтқару үшін қажетті пайдалы қазбаларды іздеу үшін зымыранға баратын ғарыштық саяхатшыларға айналдыру. Немесе ойын соңында балалар алдында пайда болатын тапсырмаларды орындап, қандай да бір кейіпкерді бөлу қажет.

Квест ұйымдастыру бөлігі де кіреді:

- ✓ балаларды командаға бөлу;
- ✓ ережелермен танысу;
- ✓ ойын нүктелерінің өту тәртібі көрсетілген карталарды және жолсілтемелерді тарату.

Экспозиция – негізгі кезеңдерден өту - ойын маршрутының тапсырмалары, тапсырмаларды шешу, кедергілерді жеңу бойынша рөлдік тапсырмаларды орындау. Қателіктер үшін айыппұлдарды ынталандыру жүйесі, сондай-ақ сәтті нұсқалар мен дұрыс жауаптар үшін бонустар қарастырылған.

Эпилог - қорытынды шығару, пікір алмасу, жеңіске жеткен команда ойыншыларын сыйлықтармен марапаттау.

Аналитикалық әңгімелесумен қорытынды

рефлексия өткізуге арналған сұрақтардың мысалдары:

Ең үлкен қызығушылық не тудырды?

Жаңа не білді?

Не қиын көрінді?

Сіз өз нәтижелеріңізбен қанағаттанасыз ба?

Не болды, ал тағы не істеу керек?

Ойын маршрутын безендіру мысалдары Бағыт парағы. Жұмбақтар, сөзжұмбақтар, кодталған сөз, ребустар, олар қайда бару керек жерге қатысты кеңес болады.

«Сиқырлы құлпынай» Жіптерге жүру пункттерінің атауы жазылған жазбалар қоса беріледі.

Карта - схемалық формадағы маршруттың бейнесі.

«Сиқырлы экран» - балалар қозғалатын орындардың фотосуреттері орналастырылған планшет.

«Іздер» Бір тапсырмадан екіншісіне сызылған көрсеткілер немесе жапсырылған іздер арқылы өтуге болады.

Мысалы, гүл жапырақтарында жазылған сұраққа жауап беру немесе жұмбақты шешу арқылы жүру құқығын алуға болады.



Ойынға арналған сілтеме тапсырмалардың
үлгілері
(қашықтықтан оқытуға арналған тапсырмалар)

Сілтеме № 1

Жұмбақтың шешуін тауып, суретін сал

Кино менен концертті,
Үйде қойып беремін,
Жаналығын бар елдің,
Ол кезінде кереметі.

Жауабыңды осы жерге сал:

КВЕСТ

16

Сілтеме № 2

Кім төтті тоқашты алды?



Дұрыс нұсқаны белгіле:

А Б В

КВЕСТ

17

Сілтеме № 5

Осы екі суретте 1 ғана айырмашылық бар. Айырмашылықты тапсаң, келесі сілтеменің қай жерде орналасқанын білесің.



КВЕСТ

20

Сілтеме № 6

Артық затты тап, сол заттың астынан келесі сілтемені табасың



КВЕСТ

21

Сілтеме № 3

Мына парақты жылы үтікпен үтікте немесе майшаппен қыздыр. Қандай пішін жасырылған?

Жауабыңды осы жерге жаз:

КВЕСТ

18

Сілтеме № 4

Екі бірдей затты сыз, артық қалған заттың қасынан келесі сілтемені таба аласың



КВЕСТ

19

Сілтеме № 7

Суреттердің тиісті бөлігін тап та, келесі сілтемеге жет




КВЕСТ

22

Сілтеме № 8

Суреттен ең кішкентай затты тап, келесі сілтеме сол заттың үстінде тұр.




КВЕСТ

23

Сілтеме № 9

Мына суретте не артық? Келесі сілтеме сол жерде.



КВЕСТ

24

Сілтеме № 10

Ересектердің көмегімен шифрды шеш. Сенің сыйлығың сол жерде.

☐ = Н	☐ = Н	☐ = О
☐ = h	☐ = T	☐ = Ш
☐ = O	☐ = A	☐ = K
☐ = 3	☐ = bl	

Шифр:



КВЕСТ

25



Алипбаева Гүлсім Әзімжанқызы

Нұр-Сұлтан қаласы

№56 «Береке» балабақшасының меңгерушісі

ДАРЫНДЫ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Ұлтқа қызмет ету балаға қызмет етуден басталады...

«Қазақстан ұлы державада болуы үшін бізге күш қуат, қажыр қайраты мол, ақылды да ойлы, дарынды жастар керек» деген еді ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев.

Дарынды балалармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарға, мектептерге жоғары талаптар қойылып жатыр. Сонда ата-аналар мен қоғам үшін «жақсы балабақша», «жақсы мектеп» дегеннің не маңызы бар?

– Бұл – барлық білім беру салалары бойынша жақсы білім беретін, ал бітірген соң балалардың ЖОО-ға жүрек қалауымен таңдау жасауы көмектесетін білім беру ұйымдары.

– Білім беруде жоғары санатты және білімді педагогтар қажет.

– Білім беру ұйымдары жаңашыл білім беруі қажет және өзіндік дәстүрі болуы тиіс.

Алдымен қандай балалармен жұмыс жасау керектігін айқындаймыз. Ерекше қабілеті бар балалармен:

Қабілет дегеніміз белгілі айқын әрекетте нәтижелі айналысуға көмектесетін тұлғаның өзіндік ерекшелігі.

Дарын дегеніміз белгілі бір жағдайдағы ең үздік мүмкіндік, қабілеттіліктің жоғары сатысы. Әдетте дарын белгілі ортада байқалады.

Данышпандық – дарын дамуының жоғарғы дәрежесі, ол сапалы да жаңа әрі өте сирек кездесетін дүниенің жасалуымен,

шығармашылықтың ертедегі зерттелмеген жолдарының ашылуымен байланысты.

Дарындылықты өмір ағымымен дамып отыратын психика сапасының жүйелілігі ретінде түсінеді, ол белгілі бір адамды басқа адамдармен салыстырғанда, бір немесе бірнеше әрекетте өте жоғары нәтиже көрсетуімен байқалатын жетістік мүмкіндігін аңғартады.

Дарынды бала – белгілі бір әрекетте жарқын, айқын, кейде өте жоғары жетістіктерімен (немесе осындай жетістікке ішкі қабілеті жететін) ерекшеленетін бала.

Дарынды балаларды айқындау бақылаудың негізінде, психологиялық ерекшелігін, сөйлеу, есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін зертеу барысында балабақшадан басталуы тиіс.

Дарынды балалардың белгілері:

– көпшілікпен салыстырғанда таным-білімі ерекше, өмірге құштар, шығармашылық мүмкіндігі мен көзге түсуі байқалады;

– өте басым боп келетін белсенді де саналы талап көрінеді;

– білуге деген құштарлығымен, ой еңбегінен қуаныш сезінеді.

Өмірдің өзі баланың үнемі өзгеріске түсіп отыратын жағдайларда жол таба білуге, ашық, жайдары, тез тіл табысатын және құзіреттілікке дайын болуын талап етеді.

Міндеттері:

– Педагогтің дарынды баланың психологиялық ерекшеліктерін ғылыми

тұрғыдан тануы және олармен жұмыс жасаудың әдістемелік жолдарын білуі;

- Педагогтің әдістемелік оқу, педкеңестер, өзін-өзі тану арқылы білім алуы

- Берілген сұрақтар бойынша кітапханалық қорының жинақталуы;

- Педагогтің мақсатқа бағытталған педагогикалық бақылау, диагностика жолдарымен таныс болуы;

- Балалардың өзіндік қабілеттерін көрсетуіне жол ашатын әртүрлі білім алу ортасынан тыс сайыстар, зияткерлік ойындар, олимпиадалардың өткізілуі;

- Оқыту әдістері мен тәсілдерінің әртүрлі жүйесінің ішінен өзіндік ойлау қабілетін, ынтасын және шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беретінін таңдау;

- Балалардың қатарластарымен бірігіп әрекет жасау барысында өзіндік жұмыс арқылы қабілетін іске асыруына мүмкіндік туғызу.

- Зерттеу әрекеттері элементтерін игеру;

Бағыттары:

- балалармен жұмыс;

- ата-аналармен жұмыс;

- педагогикалық ұжыммен жұмыс.

Кезеңдері:

Дайындық кезеңі

Сараптамалық

Ұйымдастырылған-әрекеттік;

Оқушы қабілетін қалыптастыру, тереңдету және дамыту кезеңі.

Дарынды балалармен жұмыс стратегиясы

Мақсаты:

Білім беру ұйымдарында дарынды балалармен жұмыс жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау және шығармашылық орта туғызу жұмыстың бар кезеңдерінің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады:

Педагогтер де, балалар да мынаны түсінгені абзал:

Білім беру ұйымдары – қателесуге рұқсат етілетін орын;

Әркім өз көзқарасын және өз ойын ашық айтуына болады;

Әрекетті немесе нәтижені сынау, жеке тұлғаны мақтау;

Бала тек өз-өзімен ғана салыстырылады; Педагог баланы үнемі жігерлендіріп отыруы қажет;

Балаларға жол сілтей бермей, керісінше тәуелсіз әрекет етуге көмектесу;

Міндеттері:

- Нормативті негізді үйрену.

- Дарынды балалармен жұмыс жасауды жоспарлау.

- Міндеттерді үлестіру

- Жобаны іске асырудың материалды-техникалық, педагогикалық шарттарын талдау.

Диагностика:

Дарындылықтың шығу тегінен бөлек оның диагностикасы болуы қажет. Білім беру ұйымдарындағы педагогтерге балалардың әлеуетті мүмкіндігін танып білуіне көмектесетін әлеуметтік педагогтың ролі осыған байланысты арта түседі.

Балалар келесі бағытта танылып айқындалады:

- шығармашылық ойлау қабілеті;

- өзін-өзі бағалау деңгейі;

- төзімділік;

- әрекеттің тәуірлеу түрлері;

- сезімталдық күші;

- Сіз көшбасшысыз ба?

- Сізге не ұнайды (қызығушылық картасы)?

- Тапсырма беру диагностикасы және тұлғаның бейімділігі;

- Дарынды балалардың тәртібі туралы мінездемесі;

Педагогтер де дарынды балалармен жұмыс жасау икемділігіне қарай айқындалады. Қабілетті және жекелеген пәндерді үйренуде ерекше табыстарға жеткен оқушылардың құрылған анықтамасы психолог пен әлеуметтік педагогтың анықтамалық нәтижесімен сәйкес келеді.

Психолог дарынды балаларды психологиялық тұрақтылық пен психореттілік дағдыларын сақтай білуге үйретеді, әлеуметтік маңызы бар ортаға (жанұяда, қатарластар арасында) бейімделуін қалыптастырады; олардың психолого-педагогикалық дайындық

деңгейін жоғарылататын бағытта педагогпен дербес жұмыс жасауын ұйымдастырады.

Бұл жұмыс кезеңінің қорытындысы бойынша дарынды баланың үш түрін көрсетуге болады:

1. Басқалармен тең жағдайдағы ой дамуы жағынан жалпы жоғары деңгейлі балалар (бұл көбінесе мектепке дейінгі және кішкене мектеп жасындағы балаларда кездеседі).

2. Ғылымның белгілі бір көлемінде арнайы ой дарындылығымен ерекшеленетін балалар (жасөспірім шағында).

Оқуда белгілі бір себептермен табысқа жетпеген, бірақ айқын танымдық белсенділігі, психологиялық қорының шынайылығы, айрықша ой резерві бар балаларлар.

Дарынды балалармен жұмыс жасау үшін педагогке қажетті сапалар

Педагог міндетті: жақсы тілектес және сезгіш болуға; дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерін жете білуге, олардың талабы мен қызығушылығын сезуге; зияткерлік дамудың жоғары деңгейінде болуға; қызығушылық пен икемділіктің кең көлемін игеруге; дарынды балаларды оқытумен байланысты әртүрлі міндеттерді орындауға дайын болуға; пысық және белсенді мінезді болып келуге; әзіл-оспақты сезіне білуге (мысқылдан аулақ болуы керек); икемділік танытуға, өз көзқарастарын қайта қарауға және үнемі өзі қол жеткізуге дайын болуға; шығармашылық жеке дүниетанымы болуға; дені сау

және өмірде тұрақты болуға; дарынды балалармен жұмыс жасауда жоғары оқу орнынан кейінгі арнайы дайындығы болуға және алдағы уақытта арнайы білімді игеруге дайын болуға.

Жас дарынды іздеуде балаларға ғана емес, ата-аналар мен педагогтарға бағытталған шаралар кешенін негізгі жол деп тануға болады. Балаларды таңдаудың әртүрлі әдістерін қолдануда және алдағы уақытта олардың жетістіктерін үздіксіз қадағалауда маңызды. Дарынды балаларды шығару баланың ата-анадан және педагогтан келетін белгілі бір әрекеттегі жоғарғы жетістігі есепке алынады. Сонымен қатар топтық тестілеу мен әлеуметтік сұрақ-жауап парақтарының нәтижелері де қолданылуы мүмкін. Бұл балалар ортасын тереңірек дербес зерттеу үшін мүмкіндік жасайды.

«Дарынды ұстаздан-дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды балалардың көп болуы дарынды, шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға байланысты. Тұңғыш президентіміз «бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі-білімде»-деп айқындап көрсетті. Ал, біз, ұстаздар қауымы, осы қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай білімді де білікті, әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеуіміз қажет. Қорыта айтқанда, баланың мектепке дейінгі ұйымда, мектеп қабырғасында алған білімі оған қызмет жасайтындай дәрежеге жеткізуге ұмтылуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы».-Алматы, 2001.
2. «Қазақстан -2030» бағдарламасы.;
3. Битуова Т.Р. Қазақстандағы дарындылық мәселесі бойынша инновациялық-педагогикалық қызмет. - Астана-2005.;
4. Испусинова С.Б., Битуова Т.Р. Дарынды балалар Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім берудің ұлттық моделі контекстінде.-Астана-2006.



Жалғасбаева Жансая Исабекқызы

Қызылорда облысы

КМҚК «Алтын ұя» бөбекжай бақшасы

логопед-дефектолог маманы

БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ЕКІ НЕМЕСЕ КӨПТІЛДІ МЕҢГЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көптеген саяси, экономикалық, ғылыми, мәдени байланыстармен үйлескен қазіргі әлемдік қоғамда екі тілділік пен көптілділіктің рөлі артып келеді. Бүгінгі күннің шындығы, билингвизм феномені көптеген ғылымдар тұрғысынан, соның ішінде әлеуметтану, психология, лингвистика, психолингвистика, нейролингвистика және т.б. ғылым саласында белсенді түрде талқылануда. Олар, мысалы мынадай сұрақтарға жауап іздеуде: кімді екі тілді деп санауға болады, ол үшін екінші тілді қаншалықты меңгеру керек, екі тілді қатар меңгергенде қай тілді бірінші немесе ана тілі деп санау керек, «тілді меңгеру» дегенді қалай анықтаймыз, «тілді үйренуге» бола ма, жоқ па, екінші немесе бірнеше тілді үйретуді мүмкіндігінше ертерек бастау керек пе, өйткені бала жасының ұлғаюына байланысты оны сәтті үйрену мүмкіндігі жоғалады ма, екі тілді меңгеру (параллельді) түрде қатарынан немесе өзінің реттілігімен болуы керек пе және т. б. Қазіргі кезеңде осы екі тілділікке арналған күрделі және жан-жақты құбылыстың әртүрлі аспектілерін талқылауға үлкен орын беретін халықаралық ғылыми журналдардың ауқымы кеңеюде. Түрлі монографиялар шығарылып, диссертациялар қорғалуда, соның ішінде тәжірибелік (эксперименттік) жұмыстар, екі тілділікке әртүрлі бағытта зерттеулер жүргізілуде. Бұл туралы соңғы 2009 жылдардағы жарияланған А.А.Залевскаяның кітаптары арқылы танысуға болады.

Қостілділік саласындағы зерттеулердің

жандануы, атап айтқанда, бұрын даусыз болып көрінген бірқатар ережелерді қайта қарауға әкелді. А.А.Залевская, мысалы, екі тілділікке байланысты және көбінесе «соңғы шындық» ретінде қабылданатын келесі нақты шындыққа жанаспайтын (мифтерді) қамтиды: А) екі тілділік балалардың танымдық дамуын бәсеңдетеді; б) екінші тілді сәтті меңгерудің сыни кезеңі бар, яғни екінші тілді ана тілінде меңгеру тек ерте балалық шақта мүмкін болады; в) екінші тілді қолдану үшін, сіз грамматикалық ережелерді біліп, үйренген сөздердің белгілі бір қорын жинауыңыз керек. Аталған және осыған ұқсас мифтер, әрине, «екі тілділік» ұғымының мазмұны да, көлемі де әлі де нақты анықталмағандығынан туындайды, сонымен қатар көбінесе кәсіби деңгейде «жалпы екі тілділік» мәселесі талқыланады, яғни екі тілділіктің күрделі өзара әрекеттесуін ескерместен ішкі және сыртқы факторлардың ерекшелігі анықталады. Сонымен бірге, екі тілділік тақырыбын түрдің өкілі ретінде (сыртқы әлеммен өзара әрекеттесудің белгілі бір мүмкіндіктері мен қабілеттері бар) және жеке тұлға (оның қажеттіліктері, мотивтері, артықшылықтары және т.б.) екі тілділіктің қалыптасуы мен жұмыс істеуінің табиғи және әлеуметтік жағдайларын міндетті түрде жүйелі ескере отырып түсіндіру ғана, екі тілділіктің ерекшелігін белгілі бір жағдайларда түсіндіруге және болжауға қабілетті теорияның дамуына әкелуі мүмкін.

Екі тілді қалыптастырудың жалпы мәселелері ретінде ішкі факторлардың ішінде бір жағынан адамның танымдық және коммуникативті белсенділігін қамтамасыз ететін психикалық процестердің ерекшеліктерін ажырату пайдалы екенін түсіндіру керек. Бұл бір жағынан психикалық процестер, негізінен тілді меңгерген және белгілі бір жас топтарына жататын барлық адамдарға тән, ал екінші жағынан — екі тілділік субъектісінің жеке және танымдық ерекшеліктеріне тілдер ерекшелігін сезіну, сөйлеу, есту, есте сақтау, назар аудару, зейін, темперамент және т.б. жеке қасиетіне мән берген дұрыс. Сыртқы факторлардың ішінде екі топты ажыратып айтуға болады: олардың бірі екі тілді қалыптастырудың әлеуметтік жағдайымен байланысты (тұрмыстық жағдайлардан, қаржылық, психикалық, мәдени және отбасындағы басқа жағдайға байланысты қоғамдық немесе мемлекеттік тіл саясатына дейін), ал екіншісі тілді меңгеру және пайдалану жағдайымен тілді меңгеру табиғи немесе оқу жағдайларында, ал тілді қолдану тиісті тілдік орта болған кезде оқу жағдайынан тыс болуы мүмкін. Барлық осы мүмкіндіктер, жағдайлар мен жағдайларды ескермеудің жарқын мысалы: бір кездері АҚШ пен Батыс Еуропада кедей көп балалы иммигранттардың отбасыларынан шыққан балаларды зерттеу нәтижелері бойынша қалыптасқан екі тілділік кезіндегі баланың танымдық дамуының баяулауы туралы мәлімет. Бұл нәтижелерді балаларға қажетті көңіл бөлінетін көп жағынан ауқатты және дамыған отбасылардағы көп тілді балалардың танымдық даму деңгейімен салыстыру табиғи түрде екі тілді балалар бірқатар танымдық мәселелерді шешуде нашар жұмыс істейді деген қорытындыға әкелді, содан кейін бұл тұжырым «жалпы екі тілділікке» таратылды. Екінші тілді меңгерудің сыни кезеңінің болуы туралы мифтің пайда болуы, ең алдымен, екінші тіл туралы «жалпы» айтылатындығымен, қай тіл туралы және оның бірінші тілмен байланысы, қандай мақсаттармен, қандай жағдайларда және қандай деңгейде анықталатындығымен

көрінеді. Екіншіден, адамдар қалыпты жағдайдан айқын, белгілі бір ауытқулар негізінде қорытынды жасауға бейім, ал олардың көру саласындағы оң мысалдар жалпы басымдықтан ерекшеленбейді, сондықтан олар әдеттегідей қабылданады. Тілді үйрену мүмкіндігі туралы аңыз-белсенді емес не белсенді кең тараған тілдерді оқытуда аударма әдістерін қолданудың ғасырлық тәжірибесінің мұрасы. Сонымен қатар, белгілі бір тілдің сипаттамалық грамматикасы тілді логикалық-рационалды талдау мен сипаттаудың өнімі ретінде және грамматика тілді қолданатын жеке тұлғаның меншігі ретінде, сөйлеу тәжірибесін өңдеудің өзіндік өнімі ретінде ерекшеленбейді [Щерба 1974].

Алайда, аталған грамматиктердің біріншісін ғана үйренуге болады, ал екінші адамды өзі дамыту керек. Бірақ бұл сұрақ туындайды: өздігінен үйренген, «дамыған» бола ала ма, басқаша айтқанда: білім дағдылар мәртебесіне ене ала ма (шолуларды қараңыз [Залевская 1999; Залевская, Медведева 2002]).

Осыған байланысты тілді білу және тілді қолдану, тілді үйрену және тілді меңгеру, тілді түсіну және тілді жаттау, сондай-ақ алғашқы тіл немесе ана тілі, бірінші тіл және басым тіл және т.б. ұғымдарын ажырату қажеттілігі айқын болады. Бұл аталған және олармен байланысты ұғымдарды ажыратудан бастап, ғылыми зерттеулер мен екі тілділікті күрделі, көптеген сұрақтар тудыратын құбылыс ретінде талқылау басталуы керек. Атап айтқанда, ең алдымен, осы немесе басқа жағдайда қандай екі тілділік туралы сөйлесетінін нақтылау қажет. Шын мәнінде, екі тілділік типологиясы мәселесі әлі шешілген жоқ. Мүмкін болатын жіктеулердің әрқайсысы белгілі бір ғылыми тәсілге сәйкес жүргізілген зерттеу мақсаттарына сәйкес, келетін салыстыру үшін белгілі бір негізге бағытталған. Бұл жерде екі тілділіктің екі түріне, атап айтқанда, екінші тілді ұйымдасқан түрде оқыту жағдайында орын алатын табиғи, оның ішінде тұрмыстық және жасанды екі

тілділікке немесе оқытуға тоқталу жеткілікті. Екі тілділіктің бұл екі түрі олардың қалыптасу жағдайлары, психикалық процестердің табиғаты және осындай процестердің соңғы өнімдері бойынша ерекшеленеді. Сонымен, қалыптасу жағдайларына қатысты табиғи билингвизм тілдік ортаның болуымен, қарым-қатынастың шексіз уақытымен, қарым-қатынастың табиғи жағдайымен, әртүрлі жағдайларда сөйлеу тәжірибесінің көптігімен сипатталады. Сонымен қатар, тілдік құбылыстарды дамытуда және мақсатты оқытуда бір жүйенің болмауы орын алады. Бұл салада кәсіби мұғалім де, арнайы оқыту әдістері де жоқ. Бұған қарама-қарсы, тілдік орта болмаған кезде, шектеулі қарым-қатынас уақыты, оқу жағдайына негізделген бағдарламалық тақырыптар аясында сөйлеу практикасы шектеулі болған кезде: тілдік құбылыстарды жүйелі түрде таныстыру, тілді оқытудың арнайы әдістерін қолданатын және студенттердің қателіктерімен жұмыс жасайтын мақсатты оқыту мен кәсіби мұғалімнің болуы.

Тілдік құбылыстарды жүйелі түрде таныстыру, мақсатты оқыту, кәсіби мұғалімнің болуы, мұғалімнің басшылығымен қателіктермен жұмыс істеу және оқытудың арнайы әдістерінің болуы сияқты екі тілді оқытудың қалыптасу жағдайында айқын көрінетін артықшылықтар болған кезде, алынған нәтижелер көп нәрсені қалайды. Бұл жағдайдың себептерінің бірі-табиғи жағдайда таным мен қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгерудегі стихиялық мотивацияның ерекшелігі, ол әр түрлі дәрежеде саналы және сырттан қабылданған ілімнің мотивациясына қарсы, маңызды, сөзсіз, бірақ соған қарамастан өте қажет емес. Табиғи жағдайларда балалық шақта екі тілді меңгеру жағдайында бұл тікелей таным мен қарым-қатынас мақсатында тілді қолдану қажеттіліктеріне байланысты стихиялық мотивация, бұл баланың барлық мүмкіндіктерін нақты өмірдегі және/немесе ойын жағдайындағы практикалық мәселелерді шешуге жұмылдыратын күшті фактор екенін атап өткен жөн.

Қостілділікті қалыптастыру шарттары мен уәждеменің ерекшелігі табиғи немесе оқыту қостілділігінде басым болатын когнитивтік процестердің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Сонымен, бірінші жағдайда сөйлеу практикасы арқылы тілді меңгеру билингвизмді оқытуда шектеулі сөйлеу тәжірибесінде кездеседі: ерікті күш-жігердің қажеттілігінің болмауы күнделікті ерікті күш-жігердің нақты қажеттілігімен көрінеді; негізінен бейсаналық талдау, синтез, салыстыру, жіктеу процестері негізінен саналы түрде жүзеге асырылатын процестерге қарсы тұрады; сөздердің мазмұнына назар аударатын отырып, сөздерді және сөйлеу модельдерін таңдаудың автоматтандырылған операцияларының басым болуы сөздерді және сөйлеу модельдерін таңдаудың автоматтандырылмаған операцияларының басым болуына қарсы; бір тілден екінші тілге ауысу «бір тілден екінші тілге аударуға қарсы; табиғи қарым-қатынас жағдайларында әлем мен екі тілдік жүйенің бейнесінің параллель (балалық шақта) қалыптасуына бірінші тіл әлемінің тілдік бейнесінде «бекітілген» әлем бейнесі болған кезде екінші тіл жүйесінің білім беру жағдайында қалыптасуы қарсы тұрады, бұл тілдік және энциклопедиялық білім сызықтары бойынша кедергі жасауға негіз береді. Ең бастысы, білім беру билингвизмі жағдайында белгілі, сөйлейтін, естілетін мағыналарға табиғи назар аудару тілдік құралдарға және олардың ресми белгілеріне назар аударуға қарсы, өйткені оқыту жағдайының өзі ең алдымен сөйлеудің дұрыстығына бағытталған.

Екі тілділіктің баланың танымдық дамуына әсері туралы мәселе жүздеген жылдар бойы талқыланып келеді, бірақ тек ХХІ ғасырдың басында бірқатар сыртқы және ішкі факторлардың өзара әрекеттесуін ескере отырып жүргізілген зерттеулердің ғылыми негізделген нәтижелері пайда болды.

Қостілділік дегеніміз – «адамның екі тілдің көмегімен қарым-қатынас жасауы» (Михайлов М.М. Двужычие. Чебоксары,

1968, 3-бет), яғни адамдардың қоғамдық өмірде ана тілімен бірге басқа да шет тілінде сөйлеу құбылысы. Ал көптілділік – екіден көп тілдерде түсінісу.

Шет тілін білуге ұмтылушылықтың саяси-әлеуметтік, психологиялық, мәдени-антропологиялық себептері бар. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, сол қоғамның сұраныстарына, талаптарына сай өмір сүретіндігі белгілі. Демек, қостілділік те адамның қоғамдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында туындайтын табиғи құбылыс екен. Бұл - қостілділіктің, көптілділіктің пайдалы жағы. Десек те, көп тіл білудің осындай пайдалы жақтарымен қатар, кері әсерін тигізетін тұстары да баршылық екен.

Балаға үйде, бала бақшада екінші тілді үйрету, баланың сөйлеу тілінің қалыптасуында қиындықтар туғызуда. Өйткені, А.Байтұрсынов ескерткендей, «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

Әдебиеттер тізімі:

- 1) «Путь в язык» Одноязычие и двуязычие С.Н.Цейтлин, М.Б.Елисеева Москва, 2011.
- 2) Залевская 1999 – Залевская А. А. Введение в психоллингвистику: учебник. М., 1999.
- 3) Залевская 2009 – Залевская А. А. Вопросы теории двуязычия: монография. Тверь, 2009. С. 144.
- 4) Залевская, Медведева 2002 – Залевская А. А., Медведева И. Л. Психоллингвистические проблемы учебного двуязычия: учебное пособие. Тверь, 2002. С. 194.
- 5) Леонтьев 1974 – Леонтьев А. А. Исследование грамматики // Основы теории речевой деятельности. М., 1974. С. 161–187.



Шапихова Меруерт Сардарбековна

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы

Музыка жетекші

АСҚАБАҚ ТҰҚЫМДАСЫ – СУ ҚАУАҚ

*«Шығармашылықтағы адам уақытпен есеп айырыспайды,
ол уақытты ұмытқан адам»*

Табиғат – адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы.

Табиғаттың бізге берген керемет сыйларының бірі – асқабақ. Асқабақ тұқымдастар бақшада өсірілетін мәдени өсімдіктер болып саналады. Бұлар - жемісі ең ірі өсімдіктерге жатады. Жемісінің салмағы 100 килограмға жететін түрлері де бар.

Бала күнімізде бірнәрсені немесе бір сөзді ұқпай қалсақ, үлкендердің «қауақ бассың ба» деген сөзін естіп жататын едік. Адамның бойындағы қасиеттеріне байланысты қауақ – миы жоқ, алжып қалған (балағаттау, әжуалау) деген мағынадағы біздің өлкеде айтылатын диалект сөздердің бірі. Ал шындығында қауақ дегеніміз не?

Ең алдымен, өзіміздің сүйікті көкөнісіміз асқабаққа тоқталайық. Асқабақтың 20-ға жуық түрі бар. Бүгінде кең қолданыстағы түрін ғылымда кәдімгі асқабақ деп атайды. Кәдімгі асқабақтың өзінің 100-ге жуық түрі бар көрінеді.

Адамдар асқабақты 5 мың жылдан бері өсіріп келеді. Асқабақтың отаны Азияның, Африканың, Американың жылы аймақтары болып табылады. Еуропаға XVI ғасырда ғана жеткен.

Көне замандарда көптеген халықтар бұл көкөністі қасиетті, киелі санаған. Мысалы, Бирманы, Таиландтың оңтүстік-батысын мекендейтін мон жұрты мен Камбоджаның негізгі халқы болып табылатын кхмерлер

асқабақты ерекше құрметтейді. Бұл халықтардың аңызы бойынша, дүниені топан су қаптағанда, бір мейірімді адам, Жаратушы иенің әмірімен, өз отбасымен бірге алып асқабақты паналап аман қалған. Кейін су тартылып, жер құрғаған соң, әлгі мейірімді кісі өзі паналаған асқабақ дәндерін егеді. Бірақ ол дәндерден асқабақ емес, адамдар өсіп шығыпты. Мондар мен кхмерлер өздерін сол асқабақ дәнінен өсіп шыққан адамдардың ұрпақтарымыз деп есептеген.

Ал, көне қытай дәстүрі бойынша, үйлену тойында жас жұбайларға асқабақтың сопақша түрі (лагенария немесе қауақ) сыйға тартылған. Бұл жас жұбайлар көп балалы болсын деген ырыммен істелген. Сондай-ақ, кейбір шығыс халықтары тазартылып, кептірілген асқабақ қабығына ақша салып, үйдің кіре берісіне қойса, ол үйге байлық шақырады деп есептеген. Енді бір халықтар асқабақ қабығын зұлым күштерден қорғану мақсатындағы жоралғыларда қолданған.

«Рухани жаңғыру» Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керек»

Н.Ә. Назарбаев

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай балабақшамыздың ауласын көркейту – көгалдандыру мақсатында балабақша қызметкерлері мен ата-аналар «70 түп

өсімдік ағашы» атты акция ұйымдастырылып ағаш отырығызу жұмыстары жүргізілді.

Түрлі өсімдік ағаштарымен қатар асқабақ тұқымдасы – жабайы қауақ (сәнқабақ) отырғызылған болатын. Шыққан қауақ өнімін кептіріп, баптап түрлі балабақшамызға керекті шығармашылық саласына арналған арнайы «Емен» талы бейнесін жасап сол талдың бұталарына сөрелер жасалып, түрлі қауақтан жасалған дидактикалық материалдарға толды және де қазақы бұрыш жасалып сол бұрышқа дастархан жайылып, үстіне қауақтан жасалған ұлттық ыдыс-аяқтар қойылды. Сонымен қатар музыка оқу қызметіне арналған түрлі аспап түрлерін жасадық.

Қауақ – асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Лагенария ғылыми атауы, ал біздің халқымыз асқабақтың бұл түрін қауақ деп атаған. Ол ежелден тропиктік, субтропиктік аймақтарда кездеседі. Қазақстанның оңтүстігінде жемісі үшін және әсемдік өсімдік ретінде қолдан өсірілетін – кәдімгі қауақ немесе ожау қауақ деген түрлері бар. *Сыр диқандарының да қолдан егіп, ұзақ уақыт күнге аударыстырып ұстап, күлге отырғызып пісірген қауағы.*

Қауақтың буынды сабағы төселмелі немесе шырмалып өседі, ұзындығы 2 – 5 м. Дөңгелек пішінді бұйра жапырақтарының сыртын түкбасқан. Жапырақ қолтығынан дара, түтік тәрізді ақ гүлдері жетіледі. Олар масақ гүлшоғырын құрайды, бір үйлі. Маусым – қыркүйек айларында гүлдеп, тамыз – қарашада жемістенеді. Піскен жеміс қабы қатаң, су өткізбейді, пішіні құмыра, алмұрт, шар, цилиндр, табақ тәрізді болады. Ал Орта Азияда ежелден қауақтың жемісін кептіріп, шақша (табакерка) жасайды. Тұқымынан жоғары калориялы тағамға қосатын май алынады, жұмсақ, иілгіш сабағынан кәрзеңке және қалпақ тоқиды.

Қауақ сәл үлкенірек және қышқылдың қалыңдығы және практикалық астам. Бөтелкелер мен саңырауқұлақтарды, шелектерді және басқа контейнерлерді жасау үшін өте ыңғайлы. Жүзімде жеміс қабығы жасыл болады. Кептіруден кейін

ол сарғыш қоңыр немесе қоңыр болады. Қауақ кептірілген және қатайтылған, уақыт жеткілікті болуы керек.

Жемісқабы ыдыс ретінде пайдаланылады, сондай-ақ одан музыкалық аспаптар, балалардың ойыншығын жасайды. *Қауақты бұрын көрмеген кісі ыдысты ілкі зергердің қолынан шыққан саз құмыра деп қалуы кәдік. Өйткені, қауақ қолдан иіп келтіргендей: бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке, қызылқоңыр, әсем дүние. Қақпағы да қауақтан ойып жасалады.*

Бұрынғы замандағы адамдар дабылдық саз аспабы көмегімен қонысын жолбарыстар шабуылынан қорғаған, тары алқаптарын қабандар таптап кетпес үшін үркіткен. Сырдария бойынша жүз жыл бұрын тұран жолбарысы өріп жүрген. Қабандар да көп болғандықтан адамдарға залал келтіріп отырған. Осы шағын аспаптың көмегімен жырқыштарды үркіткен. Ол – доңыз қауақ деп аталады. Доңыз қауақтың түрі қарапайым. Одан сүйір жағы қалдырылып, түбіне көн тері тартылады. Теріге аттың құйрығы байланған. Бұл мойынға асып жүретін шағын дабылға ұқсайды. Доңыз қауақты ұрмайды. Қолға сулы шүберек алып, жылқының құйрығын орайды да тартады. Құйрық сықырлайды. Дабылдан шыққан шиқылдаған дауыс жайсыз әрі жаман естіледі. Егер осыны жақын маңнан естіген жыртқыш қашып құтылады.

Халқымыздың қауақтан жасалған ыдыстарды кеңінен қолданғаны белгілі. Оған дәлел, кейбір деректерде әжелеріміздің қыстан аман-есен шыққандарына тәубешілік ету, отпен аластау, қауақ сындыру ғұрыптық жоралғылар жасағандығы туралы айтылған. Қыстан келетін қауіп-қатер сынған ыдыспен кетсін деп, «қауақ сынды, қайғы кетті» деп айтып, қауақтан жасалған ыдысты, болса кетік ыдысты сындырған, бәле-жала ескі жұртта қалсын деп, өздері оттан секірген, мал отарын екі оттың арасынан өткізген.

Қазіргі таңда қауақты декоративті мақсатта кеңінен қолдануға болады. Сонымен бірге халқымыздың көне аспаптарын қайта жаңғырту мақсатында да

ұлттық аспаптар жасауға пайдаланғанымыз жөн.

Әлемдік мәдениетінде қауақ туралы түсініктері мен атаулары:

Асқабақтың тағыда бір түрін қабақ немесе ожау қабақ (горлянка) деп аталатын түрі кездеседі.

Асқабақтың бұл ерекше түрі ежелгі Қытай тарихында және медицинна саласында да кездеседі. Қытай аңыздарында бірінші болып қабақты тауып және қолданған даосстық монахтар деседі. Әдепкіде қабақты таза су ішетін немесе сақтайтын ыдыс ретінде пайдаланған. Кейіннен асқабақтың бұл түрін байлық шақыратын тұмар ретінде (фен шуй) қолданған. Бұл тұмар әлі күнге дейін қолданыста бар. Қабақтың әр алуандығы

соншалықты медицина саласына да септігін тигізген. Осы күнге жеткен деректерде қабақты науқас адамның жанына қойып, теріс энергияны тартады деп ем жасаған. Қабақтың тұмар ретіндегі басты мақсаттары бұл – адамның денсаулығының нығаюы, энергиямен қуатталуы және ұзақ ғұмыр кешуі болып саналады.

Әйгілі суретшілер бұл өсімдік тұқымдасын өз туындыларында бейнелеген. Мәселен, Нидерландық суретші Питер Артсенаның – «Женщина на овощном рынке» (1567ж)

Tacinum sanitatis – Ортағасырлық медициналық салауатты өмір салты жайындағы трактатындағы суретте бейнеленген. (1390ж) Бұл туындылар арқылы қауақтың ертеден кеңінен қолданыныста болғанын дәлелдейді.



Су қауақты зерттеу жұмысының барысы

Су қауақтан жасалынған музыкалық аспаптар



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жуковский П. М.//Культурные растения и их сородичи/2 изд., Л., 1964 г.

2. Видовое разнообразие длинноплодной лагенарии (*Lagenaria siceraria* (Molina) Standl.)// Цаценко Л. В., доктор биологических наук, профессор кафедры генетики, селекции и семеноводства/Статья. Научный журнал Кубанского государственного аграрного университета, № 95(01), 2014 г. УДК 631.52:635.627

3. Анализ изображения лагенарии (*Lagenaria siceraria* (Molina) Standl.) в живописи как источник информации для истории интродукции и археогенетики культуры//Цаценко Л. В., доктор биологических наук, профессор кафедры генетики, селекции и семеноводства/Статья. Научный журнал Кубанского государственного аграрного университета, № 87(03), 2013 г. УДК 631.52:635.627



Тасимова Сания Сапаровна

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Хиуаз ауылы
МКҚК «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші*

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Біз қанша дамып, басқа өмір саласындағы жетістіктерге жетсек те, бала тәрбиесі бір сәт те назардан тыс қалмауы тиіс. Негізінен адамзат баласы шыр етіп дүниеге келгеннен кейін ата-ананың аялы алақанында, ыстық құшағында тәрбие алады. Баланың болашағы, білімі, мәдениетті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз: «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған. Баланың психикасы үйдегі көрген-білген, естіген мәліметтермен толығады. Отбасында баланың дамуы кешенді педагогикалық мақсатпен ұштасу арқылы іске асады. Тәрбие процесінің нәтижелігі көбіне оған болған педагогикалық қолдау дұрыс ұйымдастырылуына тәуелді. Иә, ата-анамен бірге тізе біріктіріп, қызмет етуші балабақша тәрбиешісі. Олай болса тәрбиешіге жүктелер міндет ата-анаға жүктелер міндетпен тең. Ата-ана мен тәрбиешілер қауымы бір-бірімен тығыз байланыс орнатса, нәтиже жоғары болары сөзсіз. Тәрбиеші ең алдымен баланы жүрегімен сүйе білсе ғана оның жасаған жұмысы жүйелі болып, ұстанған үрдісі оңды болмақ.

Ұрпақ тәрбиесі үшін аянбай еңбек етіп, жас буынға сапалы білім беріп мәдениетке, ана тілін бойтұмардай қастерлейтін адамзат болып өсуіне үлес қосу біздің басты

Адаптация у ребенка проявляется, главным образом, на психоэмоциональном уровне. Чтобы более детально и как можно объективнее судить об этом уровне, учёными специально разработан и уточнён целый ряд необходимых показателей, достаточно информативно характеризующих особенности поведения и проявление эмоций у ребенка, адаптирующегося к новому организованному коллективу, и создан эмоциональный профиль, или портрет (ЭП) ребенка, впервые поступившего в обычный детский сад. Он включает следующие показатели.

I. Отрицательные эмоции - встречаются в основном у каждого ребенка, впервые

адаптирующегося к новому организованному коллективу. Часто дети выражают свои негативные эмоции с помощью плача: от хныканья до постоянного. При ней малыш подавлен, угнетен и безучастен ко всему. Обычно дольше всех из отрицательных эмоций у ребенка держится так называемое хныканье, которым он стремится выразить протест при расставании с родителями, убегающими на работу. Не ест, не пьет, не отвечает на вопросы, не спит.

II. Страх - спутник отрицательных эмоций. Навряд ли удастся встретиться с ребенком, который не испытал его хотя бы раз, во время адаптации к детсаду. Малыш боится неизвестной обстановки и встречи с незнакомыми детьми, боится новых воспитателей, а главное, того, что Вы забудете о нем, уйдя из сада на работу. Очень часто мы сами взрослые провоцируем его страх. А этот страх - источник стресса, а приступы его можно расценивать как пусковые механизмы стрессовых реакций.

III. Гнев – вспыхивает у ребенка на фоне

стресса, который написан буквально на лице. Поэтому гнев и рождаемая им агрессия способны разгореться до состояния, как будто бы в самом ребенке заложена пороховая бочка.

IV. Положительные эмоции - противовес всем отрицательным эмоциям и чем легче адаптируется ребенок, тем раньше они проявляются, как первые ласточки, возвещающие о завершении у ребенка адаптационного процесса. Улыбка и веселый смех - главные "лекарства", одни из негативных сдвигов адаптационного периода.

V. Социальные контакты- уже в три года ребенок любит контактировать с людьми. Коммуникабельность ребенка – один из главных показателей для успешного окончания адаптационного периода. Однако в первые дни пребывания в детском саду у некоторых детей утрачивается и это свойство. Как только ребенок сумеет наладить нужные контакты в группе, все отрицательные эмоции адаптационного периода уйдут, что является важным шагом к завершению всего процесса адаптации у ребенка.

VI. Познавательная деятельность - верный "друг" всех положительных эмоций. Познавательная деятельность снижается и угасает на фоне стрессовых реакций. В три года эта деятельность тесно связана с игрой. Поэтому впервые придя в детский сад, ребенок не желает интересоваться игрушками, не хочется знакомиться со сверстниками, не задает вопросов «ПОЧЕМУ?» - познавательная деятельность его заторможена. Однако, как только вы все-таки "разбудите" его и он проснется, влияние стресса станет минимальной и со временем исчезнет совсем.

VII. Социальные навыки. Под влиянием стресса ребенок может измениться настолько, что может "растерять" все навыки самообслуживания, которыми успешно пользовался дома. Однако, по мере адаптации ребенка к условиям организованного коллектива он "вспоминает" вдруг забытые

им навыки, и при этом легко усваивая новые.

VIII. Особенности речи. У некоторых малышей на фоне стресса меняется и речь. Словарный запас малыша скудеет, при разговоре лишь употребляет младенческие или облегченные слова, что является показателем тяжелой адаптации. При легкой – речь не изменяется совсем или меняется незначительно. В любом случае, затруднено пополнение активного словарного запаса необходимое для возраста ребенка.

IX. Двигательная активность. Во время адаптационного периода редко сохраняется в пределах нормы. Ребенок может быть заторможен или наоборот, гиперактивен. Однако, не надо путать его активность, измененную в этот период - с активностью, присущей темпераменту ребенка.

X. Сон. Вначале сон отсутствует совсем, и в тихий час его не успеваешь уложить, как малыш уже сидит, всхлипывая на кровати. По мере привыкания к детсаду ребенок начинает засыпать. Но сон, наряд ли, можно назвать сном, он беспокойный. И только тогда ребенок сможет спать спокойно, когда адаптируется к детскому саду.

XI. Аппетит. Чем труднее адаптируется ребенок, тем хуже его аппетит. На фоне стресса ребенок может похудеть, но, адаптировавшись, он легко и быстро не только восстановит свой первоначальный вес, но и начнет в дальнейшем, поправляться. Первый этап подготовки детей в детский сад необходимо начинать со сбора информации о воспитанниках. Второй этап подготовки малыша к жизни в детском саду- это знакомство с педагогами и сотрудниками детского сада.

Формы этой работы:

- приглашение родителей на индивидуальные беседы в консультационные пункты детского сада, где родители могут ознакомиться с организацией жизни малышей в детском саду, режимом питания, режимом дня, с образовательной программой, с воспитанием у малышей культурно-гигиенических навыков и навыков самообслуживания, с особенностями

адаптационного периода;

- проведение совместных прогулок неорганизованных детей с детьми группы;
- открытые детские праздники;
- знакомств родителей с соответствующей литературой из библиотечного фонда детского сада.

Главное на данном этапе - это привыкание ребенка к режиму детского сада.

Основные принципы работы по адаптации детей в детском саду:

1. Тщательный подбор педагогов в формируемую группу.

2. Постепенное заполнение групп (прием 2-3 детей в неделю).

3. Неполное пребывание ребенка в начальный период адаптации (2-3 часа, даже рассмотреть возможность пребывания с мамой).

4. Гибкий режим пребывания ребенка в детском саду (свободное время прихода, дополнительные выходные дни).

5. Сохранение в первые 2-3 недели имеющихся у ребенка привычек.

6. Ежедневный контроль за состоянием здоровья, эмоциональным состоянием, аппетитом, сном ребенка в первый месяц (с этой целью на каждого ребенка заполняется "адаптационный лист").

Для совершенствования процессов адаптации в детском саду открывают группу кратковременного пребывания. Посещая такую группу, дети знакомятся с детским садом, группой, педагогами, в задачу которых входит осуществление индивидуального подхода в воспитании по отношению к детям не готовым к пребыванию в дошкольном учреждении, работа с родителями и педагогами. После посещения группы кратковременного пребывания дети легче адаптируются к дошкольному учреждению.

С помощью анкетирования родителей, воспитателей выясняются объективные условия воспитания ребенка в семье (образование родителей, их профессии, жилищные условия и т. п.), получены и другие качества личности ребенка, его интересы

и успехи в различного рода деятельности. Кроме того, составляются специальные опросные листы для беседы с родителями. Они позволяют выяснить особенности психического и физического развития ребенка (начиная с момента рождения), родителей и близких родственников, их характерологические свойства, условия жизни в семье.

Главное для ребёнка - это взрослый. От того, как взрослые подойдут к малышу в период адаптации, как смогут организовать его жизнь в группе, зависит многое в его поведении. Большое значение имеет контакт родителей с воспитателями. Родители должны рассказать воспитателю об особенностях развития ребенка, о вредных привычках, о его сне, аппетите, любимом кушанье, любимой игрушке и т.д. Воспитатель ребенка детского сада должен стать другом и советчиком в семье.

Одним из весьма популярных методик – является игровая методика адаптации. Наблюдение за детьми проводится в процессе игр со сверстниками. В них играют дети, воспитатели, родители. Используются игры трёх направлений: обучающие, познавательные, проективные.

1. Первое, и самое важное, правило – добровольное участие ребенка в предложенной игре. Заставляя, можно вызвать в ребенке чувство протеста из-за чего эффекта от игры ожидать не стоит.

2. Взрослый является непосредственным участником игры, организует и направляет игру. Своими действиями, эмоциональным общением с детьми он вовлекает их в игровую деятельность и становится как бы центром притяжения в игре и при этом совмещает две роли - участника и организатора.

3. Многократное повторение игр, которое является необходимым условием развивающего эффекта. Систематически участвуя в той или иной игре, дети начинают понимать ее содержание, лучше выполнять условия, которые создают игры для освоения и применения нового опыта.

4. Наглядный материал (определенные игрушки, различные предметы и т.д.) надо беречь, нельзя его превращать в обычный, всегда доступный. Во-первых, так он дольше сохранится, а во-вторых, этот материал долго останется для детей необычным.

5. Взрослый не должен оценивать действия ребенка словами, подбадриваниями, а дать ребенку возможность проявить, выразить себя. Он по-своему видит мир, у него есть свой взгляд на вещи. Игра строится как ролевое проигрывание основных режимных моментов, проводимых в детском саду: утренний приём детей, завтрак, прогулка, обед, дневной сон, уход домой.

Основные задачи адаптационных игр: знакомство детей и их родителей с жизнедеятельностью детского сада, выработка адаптационного стиля поведения, расширение опыта общения, формирование интереса к общению со взрослыми и детьми, устранение беспокойства, боязливости, неуверенности в себе, обучение взрослых оптимальным методам взаимодействия с ребёнком. Родители наблюдают и отмечают в ребёнке: умение подчиняться правилам поведения, уровень самостоятельности, уровень произвольности, навыки самообслуживания, умение взаимодействовать с другими детьми и взрослыми, интерес к окружающему, любопытство, преобладающие эмоции и чувства.

Адаптация к детскому саду - это сложный процесс, сопровождающийся для ребенка стрессом и другими негативными последствиями, поэтому именно в этот период любимая игрушка может сгладить процесс адаптации.

Каждый ребенок дома самостоятельно выбирал любимую игрушку, которую он должен был принести в группу. В течение 30 дней с момента поступления ребенка в группу детского сада 1 раз в день (во второй половине дня) задавались вопросы: "Нравится ли твоей игрушке в детском садике? Как она себя чувствует? Ей грустно или весело?". Все беседы с детьми проводятся индивидуально. Помимо этого, проводились

наблюдения за тем, когда дети обращаются к игрушке, как часто и в какие моменты.

На основе наблюдений за взаимодействием детей раннего возраста с любимой игрушкой были выделены следующие функции:

1. Игрушка выполняет функции психологической защиты для ребенка. В период обиды на других детей или взрослых, когда ребенку особенно необходимо, чтобы его кто-то обнял, пожалел, в такие моменты дети обращаются к любимой игрушке.

2. Любимая игрушка выполняет функции партнера по общению. В первые дни пребывания в детском саду игра, общение со сверстниками или взрослыми отсутствует из-за процесса адаптации и игрушка, принесенная из дома, является единственным давно знакомым "другом". Близость такого друга облегчает малышу переживание опасности или одиночества, даёт ощущение своей нужности и самостоятельности.

3. Игрушка выполняет функции посредника между взрослым и ребенком, помогает установить эмоционально положительный контакт с ребенком. Детям, у которых процесс адаптации к детскому саду носит продолжительный и болезненный характер в качестве предмета общения выбирают любимую игрушку.

4. Любимые игрушки детей помогают им обрести чувство "Я" и осознать свои переживания. Дети с трудной адаптацией к детсаду приписывают свое эмоциональное состояние: именно со своими зайцами, мишками и лисичками дети проигрывают и переживают все, что с ними происходит: сон, кормление, игра, ожидание родителей и так далее. Дети раннего возраста часто наделяют любимую игрушку своими чертами и "отдают" ей свои переживания.

Таким образом, введение любимой игрушки в процесс адаптации к дошкольному образовательному учреждению помогает ребенку преодолеть различные негативные переживания, свойственные детям в данный период (страх, одиночество, разлуку с

родителями, изменения обстановки и режима дня). Ежедневное присутствие любимой и давно знакомой игрушки смягчает прохождения процесса адаптации ребенка раннего возраста к ДО и дает ребенку чувство защищенности и безопасности.

Заключение. Поступление ребенка в дошкольное образовательное учреждение сопровождается изменением окружающей

его среды, режима дня, характера питания, системы поведенческих реакций ребенка, приводит к необходимости устанавливать социальные связи, адаптироваться к новым условиям жизни и научить ребенка вступать в общение со взрослыми и детьми – важная задача при подготовке его к поступлению в детское учреждение.

Список литературы:

1. Бабенко А. Помочь ребёнку адаптироваться в детском саду. Дошкольное воспитание. - 1990.
2. Белкина В.Н., Васильева Н.Н., Елкина Н.В. и др. Дошкольник: обучение и развитие. Воспитателям и родителям. - 2001.
3. Видра Д. Детский сад с точки зрения психоанализа. Дошкольное воспитание. - 2004.
4. Воспитание и обучение детей раннего возраста: Книга для воспитателя детского сада А.М. Фонарёв, С.Л. Новосёлова, Л.И. Каплан и др. 1986.
5. Евдокимова Е. Образ взрослого в событийной картине дошкольного воспитания. Дошкольное воспитание. - 2008.
6. Елагина М. Роль оценки взрослого в развитии детей. Дошкольное воспитание. - 1988.
7. Калинина Р. Ребёнок пошёл в детский сад. К проблеме адаптации детей к условиям жизни в дошкольном учреждении. Дошкольное воспитание. - 1998.
8. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. - 2000.
9. "Социальная адаптация" детей в дошкольном учреждении Р.В. Тонковой-Ямпольской, Е. Шмидт-Кольмер, А. Атанасовой-Вуковой. Наука.



Абилова Гүлмира Тынымбайқызы

ЖШС «А-Айя» балабақшасы
тәрбиеші

БЕРЕКЕЛІ, МЕРЕКЕЛІ ЖОМАРТ КҮЗ

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, ойындарда өз күштерін сынап көруге ынталандыру. Балалардың ән салу, тақпақтарды мәнерлеп айта білу қабілеттерін арттыру. Күз туралы алған білімдерін толықтыру, табиғат өзгерістеріне мән беруге және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: Көкөністер мен жемістері бар себеттер, 2 бәңке, қолшатырлар, жапырақтар.

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар билеп кіреді.

Тәрбиеші: Келді міне алтын күз,

Сары шашты жарқын жүз.

Мол өнімді ісімен

Таңдандырып халқын күз.

Армысыздар ағайын! Сәлеметсіздерме, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі берекелі де ырысты алтын күз құрметіне арналған
мерекемізді бастаймыз.

Саида: Жеміс-жидек піскенде,

Мал жайлаудан түскенде,

Жиын теріп болғанда,

Қамбаға астық толғанда,

Жаз қызығы өткенде,

Құстар қайтып кеткенде,

Күн қысқарып батқанда,

Түн ұзап, таң атқанда

Күз келіп, той тойладық,

Қыстың қамын ойладық.

С.Нұрәлі: Бір-біріне жер,аспан

Мейірлене қарасқан

Жүріп кетсе комбайн

Бункер толы дән дайын

Машиналар асыққан

Төкпей-шашпай тасып дән,

Берекелі алтын күз

Ұмытпаймыз салтын біз.

Адия: Жомарт күздің біздерге,

Берерін алып, шашпайық.

Алтын күз тойын сіздерге,

Өлеңменен бастайық.

Ән: Алтын күз

Нұрасыл: Жаздағыдай балалар,

Далада көп жүрмейді.

Еңбекшілер егіннен,

Дем алуды білмейді.

Санжар: Күшігім күзде көңілсіз,

Әуілдеп көп үрмейді.

Тастап бірақ күзетін,

Тығылып үйге кірмейді.

Т.Нұрасыл: Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді,
Жемістерді жинауға,
Шақырады біздерді.

Ойын: Қызанақ пен қияр

Д. Нұрәлі: Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілген,
Ай жапырақ сары алтын
Айналаның бәрі алтын.
Күз кіреді, би қимылдарын жасап.

Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді.
Кел жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

Алтын күз: Алтын түске боялды,
Тау мен қырқа дала, тұз.
Келдім міне ортаңа,
Менің атым Алтын күз.

Тәрбиеші: Қош келдің Алтын күз! Төрлет

Алтын күз: Сәлеметсіздер ме балалар, иә, мен Алтын күзбін. Қараңдаршы, айналаның бәрін алтын түске бояп та қойдым. Балалар: Рахмет саған, Алтын күз!

Тәрбиеші: Алтын күз, балалардың өзіңе арнаған тақпақтарын, әндерін, билерін тамашала. Ән: Сәлем, Алтын күз!

Кәусар: Қайтқан құсты көрдіңбе,
Қаптай ұшқан әуелеп
Күткен күзім келдіңбе
Сыңсып бағың әуелеп.

Райяна: Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштықта
Қап-қап бидай алдық біз

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Өнімді уақытында жинап үлгердік. Көкөніс пен жемістер адамға өте пайдалы. Сондықтан қазір біз көкөністерден салат, жемістерден тосап жасап, қысқа басып тастаймыз.

Ойын: Тосап пен салат

Алтын күз: Рахмет, балалар, өнеріне
Ризамын өнершіл ореніме.

Ал, енді мен сендерге әкелген жұмбақтарымды жасырайын.

Аспай піскен,

Табаны суды сүйеді,

Қайнамай түскен. (жеміс)

Қабағы күнге күйеді (Күріш)

Бақшада өседі

Аспаннан домалап

Көп өнім береді. (көкөніс)

Көп моншақ төгілді (Жаңбыр)

Қызыл, сары кемелер

Су бетінде қалқиды

Соқса егер салқын жел,

Ырғалады, толқыды. (жапырақтар)

Би: Күзгі вальс

Ибрахим: Қайтқан құсты көрдіңбе,

Қаптай ұшқан әуелеп

Күткен күзім келдіңбе

Сыңсып бағың әуелеп.

Нұрислам: Күн жауады тоқтау көрмей
Маңғазданып мақтауға ермей.

Сезім: Тарғыл тау да үндемейді,
Жаусын жаңбыр күнде мейлі.

Жауса жауа берсінші деп
Сары дала жатты-ау көлбей.

Балаларға жаңбыр өзі
-Қол шатырсыз жүрме,- дейді.

Ән-би: Веселый зонтик

Мансур: Еңбек қызып қырларда

Бидай толы қырманға

Алтын таулар секілді

Сап-сары боп тұрғанда

Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп

Алтын күз: Менің қолшатырым жай қолшатыр емес, сиқырлы қолшатыр.

Балалар, осы қолшатырмен ойын ойнайықшы.

Ойын: Тосын сый

Алтын күз: Балалар, шеңбер болып тұрайық. Билейміз, музыка біткенде отырамыз көзімізді жұмып. Мен қолшатырмен бір баланы жабамын. Мен 1,2,3 дегенде, қолшатырдың астында кім жасырырғанын айтасыңдар.

Тәрбиеші: Қандай тосын сый! Рахмет, сізге Алтын күз!

Алтын күз: Керемет! Балақайлар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болып қалыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар!

Келесі кездескенше!

Тәрбиеші: Балалар, Алтын күзге рахмет айтайық! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

Балалар Алтын күзбен қоштасады. Музыка ойнап Алтын күз шығып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар, қонақтар, бүгін біз күз мерекесіне арналған «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізді аяқтағалы отырмыз. Берекелі, мерекелі жомарт күз сыйлаған сыйы әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын. Еліміз аман болып, заманымыз тыныш болсын. Ертеңгілігімізді «Балдырған әні» атты әнімен аяқтайық.

Тәрбиеші: Балдырған әні! балалармен орындалады.



Оразова Зульфия Сериковна

«№2 Туберкулез ауруынан сауықтыру балабақшасы»

мемлекеттік мекемесі

Тәрбиеші

МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАН ПЕДАГОГІМІН (ЭССЕ)

*Елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында .
Н.Ә. Назарбаев.*

Адамның өзіне өзі қоятын және оған жауап іздейтін сұрақтары болады. Мен үшін де мұндай сұрақтың бірі – тәрбиеші деген кім? Аты айтып тұрғандай тәрбиеші - жаңа өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге тәрбие бере алатын адам. Ол қандай болу керек?

Ол ең бірінші мейірімді болу керек, өйткені ол – ұстаз, ол - ана. Мейірімді ана ол ешқашан өз баласына да, өзгенің баласына да жамандық жасамайды. Себебі, бала мейірімге бөленіп, еш нәрсеге алаңдамай еркін өседі.

Әр бала - отбасы мен балабақшаның дәнекері, ең бастысы біздің қоғамның дамытушы болашағы. Сондықтан да қазіргі заман педагогінің мақсаты жас ұрпақты заман талабына сай етіп тәрбиелеу болып табылады. Педагог ретінде баланы жан-жақты тәрбиелеу үшін ең бастысы педагог ізденімпаз, жаңашыл, шығармашыл, ақпараттық технологияларды меңгерген болуы керек. Кішкене бүлдіршіндердің тілін тауып сөйлесу де үлкен өнер. Олар айтылған ақпаратты есте сақтағыш, қоршаған ортаны білуге, тануға өте құмар келеді.

Мен әрбір өткізілген оқу қызметтерімде балалардың «бүгін не көрсетер екен немесе қандай ойын ойнаймыз» деген қызығушылықпен қарап отырғанын сеземін. Баламен бала тілінде сөйлесу арқылы да көптеген жетістіктерге жетуге болады.

Тәрбиешінің әрбір өткізген оқу қызметінде таңдалған ойындар, жасақталған тапсырмалары жасына сай дұрыс таңдалса, оқу қызметінің жоспары жас ерекшелігіне сай құрылса, онда баланың оқуға, үйренуге деген ынта жігері артары сөзсіз.

Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой- өрісін, тіл байлығын, ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында Монтессори элементтерін пайдалана отырып, ойынға қажетті құралдарды табиғи материалдардан жасап, дидактикалық, дамытушылық, үлестірмелі ойын түрлерімен ұйымдастырамын. Себебі ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, дыбыстарды ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, орындауға үйренеді. Күнделікті қолданатын кір қыстырғыштар, баклашка қақпақтары және тағы да басқа табиғи материалдардан қолжетімді, әрі қауіпсіз ойын түрлерін жасап қолданамын. Бала өз іс-әрекетін қай жерде жасаймын десе де құқылы, жерде отырып сурет саламын десе, партаға отырғызып қинамау керек. Сондықтан да Монтессоридің ұраны «өзім жасауыма көмектес» болып табылады.

Балалардың шығармашылығын, қызығушылығын, сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын

арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Өйткені оқу қызметінде ең маңыздысы қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер.

Өз сұрауыма Ж. Аймауытовтың «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытатын нәрседе бір жаңашылдық болу керек», – деген

сөзінен жауап таптым. Неге десеңіз, әр бала балабақшаға келгенде жаңа білім алып шығуымен қатар, өзінің де белгісіз бір қырларын танытуы тиіс. Сонда ғана оқу қызметі қойылған мақсатына жетеді. Әрбір жаңашыл педагог өзінің шығармашылық әрекетінде дәстүрлі стильден алшақтап, үнемі жаңашыл ойындар мен идеялар жетегінде жүрсе, білім сапасының жақсара түсетіні сөзсіз.



Асанова Мирамкуль Жаксылыковна

Қызылорда қаласы,
№4 «Қуаныш» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ
тәрбиеші

ОТ ДОС ПА, ҚАС ПА?

ББС: Денсаулық

ҰОҚ: Қауіпсіз мінез-құлық негіздері

ҰОҚ мақсаты: Өз өмірлерін қорғай білуге үйренеді. Балалар оттың пайдасы мен зиянын ажырата біледі. Өрт сөндіру кезіндегі қажетті құралдар мен өрттің шығуына себепкер заттарды атай алады. Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін және одан сақтану жолдарын түсінеді.

Әдіс-тәсілдер: 4К моделі (командамен жұмыс, креативтілік, коммуникативтілік), жұптық тапсырма, Бала үні, жаппай бақылау, тікелей бақылау, саралау (өнім арқылы), «Миға шабуыл» әдісі, Рефлексия, кері байланыс, «бағдаршам» әдісі, «Бармақпен бағалау» әдісі, «Буклет» әдісі, «Аялдама» әдісі, «Ашық микрофон» әдісі.

Ресурстар: Смайликтер, акт, виртуальды көмекші от бейнесі, өрт сөндірушінің, өрт сөндіруші машинаның бейнесін құрайтын фазл суреттер, текшелер, оттың пайдасы мен зиянын білдіретін суретті карточкалар, буклет парақшалары, баулар, микрофон, суретті текшелер, сіріңке қорабы, тәттілер.

Кіріспе

Сәлемдесу. Саламатсыңдар ма, балалар!

- Сәлеметсіз бе! Здравствуйте!

Good morning!

- Балалар, бүгін көңіл-күйлерің қалай?

- Керемет!

- Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар, бүгін оқу қызметіміз күнделікті оқу қызметімізден ерекше болғалы тұр.

- Қане барлығымыз көзімізді жұмайықшы. (жанған оттың дыбысы естіледі)

- Бұл не болды екен? Осы кезде

виртуальды көмекші от бейнесі қонаққа келеді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?

- Мені танысыңдар ма?

- Танимыз. Сен отсың.

- Мен жайлы не білесіңдер?

- От бізге жылу береді. Отжарық береді.

- Ендеше, балалар, бүгін біз қауіпсіз мінез-құлық негіздері оқу қызметінде оттың пайдасы мен зияны туралы әңгімелейтін боламыз. Олай болса ең алдымен топтарға бірігейік.

«Өрт сөндірушілер» құрылымдалған ойын

I топ: «Өрт сөндірушілер»

II топ: «Өрт сөндіретін машина»

1-тапсырма: «Сәйкестендір»

құрылымдалған ойыны

Жұптық жұмыс. «Бағдаршам» әдісі

Бұл тапсырма жұптық яғни екі балаға ортақ беріледі. Бір бала ақ парақтың қызыл дөңгелекшер үстіне оттың зиянын бейнеленген карточкаларды қойып шықса, екінші бала жасыл дөңгелекшелер үстіне оттың пайдасы бейнеленген карточканы орналастырады.

- Балалар қане маған өз жұмысын қай жұп әңгімелеп береді.

- Мен оттың пайдасын білдіретін карточкаларды қойып шықтым. Мына карточкалардан оттың жылу беретінін, оттың жарық беретінін, зымыран аспанға көтерілу үшін от қажет екенін бейнелейтін карточкаларды қойдым.

- Ал мен оттың зиянын білдіретін карточкаларды қойып шықтым. Мен онда орманда ағаштың өртеніп жатқаны,

көліктің өртеніп жатқаны, үтіктен от шығып жатқаны, үйдің өртеніп жатқан суреттері бейнеленген карточкаларды қойдым.

- Ой жарайсыңдар, балалар, сендер тапсырманы өте жақсы орындадыңдар.

- Тақтада бағдаршам түсіне байланысты жолақтар орналасқан.

тапсырманы «өте жақсы» түсінген балалар кәртішкелерінді бағдаршамның қызыл түсіне, тапсырманы «жақсы» түсінген балалар бағдаршамның сары түсіне, тапсырманы орташа түсінген балалар бағдаршамның жасыл түсіне.

- орналастырыңдар.

2- тапсырма. «Буклет жаса» педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Топтық жұмыс. «Аялдама» әдісі

Балалар, алдарыңа буклеттің парақтары, баулары беріледі ең алдымен буклетті бауларды өткізіп жасап аламыз. Үстелдің үстіне әртүрлі суреттер таратамын.

- «Өрт сөндірушілер» тобы суреттер арасынан өрт сөндірушіге қажетті заттар мен өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін білдіретін суреттерді буклеттеріне жапсырып, сол топтың топ жетекшісі әңгімелейді.

- Ал «Өрт сөндіретін машина» тобы суреттер арасынан өрт кезіндегі сақтанудың реттілігін білдіретін суреттерді және өрттің шығуына себепкер болатын заттарды жасаған буклеттеріне жапсырады және ол суреттерді неге таңдағанын түсіндіреді.

- Қанекей, «Өрт сөндірушілер» топ жетекшісі Мақсат топтың жасаған буклетін «Өрт сөндіретін машина» тобына жұмыстарын таныстырады.

- Мұнда біз «Өрт сөндірушілер» тобы парақшалардан бауларды өткізу арқылы буклет жасадық. Буклетке өрт сөндірушіге қажетті заттар мен өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін білдіретін суреттерді жапсырдық.

- Бірінші бетке өртке қажетті заттарды жапсырдық. Өртке қажетті құралдарға су құятын шелек, күрек, ауа қысымына толтырылған өрт сөндіргіш құрал, өрт сөндірушінің бас киімі, саты, балта керек.

- Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін

білдіретін суреттерге балаларға шырпыны ұстауға болмайтынын, шырпыны ұстаса өрт болуы мүмкін деп көрсеткен, ал мына суретте электр құрылғысын ұстауға болмайтынын қауіпті екені көрсетілген. Келесі бетке газ плитасының үстіне ойыншық тастамау керек екені жайлы сурет жапсырдық. Ал мына суретте үйде шырша жанында мерекелік отшашулар жағуға болмайтынын ескерткен. От адам өміріне өте қауіпті. Сондықтан оттан сақ болу үшін қауіпсіздік ережесін сақтауымыз қажет.

- «Өрт сөндіретін машина» топ жетекшісі: Айару өз тобының жасаған жұмыстарын «Өрт сөндірушілер» тобына түсіндіреді. - Ал біздің топ парақшаларды баулар арқылы жалғап буклет жасады.

- Біз ең алдымен буклеттің бірінші бетіне өрттің шығуына себепкер болатын заттардың: оған сіріңке, балауыз шам, жанар- жағармай, жарылғыш заттар, бенгаль оттары, шырша шамдары, мерекелік отшашулар, бақылаусыз қалған электр құралдары: үтік, шәйнек, шашкептіргіш, газ плитасы суретін жапсырдық. Келесі бетіне өрт кезіндегі сақтанудың реттілігін білдіретін суреттерді жапсырып шықтық. Өрт болған жағдайда ең алдымен 101-ге телефон шалып, жедел қызмет операторына өзіміздің аты – жөніміз бен мекен – жайымызды айтуымыз керек. Одан кейін егер үйдің ішінде өрт болып жатса, тығылып отырмай еңбектеп, тез сыртқа шығу керек өйткені төменгі жақта түтін азырақ болады – деп, біз бұл суретті келесі бетке орналастырдық. Сонан кейін түтіндеу кезінде түтіннен тұншығып қалмас үшін, мұрынды ылғал шүберекпен басып, сыртқа шыққан соң көршілерден көмек сұрау керек екені жайлы суретті жапсырып шықтық.

Құрылымдалған ойын: «Тілші»

Мақсаты: балалар сұрақтарға толық жауап бере алады.

Тілші: - Оттың қандай пайдасы бар?

Бала: - От бізге жылу, жарық береді.

Тілші: - Оттың қандай зияны бар?

Бала: - Оттың адамдарға, ағаштарға, жан-жануарларға зияны бар.

Тілші: - Өрт кезіндегі өрт сөндірушінің құралдарына не жатады?

Тілші: - өрт кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін білесіңдер?

Тілші: - Қандай заттардан өрт шығуы мүмкін?

Виртуальды көмекші:

- Балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнадыңдар! Оқу қызметінде тапсырмаларды керемет орындадыңдар.

- Ал мынау не, балалар?

- Сіріңке

- Мұнымен сендерге ойнауға бола ма?

- Болмайды.

- Дұрыс айтасыңдар!

- Қорытынды: Балалар, бүгін сендер оқу қызметінде жақсы жауап бердіңдер. Сендер осы сыйға лайықсыңдар! Ал ішін ашып көрелікші! Ой, керемет, іші тола сіріңке емес, тәтті кәмпиттер екен! Сондықтан барлығыңа тәттілер таратамын.





Кульбаева Гульмира Абдуатовна

Түркістан облысы әдістемелік орталығы

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бөлімі

Бөлім басшысы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ, СӨЙЛЕУ, ЕС, ҚИЯЛ ҮРДІСТЕРІНІҢ ДАМУЫ

Мектепке дейінгі кезеңде қабылдау өзінің алғашқы эффективті сипатын жоя бастайды. Қабылдау мағыналы, мақсатқа бағытталған, талдаулы бола бастайды. Бақылау, қарау, ізденіс сияқты ерікті әрекеттер бөлінеді. Осы кезеңде сөйлеу қабылдаудың дамуына маңызды қалыптасады. Бала әртүрлі объектілер және олардың арасындағы қатынастардың сапаларын, белгілерін, жағдайларын белсенді түрде қолдана бастайды. Құбылыстар мен заттардың қасиеттерін айта отырып, ол өзіне сол қасиеттерді бөліп алады, заттарды атап, олардың басқалардан қандай айырмашылығы бар екендігін бөліп ажырата алады.

Ойлаудың негізгі түрі көрнекі образдық болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың ойлауы образды ойлауда болады, себебі, ол әлі үлкендердің пайымдау логикасын меңгермеген. Бала ойы туралы Л.Ф.Обухованың экспериментінде жан-жақты қарастырылады.

Білім алу балалар ойлауын дамытудың міндетті шарты болып табылады. Жалпы білімнің бірсыпырасын балалар тікелей үлкендерден, ал өзгерулерін үлкендердің жетекшілігі және бағыттауы арқылы өз бақылаулары мен іс-әрекетінің тәжірибесінен алады. Білім қорының біраз артуы бұл кезеңде әлі ойлаудың дамуын түсіндіре алмайды. Білімді игерудің өзі ойлаудың нәтижесі болып табылатын ойлау міндеттерін шешетін іс екендігінде.

Ойлау баланың дамуына, оның таным әрекетіне, үзіліссіз өрістеп, кеңейіне

байланысты болады. Баланың жасы өскен сайын мәселені өз бетімен ойлап, шешуі кеңейеді. Бірақ әрекеті икемсіз болады. Ересектер тобынан бастап, практикалық әрекет арқылы сөзді қабылдау жүзеге аса бастайды. Әрекетті басқа жолмен құрудың өзі мәселенің шешімін табуға көмектеседі.

Мектепке дейінгі баланың ойлауының мынадай ерекшеліктері болады.

- 5 жастағы балада мәселені шешу күні бұрын ойланған сөздік формада беріледі.

- соған байланысты баланың орындайтын әрекетінің мәні өзгереді.

- әр түрлі жағдайдың әсер етуінен ойлау үрдісінің мәні өзгереді.

- көрнекілік амалдық ойлау жоққа шығарылмайды, жоғалып та кетпейді. Ол балада жинақталып тұрған қор сияқты болып қала береді.

Баланың ойлауының дамуына түрлі іс-әрекеттер де әсер етеді. Іс-әрекеттің түрлері ойын, оқу, еңбек әр түрлі формадағы белгілі бір мақсат пен міндеттерге бағытталып отырады. Мысалы баланың ойлау қабілетін дамыту үшін түрлі ережесі мен шарттары бар дидактикалық ойынды ұйымдастырудың маңызы зор. Сондықтан аяна-аналар мен тәрбиешілер ойынды тиісті талаптарға сай ұйымдастырып, басшылық жасай білуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі баланың сөйлеу үрдісінің дамуы

Психологтардың айтуы бойынша, бала қай тілде қарым-қатынас жасаса сол тіл шын мәнінде бала үшін ана тіліне айналады. Алдымен сөйлеудің дыбыстық жағы

дамиды. Мектепке дейінгі кезеңнің соңында контексті сөйлеуге көшуге мүмкіндік болады. Бала тілдің грамматикалық жағын меңгеріп, үлкен сөздік қорын игереді. Ол оған оқып берген мәтінді қайталап айтып беруіне, суреттеменің мазмұнын баяндауға, айналасындағылармен көргенін, алған әсерін ұғынықты тілмен жеткізуіне мүмкіндік береді.

Жалпы мектепке дейінгі кезеңде бала үлкендерге тиісті, ауызша сөйлеудің барлық түрін меңгереді.

Монологты сөйлеу, әңгіме айту дағдысы қалыптасады. Ол үлкендерге тек көргенін жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар сол нәрсеге байланысты өз алған әсерін де жеткізе біледі. Құрбыларымен қарым-қатынас кезінде диалогты сөйлеуі дамиды.

Эгоцентрикалық сөйлеу балаға әрекеттерін жоспарлап, жүйелеуге көмектеседі. Бала алдағы әрекеттің жоспарын құрып, міндеттерін орындау тәсілін талқылайды, сөздердің жаңа формаларын қолдану, ашық түрде айту, осы кезеңдегі балалардың қарым-қатынасының жаңа міндеттеріне байланысты.

6 жасқа келгенде баланың сөйлеуі жоғары сатыға көтеріліп, сөздік қорының саны күрделеніп, өз ана тіліндегі сөйлеудің негізгі ерекшеліктерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгілердің тілді меңгерудегі ең негізгі ерекшелігі дұрыс сөйлеу ережесін жаттап отырмайды, ешқандай теорияға мән бермейді, зат есім, сын есім, жалғау, жұрнақтан бейхабар болады. Мектеп жасына дейінгі балалар күнделікті сөйлеуді өзінің айналасындағылармен қарым-қатынас кезінде үлкендерге еліктей отырып, үйренеді. Сондықтан да баламен қарым-қатынас жасағанда дұрыс сөйлесіп, түсінікті тілде жауаптар қайтарған жөн. Осы жаста баланың актив сөзінен пассив сөзі басым болады.

Бала сөзді естігені бойынша айтады. Баланың тілдік қабілетін жетілдіруде тәрбиешінің рөлі ерекше. Мысалы бала тәрбиешінің әр сөзінің ырғағы (интонациясы) мен мәнерін (дикциясына) еліктеп сөзді қайталайды. Бала 7 жасқа келгенде үлкендермен қарым-қатынасының

нәтижесінде ситуациялық сөзді меңгереді.

Ситуациялық сөз дегеніміз өзара әңгімелесіп отырған адамдардың өздеріне ғана түсінікті, ал сырттан келгендер бұл жағдайды түсінбейтін түсініксіз сөз.

Бала тілін дамыту үшін жұмбақ шешу, ертегі айту, тақпақ жаттатудың маңызы зор. Бала 5 жастан бастап, әңгіменің мазмұнын өз бетінше құрастырып, айтып бере алады, соның нәтижесінде диалогты және монологты сөздік қоры дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балалар ең алдымен дауысты дыбыстарды, сонан соң дауыссыз, үнді, қатаң, ұяң дыбыстарды меңгереді. Бұл кезде балаға -з, -м, -ж, -е, -ш, -с; сияқты ашық дауыссыз дыбыстарды ызылдап, ысылдап, ышылдап айтылатын дыбыстарды айту қиындыққа түседі. Осы кезде -р дыбысын -л, -г немесе и дыбысымен ауыстырып айтады. Шамамен алғанда баланың сөздік қоры 2 жаста 300-400, 3 жасында 1000-1500, 4 жаста 1600-1800, 5 жасында 2000-2200, 6 жасында 3400-5000 ға дейін болады.

Алғашқы кезде баланың сөзінде зат есім көп болады. Кейіннен есімдіктер мен етістіктер және тағы басқа сөз таптарын қолдана бастайды.

Тілдік материалдар негізінде байланысты сөйлеу ішкі сөйлеумен тығыз байланыста болады. 5 жастағы балалардың ойы тілдің қозғалуы мен еріннің жыбырлауы және өз ойын сыбырлап сөйлеуі арқылы жүзеге асады. Өйткені адам өзінің ойының мазмұнын жақсы біледі.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі баланың ес үрдісінің ерекшелігі

Мектепке дейінгі кезеңдегі балада ес үрдісінің дамуы айқындалып, біршама күрделенгендігі байқалады. 3-4 жастан бастап бала қоршаған ортамен жан-жақты танысып, ойын қарапайым еңбек іс-әрекеттерімен шұғылдана бастайды. Осының нәтижесінде балада есте сақтаудың арнайы тәсілдерін пайдаланбай-ақ, іс-әрекеттің орындалу барысында байқаусызда материал бала есінде өздігінен ырықсыз түрде сақталып отырады.

Мектеп жасына дейінгі кезең бала есінің ырықсыздығымен ерекшеленеді. Балалар өз

өмірінде ерекше әсер етіп көңіл аударғанын және өзін қызықтырған құбылысты ғана есінде жақсы сақтайды. Осы кезеңде балада есте сақтау үшін алдына арнайы мақсат қойылады. 4 жастан бастап ырықты түрде есте сақтау жүзеге аса бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде бала тек механикалық түрде есте сақтайды деу қате түсінік. Себебі бала да өзіне қажетті материалды есінде сақтау үшін одан нені талап етіп отыр, нені еске сақтау керек, соны түсінуге тырысады. Ал егер сол материалдың мән-мағынасын түсінбесе, түсіну қиынға соқса ғана бала механикалық түрде жаттау арқылы есте сақтауға тырысады.

Мектепке дейінгі кезеңде сөз-логикалық естің дамуы баяу жүзеге асады. Бұл кезде көрнекі бейнелік, эмоциялық сезімдік естің маңызы зор.

Неғұрлым баланың заттармен құбылыстарға зер салып көңіл қою ынтасы ерекше болса, соғұрлым ырықсыз есте сақтауы айқын жүзеге асады да, барлық ынта ықыласымен зейін қояды. Заттың бейнесі, оның түсі баланы қызықтыратындай ерекше болса, оны жақсы қабылдап есінде жақсы жаңғырта алады. Балаға әңгіменің мазмұнын тек сөз жүзінде айтып берсең, ондағы бейнелерді сипаттау түрінде есінде сақтайды.

Балаға әңгімені мән мағынасыз тек бір ырғақпен оқып бергеннен гөрі, әр кейіпкердің мінез-құлқын, қимылын, эмоциялық көңіл-күйін мәніне келтіріп, интонациясымен оқып, айтып берсең, есінде жақсы сақтайды.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда, бала өз жас ерекшелігіне сәйкес түсінуге жеңіл, күнделікті көріп, тұрмыста пайдаланып жүрген заттарды, естіп жүрген мән мағынасы ұқсас сөздерді есіне жақсы сақтайды.

Ересектер тобындағы балалардың ес үрдісінің дамуы әлі де болса ырықсыз, пассивтік сипатта өтеді. Бала өткенді есіне түсіріп, қайта жаңғырту үшін де ең негізгілерін іріктеп, көз алдына елестетуге әрекет жасамайды.

Іс-әрекетті есте сақтауды құрастыру, сурет салу, ойнау, еңбек әрекетін орындау барысында ертегі, әңгімелерді тыңдау негізінде жүзеге асырып отырады.

Бала есте сақтау мен қайта жаңғырту тәсілдерін үлкендерден үйренеді. Мысалы тапсырма беріп отырып, оны белгілі бір уақыт аралығында қайта жаңғыртуды талап етеді немесе бір нәрсені сұрап отырып, оқиғаның желісін баланың есіне түсіру үшін жетекші бағыттаушы сұрақтар қояды.

Есте сақтауды үйретудің ең қарапайым тәсілі қайталау және баланың ерікті есте сақтауын дамыту үшін көргенін естігенін өз сөзімен әңгімелеп айтып берудің өзі материалдың баланың есінде берік сақтауы үшін маңызы зор.

Зерттеу жұмыстары бойынша 3 және 7 жасқа дейінгілердің есінің дамуының 3 дәрежесін анықтаған.

I дәрежесіне тән сипат: бала есіне сақтау мен еске түсіру үшін арнайы мақсат қоймайды.

II дәрежесінде: балада есіне сақтау ешқандай арнайы тәсілдерді пайдаланбай-ақ жүзеге асады.

III дәрежесінде балада есте сақтау, қайта жаңғырту үшін арнайы әдіс-тәсілдерді пайдаланып, есте сақтау мақсатты түрде жүзеге асады.

Есте сақтаудың осы 2-ші және 3-ші дәрежелеріне бала 6 жасқа келгенде жетеді.

Қорыта келгенде, есті дамытудың әр түрлі жолдары бар. Негізінде ес мидың жұмыс істеу қабілеттілігін көрсетеді, өйткені ес үрдісі арқылы әр түрлі материал есте сақталып, кейін қайтадан жаңғыртады. Есте сақтау мен еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады, әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде жақсы сақтайды, оның басты себебі бар, ол зейіннің шоғырлануында.

Әдебиеттер тізімі:

1.) «Балалар психологиясы» Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова.



Жүсіпова Қалдыгүл Әбдіғапарқызы



Ертайқызы Индира

Қызылорда қаласы білім бөлімінің №4 «Қуаныш» санаториялық
бөбекжай балабақшасы КММ-сі тәрбиешілері
тәрбиеленушісі ЖАРАС ЖАНТӨРЕ

АЛМА – ДӘРУМЕНДЕРГЕ БАЙ ЖЕМІС

“АЛМА -ДӘРУМЕНДЕРГЕ БАЙ ЖЕМІС” атты ғылыми жобасына пікір

Жараса Жантөре бойында шығармашыл, зерек, алғыр, дарындылығы басым ересек «Мұрагер» тобының тәрбиеленушісі. Өзін бағалауы, түрлі білім салаларына танымдық қызығушылығы, коммуникативтік дағдылары және адамгершілік қасиеттері мол. Жантөре әр оқу қызметінде өзінің алған әсерін тәрбиешісі, ата-анасы, достарымен бөліскенді ұнатады. Жарас Жантөре ғылыми жоба барысында «Алма-дәруменге бай жеміс» тақырыбын таңдады. «АЛМА-дәрумендерге бай жеміс» Ғылыми жобасы барысында Жарас Жантөре алға қойған мақсаттарын толығымен орындады. Жоба барысында алманың түрілерімен, оның қасиеттерімен танысып және адам ағзасына пайдасы жайлы жан – жақты талдап қарастырып, қызығушылығы арта түсті.

Жантөренің білімге деген қызығушылығы арта түсті, сонымен бірге шығармашылық қабілеті дами түсті. Зерттеу барысында Жантөре осы алманың пайдасы және емдік қасиеттерінен басқа біз білмейтін қырларын ашып зерттеу жұмыстарын жасап, тәжірибе жасаумен қатар Алма жемісінен түрлі ас дайындаланатынын білді.



Алма

МАҚСАТЫ: Бірлесіп жұмыс жасау мақсатында баланың қабілетін, бейімділігін, талабы мен дарындылығын дамыту. Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру. Таныс материалдармен эксперимент жасап, себеп-салдар байланыстарын орната білуге үйрету. Алма жемісі жайлы ұғымдарын кеңейту, тәжірибе жинақтау үшін жан – жақты ізденуге ұмтылу; Адам денсаулығына маңыздылығын анықтау; Алма құрамындағы дәрумендермен танысу; Тәжірибе жасау арқылы алманың ғажайып қасиеттерін анықтай отырып білім толықтыру, іздену. Таңдап алған жұмыстарымызды үлкен нәтижеге жеткізуге жауапкершілікпен қарауға баулу, жұмысты талдай білуге үйрену.

Зерттеудің міндеттері:

1. - тәжірибелік әрекетте зерттеу нәтижелерін белсенді қолдану; - салыстыру негізін-

де заттарды: , пішіні, түсі , құрамы, тығыздығы бойынша топтастыру

2. Алманың түрлері, ерекшеліктері жайлы білімді тереңдету.

I. КІРІСПЕ.



Бүгінгі жұмысымның нәтижесі оқу қызметтерінде зерттеу орталықтарында алмаға тәжірибе жұмыстарын жүргізіп, қызығушылығым артып, алма жайлы жан-жақты зерттеп, тәжірибе жұмыстарын жасауға кірістім.



Алма (лат. *malus*) — раушангүл тұқымдасына жататын, өте кең тараған ағаштарының жемісі. Табиғи алманың жер шарында бізге 36 түрі белгілі, олардың

10-12-сінің шаруашылықтық маңызы бар. Қазақстанда, негізінен, Сиверс алмасы, Недзвецкий, қырғыз алмасы өседі. Алманың жаздық, күздік, қыстық сұрыптары бар. Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20—100 жыл, биіктігі 4—10 м болады. 3—12 жылда жеміс береді, әр гектардан шамамен 100—300 ц өнім алынады. Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді. Тұқымынан көбейту бұлама алуда және селекцияда қолданылады. Алманы көбейту кейде ұластыру арқылы да жүзеге асады.



Алма жемісі тасымалдауға, сақтауға жарамды, тағамдық заттарға бай, дәмді келеді, әрі жақсы өңделеді. Алма құрамында 83—88 % су, 7,5—16 % қант, 0,2—0,8 % қышқыл, 9,5—18,5 % құрғақ қалдық, 0,28—1,0 % илік заттар, А, В1, В2, В6, С, РР витаминдері, көптеген минералды заттар бар. Шырынынан шарап, сусын дайындалады, жемісін емдік дәрі ретінде де, адам организмін ауыр металл заттардан тазалауға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданады.

II НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстанда алманың 40-тан астам сұрыптары аудандастырылған, оның 20-сын (Салтанат, Іле, Алатау шапағы, Алматы т.б.) қазақ селекционерлері өсіріп шығарған. Алманың түрлері. Жаздық түрі. 1. Анис бархатный (Атырау), 2. Белый налив (Алматы, Жамбыл) 3. Июльское (Алматы, Шымкент, Орал), 4. Мальт багаевский (Орал, Атырау) 5. Уралец (Орал), 6. Мельба (Алматы, Жамбыл, Қызылорда) Күздік түрі. 1. Бороновика (Орал, Атырау), 2. Слова победителям (Алматы, Талдықорған),

3. Салтанат (Қазақстан), 4. Словянка (Орал, Семей) 5. Ракет Бурхардта (Семей, Ақтөбе), 6. Ракет Казакстанский, 7. Осенняя радость (Северо востого Казакстан), 8. Октябрьское (Орал, Атырау). 9. Пенин шафранный (Семей, Орал). Күздік-қыстық түрі. 1. Бельфлер (Алматы), 2. Зоря Алатау (Қазақстан), 3. Апорт (Алматы)

АЛМАНЫҢ ПАЙДАСЫ

Ал ең бастысы алма темірге бай жеміс. темір әсіресе көкалманың құрамында өте көп мөлшерде болады.

Медицинада да балалар мен әйелдерге қан аздығының алдын алуға алманың пайдасы өте көпалма күйік шалған, сынған немесе жұқпалы ауруға шалдыққан адамдардың ағзасының қайта қалыптасуына шипалы. Сондай-ақ буындарды бекітіп, ісікті қайтарады. Көлемі жағынан үлкен сұрыпты алманың құрамындағы йод көлемі бананға қарағанда көп алманы күнделікті жеген адамның қанындағы глюкоза мөлшері баяу көтерілетінін айтады. Яғни, алма қант диабетінмен ауратын науқастарға да пайдалануға болатын тағамдардың бірі екенін білдіреді. Сондықтан алма ревматизм, ұмытшақтық жіне басқа ауруларды емдеуге өте пайдалы. Алманың құрамында дәрімендер мен басқа да заттар

көздің көруін, тері, тырнақ, шаштың өсуін жақсартып, нерв жүйесінің ауруларын алдын алуға қолданылады. Алманы пайдалану қан қысымының төмендеуі мен қан тамыр жүйесінің аурулары кезде жақсы әсер етеді. Алманың құрамындағы заттар организмнің темірді сіңіруіне жақсы әсер етеді.

Диетологтар алманың құрамындағы жасуықтың көп болуы колит (тоқішектің талаурап, қабынып ауруы) ауруының пайда болуына әкеліп соқтыруы және асқазан-ішек жолдарының жұмысына зиян тигізуі әбден мүмкін екендігін айтады.

Екіншіден, құрамындағы жеміс қышқылының шамадан тыс көптігі асқазандағы жараны ұлғайтып жіберу қаупі бар.

Үшіншіден, алманың қышқылы тістің эмалына қатты әсер етеді, яғни оны жұқартып, тісті сезімтал етіп шығарады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Өз тәжірибемде алманың көптеген пайдасын білдім, сондықтан – да алманы тұрақты түрде жейтін адамның терісі мен ағзасындағы зиянкес микробтар жойылады. Болашақта мен өскенде Қызылорда қаласының алма бақтарын көйбейтуге, адамның денсаулығын сақтауға ат салысқым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сайт: Google
2. Сұрақ – жауап энциклопедиясы С. Пакер, Б. Уильямс “Алматыкітап” баспасы 2012 ж
3. “Расцвет земли казахстанской” Д. Кунаев



Қалбергенова Нұргүл Батырханқызы

Қызылорда қаласы

«Сыр жұлдызы» бөбекжай балабақшасы

сурдопедагог

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ҚҰЛАҒЫ НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЕМДІК ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі кездегі білім беру мен тәрбие мазмұнының кеңеюіне, түрленуіне байланысты оқыту мен дамыту, тәрбиелеу мәселелерінің аспектісінің өзектілігі анық байқалуда. Білім беру мазмұнының негізгі бөлшегі дамыта оқыту мектепке дейінгі кезеңде және мектептегі білім беру мен тәрбиелеу ісінде кеңінен қолданылуда. 70-80-ші жылдардағы дамыта оқытудың ғылыми негіздері А.В. Запорожец, П.Я. Гальперин, Л.А. Венгердің зерттеулерінде анық байқалады [1,2]. Мектепке дейінгі білім беруді тұрақтандыру мен дамытудағы басты мақсаттар көрсетілген. Солардың ішінде баланың денсаулығын физикалық және психикалық бағытта сақтау мен нығайту, эмоционалдық көңіл-күйінің жағдайын жақсарту, басқа адамдармен қарым – қатынасқа түсудегі қабілеттіліктерін дамыту, коммуникативтік қабілет, шығармашылық қабілетті дамыту баса айтылады. Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда дизартрия тіл кемшілігі анықталған балаларды мектеп бағдарламасының материалдарын толық меңгеруіне көмек көрсету ісі қолға алынған. Сондықтан да есту кемшілігі анықталған балаларды тексеру жұмыстары мен зерттеу қазіргі білім беру жағдайында өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тақырыптың өзектілігі негізгі үш фактор бойынша анықталады. Бірінші фактор – аталған сөйлеу тіліндегі кемшіліктің мектепке дейінгі жастағы балалар арасында жиі кездесуі, екінші факторы – кемшіліктің түрлерін шетелдік және отандық білім

берудің деңгейінде мейлінше интеграциялау арқылы концептуалдық бағдарлау процесін ұйымдастыру, үшінші факторы – баланың жеке дамуының қалыптасуына болжам жасау, бағыт – бағдар беру, қазіргі заман талабына сай оқыту мен білім беруді қамтамасыз ету мұғалімнің басты мақсаты болып отыр. Осы кезеңдегі ең негізгісі – сөйлеу тіліндегі кемшілігі бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және баланы психологиялық – педагогикалық зерттеу жұмыстары арқылы қоршаған ортамен араласуға бейімдеу. Қандай да болмасын білімді игеру білім беру саласындағы нақты жүйені меңгеру ғана емес, тұлғаның ішкі дүниесінің дамуын қамтамасыз етеді. Адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз етуші құрал – тіл. Сөйлеудің физиологиялық ерекшеліктері туралы зерттелген мәселелер мазмұнында ғылыми тұрғыда дәлелденген И.П.Павловтың екінші сигналдық жүйе арқылы адам тіл арқылы қоршаған ортаны таниды, қоғамға араласады [3]. Білім беру үрдісіндегі балабақша түлегіне білім мен оның жетістігін игерту қарым – қатынас құралы – сөйлеу тілінің көмегімен жүзеге асырылады. Сөйлеу тілін дамыту жүйесіндегі негізгі жағдайлар алға қойылған мақсат-міндеттерді шешуге қажетті үйлесімді деңгейдегі педагогикалық – психологиялық жағымды жағдайларды туғызу болып табылады. Сөйлеудің қарым- қатынастар бірлігіндегі қалыптасатын қоғамдық мәселе

ретінде қарастырылғанымен, әлі де болса зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі қоғамдық дамудың барысы педагогикалық үрдістегі қарама – қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету жұмыстарының мазмұны психологиялық - педагогикалық тұрғыдағы анықталған әдіс – тәсілдердің көмегімен, арнаулы логопедиялық жұмыстардың мазмұнымен, қажет жағдайларда медициналық көмектің біртұтас бірлігі арқылы шешіледі. Сөйлеу тілінде кездесетін түрлі дәрежедегі кемшіліктер бала тұлғасының дамуына кедергі келтіретіндігін есепке алып, қажетті білім мен іскерлікті, дағдыны игертудің тиімді жолдарын қарастыруымыз керек. Сөйлеу қызметінің кемшілігі құлағы нашар еститін балалармен жалпы сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін есепке алып, сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық жағдайларды логопедиялық жұмыстармен байланыстырып орындауға болатыны анықталған. Соның ішінде массажбен емдеу жолы қазіргі таңда кеңінен танылып жүрген тәсілдердің бірі.

Сипалау. Бұл әрбір процедура басталатын міндетті тәсіл. Оны басқа да тәсілдермен кезектестіреді және онымен әр массаж кешенін бітіреді. Тәсілдің мәні келесідей: сипалау кезінде қанайналым күшейеді, бұлшықет тонусы төмендейді, тыныс алу реттеледі. Логопедиялық массажда негізінен сипалаудың үш тәсілі қолданылады. Бұл беткейлік, тереңдетілген және көмекші тәсіл ретінде ескектік сипалау.

Беткейлік сипалау. Беттің және артикуляциялық бұлшықеттің тонусын төмендету үшін қолданылады. Орындау техникасы: қолдың буынымен (алақан) сипалау арқылы терінің беткейімен сырғып, оны жай ғана түртіп өтеді. Қолдың терімен түйісуі жұмсақ болуы керек, оның орындалуы қызару сияқты тері-тамырлық реакциялар бермеу керек. Беткейлік сипалауды ақырындап ептілікпен жасау керек.

Жалпы қамтылатын массаж. Орталық жүйке жүйесіне қозғыштық әсер етеді. Орындау техникасы: қолдың алақаны тығыз

және тегістей беттің немесе мойынның массаждалатын бөлігіне тиіп, барлық анатомиялық контур бойынша сырғиды. Сипалаушы қозғалыстар мұндай кезде үздіксіз және баяу жүреді.

Ескек тәрізді сипалау. Бұл тәсіл негізінен бастың түкті бөлігіне қолданылады. Орындау техникасы: орындаған кезде саусақтар кеңейтіліп ашылады [2,5].

Уқалау. Бұл тәсіл шағын шектеулі бөліктерде, жеке бұлшықет топтарының бөлшектерінде жүргізіледі. Массаждалатын ауданға белгілі бір күш түсірумен жасалынып, ұлпалардың созылуы жүреді. Мұндайда қанайналым күшейеді, ұлпалардағы зат алмасу процесстері жақсарады, бұлшықеттердің тонусы жоғарылайды. Орындау техникасы: уқалауды сұқ саусақтың және ортаңғы саусақтың немесе бас бармақпен орындауға, саусақтарды қысып жасауға болады. Қозғалыс тура және спираль тәрізді бағытта жүреді [2,5].

Ширату. Бұл тәсіл уқалау сияқты жеке бұлшықет топтарында жүргізіледі. Ширату бұлшықет жұмысын максималды түрде белсендіреді. Ол ұлпаларды қамту, бұру, қысу, шымшу, уқалау арқылы жүргізіледі. Ширату кезінде бұлшықет тонусы жоғарылайды, олардың жиырылу қызметі күшейеді. Орындау техникасы: ширатуды басбармақтың немесе сұқ саусақпен жүргізеді [2,5].

Вибрация және шайқау. Вибрация ұлпаішілік алмасуды өзгертеді, ұлпалардың қоректенуін жақсартады. Қатты вибрация бұлшықеттердің тонусын жоғарылатады, ал әлсіз – төмендетеді. Шайқауды май жасунықтары аз, нервтер шығатын жерлердегі беттің аймақтарында жасайды (маңдай, төменгі жақ,). Орындау техникасы: вибрация бір, екі немесе барлық саусақтармен жүргізіледі, мұндайда ұлпаларға әр түрлі жиілікті тербелмелі қозғалыстар әсер етеді. Шайқауды сұқ саусақтың және ортаңғы саусақтың көмегімен жүргізеді, бұл қозғалыс қарқынды ұру сияқты көрінеді. [2, 5]

Тығыздап басу. Бұл тәсіл қанайналымды, лимфаайналымды, зат алмасу процестерін

жақсартады, нерв шоқтарының шығатын жерлерінде қолданылады. Бұл биологиялық белсенді нүктелер. Осы жерлерді тығыздап басып, сипалау қажет [2, 5] .

1 саты- бетке арналған массаж:

Бетке арналған массаждың өзінің бағыты болады:

1. Қастан бастап шаш сызығына дейін.
2. Маңдайдан иекке дейін
3. Көздің ішкі бөлігін айнала қабаққа дейін және дәл солай кейін қарай қайталау
4. Мұрын ұштарынан иек бөліктеріне дейін
5. Еріннің бұрыштарынан құлақ қалқанына дейін айналдыра жасау
6. Иектен бастап құлаққа дейін
7. Алдыңғы мойынана төменнен жоғары қарай кейін жоғарыдан төмен қарай және дәл осылай екі қапталына дейін жасау

1. Сипалауды қолдану әдісі

Жуамын, жуамын

Қасымды ысқылап

Жуамын, жуамын

Маңдайды сабындап

Осы тақпақ арқылы массажды жасауды бастаймыз. Бірінші, қастан бастап маңдай сызығына дейін төрт саусақ арылы, содан кейін шаш сызығының бойымен қолымыздың алақан бөлігімен төрт саусағымызбен жасаймыз. Осы араларды төменнен жоғары, жоғарыдан төмен қарай сипалау арқылы массаж жасалады.

Көздің ішкі бөлігін айнала қабаққа дейін және дәл солай кейін қарай сипалау массажы жаңағы маңдай сызығынан қас ойымен төмен келе көз бұлшықетінің ішкі бөлігінен айналдыра, төршінші және үшінші саусақ арқылы әлсіз сипалау арқылы уқалайды.

Еріннің бұлшықеттерін сипалау арқылы уқалау. 2-3 саусақтарымыздың жастықшалырмен оң және сол қолдарымызбен алма кезек жасаймыз. Ерніміздің тұсындағы бұлшықеттерді сипалау керек. Оны екінші саусағымыз еріннің үстінде, ал үшінші саусақ еріннің астында, осылай саусақтар еріннің бұрышында жолығады. Осы бұрыштан құлақ қалқанына дейін жалғасып кетеді.

Иекті сипалау. Қолымыздың алақан бетімен, саусақтарының арасы ашық күйінде иек пен ерінді ұстайды. Екінші саусақ жоғарғы ерінде, үшінші саусақ иектің шұңғылын, ал төрт пен бесінші саусақ иектің астында сәл бүгінкі қалпында құлақ қалқаншасына дейін барады.

Мойынның және иектің алдыңғы бөліктерін сипалау арқылы уқалау. Қолдың алақан бөлігімен саусақтардың ұштары сәл бүгінкі қалпымен төменнен жоғарыдан төмен қарай жасалынады.

2. Ысқылауды қолдану әдісі

Жуамын, жуамын

Маңдайды сабындап,

Жуамын, жуамын

Мұрнымның ұшынан

Иекке жеткенше

Содан сон су барып

Құлаққа жеткенше

Айнала жуамын

Маңдай бұлшықеттерін екінші және үшінші саусақ жастықшасымен ысқылау арқылы орындау. Қалған мұрын, ерін, иек бөліктерін уқалау екінші және бесінші саусақтарымыз арқылы орындалады. Кейде бірінші саусақтың жастықшасымен қосып жасауымызға да болады. Осы қимылды 3 не 5 рет қайталау.

3. Ширатуды қолдану әдісі

Бетіміз лас болып

Ұялып қалмайық

Тағы да бір жуып

Ширатып алайық

Екінші және бірінші саусақ жастықшаларының көмегімен(қалған саусақтар жұдырықтап жұмулы) төменгі мұрын мен ерін аралығына майда шымшу арқылы жоғары қарай көтеріледі. 2-3 рет қайталап орындайды.

Вибрация және шайқау. Дірілдетуді вибрацияны бір саусақпен немесе бірнеше саусақпен бір орынға қадап жасайды.

Діріл үздіксіз және үздік-үздік болып екіге бөлінеді.Үзіліссіз дірілдеткен кезде массаж жасаушы адам қолын тканымен бір сәтке де ажыратпайды,ал үздік-үздік дірілдетіу кезінде қолын денеден бір

мезгіл ажыратып тынықтырып отрады. Бұл тәсілді массаж жасап отырған қолды бір орыннан ауыстырмай немесе бұлшық ет талшықтарының таралу бағытымен тік не көлденең бағытта қозғалта отырып орындауға болады. Тканьнің жоғарғы бетін ғана немесе оның тереңірек бетін дірілдетеді. Екінші саусағымызбен бір нүкені дірілдете шайқау арқылы орындалады. Бұл массаж түрін еріннің жоғарғы бұрышы мен екі бұрышын дірілдете отырып, астыңғы ерінге де, төменгі ерінге де жасау.

Осы массаждардан кейін мимикалық 1-2 жаттығуларды жасап жіберген тиімді болады [60].

2 саты- тілге арналған массаж:

Жуамын, жуамын

Тісімді ысқылап
Жуамын, жуамын
Қалмасын тісте қақ.
Тілім қалып қоймағын
Ұйықтатып алғансын
Жұмысқа тез кіріссін
Жуынды балаңыз
Анашым қараңыз.

Тілге массаждың 3 түрін қолдануға болады:

1. Сипалау
2. Ширату
3. Вибрация

Массажды сипалаумен аяқтау керек.
кесте2

Артикуляциялық аппараттың
динамикалық бірлестіктерінің қозғалысы

Тапсырма құрылымы	Орындалуы
Барлық тапсырмаларды көп рет қайталау керек, тапсырманы орындағаннан кейін біріккен қозғалыс функциясын сөйлеу барысында зерттеу. 1. Тісін қайрау, тілін шығару, аузын кең ашу	Ескеру: дұрыс орындады; бір қозғалысты екінші қозғалыстың басуының көрінуі, бір қималда тоқтап қалуы, қозғалысты шатастыру, қозғалыстың біркелкілігінің бұзылуы, тілдің қатаюы, тілдің дірілдеуі, тілді дұрыс қозғалта алмайды, бір артикуляциялық жаттығудан екіншісіне оңай көшеді
2. Аузын кең ашу, тілді жоғарғы тіске және төменгі тіске көтеріп, ұстап тұру.	Ескеру: дұрыс орындады; бір қозғалысты екінші қозғалыстың басуының көрінуі, бір қималда тоқтап қалуы, қозғалысты шатастыру, қозғалыстың біркелкілігінің бұзылуы, тілдің қатаюы, тілдің дірілдеуі, тілді дұрыс қозғалта алмайды, бір артикуляциялық жаттығудан екіншісіне оңай көшеді
3. Жалпақ тілді астыңғы ерінге қою, тілді кесеге ұқсатып көтеру, оны ауызға кіргізу	Ескеру: дұрыс орындады; бір қозғалысты екінші қозғалыстың басуының көрінуі, бір қималда тоқтап қалуы, қозғалысты шатастыру, қозғалыстың біркелкілігінің бұзылуы, тілдің қатаюы, тілдің дірілдеуі, тілді дұрыс қозғалта алмайды, бір артикуляциялық жаттығудан екіншісіне оңай көшеді
4. Ауызды кең ашу, ерінді жымиту, түтікше жасау	Ескеру: дұрыс орындады; бір қозғалысты екінші қозғалыстың басуының көрінуі, бір қималда тоқтап қалуы, қозғалысты шатастыру, қозғалыстың біркелкілігінің бұзылуы, тілдің қатаюы, тілдің дірілдеуі, тілді дұрыс қозғалта алмайды, бір артикуляциялық жаттығудан екіншісіне оңай көшеді
5. Ауызды кең ашу, жартылай және оны толық жабуын сұрау	Ескеру: дұрыс орындады; бір қозғалысты екінші қозғалыстың басуының көрінуі, бір қималда тоқтап қалуы, қозғалысты шатастыру, қозғалыстың біркелкілігінің бұзылуы, тілдің қатаюы, тілдің дірілдеуі, тілді дұрыс қозғалта алмайды, бір артикуляциялық жаттығудан екіншісіне оңай көшеді
6. Келесі буындарды бірнеше рет қайталау. А-И-У; У-И-А; КА-ПА-ТА; ПА-КА-ТА; ПЛА-ПЛУ-ПЛО; РАЛ-ЛАР-ТАР-ТАЛ; СКЛА-ВЗМА-ЗДРА	Ескеру: буындарды дұрыс айтты, буындарды бір-бірімен шатастырады, буындары анық шықпайды, аузына су толып тұрған секілді айтады

Осы жұмысты қорытындылай келе, рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың ойлау қабілеті мен біліміне байланысты.

Осы орайда егеменді еліміздің арнайы білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде бағыт-бағдар ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Адамның дамуы күрделі және үздіксіз мәселе екенін айтыс тудырмайды. Дизартрик балалардың сөйлеу тілінің бастапқы негізін қалыптастыру логопедтің шығармашылығына тікелей байланысты.

Жүргізілген зерттеу зерттеу нәтижелері

бірқатар ұсыныс жасауға мүмкіндік берді: Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балаларға жүргізілетін емдік сауықтыру жұмыс ретінде логопедиялық массажды тәрбиешілерде күнделікті сабақ жоспарына енгізе отырып, жүйелі қолдану.

Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық қырларын түбегейлі шешіп, қарастыру мүмкін емес, келешекте мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балаларға емдік сауықтыру шараларының мәні мен маңызын ашу, сол тұрғыда логопедиялық массажды қолдану барысын дербес зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Запорожец А. В., Маркова Т. А. *Воспитание и обучение в детском саду.* – М.: Педагогика, 1999. – 558 с.
2. Төребаева К.Ж., Балтымова М.Р. *Логопедия негіздері. Оқуқұралы.* – Ақтөбе, 2011. – 248 б.
3. Төребаева К.Ж., Балтымова М.Р. *Арнайы педагогика. Оқуқұралы.* – Ақтөбе, 2011. – 300 б.
4. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. *Логопедия. Оқулық.* – Алматы, 2011. – 648б.
5. Өмірбекова Қ.Қ., Өмірбекова С.Ж. *Фонетикасы және фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы.* – Алматы, 2004. – Б.- 64,156.
6. Ермекбаева Л.К., Нығметова Қ.Н. *Баланың мектепке психологиялық дайындығын айқындау.* – Алматы, 2005. – 177б
7. Волковой Л.С. *Логопедия.* – Москва, 2004.
8. Винарская Е.Н., Пулатов А.М. *Дизартрия и ее топико – диагностическое значение в клинике очаговых поражений мозга.* – Ташкент, 2003. – 415б.
9. Архипова Е. Ф. *Өшіріледі дизартрия.- М., 2006. - Б.-87. Пак ЧжэВу. Триначальная Улыбка медитация.* – М.: Академия Улыбки, 2004.- С. 80.
10. Ғылыми – әдістемелік журнал.//Дефектология. 2010,3. №3,40 б.



Тайгараева Гулайым Базаргалиевна

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы
«№2 Туберкулез ауруынан сауықтыру балабақшасы» ММ
Әдіскер, тәрбиеші

МЕНИҢ КӘСІБИ ҰСТАНЫМЫМ

*Ақыл қайда болса, ұлылық сонда болады, білім қайда болса, біліктілік сонда болады.
Жүсіп Баласұғын*

XXI ғасыр-қарқынды даму ғасыры. Таңқаларлық техника, дамыған білім биігіндегі мемлекеттер ғасыры. Алайда ол болашаққа қандай нәтижелермен қадам жасайды? Бұл мәселелерден біз тыс қала алмаймыз. Елді еңселі ертеңімен жалғастыратын алтын көпір-жас ұрпақ. Жас ұрпақты білімді де білікті етіп, болашақта еліне, жеріне адал қызмет ететіндей тәрбие мен білім беру біздің басты мақсат міндетіміз деп есептеймін. Шындығында мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін абзал жандар. «Мұғалім мамндығы-барлық мамандықтың анасы» деп дәл тауып айтқан. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Сондықтан да жас ұрпақты жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны аяулы ұстаздар деп білемін. Иә, ғалым да, ел қорғаған батыр да, тіліне бал тамған ақындар да, тегеуріне темір балқытқан жұмысшы да, егін еккен дихан да, мал бағып терін төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан білім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Ұстаз-таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз-ақылдың тозбайтұғын

асылы. Ұстаз-Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз-ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы. Қиындығы да, қызығы да жетерлік ең бастысы-жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету екені ақиқат. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген. Сондықтан басқа мамандық иелерінің баршасы да ұстаздарға борыштар деп ойлаймын. Менің түсінігімде ұстаз-рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі-жылы, көңілі-дарқан адам. Ұстаздан дәріс алмаған адам қазір жер бетінде жоқ десе де болар. Бұл мамандық сондықтан да киелі. Жан-Жак Руссооның «Ұстаз болу-өз уақытыңды аямау, басқаның уақытын аялау» деген нақыл сөзі бекер айтылмаса керек. Мен ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды өз

жүрегімнің қалауымен таңдадым.

«Бала жүрегі-кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек»-деп, М.Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. Балабақша балаларының кейбірі аңғалдығымен, кейбірі шынайы бейнелерімен, тіпті олар адамды алдауды білмейтін періштелер. Олармен жұмыс жасау барысында қызықты күндерім көп болды деп қуанышпен айта аламын. Балалармен кез келген ойын барысында, оқу қызметі барысында жалпы қандай іс-қимыл жасасаңда шынайылық болғанда жұмыстың оң баға беріп, нәтижелі боларына сөзсіз сенімім мол.

Балабақшада балалардың ата-аналарымен педагогтер тығыз байланыста болғанда ғана, жасалған жұмыс өз нәтижесін берері анық. Сол нәтиже арқылы «Бала-Тәрбиеші-Ата-ана» ұғымы қалыптасады. Осы үштік одақ бірлесе отырып, тығыз байланыста жұмыс жасаса онда біздер педагогтер қауымы болашағы жарқын, өз елін, жерін сүйетін, нағыз патриот балалар тәрбиелеп шығатынымызға сенемін. Тәрбиеші өз тобындағы баланы жақсы білуі тиіс, әрбір баланың жеке қасиеттерін ұғыну арқылы баланы әрі қарай дамытып, тәрбиелеу арқылы оған

сеніммен қарай отырып, тұлға дайындап шығарары сөзсіз. Ойын барысында да, кез келген оқу қызметінде баланың үні естуге болады. Балалар бір-бірімен байланыс жасау арқылы, тілдері дамыса, кез келген байланыста олардың қажеттіліктері артады. Олар ойын ашық айтуға дағдыланады, бұл дегеніміз олардың есеюі мен білім жолында аса маңызды болып есептеледі.

Мен бұл мамандықты таңдағаным ешқандай өкінбеймін. Бұлай дейтін себебім егер өз ісінді жақсы көріп, соған шын ниетінді қойып, әрбір жасаған қимылыңа, ісіңе жауапкершілікпен қарап жасасаң әрқашан да нәтижеге, биік шыңдарға жетуге болатынын сеніммен айтуға болады. Оларды балабақшаға келген сәттен бастап дұрыс тәрбиелей алсақ, ол тәрбиені олар ұғынып өз бойларына дарыта білсе, ары қарай жалғастыра алса тәрбиешіге одан асқан бақыт бар ма?

Сөзімді қорыта келе алға қойған мақсатым, мектепке дейінгі балаларды жан-жақты дамытып, болашағы жарқын бүлдіршіндер тәрбиелеп, мектепке дайын, әрі қарай жалғастырып алып кететін тұлға дайындап беру деп ойлаймын. Әрқашан да осы бүлдіршіндеріміз биік шыңдардан көрініп, балабақшада берілген тәрбие мен білімдерін жалғастыра отырып елін, жерін, Отанын сүйетін азаматтар мен азаматшалар өсе берсе екен тілегім бар.



Сахариева Бакыт Дуйсеновна

Шығыс Қазақстан облысы

«Жарма ауданы білім бөлімі» ММ-сінің әдіскері

ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұны жаңарған сайын, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану, дәстүрден тыс ойын-сабақтарды ұйымдастыру - бүгінгі күннің басты талабы. Заман талабына сай бала денсаулығын нығайту және қорғау еліміздің даму стратегиясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі саласының бірі – «Денсаулық» деп белгіленген. Денсаулық - адамның көңіл-күйі, қимыл белсенділігі, табиғаттың ерекше сыйы. Мектепке дейінгі мекемелерде жас ерекшеліктеріне сай сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы бала денсаулығын нығайту бағытында арнайы бекітілген жоспар бойыша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ күнделікті:

- Күн тәртібін бұлжытпай орындау;
- Жылу және жарық тәртібін сақтау;
- Санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау;
- Оқу іс-әрекетін жүйелі жүргізу;
- Физикалық жүктемені сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Ғалымдар «Денсаулық тұлғаның барлық мүмкіндіктерінің ашылуының шарты болып табылады, ол баланың жас кезінен бастап қаншалықты денсаулығын сақтауға бейімделген және салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастырғанына байланысты»- деп қарастырады. Бала денсаулығының негізгі көрсеткішінің бірі- дұрыс тамақтандыруды ұйымдастыру. Бұл аурудың алдын-алуға, еңбекке, қимыл-

қозғалысының белсенділігінің артуына, физикалық дамуына, ойлау, есте сақтау қабілетінің артуына, қоршаған ортаға бейімделуге себепші. Балабақшадағы дәстүрлі дене тәрбиесі сабағының құрылымы жан-жақты дамыту жаттығуынан, негізгі қимыл және қимылды ойындардан тұрады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен тыс уақытта жүргізілетін сауықтыру-шынықтыру шараларының түрлері: спорттық эстафеталық жарыстар, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, ермектік ойындар, ауа, күн, су ванналары, нүктелік массаждар.

Баланың денсаулығын сақтау мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, сауықтыру-шынықтыру шараларына жататын дұрыс тамақтану, гигиеналық күтім, еркін дене қимылы сияқты бірқатар профилактикалық әрекеттер қолданылуы қажет. Бала ағзасының нақты өсу кезеңі мектепке дейінгі жаста болғандықтан, дене шынықтыру дағдыларына тез икемделіп, тез жетілетін кезде тәрбиелеу тиімді нәтижесін береді. Қимылды дене тәрбиесі бала ағзасының бүкіл физиологиялық механизмін нығайта, жетілдіре отырып, ауруға төтеп беруі жолында қуатты құрал бола алады. Баланы тәрбиелеудегі дене шынықтыру дағдыларына үйрету құралдарына:

- Ұйықтау мен ояу кезінде режимнің сақталуы;
- Дұрыс тамақтануы;
- Ыңғайлы киімі;
- Табиғаттың табиғи күштерін пайдалануы;
- Балалардың қимыл белсенділігі

жатады.

Дені сау бала өте қимылдағыш келеді, одан ләззат алады, қуаныш табады. Балабақшада баланың қимылы әр алуан жолмен басқарылады. Ең алдымен қимыл дербес ойын әрекетінде мүмкін болады. Сондықтан балалардың бөлмедегі, таза ауадағы сергектігін сақтауға жағдайлар жасау керек. Ол үшін еркін қимылдауына жеткілікті алаң, жасы мен дамуына сәйкес келетін жиһаз, ойыншықтар, денеге таршылық етпейтін киім қамтамасыз етілуі тиіс. Баланың табиғаты үнемі қозғалысты қажет етеді. Балабақшада атқарылатын жаттығулардың тағы бір түрі-ертеңгілік жаттығу, ұйқыдан кейінгі жаттығулар. Ертеңгілік жаттығу күнделікті дене жаттығуларынан тұрады. Тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартып, қан айналымына, бұлшық ет жүйесіне тікелей әсерін тигізеді. Жақсы таңдалған жаттығулар баланың түзу өсуіне, қазтабан болмауына, жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелейді. Ертеңгілік жаттығу таңғы ас алдында, жылдың жылы мезгілінде ойын алаңында өткізіледі. Тәрбиеші жаттығуға атрибуттар: гүлдер, ленталар, орамалдар т.б. қолданады. Атрибутпен жасалған жаттығуда баланың қимыл-қозғалысы дамиды.

Жаттығуды тәрбиеші түсіндіріп айтып тұрады немесе бастапқы қалыпты ескертеді. Дене жаттығулары және су процедуралары –шынықтыру шараларының негізі. Дене тәрбиесінде қимылды ойынның алатын ролі зор. Ойынның мақсаты - баланың денсаулығын нығайтып, қимыл-қозғалысын дамыту. Сондықтан да әртүрлі қимылды ойындарды пайдалану балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынасының нығайуына, түсіністікке оң ықпал етеді. Қимылды ойындар әртүрлі болады. Кейбір ойындар анық бір сюжетке құрылады. Мысалы: «Поезд», «Мысық пен тышқан», «Торғай мен автомобиль» ойындары; жарыс ойындар «Жалаушаны әкел», «Кім жылдам» т.с.с. Қимылды ойынды топпен немесе шағын топқа бөліп ойнатуға болады. Ойынды дұрыс таңдау өте маңызды. Ол тәрбиешінің алға қойған мақсатына байланысты. Қимылды ойындарды баланың жас мөлшеріне, жыл мезгіліне қарай таңдап алу қажет. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты оқулығында «Тәрбия төрт түрлі: дене тәрбиясы, ақыл тәрбиясы, сұлулық тәрбиясы һәм құлық тәрбиясы. Егерде адам баласына осы төрт тәрбия тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» деген екен. Ендеше дені сау, жаны таза ұрпақ тәрбиелеу басты назарымызда.

Әдебиеттер тізімі:

1. *«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы*
2. *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы*
3. *М.Жұмабаев «Педагогика» кітабы*
4. *Республикалық педагогикалық «Бала мен балабақша», «Отбасы және балабақша» журналдары.*



Нарешова Алтынай Жанбирбаевна

МКҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасының
саз жетекшісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДА ОЙНАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Сәби шақта музыкалық шығармалардың әсемдігін жүрекке жеткізе білсек, дыбыстан бала сезімнің санқырлы реңін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдармен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі. Музыкалық тәрбие-бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»

В.А. Сухомлинский.

Музыка – адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. «Ол жоқ жерде, адамның тірлігі де жоқ» деп Ю.Фучек өте тауып айтқан. Әсем ырғақты жан тербетер ән, музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып ерекше сезімге, қуанышқа бөленеді. Музыка-рухани қазына. Рухани қазынаның мөлдір бастау бұлағынан нәр ала білген бала адамгершілік пен асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өседі. Белгілі драматург, жазушы М.Әуезов «Әнге әуес, күйге құмар бала – жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деп тамаша айтса, «Туғанда дүние есігін ашады өлең» – деп Абай атамyz шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ музыка әсер ететіндігін данышпандықпен айтқан. Ең алғашқы анасының әлдіі, бесікке таянып айтқан бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті ұйқыға кетуіне ықпалы зор. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар «Шілдеhana», «Бесікке салу» т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз өтпеген. Бала өмір бойы ән ырғағына

бөленіп жүреді. Міне, осындай сыртқы ортаның әсерінен бала бойында әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады. Ана әлдіін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан-ақ балабақша есігін ашады. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады.

Эстетикалық тәрбие жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Бұл бағытта негізгі жүктеме музыкалық жанрлар, ұлы композиторлар өмірбаяны, музыкалық сауаттылық туралы балаға түсінік беретін музыка сабағы болып табылады. Балабақшада іс - әрекет ретінде музыка сабағы біріншіден өнер сабағы деп аталады. Музыка сабағының өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар музыка сабағының пәні ретінде басқа сабақтармен ұқсастығы да бар. Музыка сабағында балаларға білім беріп қана қоймай, сол алатын білімдері арқылы тәрбие жұмысын жүзеге асырамын.

Музыка сабағында музыкалық іс-

әрекетерді аспаптық музыкамен байланыстыра жүргізу жолдары тиімді әдіс-тәсілдердің бірі болып келеді. Болашақ ұрпаққа музыка сабағында инновациялық әдістер арқылы ұлттық тәлім тәрбие беруде тиімді ізденістермен әр елдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педогогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту әр ұстаз, музыка жетекшісінің міндеті екені сөзсіз.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға түрлі музыкалық аспаптарда ойнатып үйретсе, нұр үстіне нұр емес пе?..

Балалар музыкалық аспаптарын ойнау - музыкалық аспаптарды танып білуге, ойнау әдіс-тәсілдерін үйренуге, олардың тембр-лерінен ажырата білуге үйретеді. Жеңіл әндерді аспаптарда ойнап, ырғақтық бейнесін бере отырып, ойнауды меңгереді. Аспаптармен таныстыруды сабақтарда және де балалармен жеке жұмыс кезінде жүзеге асырамын. Әрбір аспап орындаудың әртүрлі тәсілдерін талап етеді, олар әрбір аспаптың құрылымына байланысты. Дыбысты ажыратудың дұрыс тәсілдерін үйрету өте маңызды. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде балалардың ырғақ сезімін дамытатын түрлі дидактикалық, қимылды ойындар ойнатамын. Ойын-мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. С.Торайғыров «Балалықтың қиялы ойын озық» – деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі және қызығуы анық байқалады. Балалардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден-бір көзі балабақшада жүргізілетін тәрбиелі іс-шаралар. Аспаптық ансамбльмен жұмыс жүргізу жұмыстары тәлім-тәрбие беруде, балалардың жеке тұлғаның музыкалық шығармашылық қабілетін арттырады. Музыкалық іс-әрекеттерге белсенділікпен қатыстыру өз бетінше ынталандыру негізінде музыкалық білімділіктері мен қабілеттерін дамыту міндеттерін жүзеге асыруды көздейді.

Ансамбль сөзінің ұғымы баршамызға түсінікті болып, тұрмысымызға сіңіп, музыка

мәдениетінің маңызды мәселесінің бірі болып отыр. Қысқартып айтар болсам, ол-қауымдық, ұжымдық, орындаушылық үлгісі.

Ансамбль-франц халқының «ensemble», яғни «бірлесу» деген сөзінен шыққан. Музыкалық тәжірибеде бұл сөздің ұғымы ену; біріншісі кез келген аспаптың бірігіп ойналуы, екінші ұғымы «жақсы» немесе «ансамбль» жоқ деп бағалайды. Оркестр-балабақшадағы музыка қызметінің ұжымдық формаларының бірі, ол жерде балалар ұжымы бірігеді, әрбір баланың өз партиясын дұрыс орындау үшін жауапкершілігі артады және ол сенімсіздігін, жасқаншақтығын жеңуге көмектеседі. Ертеңгіліктердің бағдарламасына музыка қызметінің әртүрлі түрлері кіреді, соның ішінде аспапта ойнау да бар. Мұндай мүмкіндік баланың өзіндік қызметін дамытады, оның ішкі әлемін, эмоциясын ашады және шабыттандырады. Балаларды музыкалық аспапта ойнауға баулу жөніндегі жүйелі және жоспарлы жұмыстар тек сабақтарда алған білімдерін нығайтуға ғана емес, есту қабілетін жетілдіруге, сонымен қатар балалардың дербестілігі мен шығармашылық қызметін дамытуға мүмкіндік береді. Әр топта балалар аспапта ойнайтын және осыған қатысты білімдерін бекіте алатын аймақтар бар. Балалардың барлық аспапта ойнай білгендігі және өздерін осы тұрғыдан танытқандары өте маңызды. Сабақтарда әртүрлі музыкалық аспаптарды жүйелі түрде қолдану балалардың осындай сабақтарға деген қызығушылықтарын тудырады, олардың дүниетанымын кеңейтеді, шығармашылық қызметіне ықпал етеді. Күннің II жартысында ансамбль мүшелерінің құрамымен кейде өзімізге қолайлы материалдарды пайдалану арқылы интернет желісін қарау арқылы қолдан аспаптар жасаумен де айналысамыз. Әңгімені (суретті) әртүрлі музыкалық аспаптардың қолдан жасалғандарды қосып, олардың көмегімен дыбыстаймын. Табиғи материалдардан қолдан жасалған музыкалық аспаптар: әртүрлі сыбырлақтар (әртүрлі қағаз: целлофан, пергамент, газет және т.б.); Аспаптарды дайындау кезінде

біздің білім беру саласындағы әртүрлі тапсырмаларды жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Қорытынды.

Балалардың шығармашылық қабілетін өсіре отырып, дамытуға тырысамыз.

Өсе келе олардың бойындағы табиғи дарын қабілет, талант мүмкіндіктерінің толық ашыла түсуіне бұл бастапқы жағдайдың сөзсіз әсері болатыны белгілі, өйткені бәреде бала кездегі тәрбиеден басталады. Өмір бізге қай іске үлкен жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарауды үйретеді.

Мен өзімнің тәрбиелеп отырған балалардың музыкалылығын дамыту

мен өзіндік ынта-ықыласын, санасының жетілуінің әсері мол екенін күнделікті тәжірибем арқылы көз жеткіземін. Егер балаларды бүлдіршін кезінен бастап осыған бейімдей бастасақ, мінез – құлықтарын сапалы тәрбиеден өткізген, өзіміздің педагогикалық асқақ та абыройлы мінез парызымызды өз нәтижесінде орындай алғынымыз деп ойлаймын. Еліміздің болашағын ойлай, педагог әріптестеріме мектепке дейінгі мекемелерде күн көріс көзі деп жұмыс істемей, ұрпақ болашағы үшін жауапты екенімізді әрдайым жадымызда ұстайық дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Балабақшадағы тәрбиелеу бағдарламасы» «Мектеп» 1980ж.
2. А.Райымбергенов, С.Райымбергенова. Мұрагер. Ән-күй сабағына арналған бағдарлама. 1-4 кластар. Алматы, 1994.
3. «Ән – күй жетекшісі мен тәрбиешінің бірлескен жұмысы» №1986 89-90ж.
4. Мектеп жасына дейінгі мекемелердің музыка жетекшілеріне арналған көмекші құрал (3 – 6 жас) – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013ж
5. Н.Момынұлы «Музыкалық-эстетикалық тәрбие» Алматы 2000ж.
6. Т.Сарыбаева. Г.Абдрахманова «Музыка- дидактикалық ойындар». Алматыкітап баспасы 2013ж.



Раисова Лидия Зинуллаевна

МККК «Мерей» бөбекжай-балабақшасы
Тәрбиеші

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ ҮРДІСІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМУ

Аңдатпа: Іздеу, ойлау және инновация – заманауи мектепке дейінгі ұйым өмірінің талабы. Табиғатқа қамқорлықпен қарау, оны сақтаудың маңыздылығын сезіну, экологиялық мәдениетке және табиғатты қорғауға тәрбиелеу мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Балалар эксперименті – мектеп жасына дейінгі балалардың танымын дамыту әдістерінің бірі.

Түйін сөздер: Мектепке дейінгі балалық шақ

Зерттеу үрдісі

Тәжірибелік-эксперименттік әрекет

Балалық зерттеу-тәжірибелік жұмыстың маңызды ерекшелігі

Зияткерлік даму

Мектепке дейінгі балалық шақ – маңызды да жауапты кезең, себебі осы уақытта тұлғалық дамудың негіздері қалыптасады: олар – зияткерлік, эмоционалдық, коммуникативтік. Осы кезеңде танымдық әрекеттің дамуы қарқынды жүреді, ал ол тек білімдерді, біліктіліктерді, дағдыларды меңгеру үрдісі деп түсінілмей, маңыздысы ересек басшылығымен білімді іздеу және алу үрдісі деп танылады. Өз бетімен алынған білім үнемі саналы да мықты да болады. Ресей білім академияның маманы Н.А.Короткова дәлелдеуі бойынша бала әлемді өзінің әр әрекеті арқылы таниды, соның ішінде танымдық-іздеу әрекеті арқылы мектепке дейінгі жастағы бала білімге құмарлығын қанағаттандыруда заттар мен құбылыстардың арасындағы байланысты орната отырып тікелей мүмкіндік алады.

Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тиімді әдістің бірі қалыптасады – ол зерттеу әдісі. Зерттеу

үрдісінде бала тек «мен қалай оны істеймін?» деген сұраққа ғана емес, сонымен бірге «мен неге осылай істеп отырмын? Мен не үшін оны істеп отырмын? Мен нені білгім келеді? Нені нәтижесінде аламын?» – деген де сұрақтарға жауап алу қажет.

Бала жаратылысынан зерттеуші. Балалық мінез-құлығының ерекшелігі бұл білімге құмарлығы, байқампаздығы, жаңаны ашуға ұмтылысы. Ересек адамның мақсаты – өзін өзі оқыту, өзін өзі тәрбиелеу және өзін өзі дамытуды маңызды үрдістердің негізі ретінде балалардың зерттеу белсенділігін сақтауға көмектесу. Өз бетінше жасалған зерттеулер балаға көптеген сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Тәжірибелер, зерттеулер барысында алған білімдер көпке дейін есте қалады..

Бала тек бақылаушы ретінде ғана емес, өзі бәрін жасаса жұмыс жағымды нәтиже береді. Зерттеулер арқылы бала өз бетімен қаралып отырған нәрсенің себеп-салдарлық байланыстарын таба алады. Шығыс даналығы былай дейді «Бала - бұл тек толтырылған құмыра ғана емес, бұл жағуды қажет ететін от» Педагогтің міндеті - дайын білім беру емес, балада өз бетімен білім алу ынтасын

жағу, танымдық қызығушылықты дамыту. Қазіргі қоғамда болып жатырған өзгерістер білім беруде жаңа тәсілдерді іздестіруді, жаңа педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді. Мектепке дайындауда маңызды педагогикалық міндеттердің бірі – бұл универсалды (әмбебап) оқу әрекетінің алғышарттарын (танымдық, коммуникативтік, тұлғалық, реттеуші) қалыптастыру. Балаларды өз бетімен ойлау, білімді алу және пайдалану, алып отырған шешімдерін мұқият ойлап және әрекеттерін нақты жоспарлау, көлемі және бағыты түрлі топтарда тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастыру және жаңа байланыстарда ашық болу – қазіргі кезде маңызды міндеттердің бірі болып тұр.

Сондықтан да білім беруде қажетті нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін білім үрдісін ұйымдастыруда жаңа тәсілдер мен әдістерді іздестіру қажеттілігі туындап тұр. Қоршаған ортаның заңдылықтарымен құбылыстарын тануда тиімді әдістердің бірі зерттеу әдісі болып тұр. Қазіргі зерттеушілер (Савенков А. И., Иванова А. И., Куликовская И. Э., Дыбина О. В. және т.б.) зерттеу әдісін мектепке дейінгі жастағы балалармен қолдануды ұсынады. Және де балалық зерттеу әрекетінің бір бағыты – тәжірибелерді ұйымдастырып, өткізу. Зерттеу мен тәжірибелерді ҰОҚ және өз бетімен, біріккен әрекетте қолдануға болады.

Іздеу, ойлау және инновация – заманауи мектепке дейінгі ұйым өмірінің талабы. Табиғатқа қамқорлықпен қарау, оны сақтаудың маңыздылығын сезіну, экологиялық мәдениетке және табиғатты қорғауға тәрбиелеу мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Балалар эксперименті – мектеп жасына дейінгі балалардың танымын дамыту әдістерінің бірі. Тәжірибелік-эксперименттік әрекетін зерттеу және еңгізу бойынша жұмыста балалық зерттеу жұмыстың жүйесін құру, практикалық материалды құру, өз педагогикалық көзқарасты өндеу және осы бағытта жұмысты

жүйелеу және қорытындылау қажеттілігі алдында туындады.

Тәжірибелік-эксперименттік әрекет барлық әрекет түрлерін тәрбиенің барлық саласымен біріктіруге мүмкіндік береді, байқағыштықты, ақыл-ойды, әлемді тануға ұмтылысты дамытады, танымдық қабілеттілікті, ойлап табуды, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды, шығармашыл тұлғаны қалыптастырады. Ізденістік әрекет алуан түрлі және қарқынды болса, бала неғұрлым жаңа ақпарат алады және толыққанды дамиды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық дамуының маңызды әдісі - іздеу мінездемесі бар практикалық әрекет, зерттеу. Тәжірибелер – сиқырлар сияқты, ал балалар үшін – бұл ғажайып. Зерттеулер балаларға өз бетімен «Қалай?» және «Неге?» деген сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік береді. Балалық зерттеу әрекетінің әр түрінің қарқынды дамуы мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасының сәтті қалыптасуының, танымдық қызығушылығының қажетті шарты.

Зерттеу әрекет басқа әрекеттің түрлерімен тығыз байланыста.

Мысалы: математика оқу әрекетінде шеңбер мен шаршының қасиеттерін, сұйықтықтың, сусымалы заттардың мөлшерін түрлі көлемдегі сыйымдылықтарда өлшейміз.

Сурет салу оқу қызметінде – бояулармен тәжірибелер жасаймыз.

Көркем әдебиет шығармаларымен таныстыра отырып кейде ертегі немесе әңгімеде айтылған нәрсені тәжірибе арқылы тексеру керектігі туындайды.

Балалық зерттеу-тәжірибелік жұмыстың маңызды ерекшелігі балаларға зерттеп отырған объектінің түрлі жақтары, басқа объектілерімен қарым-қатынасы және тіршілік ортасы туралы түсініктер береді. Зерттеу барысында баланың еске сақтау қабілеті артады, ойлау процестері белсенеді, себебі үнемі талдау және синтез, салыстыру және топтастыру, жалпылау және экстраполяция амалдарын жасау қажеттілік туындайды.

Сонымен балалық зерттеу әрекеті балалардың зияткерлік дамуының жақсы құралы болып, баланың эмоционалдық аясына, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағымды әсер тигізеді. Осы бағыт бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің білімін жүйелеу қоршаған әлемді танудың әр түрлі қолжетімді әдістерін игеруге, танымдық

белсенділігін, білуге құмарлығын арттыруға, нысандарға, қоршаған әлемнің дамытушы ортасына жағымды қарым-қатынас жасауға, өзі туралы түсінік қалыптастыруға, қолдан жасалған әлеммен танысуға, салауатты өмір салты және түрлі жағдаяттарда қауіпсіз мінезқұлық ережелері туралы білімін нақтылауға ықпал береді.

Әдебиеттер тізімі:

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары. Алматы 2013ж.

Веракса Н.Е. диалектическое мышление и творчество // Вопросы психологии. – 1990.- №4. – 5-14.

Веракса Н.Е. особенности преобразования противоречивых проблемных ситуаций дошкольниками // Вопросы психологии. – 1981.-№3.-с. 123-127.

Власова Н.Г. игры – экспериментирование и их место в воспитательно-образовательной программе ДООУ. Информационно-методический и научно-педагогический журнал. – Приложение №4, 2001. -24-36.

Дыбина О.В. Творим, измеряем, преобразуем: занятия с дошкольниками. – М.: Сфера, 2002.- 28с.

Дыбина О.В., Рахманова Н.П., Щетинина В.В. Неизведанное рядом: Занимательные опыты и эксперименты для дошкольников // О.В.Дыбина (отв.ред). – М.:ТЦ Сфера, 2005. – 192с. (серия «Вместе с детьми»).

Ребенок в мире поиска: Программа по организации поисковой деятельности детей дошкольного возраста // Под ред. О.В.Дыбиной. – М.:ТЦ Сфера, 2005. – 64 с.(программа развития).

В. Марудова «Мектепке дейінгі жастағы балаларды қоршаған әлеммен таныстыру»



Ханатова Нургайша Мергенгалиевна

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы
Құрманғазы аудандық білім бөлімі
Мектепке дейінгі ұйымының әдіскері

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТҮРЛЕРІН ЕҢГІЗУ МДҰ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ ШАРТЫ

Замануи педагогикалық әдебиетте педагогтың кәсіби құзыреттілік бұл сәтті педагогикалық әрекетке қажетті кәсіби және тұлғалық қасиеттердің жиындығы.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйін дейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе?

Кәсіби құзыреттілікті нығайту - бұл шығармашыл жеке кәсіби қасиеттерін дамытуға, үздіксіз даму мен өздігінен жетілуді болжайтын, кәсіби тәжірибе жинауға бағытталған серпінді үдеріс. Білім беру үдерісін жаңарту жағдайында педагогтың мәртебесі, оның білім функциялары өзгереді, сонымен бірге педагогтың кәсіби педагогикалық құзыреттілігіне, кәсіби деңгейіне талаптар да өзгереді. Бүгін сұраныста шығармашыл, білікті, мектепке дейінгі жастағы баланы дамыту мен тәрбиелеу жүйесінде өз жеке әлеуетін жұмылдыруға қабілеті бар педагог. Мектепке дейінгі білім беру сапасына талаптар күшейтілгеніне байланысты әдістемелік жұмысқа деген көзқарас өзгертілді. Қазіргі таңда педагогтардың кәсіби құзыреттілігін

арттыру – әдістемелік жұмыстың басты міндеттерінің бірі. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың жаңа көзқарасы кері байланысты, қызметкерлер арасында жағымды қарым қатынас қалыптастыруды, пікірлермен ашық аламасуды қарастырады. Осы жағдайда педагогтармен ұжымдық талқылауды, нәтижені дәлелдейтін, дарындылықтың байқауын болжайтын жұмыстың интербелсенді түрлері қолданылады. Жұмыстың интербелсенді түрлерін қолдану келесі маңызды мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді: өзі білімін көтеруге ынта мен қызығушылықты белсендіру, белсенділік пен өзбеттілік деңгейін көтеру, талдау және қорытындылау дағдыларын дамыту, қарым қатынасқа деген ұмытылуды көтеру. Интерактив сөзі ағылшын тілінен келді, "interact" деген сөзден, "inter"- бұл «өзара», "act"- әрекет жасау.

Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту. Жұмыстың интербелсенді әдістері мәселесіне көп зерттеушілер үлкен назар аударған еді, соның ішінде: Л.М. Сыромятникова, К.Ю. Белая, Н.С. Голицына, А.И. Васильева және т.б. Олардың жұмысын талдау барысында осы мәселе ұйымдағы әдістемелік жұмыстың басымдылық бағытын анықтайтыны жөнінде нәтиже жасауға

болады. Жұмыстың интербелсенді түрлері МДҰ ерекше орын алып, педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктіліктерін көтеру тұтас жүйесінде маңызды бөлігі болу керек, себебі, олар педагогтың кәсіби құзыреттілігін, оның шығармашылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Әдістемелік жұмыста интербелсенді технологияларды қолдануда негізгі кезеңдерді белгілеуге болады:

1 кезең диагностикалық:

- Әрекетті белсендіру: жеке мүмкіндіктерді және әр педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін бағалау.

- Негізгі мазмұны: сауалнамалау. Осы жұмыстың нәтижесінде әр педагогтың қай бағытта өз білімін нығайтатыны және кәсіби жұмыстың қиындықтары анықталады.

- Ұйымдастыру түрлері: сауалнамалау, сұхбаттасу.

2 кезең практикалық.

- Әрекетті белсендіру: МДҰ педагогының кәсіби жағынан маңызды қасиеттерін дамыту.

- Негізгі мазмұны: практикалық қызмет үрдісінде теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нығайту; жұмыстың түрлері тәжірибемен бөлісуге, тәрбиелеу мен оқытудың, дамытудың жаңа технологияларымен танысуға мүмкіндік береді.

- Жұмыстың түрлері:

1. Әдістемелік жұмыстың интербелсенді түрлері;

2. Тәжірибе алмасу бағытында өзара ҰОҚ қатысу;

3. Ашық шараларды өткізу;

4. Кәсіби шеберліктің сайыстары мен байқаулары;

5. Өздігінен білім алу.

3 кезең аналитикалық.

- Әрекетті белсендіру: МДҰ педагогінің кәсіби деңгейін бағалау;

- Негізгі мазмұны: кәсіби деңгейін нақты бағалау;

- Ұйымдастыру түрлері: педагогтердің кәсіби шеберліктерінің өсуінің мониторингісін жүргізу.

Тәжірибеде келесі интербелсенді әдістер қолданамын:

Кейс стади әдісі – педагогтардың креативті ойлауын дамытып, тақырыптың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Кейс стади әдісі белгілі жағдайды талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдау. Өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау.

Іскерлік ойындар – тақырыпты меңгеру, қорытындылау кешенді мәселелерін шешу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпы іскерлігін қалыптастыру үшін іскерлік ойыны пайдаланады.

Миға шабуыл әдісі – топта жұмыс істеуде шығармашылық белсенділігін жігерлендіру негізінде тәрбиешілерге ситуация шешімі жауабының бірнеше жолын айтуға мүмкіндік беретін, ізденістермен шешімдерді қабылдаудың оперативті әдісі.

Тренинг (ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Интербелсенді әдістер арқылы оқыту - әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, алмұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе депесептелінеді, өйткені адамның жадында бірнеше мезетте тек өзінің әрекетімен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Сол себепті де интербелсенді оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтанда интербелсенді оқыту/оқыту

оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің естесіне сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Интербелсенді оқыту - әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай

ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады.. Сонымен, педагогикалық кадрлармен әдістемелік жұмысты интербелсенді әдістер арқылы ұйымдастыру педагогтардың кәсіби шеберліктері мен құзыреттіліктерін көтеруге, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, білім беру сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кашлев, С.С. *Интерактивные методы обучения педагогике.* - Минск., 2004.
2. Касимова Г. М. *Коммуникативная компетенция в обучении ИЯ.* Алматы, 2001
3. Игошев Б.М. *Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: Дисс...д-ра пед. наук* - М., 2008.
4. Соколова Н.В. *Оценка социальных последствий педагогических инноваций* 2003



Хинекина Майра Гарифуллаевна

Атырау қаласы, №30 «Жұмбақ»
бөбекжай-бақшасының тәрбиеші

М. МОНТЕССОРИ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИ ГИГИЕНАЛЫҚ МАШЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Баланың рухани өміріне тереңдей қарай алмаған адам нағыз тәрбиелеуші бола алмайды.
Василий Сухомлинский*

Итальяндық дәрігер және педагог Мария Монтессори алғаш рет өзінің жүйесін ақылы кеміс мектепке дейінгі жастағы балаларға қолдануды 1907 жылы бастады. Ол қиындығы бар кішкентай балаларға ересен еңбек сіңірмей-ақ білім мен дағдыларды сондай жоғары деңгейде меңгеретіні соншалықты, тіпті дені сау құрдастарымен теңесіп, кейде асып түсетін ерекше дамытатын ортаны жасай алды. Қазір М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі – әлемнің көптеген елдерінде ең танымал жүйелердің бірі. Бұл жүйемен көптеген бала-бақшалар, дамыту орталықтары, тіпті мектептер жұмыс атқарса, солардың қатарында Қазақстан Республикасы да бар. Мария Монтессори италиялық дәрігер әйел. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқандықтан, соның атымен аталады. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, естесіңді, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар.

Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады. Бұл күндері жүйені баяғыдан бері пайдаланып келе жатқан Жапония, Қытай, Сингапур, Германия секілді мемлекеттерде интеллектуалды дамыған адамдардың көптігі осыған байланысты екеніне біртіндеп көз жеткізіп келеміз. Тіпті сол дамыған мемлекеттерде тек жалпылама адамдар емес, ұлттың өзі интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасып отырғаны белгілі. Бала жас кезінде жас шыбық сияқты. Қалай исең, солай қарай иіледі. Жақсыға үйретсең, жақсылап үйретсең тез қабылдайды.

Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері.

Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үш негізгі

бөлімнен тұрады:

- бала, қоршаған орта, ұстаз.
- Монтессори әдісінің мақсаты: балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;

- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;

- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори ұстазының міндеті:

- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;

- негізгі түстерді айыра білуге үйрету;

- ұсақ моториканы дамыту;

- алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;

- зейінін тұрақтандыру;

- тәртіпке үйрету;

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

1. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.

2. Сенсорлық аймақ

3. Математикалық аймақ.

4. Тілдік аймақ.

5. Ғарыштық аймақ.

Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағыммен ырғақта дамиды. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топтада, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады. Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу. «Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер» дейді мұндағы бала. Балаларға дауыстап сөйлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді. Балалардың жас ерекшеліктері әртүрлі, 3 пен 6 жас бірге өз қалауларымен жұмыс жасайды. Бұл жастың қабілетін ашуға,

үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен, т.б. еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесінде өзі жөндеуі ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды. Мектепке дейінгі оқу тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту үшін–Монтессори әдісін қолдану тиімді. Монтессори материалы арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Монтессори материалы қандай да бір іс-әрекетке итермелейді. Монтессори материалы төрт түрлі жолмен іске асады: Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар-ең алғашқы жылында бала қозғалыс жасау үстінде жүреді. Онда сензитивтік кезеңнің даму жолы қалыптасады. Алғашында қозғалысы онша болмағандықтан, моторлық жүйесін қосу үшін тәрбиенің негізіне үлеседі. Моторлық даму жеке-дара қозғалыс темпін құлшындыруға әсерін тигізеді. Оған қозғалыс жасау үшін түрлі жаттығулар жасалады, өзіндік іс-әрекетке итермелейді. Бір сызықтың бойымен жүру тепе-тендік сақтауға итермелейді. Басқа да топтық жаттығулар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі.

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері:

1. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.

2. Металды тазалау.

3. Кесілген гүлдерді күту жолдары.

4. Бір сызықтың бойымен жүру.

5. Тыныштандыру жаттығулары.

6. Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.

Сезім мүшесін дамытатын материалдар: әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады. Бала

моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін

орындауға тырысады. Бірақ сабақ кезінде бала сол материалмен жұмыс жасау жолын толығымен таныс болу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу- тәрбие үрдісіне М. Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. - Алматы 2013ж.
2. Монтессори – терапия және Монтессори – педагогика оңалту саласында.- Астана 2013ж.
- «Монтессори – педагогиканы Қазақстан Республикасымектепке дейінгі білім беру мекемелерінде түзете- дамытып оқыту және тәрбиелеу үрдісіне енгізу» тақырыбындағы ғылыми практикалық конференцияның материалдар жинағы.Алматы 2012ж.
3. Монтессори М. Балалар үйлерінде балалар тәрбиесінде қолданылатын ғылыми педагогика әдісі. : итал. тілі. аударма, толықт.,түзет. – 2-басылым.- М.
4. Монтессори М. Бастауыш мектептегі өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі оқыту. - М. 1993
5. Монтессори М. Балалар үйі. Ғылыми педагогика әдісі. – Гомель, 1993
6. <http://www.montessori-material.ru>
-Дұрыс айтасыздар, бұл кубик. Кубикте бізге таныс сандар жазылған. Қазір бір-екі баладан ортаға шығып осы кубикты лақтырады. Кубикте қандай сан шықса, сол саннан келетін санамақ айтып беруі керек.

-Жарайсындар балалар.

2. Сандар қатарымен жұмыс (таратпа

сандар арқылы)

Балалар біз қандай сандармен танысып едік?

Иә, 1,2,3,4,5,6,7,8,9 сандарымен танысқан болатынбыз. Енді сендерге тапсырма, алдымызда берілген сандарды тура және кері санай отырып, цифрларын бір қатарға орналастыру қажет.

3. 10 саны және цифрымен таныстыру

Бүгінгі оқу қызыметімізде «10» санымен және цифрымен танысатын боламыз.

-10 саны 9 дан кейін тұратын екі таңбалы сан. Ол 1 және 0 деген екі цифрдан құралады. 10 санының цифрын ауада бейнелеп үйренейік. Ол үшін біз алдымен бір санын және қасына нөл санын жазамыз.

Оң қолымызды тіке ұстаймыз. Қиғаш қысқа сызық жүргіземіз, содан соң жоғарыдан төменге қарай түзу сызық жүргіземіз.

Келесі, жоғарыдан төменге қарай жарты шеңбер тәрізді дөңес сызық саламыз. Сол сызықтан қолымызды үзбей төменнен жоғарыға дөңес сызық арқылы қосамыз.

-Балалар енді математика жұмыс дәптерімі ашамыз. 10 санын дәптеріміздегі үлгі бойынша бастырып жазамыз.

Балалар жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды.

4. Д\о «Сана және цифрын тап»

Шарты: Балаларға 3 топтан топтасқан суреттер беріледі. Әр топтағы заттар санын санап, сәйкес цифрын жазады.

-Балалар бірінші топта ненің суреттері бейнеленген?



- Ойыншықтар.
- Неше ойыншық бар екен?
- Екінші топта ше?
- Екінші топта жануарлардың суреті бейнеленген.

Балалар тапсырманы орындайды.

5.Д\о «Көршісін тап»

-Балалар қараңдаршы мына жерде шаршылар бос қалған екен.Осы шаршыларға сәйкес санның көршілерін тауып, жазуымыз керек.

2 нің көршісі 1 мен 3

8 дің көршісі 7 мен 9

Балалар тақтаға шығып орындайды.

6. Сергіту сәті.

Бойды сергек тік ұста,

Емін-еркін тыныста.

Оң қолыңды соз алға,

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада.

Сол қол босқа тұрмасын,

Шеңбер жасап тынбасын.

Балалар сергіту жаттығуын өлең жолдарына сай қимылдар жасай отырып, орындайды.

Дәптермен жұмыс:

1-тапсырма. «Бос орынға жоғалған санды жаз»

- Балалар қарайықшы мына сандар қатарында кейбір сандар түсіп қалыпты. Бұл қандай сандар екенін санай отырып, жазындар.



-1,2...4,бұл жерде қандай сан жетіспейді?

- 8,9 9 дан кейін қандай сан?

Балалар тапсырманы орындайды.

7.«Шульте» кестесі

Балалар қараңдар бұл «Шульте» кестесі. Бұл кесте 9 шаршыға бөлінген, әр шаршыда сандар бейнеленген. Қазір сендер осы кестеге мұқият қарап әр қатардағы сандарды естеріңе сақтап қалуға тырысындар. Содан кейін мен бұл кестені жауып қоямын сендер бір-бірлеп есте сақтаған сандарыңды атап бересіңдер.

8. «Бас бармақ» әдісі арқылы қорытындылау. Қорытынды

- Балалар бүгін біз қандай санмен таныстық?

10 саны қандай саннан кейін тұрады?

- 10 саны қандай цифрлардан құралған?

- Қандай тапсырмалар оырындадық?

- Бірінші топтағы ойыншықтар саны нешеу?

- Ал жануарлар саны ше?

- Қандай сандардың көршілерін таптық?

Ендеше бүгінгі оқу қызметімізді «Бас бармақ» әдісімен бағалайық.

Бүгінгі тақырып түсінікті болса бас бармақтарыңды жоғарыға көтеріңдер.

Ал орташа түсінген болсаңдар бас бармақтарыңды орта деңгейде көтеріңдер.

Ал егерде мүлде түсінбеген болсаңдар бас бармақтарыңды төменге қаратып көтеріңдер.



Болат Гүлзада Кеңесқызы

Атырау қаласы

КМҚК №22 «Еркетай» бөбекжай-бақшасы

тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін, танымдық әрекетін, белсенділігін дамыту негізгі міндет ретінде қаралады, өйткені танымдық қабілет тұлғаның ақыл-ойын, оның дербестігі мен бастамашылдығын қалыптастырудың алғышарты.

Мектепке дейінгі жас – баланың қарқынды дамып, кез келген ақпаратты тез қабылдап, қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылық танытатын кезеңі. Бүгінде балалардың басым көпшілігінің жанды қарым-қатынасы компьютер мен ұялы телефондарға ауысты және бұл танымдық ақпарат көзі болғанымен балалардың ойлауы мен сөйлеу әрекетіне де кері әсерін тигізері сөзсіз. Осыған орай мектепке дейінгі ұйымда баланың ой-өрісін дамыту өзекті болып отыр.

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың қалыптасуы мен дамуының қысқа, бірақ маңызды кезеңі. Баланың тұлғалық қасиеттері әрбір жас кезеңінде жетекші іс-әрекет болып табылатын, оның қызығушылығын, шынайылыққа қатынасын, айналадағы адамдарға деген ерекше өзараәрекеттестігін анықтайтын белсенді әрекетте қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар қызметінің жетекші түрі – ойын. Ол баланың бүкіл өміріне еніп, оның дене және рухани дамуына ықпал етеді, балаларды оқыту және тәрбиелеу әдісі, кең ақпарат көзі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойын –

қоршаған әлемді тану құралы. Бала ойнай отырып, түсті таниды, заттардың пішіні мен қасиетін сипаттайды, кеңістікте орналасуын анықтайды [1].

Ойын барысында баланың ой-өрісі, зияткерлік дамуы және көрнекі-әрекеттік ойлаудан гөрі бейнелі ойлауға, логикалық ойлауға көшу үшін жағымды жағдай құрылады. Дәл осы ойын әрекетінде баланың танымдық қабілеттері дамиды.

Ойынның түрі көп. Соның ішінде мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін дамытудың тиімді құралдарының бірі – дидактикалық ойындар. Көптеген дидактикалық ойындар барысында ойлау мен сөйлеуді дамыту тығыз байланыста жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен режимдік сәттерде қолданылтын дидактикалық ойындар психикалық және физикалық жүктемелерді төмендетуге ықпал етеді. Әр ойын тәрбиелік міндеттерді де шешеді. Балаларда ойлау мен сөйлеу, қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік сезімдері мен сапасы дамиды, этикалық көзқарастар қалыптасады [2].

Ойындардың дамытушылық мәні саналауан. Ойын барысында бала қоршаған ортаны таниды, оның ойлауы, сезімі, ерік-жігері, дамиды, қатарластарымен өзара қарым-қатынасы қалыптасады, өзін-өзі бағалауы мен өзіндік санасының қалыптасуы жүзеге асады. Сондай-ақ ақыл-ойды дамытудағы ролі орасан зор. Осы тұрғыда балалардың ақыл-ой қабілетіне

ықпал ету маңызды. Бірқатар зерттеулерге сүйенсек, ойын барысында балаларда сананың символдық (таңбалық) функциясы құрылады, шынайы заттарды оларды алмастырғыш таңбалармен ауыстыра алады. Ойын жағдайында бала заттарды ролдік ойындарда (текшені сабын, орындықты көлік ретінде) қолдана бастайды. Бұл адамзаттың мәдени байлықтарын меңгеру мен қолданудың бастапқы жолы. Мектеп жасына дейінгі балаларға тән қасиет – көрнекі моделдерді (сызбаларды, үлгілерді) құру және қолдану. Көрнекі кеңістік моделдеу қабілеті мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатын маңызды зияткерлік қабілеттердің бірі болып саналады. Осы әрекетті дамыту деңгейі баланың ой-өрісі, зияткерлік дамуының жалпы деңгейін анықтайды. Көрнекі моделдеу, құрастыру дидактикалық ойындары үлгілік сызбамен жұмыс жасау, моделдеу сипатында болады және ойын әрекеті басымдық танытады [3]. Міне, сол себепті зияткерлікті, ой-өрісі дамыту үшін дидактикалық моделдеу ойындары құнды болып табылады.

Жалпы дидактикалық ойындар білімді меңгеруге, бекітуге, таным әрекетінің тәсілдерін игеруге көмектеседі. Балалар қаттардың ерекше белгілерін, қасиеттерін меңгереді, жіктеп, топтап, салыстырып үйренеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындарды қолдану балалардың танымдық қызығушылығын арттырады, бағдарламалық материалдарды жақсы меңгеруді қамтамасыз етеді. Дидактикалық ойындарда оқу, танымдық міндеттер өзара байланысты, сондықтан ойындарды ұйымдастыру барысында іздеу, тосын сый және жұмбағын табу секілді қызықты сәттерге көңіл бөлген жөн.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаттарын ашуға ықпал етеді. Дидактикалық ойындарды ұйымдастыра отырып, тәрбиеші балалардың ойы-өрісіне, танымына тікелей әсер етеді. Бағдарлама материалдарын біртіндеп күрделендіре

отырып, осы ойындар арқылы балаларға түсінікті білім береді, қажетті білік пен дағдыларын қалыптастырады, таным процесін (қабылдау, ойлау, сөйлеу т.б.) жетілдіреді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ой-өрісін дамытуға ықпал ететін дидактикалық ойындарды ұсыну жолы:

- балаларды ойынның мазмұнымен, ойында қолданылатын дидактикалық материалмен таныстыру (заттар, суреттер көрсету, қысқаша әңгіме, оның барысында балалардың олар туралы білімі мен түсінігі анықталады);

- ойын барысы мен ережелерін түсіндіру. Бұл ретте тәрбиеші ойын ережелеріне сәйкес балалардың мінез-құлқына, ережелерді нақты орындауға (олар тыйым салады, шешеді, белгілейді) назар аударады;

- ойын әрекеттерін көрсету, оның барысында тәрбиеші балаларды әрекетті дұрыс орындауға үйретеді, әйтпесе ойын дұрыс нәтижеге әкелмейді (мысалы, балалардың біреуі көзді жабу керек болғанда қарайды);

- ойында тәрбиешінің рөлін анықтау, оның ойнаушы, жанкүйер немесе төреші ретінде қатысуы;

- ойын қорытындысын шығару – бұл оны басқарудағы жауапты сәт, себебі балалардың ойында қол жеткізген нәтижелері бойынша оның тиімділігі, балалардың өз бетінше ойын іс-әрекетінде қызығушылықпен қолданатыны туралы айтуға болады [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуда дидактикалық ойындардың құндылығы зор. Бұл ойындар ақыл-ой белсенділігін оятады. Дұрыс қолданыс тапқан дидактикалық ойындар балалардың ережеге бағыну, өз сезімі мен тілегін тежей білу, өзгелермен санаса білу секілді дағдыларын қалыптастырады. Балалармен жүйелі жүргізілген дидактикалық ойындар балалардың ақыл-ой қабілетін дамытып қана қоймай, олардың адамгершілік-ерік-жігер қасиетін шыңдап, олардың ақыл-ой әрекетін қарқындата түседі.

Осылайша, дидактикалық ойындарды

мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту үшін қолдану – бұл мақсатты және жүйелі процесс, ол ойындарды басқаруды қамтиды, бұл педагогтан оларды дайындау және өткізу процесінде ойластырылған жұмысты талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ерниязов О.Н. Мектепалды даярлық топтары және бастауыш мектеп оқушыларының танымдық процесстерін дамыту ойындары: Оқу әдістемелік құрал . - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2012. - 44б.
2. Зак З.А. Методика развития интеллектуальных способностей у детей. М., 2001.
3. Килыбаева Г.К. Мектепке дейінгі мекемелерде бейнелеу өнерін оқытуда дидактикалық ойындар мен тапсырмалар : Оқу құрал. – Өскемен : С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2014. - 55 б.
4. Субботин О.Ю. Дидактические игры и интеллект. М., 2000.



Киекова Мультдир Сериковна

Атырау қаласы

№30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы

Тәрбиеші

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес». (В. А. Сухамлинский)

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өзтүсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа,

ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу қызметін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу қызметі барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі. Оқу қызметі барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады. Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік

психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шындалады, мінез - құлық айқындала түседі. Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек. Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады.

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойын – ой қозғайды. «Баланың ойынын тыйғаның, ойлауын тыйғаның» деген қағида текке айтылмаған. Ойын төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі.

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық

әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойын баланың санасын, ойын жетілдіріп, қиялын дамытады: бала қимылдарының дамуына әсер етіп, физиологиялық қалыптасуына жағдай жасайды. Сонымен бірге ойынды тәрбиеші мен балалардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Оқу үрдісінде біртіндеп ойын технологиясын жиі қолданған жөн. Ойынның жекелеген түрлері балалар санасының жетілуіне әртүрлі әсер етеді:

«Жетіспейтін суретті тап»

«Суретті жалғастыр»

«кілемдерді жама»

«Ұқсас жерлерді тап»

«Не артық?»

«Сыңарын тап»

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.

2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.

5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі. Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни

ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген. Ойын арқылы оқыту әдісі- балаға деген ыңғайлы және қызығушылықты тудыратын әдістердің бірі.

Сондай – ақ бұл әдіс тілдік мотивацияны күшейтеді, балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға деген құлшынысын оятады; Ойлау қабілеттері де қарқындап, жаңа дағдылар сапалы түрде сіңіріліп отырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Возрастная и педагогическая психология.* / Под ред. Гамезо М.В.
2. *Урунтаева Г.А., Афонькина Ю.А. Практикум по детской психологии.*
3. *Чуприкова Н.И. Умственное развитие и обучение.*
4. *Эльконин Д.Б. Развитие устной и письменной речи учащихся* Нежновой
Блонский П. П. Память и мышление / П. П. Блонский.
5. *Венгер А. Л. Психологическое обследование младших школьников* / А. Л. Венгер, Г.А. Цукерман.
6. *Волокитина Т. В. Особенности когнитивного развития детей дошкольного возраста* / Т. В. Волокитина, Е. В. Попова.
7. *Выготский Л. С. Психология развития ребенка* / Л. С. Выготский.
8. *Запорожец А. В. О развитии рассуждения у ребенка младшего возраста* / А. В. Запорожец, Г. Д. Луков // *Культурно-историческая психология.*



Умбеталиева Лайлим Маханбетовна

Атырау қаласы

№ 25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы

тәрбиеші

«ШАЛҚАН» ШАЛҚАН.(ОРЫС ХАЛЫҚ ЕРТЕГІСІ)

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Шалқан» Шалқан.(орыс халық ертегісі)

Мақсаты: Балаларға көркем туындысын түсіндіре отырып, шығарманың көркемәтінін түсіндіру.

Білімділік: Еңбек сүйгіштікке баулу, мақал – мәтелдер жаттату, жұмбақ жасыру, ертегі кейіпкерлерін сахналау, ертегі мазмұнын меңгерту.

Дамытушылық: Ертегіні сахналау арқылы, тіл байлығын, ойын, зейінін сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: Достыққа, әдемілікке. ұқыптылыққа, кішіпейлікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Шалқан ертегісінің макеттері (шалқан, ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан.)

Сабақ барысы:

Амансың ба, Алтын күн!

Амансыңба, Жер-Ана

Салематсыздар ма, апайлар!

Салем достарым, сендерді көрсем қуанам!!

Тәрбиеші: Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

Балалар: 4 - мезгіл (көктем, жазкүз, қыс)

Тәрбиеші: Қазір қандай мезгіл?

Балалар: Күз мезгілі

Тәрбиеші: Күз мезгілінде неше ай бар?

Балалар: 3 - ай бар (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Тәрбиеші: Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?

Балалар: Күн салқындайды, Құстар жылы жаққа ұшып кетеді, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Көкөністер мен жемістер піседі.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер?

Балалар: Қызыл телпек, маша мен аю, мақта қызбен мысық.

Тәрбиеші: Балалар сендер көп ертегі біледі екенсіңдер. Ал көкіністер туралы қандай ертегі білесіңдер?

Балалар: Шалқан ертегісін білеміз.

Олай болса мен сендерге шалқан ертегісін айтып беремін, мені тыңдайсындарма?
Балалар: Ия апай тыңдаймыз.

Слайд: Шалқан ертегісі туралы

Тәрбиеші:

Баяғыда бір үйде,
Шал мен кемпір болыпты.
Тірліктеріне өмірде,
Көңілдері толыпты
Бір күні шал аулаға,
Шалқан дәнін егіпті.

Шалқан қашан піскенше,
Маңдай терін төгіпті.
Шалқан әбден піскесін,
Шал келеді жұлуға.
Арлы-бері тартқылап,
Жұла алмасын біледі.
Шақырады көмекке,
Үйде жүрген кемпірін
Екеуі жұлып ала алмай
Шаршап қалды ентігіп,
Арлы-берлі тартқылап,
Жұла алмасын біледі.

Шақырады тағыда,
Немересін үйдегі
Үшеулеп жүріп тартсада
Шықпайды шалқан түйнегі.
Үшеуі жүріп ойланып,
Шақырады күшігін,
Жабылғанмен қолға алып
Жетпестерін білді күшінің.

Төртеуі тартып ары-бері,
Шаршады әбден терледі.
Мысығы келді көмекке,
Ондада әлдері келмеді.
Енді неістеу керек деп,
Отырып бәрі ойланды.
Көмекке енді келетін,
Үйде енді кім қалды.

Үйлерінде тышқаннан,
Басқа ешкім жоқ еді.
Шақырғасын тышқанды,
Көмекке олда келеді.
Шалы барып шалқанның,
сабағынан ұстайды,
Бір-біріне жалғасып,
Күштерін жиып нықтайды.

Жабылып бәрі тартады,
Күштері енді тартады,
Бірлесіп тартып қалады,
Шалқанды жұлып алады.

Тәрбиеші: Міне балалар осындай қызықты ертегіні тамашаладық, сендерге ертегі ұнады ма? Тышқан бәрінен де мықты екен.

Сергіту сәті:

Бас бармағым, атам менің
Балан үйрек әжем менің
Ортан терек, әкем менің
Шылдыр шүмек, анам менің
Кішкене бөбек бұл мен.

Қызықты сәт:

Балалар есігімізді қағып тұрған сияқты, кәне құлағымызды түріп тыңдайықшы. Есікті тырыс-тырыс қағып ата –мен әжесі қонаққа келеді.

Ата-әже: Ой, балалар амансыңдарма шырақтарым.

Балалар: Салематсызба ата-әже!

Тәрбиеші: Ата-әже келініздер, отырыңыздар атамыз бен әжеміз бақшасын суарып шаршап келген болар (отырғышқа отырғызады)

Тәрбиеші: Ата біздің «Еркемай» бөбекжай бақшасына қош келіпсіз. Біздің бала бақшамыздың балдары еңбек сүйгіш, еңбекқор балалар.

Балалар: Ия, ата жазда сыртқа гүл егіп, су құйып, гүл өсіреміз,бақшамыздың алдын әдемілеп қоямыз.

Ата: Өздері шынындада еңбекқор балдар екен. Олай болса еңбек туралы мақал мәелдер білесіңдер ме?

Алижан: Еңбек етсең емерсің
Ерінбесең жеңерсің

Амира: Еңбек, еңбек бәрін жеңбек

Кәусар: Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Ата: Жарайсыңдар балалар тағы қандай өнерлерің бар?

Айдын: Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз
Дәнге толы ен далам
Дариядай шалқып жүр.

Айару: Көк аспаның мөлдіреп
Алтын күзім елжіреп,
Асыр салып жүре бер,
Сары көйлегің желбіреп.

Нұрислам: Қыстың жақын қалғанын
Жапырақтар білгендей.
Желмен ұшып барады,
Жерге қонып үлгермей
Жапырақтар жамырап,
Сайға барып бекінді.
Анасынан ажырап,

Қалған бала секілді.

Ата: Жарайсыңдар балалар, олай болса мен сендерге ойын ойнатқым келіп тұр

Д/О: «Көкөністермен жемістерді ажырат»

Ата: Кішкентай бүлдіршін немерелерім менің енді мен ертегі тамашалағым келіп тұр. Сендер маған ертегі айтып бересіңдер ме?

Тәрбиеші: - Балалар, біздер қазір көкөністер туралы ертегі тамашалаймыз.

Жүргізуші: Ертеде бір атай көктемде бақшасына егін егіпті, еккен егістігіне қарап былай депті: Сендер үлкен болып өсіңдер, маған мол өнім беріңдер. Мен сендерді мақтан етейін, сендерге мол су себейін, бес шелек тыңайтқыш төгейін, –деп, ертеден кешке дейін дән егіп, еңбек етіп, ой шаршап кеттім ау, біраз жатып демалайыншы, – депті. Атай егіннен әрірек барып демалып ұйықтайды.

Жүргізуші: Атай дамылдап ұйықтап жатты, ал егіндегі көкөністер болса өсіп өне берді. Сабағымен, жапырағымен арам шөптермен айқасты. Уақыт өтіп, күзде келіп жетті. Жүргізуші – Атай тұрыңыз, күз де келіп жетті, күн салқындап, егін жинайтын уақыт келді, – дейді. Атай ұйқыдан тұрып, қорқып кетті. Күн салқындап кеткен екен. Ойбой мен ұйықтап қалыппын ғой, егінді жинап алу керек. Еккен дәндерім дәу болып өсіпті ғой. Атай шетте тұрған өсімдіктің сабағынан тарта бастайды да, мен шалқанды тез суырып ала қояйын, – дейді. Шалқан болса, кейіп былай дейді. Мен шалқан емеспін, сәбізбін, шалқаннан жүз есе сымбаттымын, түсім болса қызыл сары.

Өсіретін бойынды,

Дамытатын ойыңды,

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз. Менің бойымда каротин деген дәрумен бар, ол адамдарға пайдалы. Менен салат жасайды, сорпаға қосады. Ал сәбіз шырынын балалар сүйсініп ішеді. Менің еккен сәбіздерім өсіп шығыпты ғой, тезірек себетіме түсе ғой. Атай келесі өсімдіктің сабағынан тартады.

– Ой, ой – деген дауыс шығады – мен шалқан емес картоппын, барлық көкөністің басшысымын.

Картоп – біздің атымыз,

Жер астында жатырмыз.

Бір тамырдан тараған

Ағайынбыз бәріміз.

Мен болмасам сорпаның дәмі келмес. Мен денсаулыққа пайдалы крахмалға өте баймын, мені әр түрлі салатқа қосады, балалардың сүйіп жейтін чипсыйы да менен дайындалады. Сен де барып себетіме түсе ғой. Атай тағы да барып шалқанды тарта бастайды. Бұл қырыққабат еді. Атай сізге не болған күртілдеген қырыққабатты танымадың ба?

Бақшаларда тізіліп,

Қаперсіз мен жатамын.

Қабат–қабат киініп,

Қырыққабат атаңдым.

Шалқанда бір киім болса мен де жүз киім бар. Мен болмасам адамдар салатқа не қосар еді? Голубцы мен винегредті неден жасар еді? Мені тұздап, ашытып қыс бойы жеп шығады, ең пайдалы көкөніс менмін, – дейді. Осылайша атай қызылша мен пиязды тартып шығарады.

Қызылша: Атай көзілдірігінді тастап кеттің бе? мені шалқанмен шатастырғаның не?

Ақ түсім бар қант алар,

Қызыл түсім қанға – нәр.

Зияным жоқ, біліп қой –

Қызылшамын, пайдам бар.

Мен болмасам борщқа не салар едіңдер? Мен, шалқаннан жүз есе қызылмын. Шайға салатын қант та менен жасалады. Адамдар менсіз өмір сүре алар ма еді? Мен – көкөністер патшасы.

Пияз: Менсіз көкөністерді елестету мүмкін бе? Сорпа мен ботқа, самса мен салат менсіз дәмді бола ма? Айтыңдаршы балалар.

Асханадан шықпаймын,

Атым – пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарып,

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Ата: Атай, бір кезде үлкен болып тұрған шалқанды көреді. Ой бәрекелді, менің шалқаным үлкен болып өсіпті. Бұл шалқан барлығына жететін болды деп, шалқанды тарта бастайды, тартып-тартып шалқанды жұла алмай сөйтіп, көмекке өзінің кемпірін шақырады.

Ата: Кемпір – кемпір маған келші көмекке қарашы шалқанымыз үлкен болып өсіпті осыны жалғыз өзім тарта алмай қойдым. Сен маған көмектесші.

Кемпір: Ой, шынында да үлкен болып өсіпті ғой кел тартсақ тартайық.

Тәрбиеші: Осылайша атаның артынан ұстап ары тартады, бері тартады бірақ орнынан қозғалта алмайды.

Тәрбиеші: Кемпір көмекке немере қызын шақырады.

Кемпір: Қызым-қызым бізге көмекке келші! Атаң екеуіміз шалқанды жұла алмай жатырмыз.

Қыз: Жарайды, әже сіздерге көмектесейін.

Тәрбиеші: Сонымен қызы көмекке келіп, , шалқанды олар рет-ретімен тартады. Олардың күштері жетпейді. Сонымен немере қызы көмекке итін шақырады.

Қыз: Ақтөс-ақтөс сен бізге көмектесіп жіберші, шалқанды біз жұла алмай жатырмыз

Ит: Аф-аф көмектес десендер көмектесейін.

Тәрбиеші: Ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап ары тартады, бері тартады шалқанды суыра алмайды.

Тәрбиеші: Енді ит көмекке мысықты шақырады.

Ит: Мысық-мысық бізге көмекке келші, біздер шалқанды жұла алмай жатрмыз.

Мысық: Мяу-мяу-мяу көмектесіп жіберейін.

Тәрбиеші: Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, қыз кемпірдің етегінен, кемпір шалдан, шал шалқанды ұстап, әрі – бері жұлқиды бірақ шалқан шықпайды. Енді мысық көмекке тышқанды шақырады.

Мысық: Тышқан, тышқан бізге көмектесіп жіберші.

Тышқан: әрине көмектесіп жіберемін.

Тәрбиеші: Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит қыздың етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқанды ұстайды. Барлығы бар күшімен тартып келіп қалғанда, шалқанды суырып алады.

Тәрбиеші: Міне атай біздің балалар сіздерге арнап ертегі қойып берді, сізге ұнады ма?

Ата: Міне балалар мен сендерге құр қол келмедім, сендерге күз сиы жемістермен, көкөністерді алып келдім. Сендерге сиға тартам. Ал енді мен кетейін.

Қортынды: Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық?

Балалар: Шалқан ертегісімен

Тәрбиеші: Ендеше балалар Шалқан ертегісінің кейіпкерлерін мына бақшамызда өсіп тұрған шалқанның қасына рет ретімен орналастырып көрейік.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар ертегінің мазмұнын жақсы тыңдаған

екенсіндеркейіпкерлерді ретімен дұрыс орналастырған екенсіндер.

Тәрбиеші: Шалқанды еккен кезде шалқан қандай болды?

Балалар: Кішкентай

Тәрбиеші: Шалқан не арқылы өсті?

Балалар: Күту арқылы, күннің жылуы арқылы

Тәрбиеші: Шалқанды кім екті?

Балалар: Ата

Тәрбиеші: Шалқан қандай болып өсті?

Балалар: Үлкен болып өсті

Тәрбиеші: Шалқанды тартып алуға кімдер көмектесті?

Балалар: Ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан

Тәрбиеші: Мадақтау.





Сабитова Динара Мұратқызы

Ересектер топ тәрбиешісі,
№6 «Гүлдер» бөбекжай-бақшасы,
Атырау қаласы

СИҚЫРЛЫ БАҚ

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Сиқырлы бақ»

Мақсаты: Геометриялық денелермен шынайы заттарды салыстыру; заттар санау және кеңістікті бағдарлауды (оң, сол, жоғары, төмен) дамыту. Заттардың көлеміне қарай топтау, уақыт бойынша бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру. Ирелеңдеп және аяқтың ұшымен жүру, қос аяқтап секіру, жалпы дамыту жаттығуларының денсаулыққа пайдасын ұғындыру. Жемістердің адам денсаулығына пайдасы туралы білімдерін бекіту.

Билингвалды компонент: алма-яблоко, жеміс-фрукты

Көрнекіліктер: слайд, жолдар, көкөністер, түрлі пішінде қиылған шалшықтар, күшік және күшік үйшігі, алма ағашы, боялмаған алмалардың қиындысы.

Ұйымдастыру кезеңі: Алдымен балалар келген қонақтармен амандасып алады

- Дұрыс, балалар мен сендермен **«Дұрыс, дұрыс емес»** ойынын ойнағым келеді. келісесіңдер ме? Ия

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз.

- Мен сендерге күзге қатысты сөйлемді айтып беремін, ал сендер сол сөйлем дұрыс болса қол соғасыңдар, ал дұрыс болмаса аяқтарыңмен тепсінесіңдер.

- Күзде жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды, күн салқындайды, жемістер мен көкөністер піседі.

- Жемістер мен көкөністерді сендер жақсы көресіңдер ме? Ия Себебі олар

денсаулыққа пайдалы. Құрамында дәрумендері бар!

- Дұрыс айтасыңдар, әсіресе жемістерді күз мезгілінде яғни күн салқындаған жеу керек. Себебі түрлі вирустың аурулардан сақтануымызға көмектесетін тағам түрі – ол жеміс! Бүгін осындай жемістер мен көкөністерді өсіретін бақташы атадан бір хат келіпті. Қазір сендерге оқып берейін.

Тәрбиеші балаларға хат оқиды. Хатта бағбан ата балаларға «менің бақшамдағы жемістер мен көкөністерді шимай шатпақ патшасы келіп, бүлдіріп тастады. Енді менің жемістерімнің не түсі жоқ, не дәмі жоқ болып қалды? Маған көмектесе аласыңдар ма?» деп жазыпты.

Психологиялық жағдаят «Сен қалай көмектесер едің?»

Тәрбиеші балалардан бағбан атайға қалай көмектесуге болатындығы туралы сұрайды. Балалар тәрбиешіге қалай көмектесуге болатыны туралы өз ойларын айтады. М/ы: жемістер мен көкөністерді бояп беру. Атайдың бағына барып қайтадан жемістер мен көкөністерді өсіру, шимай шатпақ патшасы етіп кірмейтіндей етіп қақпа жасап беру, т.б.

1. Негізгі кезең.

Балалар тәрбиешімен бірге бақташы атайға бірге баруға шешім қабылдайды.

Келе жатырғанда балалардың алдынан шалшықтар шығады.

- Балалар назар аударыңдаршы кеше жаңбыр жауған сияқты, мына жер қандай екен? Балшық, және шалшық болып жатыр екен.

- Балалар жаңбырдың суы, шалшық бізде неге ұқсап тұр? Пішіндерге

- Қандай пішін? Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, шаршы.

Ал ендеше балалар осы шалшықтардан үстерінді бүлдіріп алмай, секіріп өтулерің керек болады.

Балалар шалшықтан секіру арқылы пішіндер туралы білімдерін қайталайды.

Балалар жолда кездескен шалшықтардан секіріп өтеді, жолақты жолдардан өтеді. Және атайдың өсіріп қойған көкөністерін басып кетпес үшін ирелеңдеп жүреді. Атайдың итін оятып алмау үшін аяқтың ұшымен өтеді. Атайдың үйіне жетеді. Баққа келген соң балалар атаймен амандасады. Бояулары жоғалып кеткен жемістерді көреді.

- Амансыңдар ма балалар, мен қартайған бақташы атаймын. Таңертең бақтағы алмаларымды теріп алайын деп келсем мына ағашымдағы алмалар не түсі жоқ, не дәмі жоқ болып кетіпті. шимай шатпақ патшасы келіп, бүлдіріп тастаған көрінеді. Маған көмектесе аласыңдар ма?

Бүлінген алмаларды әр бала тәрбиешінің командасымен кезекпен келіп бояйды.

- Луиза ең жоғарыда тұрған алманы боя

- Айдын сол жақта тұрған алманы бояй ғой

- Сафия ортадағы алманы бояп көр т.б
Атай балаларға риза болады.

- Ой балғындар, рахмет сендерге, менің алмаларым енді әдемі әрі дәмді болатын болды. Әрі түстері де әр түрлі екен тамаша! Өте әдемі! Ал балалар сендер осы алмаларды санап бере аласыңдар ма?

- Әрине атай санаймыз! Балалар айтыңдаршы қызыл түсті алма нешеу? 2

- Сары және жасыл түсті алма нешеу? 3

- Барлығы бірге неше алма екен? 5

Сергіту сәті. Балалар атаймен бірге жаттығуларын жасайды. Дем алу жаттығуларын жасайды.

- Спорт-денсаулық кепілі. Жемістерді жеп жүрсеңіз және жаттығуды жасап жүрсеңіз-ауырмайсыз

- Ия, мен бұл жаттығуларды өзімнің

немелеріме де үйретіп қояйын. Олар да денсаулықтарын күшейтсін,

- Массаған атай, сіздің немерелеріңіз де бар ма?

- Ия, айтпақшы ертең олар қонақтап келмекші. Оларға қандай тәтті берсем екен? Шоколад берсем бе екен, әлде кампит берейін бе?

Балалар тәтті жеуге болмайтындығы туралы жауап береді.

- Ой ата, тәтті алмаңыз, ол денсаулыққа зиян. Керісінше өзіңіздің бағыңыздан алманы беріңіз. Ол да тәтті әрі пайдалы. Құрамында дәрумені бар.

- Жарайды балалар ендеше маған мына алмаларды тәрелкелеріме салуға көмектесіп жіберіңдер. Менде үлкен де, орташа да, кішкентай да тәрелкелер бар. Алмаларды сол тәрелкелерге сәйкестендіріп салып беріңдер!

Балалар атайға көмектеседі. Алмаларды тәрелкеге сәйкестендіріп болған соң балалар топқа қайтпақ болады.

- Жақсы атай ауырмаңыз, сау болыңыз! Біз балабақшаға қайтайық

- Сау болыңдар балалар! Сендерге көп рахмет. Менің де сендерге арналған азын аулақ сыйым бар еді. Мына алмаларды алыңдар! Топқа барған соң жерсіңдер.

- Ой рахмет, атай! Балалар алмаларды иіскеп қарайықшы.

Балалар алмаларды иіскеу арқылы мұрынмен дем алып, ауызбен дем шығару жаттығуларын жасайды. Балалар атаймен қоштасады

Қайтадан балалар гүлдерді басып кетпеу үшін ирелеңдеп жүреді, және итті оятып алмау үшін аяқтың ұшымен өтеді және жолақты жолдардан, шалшықтардан өтеді.

3. Рефлексия.

Ойын уақытты бағдарлауға «Алдымен, кейін!»

Балалар кім айтады? Ең бірінші біз не істедік?

- Біз бірден атайдың бақшасына тап болдық па? Әлде алдымен жолдардан өтіп барып атайдың бақшасына жеттік пе?

- Бірінші алмаларды тәрелкелерге

сәйкестендіріп көмектестік пе, әлде бірінші алмаларды бояп көмектестік пе?

- Біз бірінші атайдың бақшасынан алмаларды боядық па, әлде бірінші алмаларды санап алдық па?

- Біз бірінші жаттығу жасағанда көзге арналған жаттығудан бастадық па, немесе секірдік пе?

- Дұрыс алдымен көзге арналған жаттығуды жасадық. Кейін барып дене жаттығуларын жасадық.

- Біз бірінші топтан хатты оқыдық па, немесе келген қонақтармен амандастық па?

Қорытынды:Тәрбиеші балалармен ойынды ойнап, жақсы қатысқан балаларды мадақтайды.



Мажиева Динара Бауыржанқызы

Атырау қаласы

№25 «Еркемай» бөбекжай-бақшасы

тәрбиеші

КҮЗ СЫЙЫ

Ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:
Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы: «Күз сыйы» Мақсаты: Күз мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Күзгі өнім туралы әңгімелеу. Көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастыруға үйрету. Көкөністердің бақшада өсетіндігін, жемістердің бақта өсетіндігін түсіндіру. Көкөністер мен жемістерді (көру, дәмін сезу) арқылы пішінін, дәмін, түсін анықтай білуді үйрету.

Табиғатты сүюге, табиғатқа, жыл мезгіліне деген мейірімділікке баулу.

Әдіс – тәсілі: Слайд арқылы әңгімелеу, түсіндіру, тақпақ, жұмбақ, сұрақ - жауап, ғажайып сәт, сергіту сәті, сөздік жұмыс, билингвальды компонент, д/ойын, қортынды. Сөздік жұмыс: Күз, жеміс, көкөніс.

Билингвальды компонент: күз- осень, жеміс- фрукты, көкөніс – овощи.

Технологиялық қамтамасыз ету: күз суреті, слайд, себеттегі жемістер, көкөністер макеті

Мотивациялық қозғаушылық

Жұмбақ:

Жапырақты бояды,

Атырапты бояды.

Бояп – бояп барлығын,

Сап – сары ғып қояды.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Балалар күздің келгенін қалай білдіңдер?

Слайд тамашалау

Бау-бақшада тек жеміс-жидектер ғана өспейді. Сонымен бірге көкөністер де өседі.

Алма, алмұрт т.б. бұлар ағашта өседі екен. Ал көкөністерге қауын, қарбыз т.б. бұлар жерде өседі. Біз оларды суарып, түбін қопсытып, арам шөптерін жұлыпбаптайды екенбіз. Сонда ғана бұл жемістер пісіп, бізге жемісін береді. Сондықтан да біз жомарт күз дейміз.

- Жапырақтардың қурап түсуі керемет құбылыс. Күзде жапырақтар сарғайып жерге түседі. Жапырақтардың жерге қалқып түсуі әдемі көрініс.

-Балалар бақшаға барғыларың келе ме?

-Олай болса, көзімізді жұмайық.

Тәрбиеші балаларға көздерін ашып айналарына қарауды ұсынады.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Ғажайып сәт:

-Балалар біз қайда келдік?

Бақшадан бағбаншыны кездестіреді.

Бағбаншы өзінің өсірген жемістері мен көкөністері туралы айтып береді.

-Балалар мен жемістеріммен көкөністерімді суарып, түбін қопсытып күтіп баптаймын. Сондықтан ол маған мол өнім береді. Міне, менің жемістерім мен көкөністерім. Бағбаншы балаларға себеттегі жемістері мен көкөністерін көрсетеді.

Бағбаншы:

-Балалар сендер менің өсірген жемістерім мен көкөністерімнің дәмін татқыларың келе ме?

Мен сендермен «Дәмін тат» ойынын ойнағым кеп тұр. Кім дәмін ажырата алады екен.

Д/ойын: «Дәмін тат»

Мақсаты: есте сақтау қабілетін қалыптастыру, шапшаңдыққа баулу.

Топпен жұмыс:

Д/ойын: «Көлеңкесін тап»
Ойлау қабілетін дамыту.



Сергіту жаттығу: «Көңілді сәт»
Бағбаншымен қоштасады.
Тәрбиеші балаларға балабақшамызға
оралатын уақыт болғанын айтады.
(Көздерін жұмғызады)
Сөздік жұмыс: Жемістер мен көкөністер.
(Видео)

Билингвальды компонент: күз- осень,
жеміс- фрукты, көкөніс – овощи.

Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

-Алманың түсі қандай?

-Пішіні қандай?

-Қайда өседі?

Д/ойын: «Не қайда өседі?»

Балаларға жеміс пен көкөністің қайда
өсетінін ажыратуға баулу.

Рефлексиялық түзетушілік

Тақпақ.

-Балалар күз туралы кім тақпақ біледі?

Мадина: Осень это веселье

Я люблю бегать

Вижу солнышко

Осенью весело.

Сабина:

Осень,осень не спеши

И с дождями подажди

Дай еще нам лета

Солнышко и света.

Ашпан:

Күзде жауын бұлт тұман

Сары жапырақ жауады!

Сары құйын ұйытқан

Сапырады ауаны.

Қортындылау.

Тәрбиеші сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу
қызметін қортындылайды.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

-Оны қандай белгілері арқылы білеміз?

-Қайда бардық ?

-Күз бізге не сыйлайды?

-Көкөністер қайда өседі?

-Жемістер қайда өседі?

Тәрбиеші оқу қызметіне жақсы, белсенді
қатысқан баланы мадақтады.

Ата аналардың жасап әкелген қолөнерін
тамашалау.



Избасарова Мейрамгуль Кайратқызы

Атырау қаласы

№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы

тәрбиеші

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ОЙЫН ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесінің басым бағыттарындағы өзгерістер қабілетті және шығармашыл, өз бетінше әрекет ететін бастамашыл, өз мүмкіндігін біліп өз ойын іске асыра алатын жеке ықпалы қалыптастыру мәселесін мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсаттар мектепке дейінгі тәрбие және білім беру стандарттарын да белгіленген. Соның ішінде мектепке дейінгі мекемедегі «Таным» білім беру саласы бойынша математика оқу іс-әрекетінің маңызы зор.

Бұл саланың мақсаты: жас ерекшеліктеріне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, меңгерген білім дағдыларын күнделікті өмірге қолдануға қабілетті, қоршаған әлемді қабылдай білетін тұлғаны қалыптастыру. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырудың мақсаты жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі.

Математика балаларды ақыл-ой тәрбиесінде, ойлау мен ақыл-ойды дамытуда маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойлауы дамудың жаңа кезеңіне кіреді, атап айтқанда: балалардың түсініктерінің шеңбері ұлғайып, ақыл-ой қызметінің қайта құрылуы жүріп жатыр.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика бір уақытта бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, олардың ең бастысы – бұл балаларға логикалық ойлау негіздерін үйрету және қарапайым есептерді үйрету. Математикада қабылдау, ойлау операцияларын (салыстыру, абстрагирлеу, символизация, зейінді, есте сақтау) дамыту

үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

Математика сабағында тәрбиешілер әр түрлі әдістерді (сөздік, көрнекі, ойын) және тәсілдерді (әңгіме, әңгімелесу, сипаттама, нұсқау және түсіндіру, балаларға сұрақтар, балалардың жауаптары, үлгі, нақты заттарды, суреттерді көрсету, дидактикалық ойындар мен жаттығулар, қозғалмалы ойындар) қолданады.

Барлық әдістер мен әдістерді біріктіру, білім беру нысаны сізге негізгі міндеттердің бірі - мектепке дейінгі жастағы балаларды математикалық дайындау және мектептегі математика деңгейіне өз мақсаттарын дамытуға көмектеседі. Математика бойынша есептерді ұйымдастырғанда және жинағанда, балаларды және кез келген жерде кез-келген түрдегі жеке құнарлығын есте сақтау мүмкін емес.

Бала кезіндегі математикалық көріністің математикалық көрінісі процесі ойындар мен ойындар қолданғанда тиімдірек болады.

Мектепке дейінгі балаларға математиканы ойын-сауық ойындарын, тапсырмаларды және ойын-сауықтарды қолданбастан оқыту мүмкін емес. Сонымен қатар қарапайым, ойын-сауық материалының рөлі балалардың жас ерекшеліктерін және кешенді даму мен тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып айқындалады. Ойын-сауық материалы психикалық белсенділікті, математикалық материалға қызығушылығын, ойын-сауық және көңіл көтеруді дамыту, ақыл-ой дамыту, математикалық ұғымдарды кеңейту, тереңдету, алынған білімдер мен

дағдыларды нығайту, оларды басқа да іс-шараларда қолдану, жаңа орта жасау үшін пайдаланылады. Бала өз қалауы бойынша өз еркімен айналысады, сондықтан ол материалды оңай және мұқият жұтып қояды үйренеді.

Ойын формасы балалар үшін түсінікті және қызықты. Әрбір сабақ барысында балалар оқу үрдісіне барған сайын көбірек тартылып келеді, сонымен бірге сабақтар өздерінің тартымдылығын сақтай отырып, ойын болып қала береді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың қызығушылығы ойын сипатында көрінеді. Осы мақсатта балаларға мультфильмдерден танымал кейіпкерлерді таныстыруға болады, себебі олар балалар субкультурасының бір бөлігі болып табылады. Қаһармандарға кішкентай сувенирлер түрінде, бояу суреттерімен, геометриялық фигуралармен, түрлі эмблемалармен, медальдармен балаларға әкелетін тапсырмаларды орындауға көмектесу, балалар өздерінің қызығушылығымен өздерінің маңыздылығын түсіну қажеттілігін қанағаттандырады. зияткерлік қиындықтарды еңсеру.

Математикалық көріністерді қалыптастыру үшін дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдану

Мектепке дейінгі балалардағы математикалық идеяларды қалыптастыру үшін формамен және мазмұнды қызықтыратын түрлі дидактикалық ойындар кеңінен қолданылады. Олар әдеттегі білім беру тапсырмаларынан және жаттығулардан проблеманы ерекше тұжырымдауымен ерекшеленеді (кейбір әдеби ертегінің кейіпкері атынан оны таңданыспен табу, болжау).

Дидактикалық ойындардың барлық түрлері (пән, үстел үсті баспа, ауызша және т.б.) барлық жастағы балалардағы қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырудың тиімді құралы мен әдісі болып табылады. Тақырыптық және сөздік ойындар математикалық сабақтарда және үстелден тыс жерде, әдетте, бос уақытында өткізіледі. Олардың барлығы оқудың негізгі

ерекшеліктерін - білім беру, тәрбиелеу және дамытуды орындайды.

Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым ұсыныстарды қалыптастыру кезінде сіз: ұшақ модельдеу ойындары, басқатырғыштар, әзілдер, кроссвордтар, пазлдар, білім беру ойындары

Балабақшаларда дидактикалық ойындар сандар тізбегі, олардың арасындағы қарым-қатынас туралы, әрбір нөмірдің құрамы туралы және т.б. математика пәнінің құрамы туралы насихаттау және біріктіру үшін қолданылады. Математика бастамасын оқыту кезінде мұғалімдер балаларға жаңа математикалық білім, дағды және дағдылар (мысалы, «лото», «домино» және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балалар көптеген әрекеттерді аяқтайды, оларды әртүрлі жағдайларда, түрлі нысандарда іске асыруға үйренеді, осылайша білім берудің күші мен хабардарлығын арттырады.

Математикалық көріністерді қалыптастыру үшін дидактикалық ойындар шартты түрде келесі топтарға бөлінеді:

1. Сандар мен сандармен ойындар
2. Ойындар уақытының саяхаты
3. Ғарышта бағдарлау ойындары
4. Геометриялық пішіндегі ойындар
5. Логикалық ойлау ойыны

Ойынның бірінші тобы балаларға тікелей және кері тәртіпте есеп беруді үйретеді. Ертегілерді пайдалана отырып, балалардың теңдесі жоқ және тең емес топтарды салыстыру арқылы 10-ға дейінгі барлық сандарды қалыптастыру ұсынылады. Есептегіш сызғыштың төменгі жағында немесе үстіңгі жолағында орналасқан объектілердің екі тобы салыстырылады. Бұл балаларда үлкенірек жолдың жоғарғы жағында әрқашан төменгі жағында аз сан болса, қате пікір жоқ.

«Қандай нөмір болмады?», «Қанша?», «Конфузия?», «Қатені түзету», «Сандарды алып тастау», «Көршілерге қоңырау шалу» сияқты дидактикалық ойындарды ойнап, балалар 10-ға дейінгі сандарда еркін жұмыс істеуге үйреніп, Сіздің әрекеттеріңіз.

«Сандар туралы ойланыңыз», «Сенің

есімің кім?», «Белгі жаса», «Нөмір жасаңыз», «Бірінші болып кім қоңырау шалады, олар ойыншықтар болмады?», Дидактикалық ойындар. және басқа да көптеген адамдар бос уақыттағы сабақтарда балалар назарын, жадысын, ойлануын дамыту мақсатында қолданылады.

Математикалық ойындардың екінші тобы (ойындар - уақыт саяхат) балаларға апта, айлармен танысу үшін қолданылады. Аптаның әрбір күні өзінің аты бар екенін түсіндіреді. Аптаның күндері аптаның күнінен кейінгі бірінші күн, сейсенбі екінші күн, сәрсенбі аптаның ортасы, бейсенбі төртінші күн, ал жұма бесінші күн болып саналады. Мұндай әңгімеден кейін аптаның күндерін және олардың қатарын белгілеу мақсатында ойындар ұсынылады. Балалар ойындарды қуанышпен ойнайды: Live Week, Speak More, Week of Days, Speech missing Word, Year Round, Twelve Months - бұл балаларға аптаның күндерін және айдың атын тез еске түсіруге көмектеседі, олардың тізбегі.

Үшінші топқа ғарыштық бағыттағы ойындар кіреді. Балалардың кеңістіктік көріністері үнемі кеңейіп, барлық іс-әрекеттерде біріктіріледі. Мұғалімнің міндеті - балаларға арнайы құрылған кеңістіктегі жағдайларды үйрету және олардың жағдайын анықтау. Дидактикалық ойындар мен жаттығулардың көмегімен балалар өздерінің объектінің сөз позициясын басқасына қатысты анықтау қабілетіне ие болады. Мысалы, қуыршақтың оң жағында қоян бар, қуыршақтың сол жағында пирамида бар. Бала таңдалып, ойыншық оған қатысты (артынан, оң жағынан, сол жағынан және т.б.) жасырады. Бұл балаларға қызығушылық тудырады және оларды сыныпқа ұйымдастырады. Балаларды қызықтыру мақсатында нәтиже жақсы, ертегі кейіпкерінің келуімен пәндік ойындар қолданылады.

Балалардағы кеңістікті бағдарлауды дамытуға көмектесетін көптеген ойындар мен жаттығулар бар: «Ұқсас нәрсені табыңыз», «Өзіңіздің үлгіңіз туралы айтып

беріңіз», «Кілемдік семинар», «Орындаушы», «Бөлме арқылы саяхатқа шығу» және басқа да көптеген ойындар. Ойындарды ойнау барысында балалар нысандардың орнын белгілеу үшін сөздерді қолдануға үйренеді.

Төртінші топ: Геометриялық фигуралары бар ойын-сауық және жаттығулар және олардың үлгілері (блоктары) - балаларға нысандардың нысандарын таныстырудың негізгі әдісі.

Кіші және орта мектеп жасына дейінгі балалар үшін дидактикалық ойындар мен жаттығулардың үш тобы негізінен пайдаланылады:

- геометриялық пішіндердің ерекшеліктерін игеру. Мысалы, «Геометриялық фигураны атаңыздар», «Домино цифрлары», «Бұл не деп ойлайсыз?», «Керемет кішкене пакет»;

- нысандардың геометриялық үлгілерімен суреттелуі. Мысалы, «Нысанның нысанын табыңыз», «Сөмкеде не бар», «Геометриялық лото», «Мен сізге көрсететінімді табыңыз», «Дүкен», «Тапсырыстар»;

- «Объектіні салу», «Кесілген суреттер», «Біз шәйнек желісін саламыз», «Бөлшектердің бәрін жасаңыз», «Өзгерді ме?», «Қарапайым суретті салу».

Жоғарғы және дайындық топтарында төмендегі мазмұндағы ойындар мен жаттығулар өткізуге болады:

- геометриялық пішіндердің сорттарымен танысу;

- геометриялық үлгілер жүйесімен объектілердің нысандарын дәйекті тексеруді меңгеру (бірдей үлгіні табыңыз, сипаттаманы табыңыз, кім көп көретін болса, сол ойыншыққа ие, сенсорлық табуға болады);

- комплекстік нысанынаналитикалық қабылдау және оны элементтерден («Ақжелкенді жасаймыз», «Балғымен шебері», «Боялған мозаикадан тұрғызу», «Өзіңді ойлап көр» және т.б.);

- Ойындарды дамыту: «Фабрика», «Хоуп», «Ағаш» және т.б. (А. А. Столяр).

Балаларға ерекше қызығушылық танытқан геометриялық фигуралардан

күрделі пішінді заттар жасау үшін ойындар мен жаттығулар болып табылады: үш өлшемді және жазықтық. Мысалы, «Түсті әшекейден алынған суреттер» ойыны.

Мұндай жаттығу ойындарының құны балалар өздерінің ішкі жоспарын, идеялар жоспарын қалыптастырады. Бала жағдайдағы болашақтағы өзгерістерді қарастыра алады, түрлі өзгерістер мен объектілердің өзгерістерін бейнелейді. Сонымен қатар, психологтар атап өткендей, ескі мектепке дейінгі жастағы адамдарда когнитивтік белсенділік жиі дауыстапайтылады. Тәрбиеші осы қызметтегі маңызды ерекшеліктер мен қарым-қатынастарды айқындау үшін бұл қызметті дұрыс ұйымдастырғаны маңызды.

Бесінші топ: Мектепке дейінгі жастағы балалар логикалық ойлау элементтерін қалыптастыра бастайды, яғни ойлау қабілеті мен өздерінің қорытындыларын жасай алады. Балаларда шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсер ететін дидактикалық ойындар мен жаттығулар көп, себебі олар балаларға қиялға әсер етеді және стандартталмаған ойлауды дамытады. Бұл «Стандартты емес фигура табыңыз, олар қалай ерекшеленеді?», «Mill» және басқалар сияқты ойындар. Олар әрекеттерді орындау кезінде ойлауды үйретуге бағытталған.

Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі – ел ертеңін ойлайтын білімді де, зерделі ұрпақ тәрбиелеу, балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.



Дускалиева Кулан

Атырау қаласы

№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы

тәрбиеші

МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ – МУЗЫКАЛЫҚ ЖЕТЕКШІ

«Мінсіз музыка - бұл тыныштық, ал музыканттар осы кемелдіктің айналасында әдемі шеңбер жасайды»

Стинг

Менің мамандығым – музыкалық жетекші. «Жетекші» - жарық беруге, сүйеге, түсінуге, жанашырлыққа, сезінуге үйретеді. Осылайша біз музыканттар, болашақта әрқашан абыроймен, кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба алатын үйлесімді тұлға жасаймыз.

Музыкалық жетекші - бұл жай ғана лауазым емес, бұл абыроймен жүру. Менің жұмысым үшін ең үлкен марапат - бұл балалар өмірінде алғаш рет музыка тілін түсіне бастағанда, олардың көз алдында ләззат алу. Музыкант, сценарист, қоюшы, дизайнер, декоратор және педагог - Міне, мен өзімнің бірегей мамандығымды қалай анықтар едім.

Біз музыканттар, болашақта әрқашан абыроймен, кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба алатын үйлесімді тұлға жасаймыз. Біз шабыттандырамыз, әлемнің үстінен ұшып, ғаламның бар сұлулығын көруге мүмкіндік береміз, өйткені бізді музыка басқарады.

Осыдан 30 жыл бұрын мен өз қалауым бойынша музыка мектебіне келдім. Бұл мен үшін жаңа әлем болды. Біраз уақыттан кейін - мен музыканың кейбір жағдайларын әдемі, ерекше тұрғыдан талдауға мүмкіндік екенін түсіндім.

Жылдар өтті, еңбек жолымның соңғы 3 жылында тағдыр мені балабақша

